

Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫ

АКУПУНКТУРА

*Медициналық жоғарғы оқу орындарының
және арнайы колледж студенттеріне
арналған оқу құралы*

Алматы, 2017

УДК 615. 814.1 (075.8)

ББК 53.584 я 73

3 42

***Кітап Алматы облысы әкімшілігінің
қолдауымен жарыққа шықты.***

3 42 Зекейұлы Ж.,

Акупунктура. Медициналық жоғарғы оқу орындарына және арнайы колледж студенттеріне арналған оқу құралы. - Алматы: «Курсив», 2017. - 356 б.

ISBN 978-601-06-4231-7

Оқу құралында акупунктураның жалпы ұғымы, тарихы, методологиялық негіздері баяндалады. Шығыс медицинасы бойынша аурудың диагностика мен ауру тудыратын себептер анық жазылған. Құралға адам денесіндегі жан арналардың орналасуы мен сол арналар бойындағы алтын ине қосылатын нүктелер туралы ұғым енгізілген. Инемен емдеу және шөптік қоспалармен қыздыруды тәжірибе жүзінде қолданылу әдістері терең жазылған.

Оқу құралындағы берілген материалдар мемлекеттік типтік оқу бағдарламаға сәйкес білім беру стандарттары негізінде медицинадағы барлық мандықтарға арналған.

УДК (615. 814. 1 (075.8)

ББК 53.584 я 73

ISBN 978-601-06-4231-7

© Зекейұлы Ж., 2017

© «Курсив», 2017

НЕГІЗІ МЕН ТАРИХЫ

АКУПУНКТУРА ҰҒЫМЫ

Акупунктура – (инетерапиялық емдеу және шөптік қоспалармен қыздыру) – Шығыс Медицинасы бойынша *zhenjiu* – адам денесіндегі белгілі тапқырланған нүктелерге емдеу мақсатымен механикалық жолмен жаңа қалыпты жасушаны өсіру, табиғи энергиялық қуат көздерді ашу, қосымша термиялық әсер ету. Адам денесі тегіс емес, ерекше бөліктерге бөлінген. Бас, арқа да, жауырын, кеуде, аяқ-қол, саусақ ұшында көптеген аймақтар бар.

Ауырған кезде бұл аймақтарда қысымға сезімталдық жоғарылайды. Нүктелерді басып тексерсе, механикалық әсер етсе (қысым, ине салу, қыздыру) оңай табылады. Бұндай ерекше аймақтарды 3 түрге бөлуге болады.

1. Ауырған кезде ауқымы үлкен нүктелерде қысымға сезімталдығы жоғарылап, кейде терісі қатайып, қызарады. Бұзылыс жойылғаннан кейін бұл нүктелердің басқа нүктеден айырмашылығы болмайды. Бұндай нүктелерге уқалау мен жергілікті әсер етеді. Оларды «*ashi xue*» жергілікті ауыратын нүктелер деп атайды.

2. Барлық адамда бірдей орналасқан анатом топологиялық орналасуына негізделген нүктелер бар. Олар арналардан тыс нүктелер.

3. Топологиялық белгіленген нақты нүктелер. Олар арна нүктелері. Арна нүктелері қызмет пен оның бұзылысын көрсететін дене бетіндегі нүктелер. Бұл нүктелер арқылы арна қызметіне әсер етуге болады.

АКУПУНКТУРАЛЫҚ ЕМНІҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Инь Ян

Инь мен **Ян** туралы ғылым Шығыс медицинасының негізін қалайды.

Инь (Сыпайы)

Инь – қара түсті, пассивтілікті, әйел адам, түн, тыныштық, суықты, әрекет тоқтатуды, аласа бойды білдіреді.

Инь – дененің ішкі бөлігі, іш, бес тығыз ағзалар, қан.

Инь – құрылымдық біткенді, өткен уақыттағы біткенді, тұрақталған нәрсені, тұрып қалуды, өмірін тоқтатқанды, қоюлануды, жинақталуды, қайта жаңадан пайда болуды, детерминизациялануды білдіреді.

Инь – конкретизацияны, материализацияны, материалды тұрақтануды білдіреді. Инь – жетіспеушілігі немесе *inanitas* үйі жайлы айтқанда, құрылым жетіспеушілігін түсінеміз. Ол кезде патологиялық жетіспеушілік байқалады. Керісінше, Инь – шектен тыс көбеюі немесе *repletion yin* тығыз затын, көбейтетін үрдістердің шектен тыс дамуына әкеледі.

Ян (Анайы)

Ян – ақ түс, активтілік, жарқын түсті, ер адам, күнді, күшті, қуатты, биіктікті, қозғалыс басталуын, жылуды білдіреді.

Ян – дененің жоғарғы бөлігі, дененің сырты, арқа, алты қуыс ағзалар.

Ян, активті қозғалыс, индукция, қозғалысты, динамиканы, осы уақыттағы өзгерісті, тез өзгерісті білдіреді.

Ян активтілік шектелмейді, өлшенбейді.

Инь – Ян заңдары:

1-Заң. Инь немесе Ян өздігінен өмір сүре алмайды. Инь жоқ болса, Ян болмайды. Ян болмаса, Инь де болмайды.

Ян мен Инь бір организмде бір-біріне сүйеніп өмір сүреді. Организмдегі құрылымдар – Инь, қызметі – Ян. Құрылым қызметтің материалды негізі болып табылады, ал қызмет – құрылым көрсеткіші мен оның дамуының қозғаушы күші Ағза жұмысы – Ян, ал қоректік заттар – Инь; Инь іште сақталады және Янға материалды негіз болады, ал Ян Иннің қозғалысын білдіреді. Ағзаның функционалды қызметі қоректік заттар жұмсалыуын керек етеді. Бұл кезде Ян көбейіп, Инь азаяды. Қоректік заттардың жиналуы белгілі бір қызмет активтілігін қажет етіп, Ян азаюы мен Инь көбеюіне әкеледі. Адам ағзасының өмір сүруінің негізі – Инь мен Ян тепе-теңдігі. Бұл тепе-теңдік бұзылысы патологияға әкелді. Ауру Ян мен Инь тепе-теңдік бұзылысынан пайда болғандықтан, емдеудің басты мақсаты – Инь мен Янды тепе-теңдікке келтіру.

2-Заң. Инь таралады – Ян жинақталады. Ян таралады – Инь жинақталады.

Инь – Ян үнемі тепе-теңдікке ұмтылады, ешқашан тыныш күйде болмайды, олар үнемі бір-біріне айналады. Инь мен Ян қозғалмауы мүмкін емес. Себебі бұл бүкіл жүйе тоқтауына әкеледі. Барлық біртұтас құрылымдар 2 бір-біріне қарама-қарсы бастаудан – Инь мен Яннан тұрады. Инь де, Ян да бір – бірінсіз өмір сүре алмайды.

3-Заң. Инь мен Янның үнемі бір-біріне қарама-қарсы қайшылығы.

Ян – жоғарыда, Инь – төменде.

Ян – сол жақ, Инь – оң жақ. Ян – жоғары ұмтылады, Инь – төмен ұмтылады.

4-ші Заң. Екі еселенген Ян міндетті түрде Иньге айналады, екі еселенген Инь Янға айналады. Ян өзінің жоғарғы шегіне жеткенде Иньге айналады. Инь өзінің минимальды шегіне жетіп, Янға айналады.

Ян мен Иньнің қарама-қайшылығы тек салыстырмалы түрде ғана болады: адам ағзасының тін мен мүшелері орналасу орны мен қызметіне байланысты Инь мен Янға бөлінеді. Кеуде мен арқа – Инь және Ян (алдыңғы және артқы бөлік). Кеуде мен ішті салыстырғанда: (екеуі де – алдыңғы бөлік, бірақ «жоғары –

төмен» болып бөлінеді). Кеуде – Ян, іш – Инь. Ян мен Инь бірлескенде, салыстырмалы түрде ғана өздерінің қасиеттерін көрсетеді. Мысалы, күн тәулігін күн (Ян) мен түнге (Инь, күнді бірінші жартысы (Яндағы Ян) мен екінші жартысына (Яндағы Инь), түнді кеш (Иньдегі Ян) пен түннің өзіне (Иньдегі Инь) бөлуге болады. Егер дене біртұтас деп есептелсе, оның сырты мен аяқ – қолы Янға, ал ішкі ағзалары Иньге жатады. Сонымен қатар, дене сырты мен аяқ – қолы Ян мен Иньге бөлінеді. Мысалы, тері мен теріасты май қабаты Янға (Яндағы Ян), бұлшықет пен сүйек дене сыртына қарағанда Иньге (Индағы Инь) жатады.

Янда Инь бар, Иньде Ян бар. Бір-бірінің арасындағы қарым-қатынасы өмірдің толық тепе-теңдігін құрайды. Қалыпты жағдайда, дені сау ағзада, табиғатта Инь мен Ян арасында жақын қарым-қатынас пен толық тепе-теңдік сақталу керек. Инь мен Ян бір-бірін ауыстыру керек, өмір тәртібіне қарай ауысу керек. Инь Ян тепе-теңдігі бұзылысы кезінде аномальды көрініс-тер пайда болады немесе Инь мен Ян арасындағы қарым-қатынас бұзылып, өмір мен заттар жойылуына әкеледі.

Инь мен Ян әрекетінің негізі:

- Олар бір-бірін басуға ұмтылады;
- Екеуі жақын арақатынаста болып, бір-біріне айналуы мүмкін:Иньде Ян бар, Янда Инь бар;
- Инь мен Ян күресі мен бір-біріне айналуы дамуы мен жаңарудың қайнар көзі болып табылады;
- Инь мен Ян арасындағы тепе-теңдік барлық қозғалыс пен даму бұзылысына әкеледі.
- Ян – жоғарғы жақ, Инь – төменгі (жоғарғы жақсыз төмен жақ болмайды және керісінше)
- Дененің сол жақ бөлігі – Ян, оң жақ – Инь;
- Ыстық – Ян, суық – Инь;
- Толымдылық қызметінің шектен тыс болуы – Ян, қызмет әлсіздігі, жетіспеушілігі – Инь;

Иньнің потенциалдылығын мен Янның динамикалығын түсініп, ажырату керек.

Инь мен Ян ешқашан тоқтамайды, үнемі бір-бірін толықтырады, өзгертеді және бір-бірін шектейді. Егер Ян болмаса, Инь көбейеді, егер Инь төмендесе, Ян көбейеді. Егер

біреуінің қызметі артса, екіншісінікі төмендейді. Инь мен Янның бұндай ара қатынасы қытай тілінде «екеуіне бір тамыр» деп аталады. Инь мен Ян бір-біріне бастама болады, бір-бірін шақырады. Инь өздігінен пайда болмайды, ол үшін оған Ян керек, және керісінше.

Инь мен Янның тепе-теңдігі ғана әрбір ағзаның қалыпты жағдайы деп есептеледі.

Әрбір физикалық немесе психикалық жағдайдың шектен тыс жоғарылауы – Ян, ал жетіспеушілігі – Иньге жатады (Мысалы: ыстық – Ян, суық – Инь). Ауру жағдайының барлық симптомдарын екі негізі – Ян мен Инь синдромдар тобына бөледі.

Инь мен Ян, құрылымдылық пен белсенділік өмірде үнемі кездеседі. Кейбір мысалдар келтірейік:

Скульптор тасты өңдейді. Тас – бұл масса, материалдылық, Инь. Скульптор жұмысы – бұл Ян, белсенділікті, затты өзгерту.

Тас – (Инь, құрылым) скульптор жұмысына қарсылық көрсетеді. (Инь) – сонымен қатар, фиксациялап, скульптор жұмысын жүзеге асырады.

Ян мен Инь арасындағы қарым-қатынас бір-бірін байланыстырады.

Келесі мысал: от ағашты жандырады. Ағаш – материалды, құрылымдық, Инь – От, жану үрдісі, бұл Ян, активтілік, қозғалыс, динамика. Бұл Ян Иньде жатыр. Қытай көзқарасы бойынша су – Иньге жатады. Егер ағаш суланып, дымқыл болса, оны жандыру мүмкін емес. Дымқыл ағаш тек шіруі мүмкін. Осы мысалдарда Инь мен Ян арасындағы тәуелділік көзге түседі. Ян, от немесе басқа да қызмет қарсылықты және материалды негізді қажет етеді. От жанатын материал болғанша (ағаш) ғана жанады.

От – динамика, қазіргі уақытта орындалатын іс-әрекет. Инь, құрылымдылық соматикалық, материалды аспектер және жинақтауға негізделеді. Ал, Ян, активті, қозғалыс, динамика қазіргі кезде болған өмір үрдістерді «рухани» қозғалысты, білдіреді. Табиғатта суық, тыныштық, қызмет әлсіреуі Иньге; қарама-қарсының бәрі: қозғалыс, ыстық, сыртқы, жоғарғы, қызмет жоғарылауы – Янға жатады.

Инь мен Ян органдар:

Ян	Инь
Тері	Ішкі ағзалар
Арқа	Кеуде, іш қабырға
Аяқ – қолдың сыртқы беті	Аяқ-қол ішкі беті
Өт қабы	Бауыр
Асқазан	Көкбауыр
Аш ішек	Жүрек
Тоқ ішек	Өкпе
Қуық	Бүйрек
Дененің 3 бөлігі	Перикард
Жоғарғы	Төмен
Қол	Аяқ
Бас	Жыныс мүшелер
6 қуыс ағза	5 қор жинақ ағза
Тері мен каналдар	Сіңір мен сүйек
Ци – энергия	Қан мен тұқым
Дененің сол жағы	Дененің оң жағы
Тәтті дәм	Тұзды дәм
Өсу, даму	Төмен түсу
Тұщы дәм	Дәм
Ащы дәм	Қышқыл дәм
Қызмет, қозғалыс	Зат, дене
Иіс	Дәм
Кеуде	Іш
Арқа	Кеуде
Дененің жоғарғы бөлігі	Төменгі бөлігі
Белсенділік	Пассивтілік
Қозу	Тежеу
Бос	Толымды

Тері қабаты	Ішкі ағза
Арқа	Кеуде, іш астар
Аяқ-қолдың сыртқы беті	Аяқ-қолдың ішкі беті

Инь мен Ян сыртқы ортада

Ян	Инь
Аспан	Жер
Күн	Ай
Айдың тақ күндері	Айдың жұп күндері
Оңтүстік, Шығыс	Солтүстік, Батыс
Қозу	Тежеу
Жылу	Салқын
Артқы беті	Алдыңғы беті
Сол жақ	Оң жақ
24:00-ден – 12:00-ге дейін уақыт	12:00-ден – 24:00-ге дейін уақыт
Көктем, жаз	Күз, қыс
Ыстық	Суық
Сыртқы	Ішкі
Ақ	Қара
Жылтыр	Бұлыңғыр
Мөлдір	Лай
Сыртқыға қозғалыс	Ішке қозғалыс
Жоғарғы қозғалыс	Төменге қозғалыс
Пайда болу	Өсу
Таза	Кір
Активтілікке қозғалу	Тыныштық
Ер	Әйел
Күшті	Әлсіз

Қатты	Жұмсақ
Ыстық	Суық
Толымды	Толымсыз
Күн	Түн
Жеңіл	Ауыр
Қатты	Сұйық
Құрғақ	Дымқыл
Айқын	Көзге көрінбейтін
Кеңею	Жинақтау
Тез	Баяу

Ян мен Инь арақатынасы

	Ян	Инь
Тәулік уақыты	Күн (6-18)	Түн (18-6)
Метеофакторлар	Ыстық, жел	Суық, дымқыл
Ағзаның функционалды қызметі	Жоғары	Төмен
Дене температурасы	Жоғары	Төмен
Зат алмасу	Жоғары	Төмен
Зәр түсі	Сары	Ақшыл
Үлкен дәреті	Спастикалық іш қату	Іш өту
Сілекей көлемі	Төмендеген	Гипер-саливация
Сыртқы орта температурасына қатынасы	Ыстықты көтере алмау, суықтықты қалау	Суықты көтере алмау, жылууды қалау
Тағам мен шөп дәмі	Ащы, тәтті	Қышқыл, тұщы
Тағам мен шөптің басқа қасиеті	Жылы, құрғақ	Суық, сұйық

Бес элемент

Инь мен Ян барлық қозғалыс пен үрдістердің негізін қалайды. Егер осы базалық полярлыққа қосымшалар, «негізгі» мен «қосымша» ажыратулар, басқа да белгілер қосылса, онда бес элемент пайда болады (қытайша – wuxing).

- Потенциальды белсенділік, яғни дайын, бірақ әлі жүзеге аспаған қозғалыс – ағаш элементі;
- Айқын белсенділік, қазіргі кезде орындалып жатқан қозғалыс – от.
- Потенциальды құрылымдылық, яғни болайын деп жатқан қозғалыс, тұрақтану – металл;
- Айқын – құрымдылық, инкапсуляция (өзгеріссіз барлық жерде кездеседі, өз формасын сақтайды) – су элементі.

Инь мен Ян арақатынасы салдарынан энергияның бөлінуінің бес негізгі құрылымы пайда болады. Бұл бес қозғалыс немесе энергияның элементарлық кезеңі. Энергия қозғалысы кезінде пайда болатын бес өзгерісті бес элемент ретінде қарайды: Бес элемент теориясы Инь мен Ян өзара айналымы ғылымына сүйенеді. Барлық бес элемент адам денесінің «мүшелерімен» тығыз байланысты. Белгілі бір уақытта белгілі бір элемент қызметі жоғары болады. Себебі адам ағзасында белгілі бір уақытта «мүшелердің» біреуі ғана белсенді болады.

Инь – Ян заңдарын материалды кеңістік құрылымдылық заңы ретінде, ал элемент заңын – уақыт заңы ретінде қарауға болады.

Әрбір элементке белгілі бір мүше тиісті

Ағаш	Бауыр	Өт қабы
От	Жүрек	Аш ішек
Жүрек	Көкбауыр	Асқазан
Металл	Өкпе	Тоқ ішек
Су	Бүйрек	Қуық

Бауыр – жүректі қуаттандырады, жүрек – көкбауырды, көкбауыр – өкпені, өкпе – бүйректі, бүйрек – бауырды. Осы жүйе бойынша жедел аурулар мен сауығу үрдісі жүреді. Егер сыртқы орта әсерінен реттеу байланысы бұзылса, онда жүйе қалпына келе алмайды. Осы қағидамен созылмалы аурулар пайда болады. Егер белгілі бір байланыстың шектен тыс көбеюі немесе азаюы болса, патология пайда болады. Инь – Ян ғылымына сүйенсек, аурудың сипаты мен таралуы Инь мен Ян шекарасынан шықпайды, бірақ аурудың даму барысын бес элементтің өсу немесе жою кезеңімен түсіндіруге болады.

- Тоқ ішек энергиясының көбеюі бауыр қызметінің азаюына апарды.
- Бауыр қызметінің жетіспеушілігі көкбауыр жұмысының көбеюіне әкеледі.
- Тоқ ішек көбеюіндегі, бауыр қызметінің әлсіреуі жүрек белсенділігінің төмендеуіне әкеледі;
- Көкбауыр жұмысының көбеюі бүйрек жетіспеушілігіне әкеледі. Бұның әсерінен бауыр жетіспеушілігі көбейеді.

Элементтермен ауру көріністер ара-қатынасы

Ағаш	От	Жер	Металл	Су
Иньнің бес тығыз мүшелері	Жүрек перикард	Көкбауыр	Өкпе	Бүйрек
Яньнің бес қуыс мүшелері	Аш ішек, үштік жылытқыш	Асқазан	Аш ішек	Қуық
Бес дене бөлімдісі	Тер	Сілекей	Мұрын бөлімдісі	Зәр
Дененің 5 құрылысы	Қан, кан тамыр	Май	Шаш, тері	Сүйек, ми
Сезім мүшелері	Тіл	Ауыз	Мұрын	Құлақ
Пульс	Бұрмаланған	Ауыспалы	Дірілдейтін	Ауыр
Эмоция	Қуану (си)	Ойлану (сы)	Қайғы (ю)	Қорқу (күн)
Жаман эмоция	Фрустрация			
	Ақшаға құмарлық	Мазасыз эгоизм	Қорқыныш, сенімсіздік	Ашу, ыза
Жақсы эмоция	Сабырлық, толеранттылық	Сенімділік	Қуаныш, альуризм	Адаптация, батылдылық

Эмоционалды дыбыстар	Айкай (дем шығару)	Күлкі	Әндету	Жылау	Күрсіну (дем алу)
Психика бөлігі	«Жоғарғы рух»(хунь)	Рух(шэнь)	Ойлау қабілеті(и)	«Төменгі рух» (ПО)	Сезімдер (ЧЖИ)
Сезімдер	Көру	Сипап сезу	Дәм	Иіс	Есту
Сенсорлы қызметтер	Көру	Сөйлеу	Дәм сипап сезу	Иіс	Есту
Мінез – құлық қасиеті	Жан – ашырлық	Білім	Сенім	Қарыз	Ритуал
Шектен тыс	Көп сөйлеу	Тәртіпсіз	Көп тамақ жеу	Ақылсыз	Білімсіз
Басқару	Көңіл бөлу	Оқу	Тыныштық	Күш жұмсау	Қатал заң
Ментальді қасиет	Интуиция	Шабыт	Логика	Инстинкт	Ақыл
«Бес қағида» (у чан)	Қайырым – дылық (жэнь)	Тәртіп (Ли)	Шынайы – лық(синь)	Әділетті (и)	Ақыл (Чжи)
Мінез – құлық	Шапшаң	Ұқыпты	Ақылды	Сақ	Қатал
Дәм	Қышқыл	Тұщы	Тәтті	Ащы	Тұзды
Иіс	Қышқыл	Күйген	Жақсы	Іріндеген	Жаман
Өмір кезеңі	Туылу	Өсу, Оңу	Үлкеюі	Баяу қартаю	Өлім

Даму кезеңі	Басталу	Өсу	Өңу	Тұқым алу	Қысқа сақтау
Қозғалыс	Жоғары	Таралу	Теле – теңдік	Төмен	Ішке
Ци – энергия қасиеті	Жылу	Бізғар	Қозғалыссыз	Салқын	Суық
Эволюция	Ішке ену	Таралу	Қанығу	Тазару	Тұрып қалу
Жер шары	Қозу	Жылыну	Сыртқа шығу	Тырысу	Тоңу
Бағыты	Юпитер	Марс	Сатурн	Венера	Меркурий
Жыл мезгілі	Шығыс	Оңтүстік	Орталық	Батыс	Солтүстік
	Көктем	Жаз	Жаз соңы	Күз	Қыс
	Көктем 13. 2 – 26. 4	Жаз 16. 5 – 27. 7	Мезгіл ауысуы 27. 4 – 15. 5 28. 7 – 17. 8 30. 10 – 14. 11 27. 1 – 12. 2	Күз 18. 8 – 29. 10 15. 11 – 26. 1	Қыс
Тәулік уақыты	Таң 3:00 – 7:00	Түс 9:00 – 13:00	1:00 – 3:00 7:00 – 9:00 13:00 – 15:00 19:00 – 21:00	Кеш 15:00 – 19:00	Түн 21:00 – 1:00
Апағтар	Суық	Құрғақ – шыллық	Су басу	Ерте суық келу	Қатты суық

Минералдар	Мыс	Киноварь	Аури – пиг-мент	Кварц	Магнетит
5 пайдалы дән	Бидай	Тары	Арпа	Күріш	Бұршак
Өсімдіктер	Бидай	Бұршак	Тары ұсақ	Конопля	Тары
Тұқымдар	Өрік	Абрикос	Жужуб	Шабдалы	Каштан
Жейтін бөлігі	Дән ядросы	Тамырлар	Жұмсағы	Сырты	Шырын
Тірі жандар түрі	Қабыршак – тылар (дра-кон)	Құстар (пав-лин)	Тегіс-терілер (адам)	Жүні бар жолбарыс	Сыртқы қабығы бар (тасбақа)
Үй жануары	Тауық	Қой	Есек	Жылқы	Шошқа
Пайдалы ет түрі	Тауық егі	Қой егі	Сыыр егі	Жылқы егі	Шошқа егі
Түстер	Жасыл (көк)	Қызыл	Алтын, сары	Күміс, ақ	Қара – көк, қара
Сандар	3,8	2,7	5,10	4,9	1,6
Өлшеуіш					
құралдар	Циркуль	Таразы	Отвес	Бұрыш	Гиря
Жылдың 5 кезеңі	Көктем	Жаз	Тұқым жи-нау кезі	Күз	Қыс

**Элементтер бір-бірін энергиямен қамтамасыз ету, басу,
энергия алуды мына кезекпен
жүзеге асырады:**

№	Негізгі – элемент	Энергиямен қамтамасыз етеді	Энергиясын басады	Элементке қарсы	Мына элементтен энергия алады
1	Ағаш	От	Жер	Металл	Су
2	От	Жер	Металл	Су	Ағаш
3	Жер	Металл	Су	Ағаш	От
4	Металл	Су	Ағаш	От	Жер
5	Су	Ағаш	От	Жер	Металл

Тарихи мағлұматтар

Шығыста және Қытайда акупунктураның қолданылуы жайлы алғаш нақты деректер бірінші Хань әмірлігі уақытында, яғни б.з.д. 2-ші ғасырда пайда болды. Б.з.д. 97 жылы Сыма Цяньмен жазылған «Тарихшы хаттарында» (Shiji) дәрігерлер өмір – баяны қысқа түрде берілген. Сол кезде ауруларды «тас инемен» (bianshi), «тесетін тастармен» (chanshi) немесе «ине – таспен» (zhenshi) емдейтін.

Акупунктура мен шөппен күйдіру жайлы алғаш деректер «Сары императордың ішкі туралы трактатында» (Huangdi neijing) жазылған. Ол б.з.д. 2-ші ғасырда шықты. Бұл кітап екі бөлімнен тұрады. «Сұрақтар» (Suwen) мен «Өмірлік күш негізі» (Lingshu). Әрбіреуі 81 бөлімнен тұрады. Жусан шөбінің (Artemisia Vulgaris, қытайша – ai) алғаш қолданылуы жайлы б.з.д. 4 ғасырда өмір сүрген МЭН – ЦЗЫ философы жазған. Акупунктуралық терапиясын толық қамтыған классикалық туынды – «Чжен – Цзю жайында жүйелі трактат» (Zhenjin jilayijing), авторы Хуан – Фу Ми (215-282 г.г.) 7-ші, 8-ші ғасырлар-

да Суп Си – Моның «1000 алтын рецепті»(aianjin yaogang) мен Ван –Тяоның «Сыртқы террасаның құпия ерекшеліктері» (wai – tai Biyao) кітаптары жарық көрді. 1026 ж. Ғылым Академия мүшесі Ван – Вей – и «Қала мүсіндегі Foramina inductoria жайлы акупунктура терапиясының суреттелген трактатын» жазып шығарды. 1964 ж. Жан Цзи – Бинь «Жинақталған трактаттың суреттелген қанаты» кітабы жарық көрді.

Шығыстың ғұлама емшісі Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы 1472 жылы Жәнібек хан тұсында Хан Жарлығымен Өл-Ақ ордада жазған «Шипагерлік баян трактатында» Шығыстың емдеу жүйесіне қолдың және ағаш таяқтың, қамшының ұшы, күміс таяқша ұшы, тіпті алтын біздермен механикалық денеге қысым жасап әсер етіп қозғау арқылы қазіргі алтын иненің емдік әсеріндей денеге ем бере алатындығын байқап және оны тұжырым қылып кіргізген. Заңдық негіздерін әл-Фараби және Ибн Сина теорияларынан кіргізген.

Диагностика

Диагноз қою

Диагноз қоюдың негізгі құрамдық бөліктері:

1. «Төрт диагностикалық әдіс» (Si – zhen) – симптомдарды жинау мен бейнелеу үшін, алынған мағлұматтарды тіркеу мен түсіндіру үшін жасалған жалпылама негіздер;
2. «Сегіз негізгі критерийлер» (bagang) – диагностикалық мағлұматтарды сараптау үшін;
3. «Ауру тудыратын себептерді» (bingyin) анықтау – керекті ем жүргізу мақсатында;
4. Адам денесіндегі зақымдалған функционалды аймақтар мен олардың топологиялық орналасуын, қысқаша айтқанда, арналар мен әсер ететін нүктелерді анықтау.

Төрт диагностикалық әдіс

I. Қарап тексеру

Күш – қуатын қарап тексеру (shen)

Shen – адамның жеке қасиетін қалыптастыратын күш.

Shen – күштің қалыпты болғанын көрсеткіштері:

- Жақсы бет түсі
- Көзқарасы ашық, айқын
- Ойлау қабілеті анық
- Бөлінділер келуі тұрақты
- Тілдер қаттылығы
- Сөйлеуі анық
- Дем алуы біркелкі

Дене түсін қарау

Бет пен басқа да тері жамылғысының түсі әртүрлі дәрежеде көрінуі мүмкін

Түсі	Өзгеріс ағзасы, түрі
Жасыл	Бауыр
Қызыл	Жүрек
Ақ	Өкпе
Қара	Бүйрек
Сары	Көкбауыр
Қызылдау	Ыстық
Ақшыл	Суық немесе жетіспеушілік немесе ци азаюы
Цианоз	Ци тұрып қалуы

Жалпы белгілер мен дене бітімін қарап тексеру

Белгілер	Тұжырым
Беті тегіс	Денедегі судың қасиетін анықтайды (көкбауыр, асқазан)
Тер бездерінің кеңеюі	Қарсы тұратын энергия күші (көкбауыр, өкпе)
Тілдер майысқақтығы	Тепе – теңдік күші (көкбауыр)
Бұлшықет пен сіңір күші	Бауыр энергиясы
Қаңқа күштілігі	Туа болған энергия (бүйрек)
Тәбеті жақсы, денесі күшті	Көкбауыр мен асқазан тепе-теңдігі
Тәбеті нашар, денесі семіз немесе қою қақырық	Көкбауыр жетіспеушілігі
Денесі арық, тәбеті жоғары	Ортаңғы жылытқышта өт
Денесі өте арық	Белсенді, құрылымдық энергия жетіспеушілігі
Астеникалық тип, иығы тар	Өкпе дамуының әлсіздігі
Аяқ – қолы үлкен	Бауыр энергиясы – өте күшті

Отырған кейпі мен қозғалыс белсенділігінің ерекшеліктері

Белгі	Тұжырым
Еңкейген кейпі, алдына еңкейіп жүру	Бұлшықет пен сіңір қызмет бұзылысы, бауыр қызметінің жоғарылауы
Бір орында көп тұра алмау	«Сүйек» бұзылысы, бүйрек қызметінің жоғарылауы
Денесін бүрісіп жату	Ян жетіспеушілігі
Адам арқасында жатып, аяқ – қолын созады	Ыстық көбеюі
Адам артқа шалқайтып отырады	Өкпе толымдылығы

Отыратын кейіп	Алға бағытталған өкпе жетіспеушілігі
Отыратын кейіпте теңселу	Белсенді құрылымдық энергия жетіспеушілігі

Бет түсі

Жасыл немесе көк – жасыл	Жел, суық немесе ауру сезімі, бауыр жетіспеушілігі.
Жасылдан қараға дейін	Суықтан пайда болған ауру сезімі
Жасыл – ақ	Жел жетіспеушілігі
Жасыл – қызылдау	Бауырдағы өт
Көк	Инь көбеюі
Қызыл	Ыстық, жүрек зақымдалуы
Қызғылтым	Ыстық жетіспеушілігі ұзақ ауырғаннан
Қанық қызғылтым	Ыстық көбеюі
Сары	Ылғал, көкбауыр зақымы
Лимонды сары	Ылғал – төмен, ыстық көп
Қою сары	Ылғал көп, ыстық – төмен
Дененің арықтауындағы қоюсары	Көкбауыр мен асқазан ыстығы
Ақшыл – сары	Көкбауыр, асқазан жетіспеушілігі
Кір – сары	Көкбауыр, асқазандағы суықтық
Сары көкшіл – қызғылт жылтыраумен	Ци тұрып қалуы
Ақшыл – сары, қызыл уақпен	Көкбауыр жетіспеушілігі, бауырда өт іркілісі

Ақ	Жетіспеушілік, сұйықтық; энергия дефициті; өкпе зақымдалуы
Қара	Суық немесе ауру сезімі; бүйрек зақымы; Инь көбеюі.
Қара, біртұтас, бұлыңғыр	Ыстық, бүйрек зақымы

Көз бен қабақты қарап тексеру

Белгі	Тұжырым
Конъюктива қызаруы	Жүректегі от
Склера қызаруы	Өкпедегі от
Көздің жалпы қызарып ісінуі	Ыстық жел, бауыр зақымы
Склера сарғаюы	Ішкі ыстық
Көздің қарашығының шектен тыс шығуы	Бауырдағы от
Қабақтың қабынып іріңдеуі	Көкбауырда от
Склера бұлдырлауы	Ыстық
Конъюктивасы ақшыл	Ци жетіспеушілігі
Қабақ қараюы	Бүйрек жетіспеушілігі
Кенет пайда болатын қабақ қызарып, ісінуі	Көкбауырдағы ыстық
Біртіндеп пайда болатын қабақ ісінуі	Көкбауыр жетіспеушілігі
Төменгі қабақ ісінуі	Бүйрек циінің әлсізденуі
Орбита төмендеуі	Құрылымдық потенциал төмендеуі
Ұйықтағанда қабақтың жартылай ашу	Көкбауыр, асқазан жетіспеушілігі
Қарашықтың үнемі кеңеюі, көз көруі нашар	Бүйрек ци жетіспеушілігі

Ентігумен жүректң экзофтальм	Өкпедегі шектен тыс стресс
Көз қилылығы (жүре пайда болған)	Бауырдағы жел

Мұрынды қарап тексеру
Мұрын – өкпе арнасының арнайы шығу тесігі

Белгі	Тұжырым
Сыртқы мұрын көлемінің ұлғаюы	Асқазан, тоқ ішек жетіспеушілігі
Мұрын тесігі құрғақ	Ыстық
Мұрын бөлінділері қою – сары бұлыңғыр	Ыстық жел
Мұрын бөліндісі сұйық, мөлдір немесе ақ	Суық жел
Тыныс алғанда мұрын қырлар желденуі	Отты жел, өкпеде энергия жүру тоқталуы немесе азаюы

Ерін, ауыз, жұтқыншақ, тісті қарап тексеру

Белгі	Тұжырым
--------------	----------------

Ерін, көкбауыр мен асқазан проекциясына сәйкес келеді

Қою – қызыл ерін	Ыстық немесе толымдылық
Ал – қызыл ерін	Жетіспеушілік немесе суық
Қою – қызыл, құрғақ ерін	Ыстықтан болған шырыш зақымдалуы
Ерні көк – қара түсті	Ерін улануы, ци жетіспеушілігі

**Тіс – бүйрек арнасының белгісі,
сонымен қатар тоқ ішек пен асқазан көрінісі**

Қызыл иек қанайды, ісінеді, ауру сезімді	Асқазанда от
Қызыл иек қанап, ісінеді, ауру сезімсіз	Бүйректегі от
Тіс қайрау	Эндогенді бауыр желі

**Жұтқыншақтың қызаруы немесе ісінуі –
өкпе мен асқазан арасындағы ыстықты білдіреді.
Шашты қарап тексеру**

Белгі	Тұжырым
Бастың шаш бөлігі	Бүйректегі тепе – теңдік
Тері қабатының түктенуі	Өкпедегі тепе – теңдік
Қою, жылтыр шаш	Бүйрек ци күші
Шаш түсу	Бүйрек ци азауы немесе цидің отпен зақымы
Шаш сарғаюы	Ци дефициті
Ұзақ аурудан соң шаш түсу	Құрылымдық потенциал жетіспеушілігі
Құрғақ сынатын шаш	Ян әлсіздігі
Лас, кір шаш	Ішек зақымдануы

Аяқ – қол мен тырнақты тексеру

Белгі	Тұжырым
Жалпы ісіну немесе ісік	Толымдылық және немесе ылғал
Құрғау	Жетіспеушілік
Аяқ – қол кестеуі	Ци жетіспеу, арналар блокадасы

Тырнақтары ақшыл – қызыл түсті	Суық немесе жетіспеушілік
Тырнақтары цианозды	Ци жетіспеуі
Тырнақтары кара түсті	Гематома, синоз

Дене бөлінділерін қарап тексеру

Белгі	Тұжырым
-------	---------

Қақырық пен сілекей

Ақ немесе мөлдір қақырық	Жел
Сүтті немесе жабысқақ қақырық	Ылғал
Сұйық, мөлдір қақырық	Суық
Қатты, қою, сары түсті қақырық	Ыстық
Сұйық, ағатын сілекей	Көкбауырдағы суық
Жабысқақ, жіп тәрізді сілекей	Көкбауырдағы ыстық

Кіші және үлкен дәрет

Үлкен дәреті қатты немесе ботқа тәрізді, иісі нашар	Ішектегі ыстық
Үлкен дәреті сулы, иіссіз	Суық
Үлкен дәреті сұйық, дене температурасы көтерілуі, қалтырау	Жел
Үлкен дәреті сулы, бөлінген	Ылғал
Ақшыл, мөлдір, көп мөлшердегі зәр	Суық
Бұлыңғыр, тұнық, аз мөлшердегі зәр	Ыстық

Тілді қарап тексеру

Тіл сөйлеу мен сезу мүшесі ретінде жүрек арнасының белгісі болып табылады. Дәм сезу құралы ретінде тіл көкбауыр мен асқазан арнасына жатады.

Тілге мына арналар көрініс береді.

- Жүрек
- Бүйрек
- Бауыр
- Көкбауыр

Бауыр, өт қабы	Бүйрек, ішек, қуық	Бауыр, өт қабы
	Көкбауыр (асқазан)	
	Өкпе перикардит	
	Жүрек	

1. Тіл денесі (негізі) – ішкі құрылым, құрылымдық энергия, Инь, тепе-теңдік дәрежесі мен бүйрек арнасының жағдайын көрсетеді.

2. Тілдегі өңез – жабынды:

а) шырыш жүйесінде патологиялық бұзылыс (көкбауырдағы жетіспеушілік пен толымдылық және ылғал мен құрғақтылық)

б) барлық белсенді энергия құрылымының тез өзгерісі, Ян, суық пен ыстық өзгерістері;

в) өзгерістердің ену тереңдігі мен жылдамдығы (ішкі немесе сыртқы)

Тіл негізін (денесін) қарау

Белгі	Тұжырым
Терең қою – қызыл түсті	Ыстық және/ немесе толымдылық
Қою – қызыл түсті, құрғақ	Асқазан белсенді шырыштың зақымдануы
Қою – қызыл түсті, өңезделмеген	Шырыш зақымы терең кеткен (алкоголик)

Ал – қызыл	Суық және/ немесе жетіспеушілік
Ал – қызыл және өңезделмеген	Инь жетіспеушілігі
Қою – қызыл, пурпурлы	Ыстық қалтырау есебінен болған құрылымдық энергия бұзылысы
Қанық пурпурлы	Ыстықтан ци бұзылысы
Қанық пурпуралы, анық сары немесе ақ	Тек ци бұзылысы
Біркелкі пурпурлы	Перикард бұзылысы
Тек ұшы пурпурлы	Жүрек арнасындағы от
Қанық қызыл, өңезделмеген, лакталған	Асқазан Инь жетіспеуі
Пурпурлы, құрғақ	Бүйрек құрылым энергиясының толық жетіспеуі
Пурпурлы (цианозды), құрғақ, сусыз	Ыстық
Ақшыл – көк, ылғалды	Суық
Қанық пурпурлы немесе цианозды және ылғалды	Ци іркілісі
Көк	Белсенді құрылым энергия жетіспеуі

Тіл денесінің беті мен жалпы көрінісі

Белгі	Тұжырым
Қатты, тығыз, тері сияқты	Толымдылық
Жұмсақ, иілгіш	Жетіспеушілік
Тегіс, жылтыр, бүрлері жоқ	Ци жетіспеуі
	Ыстық
Жаралар, қыртыстар	Анық ыстық

Қою қызыл түсті және жаралану	Бүйрек құрылым энергиясының жетіспеуі
Ісіну	Ци немесе шырыш бұзылысы, ыстық
Жалынды қызыл түсті, ісіну	Көкбауыр, жүректегі ыстық
Жұмсақ беті, ақшыл түсті	Жүрек, көкбауыр энергия жетіспеуі
Қою қызыл түсті	Инь жетіспеуі ыстық; белсенді энергия жетіспеуі
Құрғақ, қара түсті	Белсенді, құрылымдық энергиясының жетіспеуінің күрделі бұзылысы

Тіл қозғалысын қарап тексеру

Белгі	Тұжырым
Қатты, қозғалысы нашар	Перикардтың экзогенді зақымдануы
Қатты, қою – қызыл, қозғалысы нашар	Ішкі жел (апоплексия, преапоплексия)
Дірілдейтін тіл	Бауырдағы жетіспеушілік немесе жел
Қою – қызыл, дірілдейтін тіл	Жүрек, көкбауыр әлсіреуі
Пурпурлы, дірілдейтін тіл	Бауырдағы ыстық
Ал – қызыл түсті, дірілдейтін тіл	Бауырдағы жел, ци жетіспеуі
Паретикалық тіл	Энергиялық арнаның үзілісі
Паретикалық ақ тіл	Энергияның шектен тыс әлсіздігі
Паретикалық қызыл тіл	Иньнің ыстықпен зақымы
Ауыз қуысынан шығыңқы ыстық және ісіңкі тіл	Жүректегі толымдылық

Ауыз қуысынан шығыңқы, сезімталдығы жоқ тіл	Белсенді энергия жетіспеуі
Ақ және ылғалды тіл	Суық
Құрғақ, қызыл тіл	Қалтырау
Ерін ортасында қозғалатын тіл	Жүрек, көкбауырдағы ыстық
Науқас еріксіз ерінді жалайды	Көкбауырдағы құрғақтық

Тіл жабындысын (өнезін) қарау
Тілдегі өнез асқазан жұмысына байланысты болады
Өнез түрлері:

Белгі	Тұжырым
Ақ түсті	Жел, суық немесе ылғал, немесе сыртқы суық жел
Ақ түсті, жұқа және ылғалды	Суық жел
Қызыл тілде ақ жабынды	Ішкі ыстық
Ақ түсті, тығыз	Ыстық шырыш
Ақ түсті, ылғалды, жабысқақ	Ыстық шырыш, көкбауыр тежелуі
Ақ, клей тәрізді жабысқақ	Ортаңғы жылытқышта ыстық шырыш
Ақ, ылғалды, шыны тәріздес	Ішкі ағзалар жетіспеушілігі
Ақ түсті, құрғақ, жұқа	Ян шырыштық ыстықпен зақымы, өкпе арнасының бұзылысы
Ақ түсті, шаң басқан тәріздес	Өкпе арнадағы ыстық
Сары түсті	Ішкі ыстық
Сары түсті, жұқа және ылғалды	Ыстық жел

Сары түсті, қалың және ылғалды	Асқазандағы ыстық
Ақшыл сары түсті, жабысқақ	Ылғал циді зақымдады
Сары түсті, клей тәрізді	Ортаңғы жылытқышта ыстық
Сары түсті, жұқа, құрғақ	Бүйректегі шырыш зақымдалуы
Сары түсті, құрғақ, қалың	Асқазандағы ыстық, белсенді энергия бұзылысы
Ақшыл сары, түссіз	Көкбауырдағы ылғал
Сары, лимон тәріздес	Қатты ыстық бұзылысы
Күнгірт – сары	Ылғалы көп, ыстығы орташа
Қара – сары өнез, науқас салмағының азаюы	Көкбауыр, асқазандағы ыстық
Кір – сары түсті	Көкбауыр мен асқазандағы салқын ылғал
Ақшыл – сары, жұқа	Көкбауыр, асқазан жетіспеушілігі
Ақшыл – сары түсті, қызыл дақпен	Көкбауыр жетіспеушілігі, ци іркілісі, бауыр қызметінің көбеюі
Сары түсті, қызғылт – көк дақпен	Ци іркілісі
Сары – ақ түсті	Жетіспеушілік немесе суықтың немесе белсенді энергия жетіспеуі; немесе өкпе арнасының зақымдалуы
Қара түсті	Суық, ауру сезімі немесе бүйрек арнасының ауруы; немесе Инь көбейтіп, Ян іркілуі
Қара түсті, құрғақ, жылтыр	Бүйрек арнасындағы ыстық

Науқастарды сұрап тексеру.
Шығыс медицинасында науқасты сұрап тексерудің
маңыздылығы өте жоғары. Сұрап тексеру диагноздың
дұрыс қойылуына әсер етеді.
Температураны сезу

Белгілер	Тұжырым
Дененің мұздауы (дене температура-сы қалыпты болғанымен)	Ян жетіспеуі
«Желден қорқу» желді сезіну	Суықтық немесе ыстық жел
Температураның қалыпты болғанымен дене қалтырауы	Суық жел
Дене температурасының жоғарылауы, дене қалтырауы	Ыстық жел
Ішкі суықты сезу	Инь қызметінің шектен тыс болуы
Сыртқы ыстықты сезіну	Ян қызметі көп
Тершеңдігі жоқ дене температурасының жоғарылауы	Белсенді энергия көбеюі
Температура, ыстықты сезіну және қалтырау	Белсенді энергия бұзылысы
Ішкі ыстықты сезіну	Инь жетіспеуі
Қалтыраусыз температура	Ішкі ыстық
Температурасы бар қатты дене қалтырау	Құрылымдық энергия бұзылысы

Тер

Белгілер	Тұжырым
Тер шықпау, терісі құрғақ	Сыртқы белгілер болуы
Тершеңдік	Сыртқы шығуы жетіспеуі
Аздаған физикалық күштен кейін тер шығу	Ян жетіспеуі

Ұйқы кезіндегі тершендік	Инь жетіспеуі (әсіресе бүйрек арнасында)
Бас терлеуі	Жоғарғы жылытқышта ыстық

Ауру сезімі

Белгі	Тұжырым
Басқанда ауру сезімі күшейеді	Ян іркілісі
Басқанда ауру сезімі азаяды	Ян жетіспеуі
Жылу әсерінен ауру сезімі азаяды	Суықтық
Салқын әсерінен ауру сезімі азаяды	Ыстықтық
Барлық денеге таралған ауру сезімі	Сыртқы суық жел
Ревматоидты аурулар (буындарда, бұлшықетте)	Ылғалдық
Буындарды зақымдайтын, орналасуы ұшпалы ауру сезімі	Жел
Тұрақты жерде орналасқан, шаншитын, кесетін ауру сезімі	Суықтық
Белдегі қатты ауру сезімі	Бүйрек арнасының зақымдануы
Белдегі ауру сезімі, ақшыл зәр, іш өту	Бүйректегі Ян жетіспеуі
Белдегі ауру сезімі, іш қату, бас ауру	От, бүйрек арнасында Инь жетіспеуі
Белдегі ауру сезімі, жыныс мүшедегі тартатын ауру сезімі	Ылғалдылық

Ауыздағы дәм

Белгі	Тұжырым
Ащы дәм	Өт қабы энергия көбеюі
Қышқыл	Бауыр арнадағы ыстық
Қатты ащы	Өкпе арнадағы ыстық

Тұзды	Көкбауырдағы ыстық
Тәтті	Көкбауыр арнадағы шектен тыс лай ун
Тұщы дәм	Асқазан арнасындағы жетіспеушілік немесе суықтық

Ұйқы бұзылысы

Белгі	Тұжырым
Ұйқысыздықпен қатар бас айналу	Жүрек арнадағы Ян жетіспеуі
Ұйқысыздықпен қатар маза-сыздықпен, түстер көп, жиі оянады	Жүрек арнадағы толымдылық, ыстық
Ұйқысыздық, кеуде тұсындағы ауру сезімі, кіші дәрет бұзылысы, ентігу	Денеді сұйықтық іркілісі, көкбауыр зақымдалуы
Ұйқысыздық, ауыз құрғау	Құрылымдық энергия жетіспеуі
Ұйқысыздық, асқазан ауруы	Асқазан Ян зақымы
Күндізгі ұйқышылдық	Белсенді энергия жетіспеуі
Ұйқышылдық, жыныс мүшелердегі ауру сезімі	Ылғалдылық

Етеккір келуі

Белгі	Тұжырым
Етеккір уақытынан бұрын келеді, ауыз құрғау, іштің төменгі жағында ауру сезімі	Ян бастығы (көбеюі)
Етеккір уақытынан бұрын келеді, ауыз құрғау жоқ	Ян жетіспеуі

Етеккірі жоқ	Ян іркілісі немесе тозуы, немесе бауыр, көкбауыр Ян іркілісі, немесе көкбауырдағы Ян жетіспеуі
Аздаған бөлінділер	Көкбауыр, бүйрек арнасындағы ян жетіспеуі, суықтық
Сары түсті, иісі нашар бөлінділер	Ылғалды ыстық
Етеккірі ауру сезіледі	Ян іркілісі немесе суықтық
Етеккір алдында ауру сезім	Суықтық
Етеккірден кейінгі ауру сезімі	Суықтық пен жетіспеушілік


ТАМЫР ДИАГНОСТИКАСЫ

Шығыс-Тибет медицина диагностикасында әртүрлі пальпаторлы көрсеткіштер, әсіресе тамыр ұстау кеңінен қолданылады.

Орналасуы

Оң мен сол жақ қолда тамыр ұстаудың 3 аймағы бар. Аймақтар білезік буынының бүгілімінен 1 елі (әрбір адамның қол саусағының ортаңғы фалангасының ұзындығы) алшақ жерден басталады. Әрбір аймаққа дененің белгілі бір аумағы сәйкес келеді.

- 1 тамыр соғысы – бастан кеудеге дейінгі аймақ
- 2 тамыр соғысы – кеудеден кіндікке дейін
- 3 тамыр соғысы – кіндіктен төменгі жер




1-сурет. Тамыр диагностикасы

Белгілі бір тамыр аймағында сезілетін тамыр соғысы бұл аймақтың қызметінің айқын бұзылысы байқалған кезінде ғана диагноз қоюда ескеріледі.


Оң жақтан		Тамыр ұстау аймағы	Сол жақтан	
Аш ішек	Жүрек (перикард)	1	Өкпе	Тоқ ішек
Өт қабы	Бауыр	2	Көкбауыр	Асқазан
Қуық	Бүйрек	3	Бүйрек	Қуық (үштік жылытқыш)

Тамыр ұстау техникасы



2-сурет. Тамыр ұстау техникасы

Тамырды науқастың отырған қалпында ұстап тексереді. Науқастың қолы ыңғайлы қалпында болу керек. Оң мен сол қол бірінен кейін бірі тексеріледі. Тексеретін адам оң мен сол қолға қойылған саусағы бір болу керек. Дәрігер сәулелі сүйектің басына (processus styloideus radii) қолдың 3-ші саусағын қояды.



3-сурет. Тамыр ұстау көрінісі

Тамыр ұстаудың деңгейі

Жоғарғы, ортаңғы және төменгі деңгейді ажыратады. 1,2 аймақтар дені сау адамда – ортаңғы деңгейде, 3 аймақ тамыры – жарты деңгейде тереңірек орналасқан.

Егер 1,2 аймақтар жоғарғы деңгейде орналасса, онда тамыр беткей деп аталады, 3 аймақ тамыры ортаңғы деңгейде орналасса – тамыры беткей. Төменгі деңгейдегі тамырлар – терең тамыр деп аталады.



4-сурет. Тамыр ұстау деңгейлері

Тамыр түрлері

1. Беткей тамыр

– Тамыры терінің беткейінде сезіледі. Саусақпен басуды тоқтатқанның өзінде анық сезіледі.

– Сыртқы белгілерді көрсетеді: егер тамыры күшті болса.

– Сыртқы толымдылық, тамыры әлсіз болса – сыртқы жетіспеушілік.

2. Терең тамыр

– Тамыры бұлшықет астында сезіледі, қатты басқанда ғана анық сезіледі.

– Ішкі белгілерді көрсетеді: тамыры күшті болса – ішкі толымдылық, әлсіз – ішкі жетіспеушілік.

3. Баяу тамыр

– Тамыр соғысы баяу, үлкен адамдарда – 1 рет тыныс алғанда тамыр соғысынан 4 реттен аз.

– Суықтық белгісі.

4. Жиі тамыр

– Тамыр соғысы жиі, 1 тыныс алу актісінен тамыр соғысынан 5 реттен көп.

– Ыстық белгісі.

5. Әлсіз тамыр

– Тамыр соғысы әлсіз және 3 деңгейдің біреуінде ғана сезіледі.

– Жетіспеушілік (әлсіздік, тепе-теңдік бұзылысы).

6. Толымдылық тамыр

– Тамыр соғысы қатты және күшке толы. Екі деңгейде де, жиі барлық деңгейде сезіледі, бірақ деңгейдің біреуінде шектен тыс қарсылық болады.

– Толымдылық белгісі.

7. Жалтақ тамыр

– Тамыр соғысы саусақпен ұстағанда тері бетінен тайғанағандай сезіледі.

– Ылғалдылық немесе шырыш немесе ыстықтық толымдылық немесе жүктілікті көрсетеді.

8. Тірелген тамыр (тегіс емес)

– Тамыр соғысы бір нәрсеге тірелгендей, ағаш бойымен қозғалған пышақ тәрізді сезіледі.

– Энергия блокадасы немесе құрылымдық потенциал бұзылысы немесе энергия жетіспеуі.

9. Ұзын тамыр

– Тамыр соғысы өзінің аймағынан асады.

– Энергияның шектен тыс көбеюі.

10. Қысқа тамыр

– Тамыр соғысы қысқарған және өзінің аймағын толық толтырмайды.

– Энергия концентрациясы – тамыры күшті болса.

– Энергия жетіспеуі – тамыры әлсіз болса.

11. Кең тамыр

– Тамыр соғысы топан су тәрізді, сыртқа шығатын.

– Қатты ыстықты білдіреді.

12. Үлкен тамыр

– Тамыр соғысы кеңейген және қалыптыдан ұзынырақ

– Бұзылыс дамуының жиілеуі.

13. Жоғалып кететін тамыр

– Тамыр соғысы әлсіз; бірде сезіледі, бірде сезілмейді.

– Белсенді энергия шектен тыс азаюы.

14. Кернелген тамыр

– Тамыр соғысы кернелген, толқын тәрізді, тартылған арқанға ұқсас.

– Суықтық немесе ауру сезімін білдіреді – созылмалы ауру.

15. Жалқау тамыр

– Тамыр соғысының жиілігі қалыпты, жалқау және флегматикалық сипатта.

– Ылғалдылық көбеюі немесе бұзылысы.

16. Шек тәрізді тамыр

- Тамыр соғысы тығыз, үшкір, баяулаған, кернеулі, домбыраның шегі тәрізді.
- Бауыр арнасындағы жел немесе ауру сезімі немесе шырыш іркілісі.

17. Пияздың сабағы тәрізді тамыр

- Тамыр соғысы үлкен, тереңде де беткейде де сезіледі. Ішінде қуыс сезіледі.
- Құрылымдылық энергия жетіспеуі.

18. Дабыл тәрізді тамыр

- Тамыр соғысы беткей және қатты кернеулі.
- Шырыш жоғалуы себебінен энергия жетіспеуі.

19. Тұрып қалатын тамыр

- Сүйекте тығыз орналасқан, тұрып қалатын ұзақ және толымды тамыр соғысы.
- Толымдылық – суықтық және Инь көбеюі себебінен.

20. Жеңіл тамыр

- Тамыр соғысы беткей, кіші және жұмсақ.
- Жетіспеушілік және ылғал көбеюі.

21. Жұмсақ тамыр

- Тамыр соғысы беткей, жұмсақ және иілгіш, сонымен қатар кең және ұзын.
- Жетіспеушілік.

22. Әлсіз күшті тамыр

- Тамыр соғысы терең, жұмсақ, иілгіш.
- Белсенді, құрылымдық энергия жетіспеуі.

23. Таралымды тамыр

- Тамыр соғысы беткей және таралып кететін, бастамасы жоқ.
- Туа пайда болған құрылымдық энергия азаюы.

24. Нәзік тамыр

- Тамыр соғысы жұқа, жібек жібі тәрізді, анық сезіледі.
- Белсенді және құрылымдық энергия жетіспеуі, ылғалдылық.

25. Кіші тамыр

- Тамыр соғысы тар, қысқа
- Жетіспеушілік.

26. Жасырынатын тамыр

- Тамыр соғысы тереңде жасырынады, әлсіз сезіледі, тек қатты басқанда ғана сезіледі.
- Энергия үлкен бұзылыс себебінен жабық; қатты ауру сезімі, толымдылық.

27. Қозғалатын тамыр

- Тамыр соғысы жалтақ, жиілеген, күшке толы.
- Ауру сезімі немесе қорқыныш. Белсенді мен құрылымдық энергия қарым қатынасы бұзылған (тамақ ішуге реакциясы жаман).

28. Асығыс қозғалатын тамыр

- Тамыр соғысы тез қозғалады, аритмиялық (тахикардия).
- Ыстық көбейгенде энергия іркілісі.

29. Ілініп тұратын тамыр

- Тамыр соғысы аритмиялық, жалқау, баяу (брадикардия).
- Инь көбеюінен болған іркіліс, шырыш іркілісі.

30. Интермиттірлеуші (арасында тоқтайтын) тамыр

- Тамыр соғысы белгілі бір уақыт аралығында тоқталады.
- Белгілі бір аймақ энергиясының бұзылысы, қатты жел немесе ауру сезімі.

31. Қатты қозған тамыр

- Тамыр соғысы қозған, ересек адамда 1 тыныс алуға 7-8 рет алуға.
- Инь азайып, Ян жайылуы.

Тамыр көрсеткіштерінің сипаты

Беткей тамыр	Өкпе арнасы
Терең	Бүйрек арнасы
Айқын	Жүрек арнасы
Әлсіз	Көкбауыр арнасы
Жебе тәрізді	Бауыр арнасы

Ұзын тамыр	Бауыр, көкбауыр арнадағы толымдылық
Қысқа	Бауыр, көкбауыр энергия жетіспеуі
Тұрып қалатын	Бүйректегі толымдылық
Дабыл тәрізді	Бүйрек, бауыр, өкпе арнадағы шектен тыс энергия азаюы
Пияз сабағы тәрізді	Бүйрек, бауыр, өкпедегі энергия жетіспеуі
Таралымды	Бүйрек, бауыр жетіспеуі
Нәзік	Бүйрек, көкбауырдағы жетіспеушілік
Жасырынатын	Толымдылық

Жиілеген тамыр	Ыстық
Баяу	Суықтық
Кернеулі	Ауру сезімі мен суықтық
Жалпақ	Шырыш немесе сұйықтық, ылғал
Толымды	Толымдылық
Толымсыз	Жетіспеушілік
Тірелген	Іркіліс
Жеңіл	Сұйықтық азаюы
Жұмсақ	Сыртқы жетіспеушілік
Әлсіз күшті	Емделудегі жетіспеушілік

Жоғалып кететін	Янды Иньге айналдыратын энергия азаюы
Қозғалмалы	Ауру сезіммен қорқыныш арасындағы бұзылыс
Ілініп тұрған	Инь шектен тыс көбеюі
Асығыс қозғалатын	Жел, ауру сезімі (шок)
Таралымды	Алғашқы энергия азаюы
Қатты қозғап	Белсенді энергияның соңғы көрінісі

Инемен емдеудегі тамыр ұстау диагностикасы

Дәрігер үшін ең негізгі ажырататын тамыр түрлері: Толымды және әлсіз тамыр, жиі және баяу тамыр, терең және беткей тамыр.

- Толымды тамыр – ине салуға ашық көрсеткіш;
- Әлсіз, толымсыз тамыр – инетерапияны аз уақытқа және жеңіл, бас тарту немесе ақырын ине салу;
- Жиі тамыр – шөппен күйдіруге қарсы көрсеткіш;
- Баяу тамыр – шөппен күйдіруге болжама көрсеткіш;
- Беткей және терең тамыр – ине тереңдігі мен шөппен күйдіру күштейтін анықтауға көмектеседі.


Диагностикадағы негізгі сегіз көрсеткіш


Шығыс – Тибет медицинасындағы диагностикадағы ең негізгісі – негізгі сегіз көрсеткіш.

- Инь мен Ян – жалпылама және келесі алты көрсеткішті біріктіретін көрсеткіштер.
- Ішкі және сыртқы – бұзылыс қозғалысының бағытын анықтайды (бұзылыс тереңдейді немесе жайылады). Сырттан – ішке (тереңдейді) және Іштен – сыртқа (жұмсарып, жойылады).
- Суықтық пен ыстық қызмет өзгерісін сипаттайды.
- Қызмет баяулауы, энергия азаюы – суықтық. Қызмет жоғарылауы, көбеюі – ыстықтық белгі.
- Толымдылық пен жетіспеушілік – бұзылыс себебін (тепендік әлсіреуі немесе жергілікті энергия көбеюі) анықтайды.

Инь немесе Ян

Әрбір ауру үрдісінде тепе-теңдік бұзылысы болады. Бұзылыс кезінде Инь мен Янның біреуінің қызметі жоғарылап, біреуінікі азаяды.





5-сурет. Инь мен Ян тепе-теңдігі

Инь – құрылымдық материалды, соматикалық. Инь зақымдалуы екі түрде болады: біріншіден – Инь бұзылғанда, жайылып, азайғанда, жұмсалғанда. Сол кезде тепе-теңдік бұзылып, Инь жетіспеуі пайда болады (жаралық үрдістерде). Керісінше, Иньнің жиналуы, көбеюі шектен тыс немесе керек емес жерде болса (неоплазия, индурация, келоидты түзіліс) – Инь көбейеді.

Ян – белсенділік, қозғалыс, динамика, қызметті білдіреді. Ян әлсіз, азайған, тозған (Ян жетіспеуі) – әлсіздік, жылу азайған, реакция жылдамдығының азаюы. Керісінше, Ян шектен тыс шықса – гиперэргиялық үрдіс, қабыну, қозғыштық белгісі.

Диагностика түрі	Инь	Ян
Қарап тексеру	Беті кір немесе бозғылт; денесі бос, отыруы шаршаңқы, күші жоқ, қозғалысы аз; тілі боз, ісіңкі, жұмсақ; тілдегі жабынды ылғалды, тегіс, жылтыр.	Беті қызыл; ерні құрғақ; мазасыз, қозғалысы көп; тілі қою қызыл түсті; тіл жабындысы сары түсті, құрғақ, тегіс емес.
Иісін сезу, тыңдап тексеру	Даусы ақырын шығады, әлсіз; тыныс алуы әлсіз және қиындаған; еңтігу.	Даусы күшті; көп сөйлеп; тыныс алуы жөтелмеген, шырыш ысқырығы; айқау – шу
Тексеру	Тәбеті, шөлдеуі төмен; аскорыту бұзылысы, ыстық сусын ішкісі келеді; зәрі түссіз, көп мөлшерде; үлкен дәреті: ет пен балықтан кейін иісі сәл нашар.	Ыстық сезімі, тамақты көтере алмау, иісіне жеркену; аузы құрғақ, қатты шөлдеу, зәрі аз мөлшерде, қою сары түсті; үлкен дәреті – қатты, іш қату, иісі нашар.
Пальпация	Кіші жамбас тұсында ауру сезімі басқанда азаяды; денесі мен аяқ – қолы салқын; тамыры терең, жоғалып кететін, нәзік, баяу, әлсіз күшінің болмауы.	Ауру сезімі, әсіресе кіші жамбас тұсында, басқанда күшейеді; денесі мен аяқ – қолы ыстық; тамыры беткей, жайылмалы, жиі, толымды, жалтақ, күшке толымдылық.

Сыртқы және ішкі

Сыртқы – беткейлік, сыртта орналасқан, қызмет белсенділігінің жедел көрінісі, ал топологиялық – дененің сыртқы беті, әсіресе тері мен терідегі арналар. Ішкі – негізінде (тереңде) орналасқан, яғни қызмет бітімінде орналасқан, денеде – көзге көрінбейтін органикалық субстрат.

Сыртқы аурулар – сыртқы зиянды әсерлерден пайда болған, яғни 6 климаттық әсерден; ал ішкі аурулар – 7 эмоция немесе шаршау, диета бұзылысы, жарақат себебінен пайда болады. Ішкі бұзылыстар сыртқы аурулар нәтижесінен де пайда болуы мүмкін. Керісінше, сыртқы аурулар ішкі бұзылыстан болуы мүмкін.

Сыртқы – симптоматика	Ішкі – симптоматика
Өзгермелі температура, температураның қатты көтерілмеуі, дене қалтырау	Температурасы жоғары және ұзақ уақыт сақталатын
Бас ауру	Іш аймағында, кеудедегі ауру сезімі
Тіл жабындысы жұқа немесе мүлдем жоқ	Тіл жабындысы сары, сұр немесе қара түсті
Мұрны бітелген	Аузы құрғақ
Тамыры беткей	Тамыры терең
Зәр түсі ақшыл, көп мөлшерде	Зәрі аз мөлшерде, түсі қою сары
Тәбеті мен бөліністері қалыпты	Жүрек айну, ауыздағы нашар дәм, толымдық сезімі, тәбеті жоқ

Суықтық немесе ыстық

Суықтық	Ыстық
Науқас төсекте бүрісіп жатады	Науқас төсекте созылып жатады
Тыныштықты қалайды	Мазасыз
Беті бозарған немесе жасылдау түсті	Беті қызыл түсті, көз склерасы қызыл
Көзі анық және мөлдір	Көзі кең ашылады
Ерні бозарған немесе көкшіл	Ерні құрғақ, жарылған немесе қызыл түсті
Тырнағы боз, көкшіл	Тырнағы қызыл, күрең
Тіл жабындысы жоқ, немесе ақ түсті, жылтыр, ылғалды	Тіл жабындысы қалың, сары түстен кара түске дейін, кейде құрғақ немесе тегіс емес
Бөлінділері көп мөлшерде, сұйық және түссіз	Бөлінділері аз мөлшерде, сары түсті, қою, жасыл, жабысқақ

Тындап тексеру

Суықтық	Ыстық
Науқас тыныш және көп сөйлемейді	Науқас қозғыш, көп сөйлейді

Сұрап тексеру

Суықтық	Ыстық
Шөлдемейді, ыстық тамақ жегісі келеді, сілекейі көп	Қатты шөлдеу, суық тамаққа жерік, сілекейі аз
Зәрі көп мөлшерде және түссіз	Зәрі аз мөлшерде және қою сары түсті
Іш өту	Іш қату

Пальпация

Суықтық	Ыстық
Тамыры терең, нәзік, баяу, жалқау, үнемі күш болмау	Тамыры беткей, толып кететін, күші көп
Терісі мен жыныс мүшесі салқын	Терісі мен жыныс мүшесі жылы

Сыртқы суықтық.

- Дене қалтырауы бар температура, тер шықпау, бас ауру; желке тартылуы, ишиалгиялық ауру сезім, буындар ауруы;
- Тамыры беткей, кернеулі;
- Тіл жабындысы жұқа, ақ түсті.

Сыртқы ыстықтық.

- Дене қалтырауы бар орташа температура, бас ауру; тері шығуы болуы да, болмауы да мүмкін.
- Тамыры беткей, жиілеген;
- Тіл жабындысы ақ түсті, тіл ұшында жоқ.

Сыртқы жетіспеушілік.

- Денесі мұздайды, тер шығуы ұстамалы түрде немесе үнемі болады;
- Тамыры беткей, жалқау, үнемі әлсіздік;
- Тіл көбінде бозарған; тіл жабындысы жұқа.

Сыртқы толымдылық.

- Дене қалтырауы бар жоғары температура, барлық денедегі ауру сезімі, тер шықпау;
- Тамыры беткей, толымды немесе кернелген;
- Тіл жабындысы жұқа, ақ түсті.

Ішкі суықтық.

- Аяқ – қолы салқын, іштегі ауру сезім, іш өту, жүрек айну, құсу; шөлдеуі жоқ;
- Тамыры терең, баяулаған;
- Тіл жабындысы айқын ылғалды немесе жылтыр, ақ түсті.

Ішкі ыстық.

- Дене қалтырауы жоқ, бірақ дене қызуы өте жоғары; тершеңдік, шөлдеу; көз склерасы қызыл, кейде беті қызарған, ерні қою қызыл түсті;
- Тамыры жиілеген;
- Тіл қою қызыл түсті, тіл жабындысы сары түсті.

Ішкі жетіспеушілік.

- Жалпы әлсіздік, даусы ақырын шығады, көп сөйлемейді, тәбеті төмен; жиі бас айналу, аяқ – қолы салқын; іш өту, кіші және үлкен дәрет ұстамау;
- Тілі ақшыл – қызыл түсті, тіл жабындысы түссізден ақ түске дейін, тіл ортасында жабынды жоқ.

Ішкі толымдылық.

- Дене қызуы көтеріңкі, мазасыздық, тыныс алуы қиындаған, іш қату; іш кебу, іші қатты, ашуланшақтық.
- Тамыры терең, толымды;
- Тіл жабындысы сары түсті, құрғақ.

Жетіспеушілік немесе толымдылық

Жетіспеушілік (толымсыздық) – өмірлік қызметтер тепе-теңдігі азайып, әлсізденген.

Толымдылық – бұзылыс күші немесе энергиясының үлкейіп, көбеюі.

Жетіспеушілікті толықтыру керек (қоздыру), толымдылықты жою, азайту керек (тежеу)

Жетіспеушілік	Толымдылық
Тамыры терең орналасқан, әлсіз	Тамыры беткей орналасқан, күшті
Тілі құрғақ, бозарған	Тілі қою қызыл түсті, ылғалды
Денесі арық, терісі қызыл түсті	Денесі толық

Энергия жетіспеушілігінің түрлері;

- Өкпе энергиясының жетіспеуі – ентігу, демікпе, тершеңдік, даусының ақырын шығуы;

- Көкбауыр, асқазан энергиясының жетіспеуі – аяқ – қолы салқын, іш кебу, тәбеті төмен немесе жоқ, іш өту;
- Бүйрек энергиясының жетіспеуі – бетінің екі ұрты қызыл, даусы қарлыққан, мойындағы ауру сезімі, құлақ шуылы, құлақ естуі нашар, бас айналу, жүрек қағу, сөйлеуі тежелген, сілекейі көп, тынысы аритмиялық.

Энергия толымдылығы.

- Өкпеде энергия толымдығы: кеудесі қатты, кеңейген, бас айналу, қақырығы көп, тынысы тарылған, ортопное,
- Асқазанда энергия толуы: асқазан құрылдау, кекірігі ірің – қышқыл иісті, науқас жиі шашалады, жүрек айну;
- Ішекте энергия толуы: іш кернеуі толымдылық сезімімен; кіндіктен төмен ауру сезімі; құрғақ, қатты нәжіс, немесе іш өту, тыныс тарылу; сөйлеуі түсініксіз; үнемі дене қызуының көтерілуі.
- Бауырда энергия толуы: бас ауру мен бас айналу.

Құрылымдық энергия жетіспеушілігі: ерні боз, беті бозарған, мазасыз, ұйқысыздық; әлсіздік; шырыш азаюы; тілі құрғақ, ерні жарылған, түнде дене қызуы көтеріледі, түнгі тершеңдік, бұлшықет тарылуы, тырысу ұстамасы, діріл.

Құрылымдық энергия толымдылығы: гематома, бұлшықеті кеңейген, кеудеде ауру сезімі, қолдағы ауырсыну, ыстық келуі; іштегі ісіну мен ауырсыну; кіндік аймағында ауырсыну; нәжісі қара түсті, тамыры тұрып қалатын; тілі күрең немесе қою – қызыл түстес.

Ауру тудыратын себептер

Түрлері:

1. Сыртқы себептер – «Алты климаттық өзгеріс»;
2. Ішкі себептер – «Жеті эмоция»;
3. Бейтарап себептер – диета мен жыныстық қатынас бұзылысы, сыртқы жарақаттар.

Алты климаттық өзгеріс

Әрбір арнаға белгілі бір климаттық және метеорологиялық жағдай тән.

1. Жел.

Жел – ағаш белгісіне сәйкес, яғни потенциалды белсенділік пен патологиялық агент ретінде шектен тыс кернеулікті, тырысуды білдіреді. Қозғалыс мүшелерінің қызметіне (бұлшықет пен сіңірлер) әсер етеді. Жел көктеммен байланысты бауыр және өт қабы арнасына сәйкес келеді.

Жел басқа бір климаттық өзгеріспен байланысып, комплекссті симптомдарды – суық жел, ыстық жел, ылғал жел, т.б. қалыптастырады. Өзгермеген жел симптоматикасына шек тәрізді тамыр, тырысуға дайындық жатады.

Жел симптоматика ішкі және сыртқы деп бөлінеді. Сыртқы және беткей жел – бұзылысында байқалады:

- Дене қалтырауымен жүретін дене қызуының жоғарылауы;
- Бас ауру;
- Мұрын бітелу;
- Жас ағу;
- Дауыс қарлығу;
- Мойындағы ауру сезімі;
- Жөтел;
- Тамыры беткей және жалқау;
- Тіл жабындысы жұқа, ақ түсті.

Егер өзгеріс тереңге, яғни ішкі еңсе, симптомдарына осылар қосылады:

- Буындардағы ұшпалы, кенет пайда болатын ауру сезімі;
- Тері астында ауру сезімді түзілістер;
- Спазм мен парездер;
- Тері бөртпелері (қызару мен жел оспасы) бар дене қызуы, тері қышынуы.

Ішкі желге жатады:

- Флексус, яғни энергияның сырттан келуі, бас айналу, естен тану;
- Парездер;
- Сезімталдық жоғалуы, бөліктік салдану;
- Спазм.

2. Суықтық.

Суықтық – су белгісіне жатады, құрылымдылықты, қозғалыс пен өзгерістің тежелуінің ең жоғарғы деңгейін көрсетеді.

Суықтық қыс мезгіліне және бүйрек пен қуық арнасына жатады: оған баяулаған, кернелген тамыр соғысы тән. Суықтық ерекше белгілері:

- Дене қызуы тер шығарусыз, бірақ қатты қалтыраумен;
- Желкеде, мойында, арқада, белде немесе барлық денеде ауру сезімі;
- Тамыры беткей және кернелген;
- Тіл жабындысы ақ түсті, ылғалды.

Суықтық алдымен арналарда зақымдайды:

- Аяқ – қол тырысуы және тартып ауруы;
- Терісі күрең түті, ерні мен тырнағы көгерген;
- Аяқ – қолы мұздаған (денесі жылы);
- Жоғалып кететін тамыр соғысы.

Ішкі суықтық:

- Іштегі ауру сезімі;
- Іш құрылдау;
- Іш өту, құсу;
- Тамыры терең баяулаған немесе терең кернеулі;
- Тілі бозарған;
- Тіл жабындысы ақшыл түсті және ылғалды.

3. Қатты ыстық (жаздың қатты ыстығы)

Қатты ыстық – от белгісінің айқын белсенділігін көрсетеді, дене қызуы көтерілуі мен шектен тыс соматикалық белсенділік қызметінің жоғарылауын көрсетеді. Қатты ыстық жүрек, жүрек қабы, аш ішек пен үштік жылытқыш арнасына жатады.

Қатты ыстық симптоматикасы: дене қызуы, обнубуляция, ентігу, тершеңдік, беті кірленген, қатты шөлдеу, зәрі қою сары түсті, аз мөлшерде, тамыры әлсізденген, тілі қызыл немесе қою қызыл түсті; тілі жұқа, сары түсті жабындымен өңезделген.

Қатты ыстықтық жедел ауыр жағдайында:

- Адам денесіне ыстық өту;
- Тыныс жиіленуімен жүретін кенеттен естен тану;
- Тамыр соғысы жиілеген.

Ыстық кезде болатын кенеттен ішкі немесе сыртқы салқындату (салқын су ішу, салқын суға түсу) кезінде қатты ыстық суықтықпен тежеліп, келесі көріністер болады:

- Қатты дене қалтырау;

- Бас ауру;
- Обнубиляция;
- Іш ауру;
- Іш өту мен құсу;
- Ұзаққа созылатын тершеңдік.

4. Ылғалдылық.

Ылғалдылық – жер белгісіне жатады, оған көкбауыр мен асқазан арнасы сәйкес келеді.

Тепе – теңдік, интеграция мен трансформация үрдістері ылғалдылық арқылы тежеліп, қайта толады. Бұл өзгерістің пайда болуына ылғал жерде болуы, ылғал киім кию, ылғалға бай тағам мен тәтті тағам көп жеу себеп болады.

Ішкі ылғалдылық себептер – стресс, көп ойлану, көп уайымдау.

Ылғалдылық өзгерісінің ең негізгі көрсеткіші – жалтақ пен жалқау тамыр соғысы.

Жоғарғы ылғалдылықта:

- Обнубиляция;
- Мұрын бітелу;
- Бетінің сарғаю;
- Тыныс тарылу.

Төменгі ылғалдылықта:

- Мұрын ісінуі;
- Гинекологиялық бұзылыс, май бөлінділері.

Сыртқы ылғалдылық:

- Сыртқы температураға байланыссыз тершеңдік;
- Әлсіздік, шаршағыштық;
- Ісінулер;
- Буындағы ауру сезімі.

Ішкі ылғалдылық:

- Кеудеде және іштің ортасында қысылу сезімі;
- Тимпания;
- Тәбет жоғалуы;
- Құсу;
- Іш өту;
- Сарғаю.

5. Құрғақтық.

Құрғақтық – металл белгісі, потенциалды құрылымдылық, тежелуге дайындықты көрсетеді. Ол күз мезгілімен, өкпе және тоқ ішек арнасымен байланысты. Тамыр соғысы беткей және нәзік. Тіл жабындысы құрғақ және шөлдеу байқалады.

Салқын құрғақтық:

- Жеңіл бас ауру;
- Дене қалтырау;
- Терлемейді;
- Жөтел;
- Мойында ауру сезімі;
- Шөлдеу;
- Мұрын бітелу;
- Тілде ақшыл, құрғақ жабынды

Жылы құрғақтық:

- Тершендікпен дене қызуы;
- Мойында ауру сезімі мен шөлдеу;
- Жөтел, кеудедегі ауру сезімі;
- Қан аралас шырыш бөлінді;
- Мұрын құрғау;
- Тамыры беткей, толымды;
- Тілде құрғақ, сары түсті жабынды.

6. Ызғарлы ыстық.

Ыстықтың шектен тыс көбейіп, белсенділігінің жоғарылауы. Жүрек, жүрек қабы, аш ішекпен үштік.

Жылытқыш арналары зақымдалады. Симптомдары:

- Тамыр соғысы жиілеген, өрлеген, қозғалмалы;
- Дене қызуы өте жоғары,
- Мазасыздық;
- Қатты шөлдеу;
- Мойында ауру сезімі;
- Бетінің қызаруы;
- Көз ағының қызаруы;
- Тілі қою қызыл, сары түсті, қалың, құрғақ жабындымен.

Жеті көңіл күй өзгерісі

Эмоция (көңіл күй өзгерісі) – жеке адамның сыртқы ортасы әсеріне жауап беру көрінісі.

1. Қуаныш.

Қуаныш – от белгісі, оның белсенділігін, жүрек арнасын білдіреді. Шектен тыс қуаныш жүрек пен жүрек қабы арнадағы энергия азаюына, кейде бүйрек арнасының бұзылысына әкеледі.

Симптоматика:

- Тамыр соғысы жиілеген, толып кететін;
- Тілі қою – қызыл түсті;
- Қозғалыс (координация) бұзылысы;
- Абсанс;
- Ұмытшақтық;
- Ұйқы бұзылысы.

2. Ашу, ыза (қозғыштық)

Ашулану – ағаш белгісі, қозғыштық, потенциалды белсенділік, фантазияны көрсетеді, бауыр арнасына жатады.

Белсенділік жиналуы шектен тыс болса бауыр мен өт қабы арнасында спастикалық және паретикалық бұзылыстар, эмоциональды жарылыстар пайда болады. Тамыр соғысы – шек тәрізді тамыр (струннообразный пульс), тілі қызыл түсті және жұқа өңезбен жайылған; беті мен басы қызарған; бас айналу, естен тану, апоплексия.

3. Қамқорлық

Қамқорлық – металл белгісі, потенциалды құрылымдылықты білдіреді. Өкпе мен тоқ ішек арнасындағы үрдістерге кері әсер етеді.

Симптомдары: жалпы әлсіздік, ағзаның қарсылығының төмендеуі, тынысы беткей, жөтел, қақырық, енгігу, іш кебу, асқорыту бұзылысы, тәбеті төмен, іш өту, салмақ жоғалту, тілі бозарған, тамыр соғысы беткей, кейде жеңіл, нәзік, ілініп тұрғандай, тілдегі жабынды жұқа, құрғақ.

4. Ойлану

Ойлану – жер белгісі, көкбауыр мен асқазан арнасына жатады, жеке тұлғаның интеграциялық орталығына қатысады.

Ойланудың көбеюі стресске әкеледі, ішкі ағза қызметі бұзылады.

Симптомдары: шаршағыштық, тәбетінің болмауы, салмақ жоғалту, тамыр соғысы әлсіз, жалқау;

Тіл жабындысы қалың, жабысқақ; жүрек пен бүйрек арнасының зақымдалуынан: ұмытшақтық, пальпитация, ұйқы бұзылысы, түнгі тершендік.

5. Қайғы, мұң

Мұңаю – металл белгісі, потенциалды құрылымдылықты, жинауға дайындықты, фиксацияны білдіреді. Өкпе мен тоқ ішек арнасына жатады. Симптомдары: тамыр соғысы әлсіз, жоғалатын, нәзік; беті бозарған, тілі боз, тіл жабындысы жұқа, құрғақ.

6. Үрей

Үрей – жер белгісі, өмір белгілерінің тежелуі мен қасиеттер көрінуінің көбеюін білдіреді, бүйрек арнасына жатады. Бүйрек арнасының конституциялық әлсіздігі энергия аздығына әкеледі, қорқынышқа септігін тигізеді.

Симптомдары: тамыр соғысы терең, әлсіз; тілі тар немесе құрғақ, даусы дірілдеген, шешім қабылдай алмау, жалғыздыққа құмар, невроз.

7. Қорқыныш

Қорқыныш – ағаш белгісі, бауыр мен өт қабы арнасына жатады. Бауыр Янның созылмалы не туа пайда болған жетіспеуі қорқынышқа әкеледі. Қорқыныш кенет тежелуге, белсенділік салдануына, іркілісіне әкеледі.

Симптомдары: аңқаулық, тынысы жиілеген, тамыры жиі, тар, жайылған; беті бірде бозарып, бірде қызарады.

Бейтарап себептер

1. Диета бұзылысы. Ол көкбауыр мен асқазан арнасына әсер етеді. Симптомдары: іштің ортасында түйін тұрғандай сезім, іш кебу, кекірігі сасық иісті, жүрек айну, құсу, іш өту мен іш қату аралас. Тамыр соғысы жалтақ, тұрып қалатын.

2. Стресс бауыр мен өт қабы, жүрек пен жүрек қабы, бүйрек арнасындағы бұзылыққа әкеледі. Барлық тамыр аймағында жетіспеушілік болады. Симптомдары: әлсіздік, тахикардия, ентігу, мазасыздық, ішкі ыстық, тершеңдік

3. Жыныстық жарақаттар бүйрек арнасын зақымдайды. Тамыр соғысы алдымен беткей, кейін терең, әлсіз болады. Симптомдары: қанды қақырық, дене қызуы жоғарылаған, тахикардия, түнгі тершеңдік, жыныс мүшесінің атрофиясы, аяқ – қолы ылғалды, аяқ пен сан әлсіздігі.

Синартериология



6-сурет. Қолдың үш Инь арнасы


Синартериология – арналар туралы ғылым. Адам денесінің бетінде орналасқан тітіркену нүктелері бар екені мәлім.

Синартериялар, арналар жүйелері, ішінде қызметі мен қасиетіне байланысты энергия қозғалысы жүретін құрылымды білдіреді.

Ци – классикалық ұғым бойынша белсенді, арнайы энергия арналар жүйесіне өкпе арнасынан шығады. Өкпе арнасы арқылы ырғақты таралатын энергия, белсенді импульске, құрылымдылық энергияға сәйкес келеді. Олардың ішінде ең негізгі екеуі – құрылымдылық, арнайы – жекелеген энергия,

және «құрылыс энергиясы». Сонымен қатар, басқа екі энергия түрі бар – қорғаныс энергиясы (теріде жиналады), құрылымдық потенциал (етеккір, шәует).

Арналар, энергия түріне байланысты, әртүрлі қызметке ие болады. Құрылыс энергиясы арналар бойымен ағады. Қорғаныс энергиясы жан арналарымен ғана шектелмейді. Инемен әсер еткенде энергия осы арналар бойымен қозғалады. Арналар ғылымы қан айналым жүйесінің анатомиясымен байланысы жоқ. Жан арналар – концентрациясы жоғары нүктелер арасындағы байланыс. Нүктелер туысқандық жақын қасиеттері бойынша арналар құрайды. Арналар бір – бірімен байланысты болады. Біріншіден, арналар сыртқы мен ішкі (терең) беткейде энергияны тасымалдайды.



7-сурет. Қолдың үш Ян арнасы

Арналар жүйесінің бөлінуі

1. Басты арналар – «арналар». 12 негізгі арна; егер жұпсыз арнаны қоссақ – 14 негізгі арналар (алдыңғы, артқы орталық арна).
2. 12 арна таралымы.
3. 8 жұпсыз арналар. Басты арнадан жұқа тарамдар шығып, жүйемен байланыстырады.
4. 15 жүйелі арналар.
5. Жүйелі арналардың таралымы.
6. 3-ші дәрежелі жүйелі арналар. Арналармен оларға бағынатын жүйелі арналар адам денесінің сыртымен, теріде өтіп, іште «ішкімен» (тереңмен), яғни әрбір арна белгілі бір «қасиеттік аймақпен» тығыз байланысты.
7. 12 бұлшықет арнасы.
8. Тері аймақтары.


Басты арналар (арналар)

12 басты арналар – немесе, артқы және алдыңғы ортаңғы арнаны қосса, 14 басты арналар – Синартериологиялық жүйенің негізін қалайды. 12 арна жұп орналасқан, яғни дененің сол жақ пен оң жағында бірдей орналасқан. Әрбір арна белгілі бір аймаққа жатады, әрбір Инь – арна, Инь – аймағында («қор жинайтын арна»), және әрбір Ян – арна – Ян – аймағына («өтпелі аймаққа») жатады.

Инь мен Ян аймақтардың бір-біріне толықтауы теория жүзінде де, тәжірибе жүзінде де анықталды. Әрбір Инь – арнасы оған қосымша болатын Ян – арнамен аяқ немесе қол саусақ ұшында кездеседі.

Инь мен Ян полярлығы, ішкі мен сыртқы, жоғары мен төмен қасиеттері арнаның жалпы жүру жолында білінеді.

Барлық Инь – арналар, Инь – аймаққа жатып, іш немесе кеудеден басталып, аяқ – қолдың ішкі бойымен жүреді.




8-сурет. Аяқтағы үш Ян мен үш Инь арналары

Барлық Ян – арналар бастан басталып, арқадан аяқ – қолдың сыртқы бойымен жүреді. Диафрагмадан жоғары орналасқан арналар – жүрек, жүрек қабы және өкпе арналары, қолдан өтеді (Ян); көкбауырдан төмен орналасқан (Инь) арналар – бауыр, көкбауыр және бүйрек арналары, аяқтан өтеді.

Энергия айналымы


Энергия айналымы – белгілі бір циклдың қасиеттері әр түрлі уақыт аралығында жоғары, минимальды және бейтарап қалпында болады.



9-сурет. Аяқ-қолдағы жан арналар

Энергия күн мен түн ішінде барлық 12 басты арнаны өтеді. Әрбір арна мен аймақ 24 сағаттың ішінде 1 рет айқын белсенеді.

Энергия айналымы өкпе арнасынан бастау алады. Өкпе арнасында жеке тұлғалық ритм мен интеграция реттеледі. Энергия өкпе арнасынан басталып, қолдың ішкі жағымен бас бармақтың ұшына дейін барып, Ян – арнаға (тоқ ішек арнасына) ауысады, ол арқылы қолдың сыртымен басқа барып, бас аймағында асқазан арнасының Ян тармағымен, табан үстіне дейін барып, қосымша асқазан мен көкбауыр арнасымен дененің ортасына оралады.





10-сурет. Денедегі энергия айналымы

Дененің ортасында энергия көкбауыр арнасынан жүрек арнасына ауысады, арнамен саусақ ұшына дейін барып, аш ішек арнасына өтіп, басқа барады.




Баста энергия аш ішек арнасынан қуық арнасына айналып, табан үстіне дейін барады. Сол жерде энергия қосымша аймаққа және қуық, бүйрек арнасына өтіп, табан ұшынан қайта дене ортасына барады. Осы жерде соңғы цикл басталады: энергия жүрек қабына түсіп, арнамен ортаңғы саусақ ұшына барады.

Қолда, энергия үш жылытқыш арнасына түсіп, басқа барады. Бастан өт қабы арнасы энергияны табанның сыртқы бетіне барып, бауыр арнасына, кейін бас бармақтың ұшына барады. Одан энергия қайтадан дененің ортасына барып, одан қайта өкпе арнасына түседі.






11-сурет. Инь мен Ян ара қатынасы

yin maior splendor yang yin maior splendor yang




- I yin maior ▲ c. pulmonalis
- II splendor yang ▲ c. intest. crassi
- III splendor yang ▲ c. stomachi
- IV yin maior ▲ c. lienalis

yin minor yang maior yin minor yang maior



- I yin minor ▲ c. cardialis
- II yang maior ▲ c. intest. tenuis
- III yang maior ▲ c. vesicalis
- IV yin minor ▲ c. renalis

12-сурет. Жан арналардың тарамдары (параканалдар) I-II-ші кезең.



13-сурет. Параканалдар III кезең

Арналар таралымдары (параканалдар)

Бас арналардан таралып, үлкен буындарға проксимальды аяқ – қолға шығады. Олардың жеке нүктелері болмайды.

Қызметі:

- 1) Инь – Ян – басты арналар арасындағы энергиялық айналымды қалыптастырады;
- 2) Бас арнадан тыс әсердің орналасу аймағын кеңейтеді;
- 3) Бас арнаның белгілі бір аймаққа әсерін күшейтеді.

8 жұпсыз арналар

Бұл арналардың ешқайсысы белгілі бір аймақпен байланыспаған. Олардың негізгісі ғана дене симметриясы өсімен өтеді. Барлық жұп арналар энергияны жинап, теңестіреді. Бас арналарды өзенмен теңестіреді, жұпсыз арналарды – көлмен теңестіреді. Олар энергия айналымына қатыспай, өзіне шектен тыс энергияны сақтап, жинақтайды. Керек кезде осы энергияны айналымға қосады.

Жүйелі арналар

Әрбір басты арна соңғы, шеткі аймағында жүйелі арналар шығатын нүкте бар. Одан ол қосымша бас арнаға барып, желі тәрізді басқа арнамен қарым – қатынасты нығайтады.

Бұлшықет арналары

Бұлшықет арналары – бұлшықетті зақымдайтын бұзылыс-тарды сипаттайды. 12 бұлшықет арнасы 12 басты арнамен тығыз байланысты. Олар аяқ – қол ұштарында басталып, дене бетімен жылжып, басты арнаға немесе басқа (Ян), немесе бұлшықетке (Инь) барады. Аяқтағы барлық Ян – бұлшықет арналар көзде, қолдың Ян – бұлшықет арналары – кіші жамбаста, қолдың Инь бұлшықет арналары – эпигастрий аймағында қосылады. Бұлшықет пен сіңірлер – бауыр арнасына жатады.

Нүктелер туралы ғылым

Фораминалогия – нүктелердің орналасқан жері және оларға емдеу әдістерімен әсер ету түрлері мен нәтижелері туралы ғылым.

Адам денесі топологиялық аймақтарға бөлінеді. Сондықтан да, адам денесінде жеке бөліктерді ажыратуға болады.


Емдеу нәтижесі жақсы болу үшін, нүктенің орналасқан жерін ғана емес, сонымен қатар әрбір нүктенің жеке өзіндік сипаты мен ерекшеліктерін білу керек. Нүктелер туралы мәлімет 4 бөліктен тұрады:

- Нүктенің атауы;
- Нүктенің нақты орналасқан жері;
- Нүктеге әсер ету нәтижесінің сипаты;
- Тәжірибе жүзінде дәлелденген, болатын немесе болмайтын симптомдары.

Жан арналар

1. Өкпе арнасы. (P)

cardinalis pulmonalis



14-сурет. Өкпе арнасы бойындагы нүктелер

Жұп арна, Инь – арнасы, оң жақ пен сол жақ, ішкі және сыртқы тармақтары бар. Ішкі өкпе арнасының тармағы – адам денесінің ортаңғы бөлігінен басталып, бірінші тоқ ішекке қарай түседі, кейін жоғары көтеріліп, асқазанның кардиальды бөлігін айналып өтеді, оң жақ пен сол жақ өкпе тармақтарына бөлінеді. Арна жолы өкпеден кеңірдек арқылы бұғана сүйек аймағына шығып, сыртқы тармаққа жалғасады. Арнаның сыртқы тармағы бұғана сүйек аймағынан қолтық асты қуысына қарай өтеді, ары қарай қолдың медиальды жағы үстінен өтіп, алақан сүйегінің 1 – саусақтың ішкі жағындағы тырнақ ұшындағы нүктеде аяқталады. Өкпе арнасының негізгі қызметі:

1. Өкпедегі зат алмасу деңгейі мен тыныс алуды бақылайды.
2. Паталогиялық өзгерістер шаш пен тер безінің биохимиялық құрамына әсер етеді. Шаш пен тері саулығы өкпеге байланысты.
3. Өкпе, мұрын қуысы, тамақ, бадамша без, бронх, кеңірдек қызметін бақылау. Мұрын – өкпе арнасының айнасы.

Өкпе арнасындағы нүктелер бронхиальды демікпе, мұрын, кеңірдек, бронх ауруларында жақсы нәтиже береді. Экзема, аллергиялық бөртпелер мен кейбір тері ауруларында көмектеседі. Өкпе арнасында 11 нүкте орналасқан.

Р1. Чжунфу – «орталық алаң»

«Орталық» – Жер белгісі.

Орналасуы: 1 қабырғааралық нерв аймағында бұғана шетінің астында, ортаңғы алдыңғы сызықтан 6 елі сыртқа.

Қызметі: көкбауыр мен өкпедегі энергияны нығайту, қалыптастыру, сол арқылы шырыш, қақырыққа жетіп, ылғалды жою, ыстықты басу, сыртқыны ашу.

Көрсеткіштер мен симптомдар:

– Ішкі ағзалардың ыстығы: іш кебу, аяқ – кол ісіну; тәбетінің болмауы; иық аймағындағы ауру сезімі, ауру сезімі арқаға таралады; жүрек айну, құсу; енгігу (демікпе); дененің бірде ысынуы, бірде тонуы; бірде тершендік, бірде қалтырау; науқас горизонтальды қалпында жата алмайды; мұрын бітелу; қорқыныш сезімі, мазасыздық; тамыр соғысы нәзік немесе жылтақ.

Бронхит, бронхопневмония, паротит. Басқа нүктелермен комбинациясы:

- С9 немесе V49 бірге – кеудедегі қысылу сезімінде;
- С9 бірге – кеудедегі ауру сезімінде немесе желке тұсында ауру сезімі;
- V13 пен P6 бірге – созылмалы бронхитте;
- PC6 мен RS17 бірге – бронхиальды демікпеде;
- V13 бірге – паротитте; RG14 – жедел өкпе қабынуында.

Ине салу: ине ұшы сыртқа және жоғарыға бағытталған; ине салу тереңдігі – 0,3-1 см.

Шөппен күйдіру: 15 минут.

P2 Юнь – Мэнь, «Бұлттар есігі».

Бұлттар ылғалдылықты, көкбауыр арнасын, жүрек пен өкпе арнасын білдіреді.

Орналасуы: бұғана сүйегінің сыртқы шұңқырында, кеуде ортасы сызығынан 6 елі шетке.

Қызметі: көкбауыр, өкпедегі энергияны реттеу, ыстықты басу, шырышты тоқтату.

Көрсеткіштер мен симптомдар.

Ылғалмен байланысты симптомдар: қысылу сезімі, іш аймағындағы спазм, контраекция; демікпе, тұншықтыратын жөтел, мойын аймағында ауру сезімі, иықтағы ауру сезімі, қол қозғалысының шектелуі.

Басқа нүктелермен комбинациясы:

R27 бірге – астматикалық жөтелде. Ине салу тереңдігі: 0,3-0,5 см.

Шөппен күйдіру: 15 минут.

P3 Тянь – фу «Аспанды жинау алаңы».

Орналасуы: қолтық асты қуысынан 3 елі төмен, екі басты бұлшықет сыртында, P5 нүктесінен 6 елі жоғары орналасқан.

Қызметі: энергия қозғалысын реттеп, жүрек пен бауыр арнасындағы Янды азайту, іркілісті кетіру, ылғалдап тазарту.

Көрсеткіштер мен симптомдар:

– Ішкі ағзалардағы ыстық. Кенеттен ауа жетпеу сезімі, қақырықты жөтел, қақырығы қан аралас, тұмау; ішек аймағында спазм; іш кебу; тимпания; науқас төсекте жата алмайды.

– Шырышпен байланысты симптомдар ішкі ағзалардан жүрекпен өкпе арнасына баруы; шаршағыштық, әлсіздік, ұмытшақтық, жылағыштық.

– Желдің көбеюі: дене температурасының көтерілуі, мазасыздық, бас айналу, тамақ қабынуы. Басқа нүктелермен бірігуі:

IC4-пен – тұмауда нүктені анықтау: науқас отырған немесе арқамен жатқан қалпында қалуы сәл жоғары көтеріп, алақаны жоғары қарап тұр – бұл кезде дәрігер иық аймағында емізік деңгейінде нүктені табады.

Ине салу тереңдігі: 0,4 см.

Шөппен күйдіру: болмайды.

P4 Ся – бай – «Тар жерде орналасқан ақ түс». «Ақ түс» – терідегі ақ түсті бөлік, фасция.

Орналасуы: P3 нүктесінен 1 елі төмен орналасқан.

Қызметі: шырышты тоқтату, ылғалды шығару.

Симптом мен көрсеткіштер: енгігу, контравекция, кекіру, ықылық тию, асқазанда ауырлық сезімі, іш аймағында спазм, кеудеде ауру сезімі, ауру сезімі иыққа беріледі.

Нүктені анықтау: Науқас тұзу отырады. Егер науқас ер адам, арық болса, онда нүктені оңай табуға болады: егер кеуде емізігін аздап бояумен бояп, кеудеде қолын айқастырса – емізіктегі бояу нүктені көрсетеді. P5 нүктесінен 5 елі жоғары, P3 нүктесінен 1 елі төмен орналасқан.

Ине салу тереңдігі: 0,3 см.

Шөппен күйдіру: болады.

P5. Чи-дзе «Суға толы батпақ», « Шынтақ көлі»

Орналасуы: Шынтақ бүгілімінің ішкі бетінің ортасында, иық бұлшықеті сіңірінің сыртқы шетінде, IC 11 нүктесінен 2 саусақ ара – қашықтықта; сол жерде тамыр соғысы білінеді.

Қызметі: Көкбауыр энергиясын тұрақтандыру, өкпедегі энергияны нығайту, бауыр арнасын қалпына келтіру – осының нәтижесінде ылғалдылық жойылып, ыстықты басады.

Симптомдар мен көрсеткіштер:

– Көкбауырдағы ыстық: аяққол ісінуі; тимпания, іште ауырлық сезімі, қысылу сезімі, кеудеде тұншығу сезімі, енгігу;

- Жел: қақсайтын ауру сезім иық буынында, түшкіру; мазасыздық, үрей
- Өкпе арнасындағы ыстық жетіспеуі: жиі қайталанатын дене ысынуы, жөтел, жиі түшкіру, сары түсті сұйық қақырық, беткей тыныс, еңтігу, тұншығу; көңіл күйдің төмендеуі, жылағыштық;
- Ыстық жел: қол бұлшық етінің тартылуы, тырысулар; қан түкіру, дене ысыуы.
- Жөтел, демікпе, өкпе қабынуы, бронхит, плеврит тамақ қабынуы, шынтақ бүгілімнің қабынуы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- P9 нүктесімен – шынтақ бүгіліміндегі ауру сезімде, иықтағы ауру сезімде;
- GI 11 нүктесімен бірге – шынтақ бүгіліміндегі тартылу;
- V 40 пен бірге – тартылу, қақсайтын ауруда;
- Vg 14 пен J19 мен бірге – туберкулез кезінде .

Нүктені анықтау: Науқас тік отырып, қолды созады, алақаны жоғары қарап тұрады.

Ине салу тереңдігі – 0,3 см

Шөппен күйдіру – 15 минут

Р6. Күн цзуй «Шұңқырдағы кеңістік», «Жоғарғы тесік»

Орналасуы: Білектің ішкі бетінде, білезік бүгілімінен 7 елі жоғары орналасқан. Бас бармақпен басқанда анық шұңқыр сезіледі.

Қызметі: өкпедегі энергияны төмендетіп, реттеу; сыртқыны ашу, ыстықты суыту.

Симптомдар мен көрсеткіштер:

- Өкпе мен көкбауыр арнадағы ыстық; дене ысынуы, терлеу, жөтел, қан түкіру, дауыс шықпау, тамақ қабыну, бас ауру.
- Ыстық жел немесе ішкі жел: геморрой; шынтақ буынның ауруы, саусақтар бүгілмеуі, қолды бастың үстіне қоя алмау

Бақа нүктемен бірігуі:

- Vg 4 пен – гематуриядан;
- Vg 14, V – 13 пен – пневмония;


– МС 3, V – 13 пен – қан түкіруде.

Нүктені анықтау:

Қол созылған, нүкте Р 5-тен 5 елі төмен орналасқан.

Ине салу тереңдігі: 0,3-1,5 см

Шөппен күйдіру: 5-15 минут.



15-сурет. P6, P7, P8 нүктелері анықтау

P7. Ле-цюе «Бұдыр» («Зазора»)

Орналасуы: сәулелі сүйектің түзілісінде, білезік бүгілімнен 1,5 елі жоғары орналасқан.

Қызметі: өкпедегі энергияны босату, желді тарқату.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел немесе ыстық жел: гемиплегия, қолдағы әлсіздік алақан ысуы, жақ ұюы; аяқ – қол мұздау мен жүретін дене температурасының көтерілуі
- Сілекей ағу; Эпилепсия, кенет естен тану;
- Ылғал немесе ылғалды жел: қалтырау, еңтігу, дене ысынуы; гематурия аяқ – қол мен жыныс мүшедегі ауру сезімі, бет ісінуі, аяқ – қол ісінуі, еңтігу;
- Ыстық, көкбауыр жетіспеушілігі: жақ тырысуы, ұмытшақтық, дене ысынуы, тершеңдік.

Басқа нүктемен бірігуі:


P8 – мен бірге, P9 бірге – алақан ысуы.

Нүктені анықтау:

Науқас екі алақанын айқастырғанда, бас бармақ пен сұқ саусақ негізі бір – бірімен тығыз жанасу керек. Сұқ саусақтың ұшы басқа қолдағы нүктенің орналасқан жерін көрсетеді (яғни, оң жақ қолдың алақаны жоғары тұрса, оң жақ қолдың сұқ саусағы сол жақ қолдағы нүктенің орналасқан жерін көрсетеді).

Ине салуы: қиғаш. Ине шынтак бүгіліміне бағытталу керек. Ине салу тереңдігі 0,2-1 см.

Шөппен күйдіру: 15 минут.



16-сурет. P7 нүктесін анықтау

P8. Цзин-цюй «Арнаның ағысы»

Орналасуы: білезік бүгілімінен 1 елі жоғары, сәулелі сүйек өсіндісінің ішкі бетінде орналасқан.

Қызметі: ішкі ағзалардағы өкпе арнасын нығайту сыртқыны ашу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- ыстық: маляриялық белгілер, тұншығу, құсу, іш аймағында ауру сезімі;
- жел немесе ыстық жел: қысылу сезімі, кеуде мен арқада ауру сезімі, терлеусіз дене ысынуы, тіс ауру. Қолдың шектен тыс ыстық болуы.

Нүктені анықтау: қол алдыға созылған және алақаны төмен бағытталған қалыпта – нүкте тамыр соғысынан 1 саусақ жоғары орналасқан

Ине салу: қиғаш, арна жолына карама – қарсы бағытта және ішке қарай бағытталады. Ине салу тереңдігі – 0,2-0,4 см.

Шөппен күйдіруге болмайды

Р9. Тай-Юань «Үлкен су көзі»:

Орналасуы: білезік бүгілімінің дистальды сәулелі сүйек шетінде, тереңдікте.

Қызметі: өкпе арнасындағы энергия тепе – теңдігін сақтау, денедегі суды реттеу, шырышты басу, жөтелге қарсы.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел, ыстық жел және жүректегі ыстық ; кеудеде қысылу сезімі, мазасыздық , ашуланшақтық, бүйір де қысылу мен ауру сезімі; көзі қызыл, бұлдырлаған, катаракта:
- Ыстық немесе ылғал : іште шұрылдау сезімі, ішастарда тимпания мен керілу сезімі, кекіру, науқас бірде ысып, бірде тоңады; зәр жүру бұзылысы, зәрі аз мөлшерде, мөлдір емес:
- Аралас симптомдар – ықылық тию, түшкіру, қалтырау, бұғана шұңқырында ауру сезімі, ұйқысыздық; енгігу, тіл күрмелену; ауыз құрғау, қан аралас қақырық; тамыр соғысы бұдырлаған; бас ауру, кеудеде қақсайтын ауру сезімі, қолдағы әлсіздік.

Басқа нүктемен бірігуі:

Жергілікті ауру сезімінде Р5 нүктесімен;

Тұншықтыратын жөтелде МС 6 нүктесімен бірге.

Нүктені анықтау: бір қолдың үстіне екінші қолдың алақанын қояды. Нүкте білезіктің алдыңғы аймағында, шұңқырда орналасқан.

Ине салу тереңдігі: 0,2-0,5 см.

Шөппен күйдіру: 3-4 минут

Р10. Юй – цзи «Балық сүйегі».

«Балық сүйегі» – бұл тенар сөзінің (бас бармақтың үстіндегі ет) аудармасы.


Орналасуы: бас бармақтың жұмсақ жерінде, 1ші сүйектің негізінен төмендеу, немесе « ақ пен қызыл ет шекарасында».

Қызметі: өкпедегі ыстықты басу, жұтқыншақты босату

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ыстық жел: дене ысынуы, тер шықпау, кеудеде қысылу сезімі, ашуланшақтық, бас айналу, ұйқысыздық, тәбетінің болмауы, тамақ құрғауы, қалтырау, тіс қайрау;

- Ыстық; іш аймағында ауру сезімі, кекіру, қан аралас қақырық; ауру сезімді жөтел, мастит, дауыс қарлығы, демікпе, ас қорыту бұзылысы, балаларда дене температурасының көтерілуі; іштің төменгі жағында ауру сезімі арқаға берілетін ауру сезімі.



17-сурет. P8, P9, P10, P11 нүктелердің орналасуы

Басқа нүктелермен бірігуі:

- TR 2 нүктесімен – тамақ ауырғанда;
- C7, F8, GI 16, P5 нүктесімен – қан түкіргенде;
- V13 нүктесімен – нәрестелердегі жөтелде;
- V57, V60 нүктесімен – спазм, бас айналу.

Нүктені анықтау:

Тенардың сыртқы шетінде, бас бармақ көмегімен анықтайды.

Ине салу: қиғаш ине ұшы алақан негізіне бағытталған. Ине салу тереңдігі – 0,2-1 см.

Шөппен күйдіру:

Жергілікті ауру сезімінде ғана, жел немесе суық жел симптомдарында ғана рұқсат етіледі – 1-3 минут.

P11. Шао – шан «Жас металл»

Бұл нүкте арқылы өкпедегі иньге әсер етуге болады.

Орналасуы: Бас бармақтың сыртқы бетінде, тырнақтан 1/10 еліде орналасқан.

Қызметі:

- ыстықты басу, шығару;
- көкбауыр арасындағы ыстық жетіспеуі;
- өкпедегі ыстықты басу, тамақты босаңсыту;
- Котрафекцияны азайту

Симптом мен көрсеткіштер

- ылғал немесе ыстық: ұрт қабынуы, тамақта қысылу сезімі, құсу, кекіру, тамақты жұта алмау: іш кебу, тимпания, дене қызуы көтерілуі, ыстық алақан;
- ыстық жел немесе ішкі ыстық: дене қызуының көтерілуі, жөтел, құрғақ ерін, шөлдеу, тәбет болмауы, қалтырау, тершендік, мазасыздық, естен тану, бас айлану;
- қалқалқанша без қабынуы, паротит, тұмау, жөтел, пневмония, салдану, шизофрения.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- GI 1 нүктесімен – тұншықтыратын жөтелде.
- RP1, E45, F1 – нүктесімен – іштің төменгі жағындағы ауру сезімде:
- Vg 26, R1 нүктесімен – балалардағы дене қызуында;
- C9, MC9 нүктесімен – мазасыздану, дененің қатты ысынуында;
- MC 3 нүктесімен – шөлдеуде;
- V22 мен GI 4 нүктесімен – тамақтағы ауру сезімде.

Нүктені анықтау:

Алақанды, бас бармақтың тырнағы жоғарыда, горизонтальды қалпында болатындай етіп, тұру керек.

Ине салу: ұшқырлы инемен, қан шыққанға дейін.

Ине салу тереңдігі – 0,1 см

Шөппен күйдіру:

Барлық ыстық – белгілерде күдіруге тыйым салынады; бірақ психикалық ауытқуларда, шизофренияда аз уақытқа күйдіруге болады 1-3 минут.

Тоқ ішек арнасы

(GI-халықаралық атау, IC-латынша атауы)

Жүп, қолдағы Ян арнасына жатады. Сыртқы және ішкі бағыты болады.

Сыртқы бағыты – Псаусақтың тырнақ ұшынан сыртқа қарай 3мм. Орналасқан нүктеден (Шан – Ян) басталып, білектің кәрі жілік жағынан жоғары Імен II алақан сүйектердің ортасынан өтеді. Кейін арна жолы білектің сыртқы кәріжілік шетінен және иық сыртының артқы жағынан өтіп, иық буынынан өте барып, жауырынның акромион өсіндісіне жетеді, Да – чжуй нүктесімен түйіседі. Содан кейін төс – бұғана – емізік тәрізді бұлшықеттің артқы шетінен өтіп, астыңғы жақ бұрышынан алдыға қарай өтіп, қарсы жақтағы Ин – Сян нүктесімен аяқталады.

Ішкі бағыты – арнаның Да – чжуй нүктесінен шығып, бұғана сүйек асты аймағына өтеді, ол жерден денеге терең тоқ ішекке және аяққа кетеді.

GI1. Шан – ян «Шеткі Ян»

Орналасуы:

Сұқ саусақтың шетінде, шеткі фаланга тұсында, тырнақ тамырынан 1/10 елі сыртқыға орналасқан.

Қызметі:

Сыртқыны ашу, өкпедегі Иньді нығайту; сезім мүшелерін босату

Симптом мен көрсеткіштері:


– Ыстық толымдылығы: тұншығу, кеудеде қысылу сезімі, дене қызуының көтерілуі, тер шықпау, керендік, құлақ шуылы, ауыз құрғау, лимфа бездерінің ісінуі, тіс ауру, қалтырау, иық пен арқада ауру сезімі, қараңғыда көрмеу, естен тану

Нүктені анықтау:

Нүкте «ақ пен қызыл ет» шекарасында, сұқ саусақтың сыртқы бетінде орналасқан.

Ине салу: қиғаш, тереңдік – 0,1-0,2 см.

cardinalis intestini crassi



18-сурет. Тоқ ішек арнасының нүктелері

G12. Эр – цзянь «Екінші ара – қашықтық»

Орналасуы: Сұқ саусақтар, екінші саусақ аралық буыннан төмен, шұңқырда орналасқан.


Қызметі: Ішкі ағзалардан ылғалды шығару, ыстық желді салқындату.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ылғалды жел – паротит, иықтан арқаға берілетін ауру сезім, қалтырау, тұмаурату, қанды қақырық, қорқыныш сезімі:
- Тіс ауру, көз склерасының сарғаюы, ауыз құрғау, бас ауру, іш қату.

Нүктені анықтау:

Науқас жұдырығын қысады – жоғарыда айтылған буыннан ақ пен қызыл ет арасында нүкте қолға шеткері сезіледі.



19-сурет. IC 4 нүктесін анықтау

GI3. Сан – дзянь «Үшінші ара – қашықтық»

Орналасуы: Сұқ саусақтың сыртқы бетінде, тереңдікте, 2-ші саусақ сүйегінің басынан жоғары қарай.

Қызметі: Ылғалды басу, ыстықты ортаңғы және төменгі жылытқыштан шығару.

Симптом мен көрсеткіштер:

- ылғал, ыстық белгілер: тамақта бөгде зат тұрғандай сезім, тіс ауру, тіс ауруы салқыннан өршиді, ұйқышылдық, кеудеде қысылу сезімі, іш құрылдау, іш өту, дене қызуының көтерілуі, ауыз құрғау, көз бұрышында ауру сезімі, иық пен арқада ауру сезімі, қорқыныш сезімі, сілекей ағу.

Нүктені анықтау: Науқас жұдырығын қысады – нүкте тереңдікте, ақ пен қызыл ет арасында орналасқан.

Ине салу: қиғаш, 0,1-0,2 см тереңдікте.

Шөппен күйдіруге :болады.

GI4. Хэ – Гу «Біріккен жолдар»

Орналасуы: Нүкте тереңдікте, алақанның сыртында, 2-ші саусақ сүйегінің ортасында.

Қызметі: Желді ыдырату, сыртқыны ашу, ауру сезімін басу, арналардың жүру жолын тазарту.

Симптом мен көрсеткіш:

Сыртқы жел, аурудың 1-ші кезеңіне сәйкес келеді: дене қызуының жоғарлауы, қалтырау, бас ауру, желке ұюы, тер шықпау, тамыр соғысы беткей, тұмаурату;

- ішкі жел: дене қызуының жоғарылауы, бас ауру, керендік, тамақта қысылу сезімі, бет ісінуі, ауыздың ашық болуы, жақ салдануы, тіс ауру, гемиплегия, фасциальды парез, экзантема, желшешек, көз ауру, иық пен арқада ауру сезімі, малярия, түсік тастау, аборт.

Басқа нүктелермен бірігуі:


- H20 нүктесімен – бас ауырғанда;
- P7, TR5 – нүктесімен – тұмаудағы бас ауруда;
- TR23, V1 нүктесімен – көз қызарады, көздегі ине шаншығандай ауру сезім;
- GI20 нүктесімен – атрофиялық ринитте;
- E4, E6, P7 нүктесімен – фасциальды парез, жақ салдануында;
- F3 нүктесімен – бас ауру, бауырдағы Ян көбеюі, бас айналу, ұйқысыздық, гипертонияда;
- R7 нүктесімен – сыртқыны ашу, тер шықпағанда;
- E36 нүктесімен – энергия белсендіру үшін;
- GI11 нүктесімен – жоғары бөліктегі ыстықты суыту үшін.

Нүктені анықтау:

Нүкте бас бармақтың сұқ саусаққа жанасқан жердегі төмпешікте орналасқан.

Ине салу тереңдігі: – 0,3-1 см.

Шөппен күйдіру: болады.



20-сурет. IC 5 нүктесі

GI5. Ян – си «Ян бұлағы»

Орналасуы: Білезік буынның артқы аймағы, латеральды шетінде, тереңдікте, бас бармақтың екі сіңірі арасында – «анатомиялық табакеркада» орналасқан.

Қызметі: Бауыр арнасындағы желді, жүрек арнасындағы ыстықты басады, сезім мүшелерінің зақымдалуын тоқтатады.

Симптом мен көрсеткіштер:

- дене қызуының жоғарылауы, мазасыздық, сөйлеу бұзылысы, себепсіз күлкі немесе елестер;
- кеуде де қысылу сезімі, енгігу, көздің қызаруы және немесе ісінуі, көз бұлдырлау;
- құлақ ашуы, керендік спазм, қол буындарында ауру сезімі, тіс ауру, балаларда ішек бұзылысы;
- сұйық қақырықта жөтел, іштің төменгі жағында шаншитын ауру сезімі.

Басқа нүктелермен бірігуі:


- IG5 – нүктесімен – көздегі қызару мен ауру сезімде

Нүктені анықтау:

Алақанды жайғанда инені кіші артерия маңына салады.

Ине салу тереңдігі: 0,3-1 см.

Шөппен күйдіру: 10-15 минут.



21-сурет. IC 6 нүктесі

GI6. Пянь – ли «Қосымша жол»

Орналасуы: GI – 5 нүктесінен 3 елі жоғары.

Қызметі: Сезім мүшелерін босату, өкпе энергиясына жол салу

Симптом мен көрсеткіштер:

- иықтан білезікке дейінгі қатты ауру сезімі, көз көруінің нашарлауы, тіс ауру, тамақта қысылу сезімі;
- дене қызуының көтерілуі, эпилепсия, қозғыштық, ауыз құрғау;
- құлақ естуі нашар, зәрдің аз болуы.

Нүктені анықтау:

Науқас қолын аяқастырса, ортаңғы саусақ ұштары нүктені көрсетеді.

Ине салу: қиғаш, арна жолы бойымен.

Тереңдігі: 0,3-0,5 см

Шөппен күйдіру: болады.

GI7. Вэнь – лю «Жылы ағыс»

«Лю» – таулы ағыс, судың тез ағуы, осы кезде – босап шығатын энергияның ағысы. Бұл нүктеге әсер еткенде жылу бөлінеді.

Орналасуы: GI – 5 нүктесінен 5 елі жоғары орналасқан.

Қызметі: Жоғарғы және төменгі жылытқышта шырыш іркілісін босату.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жүйелі белгілер: іш құрылдау, ішастарда ауру сезімі, кекіру, ықылық тию, дене қызуының бір қалыпты болмауы, малярия, бет қызаруы, эйфория, елестер, сөйлеу бұзылысы, сілекей ағу, бет ісінуі, құтыру, тіс ауру, тіл мен ұрттағы ауру сезімі.
- Жергілікті белгілер: барлық қолдағы ауру сезімі, қол көтере алмау, жаралар.

Нүктені анықтау:

Нүкте GI 5 мен GI 11 нүктелер қиылысқан жолда, GI5 нүктесінен 5 елі жоғары орналасқан.

Ине салу: қиғаш, арна жолы бойымен .

Тереңдігі: 0,3-0,5 см

Шөппен күйдіруге: болады


GI8. Ся – лян «Қолдың төменгі шығыңқы жері»

Орналасуы: GI 11 нүктесінен 4 елі төмен

Қызметі: желді босату, ылғалды желді шығару, шырыш іркілісін тоқтату, ауру сезімін басу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ылғалды жел: ревматоидты аурулар, асқазан бұзылысы, іш қуысында шаншитын, тартатын қатты ауру сезімі, қабырғада қысылу сезімі;
- Құтыру, кіндік аймағында ауру сезімі, асқазанда ас қорытылмау, ентігу, тұншығу;
- Ауыз құрғау, сары түсті зәр;
- Гемиплегия, тіл күрмелену, дене қызуының жоғарылауы, бас айналу, бас ауру, қол мен шынтактағы ауру сезімі;
- Жел жетіспеуі: қан аралас зәр, мастит, салмақ жоғалту



22-сурет. Білектегі нүктелер

Нүктені анықтау:

Наукас қолды сәл бүгеді – дәрігер нүктені GI 11 нүктесінен 4 елі төмен жерде анықтайды.

Ине салу: қиғаш, сырттан ішке немесе арна жолы бойымен
Тереңдігі – 0,5-1,3 см

Шөппен күйдіруге: болады.

GI9. Шань – лянъ « Қолдың жоғарғы шығыңқы жері»

Орналасуы: білекте GI – 11 нүктесінен 3 елі төмен

Қызметі: желді босату, ыстықты басу

Симптом мен көрсеткіштер:

Гемиплегия, әлсіздік, аяқ – қол салдануы, зәр шығу қиындауы, зәр бұлыңғыр немесе қызыл түсті, ішек ауру, кеудеде ауру сезімі, бас ауру.

Ине салу тереңдігі: 0,5-1 см
Шөппен күйдіруге: болады.

GI10. Шо – сань – ли «Қолдың үшінші арақашықтығы немесе резерві»

Орналасуы: GI 1 нүктесінен 2 елі төмен

Қызметі: желді босату, ылғалды тазарту

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жүйелі белгілер: дауыс шықпау, тіс ауру, паротит, бет парезі мен гемиплегия.
- Жергілікті белгілер: ауру сезімі, қол немесе алақан парезі, қолдың иық буынында қозғалыс қиындығы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- GI 1 нүктесімен – қол мен білезік парезінде;
- J12. E 36 нүктесімен – жел немесе ыстық себепті жараларда;
- E 36 нүктесімен – тамақта қысылу сезімі, асқазанда ас тұрып қалғанда.

Нүктені анықтау: GI 11 мен GI 5 нүктелерін біріктіретін сызық бойында, GI 11 нүктесіне 2 елі төмен, сәл томпайған бұлшықетте орналасқан.

Ине салу: тігінен, 0,2-2 см тереңдікке

Шөппен күйдіру: 5-20 минут

GI11. Цюй – чи «Қисық қол»

Орналасуы: шынтақ бүгілімінде, алдыңғы шынтақ аймағында

Қызметі: Желді тоқтату, сыртқыны ашу, ыстықты басу, ылғалды шығару, энергияның тепе-теңдігін сақтау

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жүйелі белгілер: аурудың соңғы кезеңінде дене қызуының жоғарылауы, қызылша, құрғақ тері, жаралар, экзантемалар, бүкіл денедегі жаралар;
- Дауыс шықпау, эпилепсиялық тырысулар;
- Әйелдерде етеккір бұзылысы, аяқ – қол тырысуы, гемиплегия, жылағыштық, ұмытшақтық

- Жергілікті белгілер: қол мен білекте ауру сезімі, шынтақ буынының ұюы, әлсіздік, қол ісінуі мен қызаруы.
- Тіс ауру, көз қызаруы, паротит, сезімталдық жоғарылауы.

Басқа нүктелермен бірігуі:


- Нүктені және С9 нүктесінен қан шығару – жоғарғы температура, тұмауда;
- P5 – нүктесімен – шынтақта спастикалық тырысу;
- VB39, VB 34, GI 15 нүктесімен – ылғалды жел, иықтан білезікке дейінгі ауру сезімінде;
- Vg14 нүктесімен және 10 саусақ ұшынан қан шығару – жоғарғы температураны басу үшін E36, RP6 нүктесімен – гипертонияда;
- E 36 нүктесімен – зат алмасуды, ас қорытуды белсендіру;
- VB21, E36, RP6 нүктесімен – неврозда;
- GI 10, P7 нүктесін шөппен күйдіру – бас миға қан құйылғанда, салдануда;
- Vg20, Vg12, V12, S36 нүктелерін шөппен күйдіру – емдудің 1-ші курсынан кейін.
- E36, E9 нүктесімен – гипертонияда

Нүктені анықтау:

Қолды шынтақта 90° бүккенде, нүкте бүгілімнің алдыңғы шетінде орналасқан.

Ине салу: тереңдігі 0,7 см-2,5 см дейін; тігінен

Шөппен күйдіру: 5-20 минут



23-сурет. IC 11 нүктесі

GI12. Чжоу – ляо «Шынтақ бүгілімінің жертөлесі»

Орналасуы: GI – 11 нүктесінен 1 елі жоғары және шетке, қолдың сәулелі сүйек жағында орналасқан.

Қызметі: Ылғал желді тоқтату.

Симптом мен қызметі:

– әлсіздік, шынтақ буынында жел іркілісі, шынтақтағы ауру сезімі мен бүгілмеуі, қолдағы спазм мен парездер.

Нүктені анықтау:


GI 13 мен GI 11 нүктелер арасындағы сызықта, сүйекке карама – қарсы жерде.

Ине салу: қиғаш, арна бойымен, тереңдігі 0,3-0,5 см.

Шөппен күйдіруге: болады.

GI13. Ву – ли «Қолдың бесінші арақашықтығы (үйі, резерві)»

Орналасуы: Иықтың сыртқы бетінде, шынтақ бүгілімінен 3 елі жоғары орналасқан.



24-сурет. IC 13 нүктесін анықтау

Қызметі: ылғалды тоқтату, ішкі ағзаларды реттеу, бауыр Янын тежеу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жүйелі белгілер: жел – стресс, мазасыздану, қорқыныш; ылғалды жел, ұйқышылдық, аяқ – қол тырысуы, іш аймағында қысылу сезімі, контравекция, сарғаю, субфебрильді температура;
- Әр түрлі бұзылыстар: паротит;
- Жергілікті белгілер: қол мен шынтақта ауру сезімі мен қозғалмауы.

Нүктені анықтау: Нүкте бұлшық ет пен сүйек арасында орналасады.

Ине салуға: тыйым салынған

Шөппен күйдіруге: болады

GI14. Би – нао «Қол – бұлшықеті»

Орналасуы: дельта тәрізді бұлшықеттің дистальды шетіне жакын жерде немесе GI 11 нүктесінен 7 елі жоғары орналасқан.

Қызметі: жүйелі арналарды тазарту, көз көруді жақсарту.

Симптом мен көрсеткіштер:


- Иықта жергілікті ауру сезімі қозғалыс шектелуі;
- Желкеде тартатып ауру сезімі мен ұюы;
- Паротит, ауыспалы дене қызуы;
- Көз көрудің нашарлауы немесе көз нервінің қабынуы

Нүктені анықтау:

Наукас қолын еркін көтеріп, оны шынтақта 90° бүгеді

Ине салу: тігінен, 0,3-1 см тереңдікке

Шөппен күйдіруге: болады.



25-сурет. Иықтагы нүктелер

GI15. Цзянь – юй «Иық сүйегінің біткен жері»

Орналасуы: Бұғана сүйегінің бүйір шетінде, алдыңғы жағынан және бұғана – акромиальды буыннан латеральды орналасқан.

Қызметі: Жел – бұзылыстарды тоқтату.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел: аяқ – қол тырысуы, гемиплегия, атрофиялық түзілістер; иық буынының қабынуы, желкенің ұюы, басты бұра алмау.
- Жетіспеушілік белгілер: науқастың түрі шаршаған, зат алмасу үрдісі баяулаған, ішкі секреция бездер жұмысы төмендеген, тілі бозғылт, тамыр соғысы әлсіреген; зоб.

Нүктені анықтау:

Науқас қолын айқастырып, бұғана сүйектің жоғарғы шекарасына дейін көтеру керек – осындай қалыпта нүкте анық көрінеді.

Ине салу: қиғаш, дененің ортасына қарай, тереңдігі 0,5-1 см.

Шөппен күйдіруге: болады.

GI16. Цзюй – гу «Үлкен сүйек»

Орналасуы: Нүкте тереңде, бұғананың, жауырын мен акромиионның латеральды шеттерінің арасында орналасқан.

Қызметі: Іркілісті жою, жүйелі арналарды тазарту, бауыр арнасын жұмсарту (Янды азайту)

Симптом мен көрсеткіштер:

- эпилепсия, эпилепсиялық тырысу ұстамалары, қан түкіру, энергия іркілісі, кеудедегі іркілістер, ауру сезімі, қолын еркін қозғалта алмау.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- P6, P5, P10 нүктелермен – қан түкіргенде;
- TR14, C1, VB34 нүктелермен – иық буынының қабынуында.

Нүктені анықтау:

Науқас тік отырған қалыпта – нүктеге қиғашынан ине салынады, ине ұшы сыртқа жоғары және артқа бағытталған.

Ине салу тереңдігі: 0,8-1,5 см.

Шөппен күйдіру: болады.

GI17. Тянь – дин «Аспан құмырасы»

Орналасуы: GI18 – нүктесінен 1 елі төмен, төс – бұғана емізік тәрізді бұлшықеттің артқы шетінде.


Қызметі: тамақ пен жұтқыншақтан энергияны шығару.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Кенеттен дауыс жоғалту, тамақта қысылу сезімі, тамақ қабынуы, жұтыну бұзылысы, сырылдар;

Басқа нүктелермен бірігуі:

Аурудың бастапқы кезеңінде – GI 4, R 3, J 24 нүктесімен



26-сурет. IC 17 нүктесін анықтау

Нүктені анықтау:

Науқас тік отырғанда, басын сәл артқа шалқайтқан қолын тамағына қойған кезде, кіші саусағы бұғананың ортаңғы сызығына түсіп, ортаңғы саусағы нүктені көрсетеді (қатты басқанда науқастың құлағы ұйыды)

Ине салу тереңдігі: 0,3 см.

Шөппен күйдіруге: болады.

GI18. Фу – ту «Судың нүктесі»

Орналасуы: төменгі жақ бұрышынан 1 елі төмен және тамақ аймағынан 3 елі шеткері.

Қызметі: Өкпе және бүйрек арналарында энергияны қалыптастыру.

Симптом мен көрсеткіштер:

– Көп қақырықты жөтел, контравекция, тыныс алуы қиындаған, ентігу, тамақ қырылдау, кенеттен дауыс жоғалту.

Нүктені анықтау:

Наукас тік қалпында отыр: бұғананың төс бұғана еміздік тәрізді бұлшық ет басын бұрау бағытына көңіл аудару керек.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,3-1 см.

Шөппен күйдіруге: болады.

GI19. Хэ – ляо « Кіші шұңқыр»

Орналасуы: Мұрын қанаттарының астында, Vg 26 нүктесінен 0,5 елі төмен. Мұрын қыры мен жоғарғы ерін арасының ортасында, орта сызықтан 0,5 елі сыртқа қарай.

Қызметі: жүйелі арналарды тазарту, желді тоқтату.

Басқа нүктелермен бірігуі:

Vg 27, MC 8 – нүктесімен – мұрыннан тоқтамайтын қан ағуда.

Нүктені анықтау:

Наукас жатқан қалпында немесе басын артқа шалқайтқан. Нүкте жоғарғы еріннің шетінен 0,3 см жоғары орналасқан.

Ине салу: қиғаш, іш астарға бағытталған, тереңдігі 0,3-0,5 см.

Шөпен күйдіруге: болмайды.

GI20. Ин – сян «Жақсы иіс» («Иістерді қабылдайтын нүкте»)

Орналасуы: Мұрын қанатының төменгі шетінде, сүйектің тереңінде орналасқан.

Қызметі: ыстық желді босату, мұрынды тазарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

– Бет бұлшықетінің бір жақтың салдануы, ерін ісінуі, ауру сезімі;

- Тыныс алу қиындауы, мұрыннан қан ағу, мұрын бітелу, иіс сезу қабілетінің жоғалуы.

Басқа нүктемен бірігуі:

- Vg23 нүктесімен – мұрын аурулары;
- E36 нүктесімен – мұрын бітелуінде

Нүктені анықтау: тігінен, сәл қиғаш.

Ине салу: 0,3 тереңдігі

Шөппен күйдіруге: болмайды.

E1. Чэн – ци, «көз қабылдайтын».

Орналасуы: көз ұя маңында, 0,7 см көз қарашығынан төмен.

Қызметі: Желді тарату, ыстық желді тоқтату, көз көруін жақсарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Көз жасаурау, көз көру нашар, көз ауруларының барлығы.
- Бет бұлшықетінің біржақты салдануы, бет бұлшықетінің тартылуы, құлақ шуылы, есту нашарлауы, дауыс қарлығы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- V1 нүктесімен – көздегі жедел ауру сезімінде;
- V18, VB1 нүктесімен – көз бұлдырлауда;
- V1, VB20, GI4, E36, V18, V23 нүктесімен – көз нервінің спазмасында;
- V1 қиғаш ине салу – алыстан көру нашарлағанда;
- VB20, V20, V23, V18 нүктесімен – көз тор қабатының түсінің өзгеруінде.

Нүктені анықтау:


Наукас орындыққа тіреліп, жатқан немесе отырған қалыпта, көзі тік алдында қарап тұр – нүкте қарашықтың астында, бет сүйегі шетінен сәл жоғары.

Ине салу тек инесі жұқа, жоғары сапалы болғанда ғана рұқсат етіледі. Ине салу тереңдігі – 1-1,5 см, инені тігінен салады.

Наукас көз алмасын қозғалтпай, жоғары қарап тұру керек.

Шөппен күйдіру: аздап болады.

cardinalis stomachi



27-сурет. Асқазан арнасы

Е2. Си – бай, «Төртеселенген нұр» (Ұрттың біткен жері)

Орналасуы: Тік қарап тұрған көзден 1 елі төмен, бет сүйегінің шекарасында, Е1 нүктесінен 1мм төмен.

Қызметі: Желді тоқтату, көз көруін жақсарту; бауыр арнасындағы энергия ағымын реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бас ауру, бас айналу, көздегі қызару мен ауру сезімі, жасаурау, көздегі шаншитын ауру сезімі, көз бұлдырлау;
- Бет бұлшықеті қисаюы парездер, афазия.

Басқа нүктелермен бірігуі:

VB14, E4, VB 20, GI нүктесімен – бет бұлшықет парезінде.

Нүктені анықтау:

Науқас орындыққа сүйеніп отырған немесе жатқан қалпында, басын артқа шалқайтқан – нүктені көз ұясының горизонтальды сызығы мен көз қарашығының вертикалды сызығы қиылысында, тік бұрыш аймағында анықтайды.

Ине салу:

Тігінен: тереңдігі 0,3-0,8 см дейін. Қиғаш пункцияда: 1 см дейін.

Шөппен күйдіруге болады.

Е3. Цзюй – ляо « Ақ жертөле»

Орналасуы: Мұрын тесігінен 0,7 см шеткері, көз қарашығы астында.

Қызметі: Желді тарқату, бауыр энергиясын нығайту, ыстық желді және ыстықтың толуын тоқтату.


Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел белгілері: денедегі спазм мен парездер, бет бұлшықетінің парезі, бетінің қабынуы, бет бұлшықеттің салдануы.
- Аралас белгілер: көз көруі нашарлаған, көз бұлдырлау, глаукома, қабақ спазмы;
- Тұмаурату, тіс ауру, тамақ қабыну, ерін ісінуі.

Нүктені анықтау: Науқас басын артқа шалқайтып, жатқан не отырған қалпында.

Ине салу: Тігінен (теріге перпендикулярлы), тереңдігі 0,3-0,4 см.

Шөппен күйдіруге: болады.



28-сурет. Беттегі нүктелері

Е4. Ди – цан, «Жердегі қор»

Орналасуы: Ауыз бұрышында, бұлшықеттің еркін қалпында.

Қызметі: Ішкі желді басу, парез бен салдануды емдеу.

Симптом мен көрсеткіштер:

– Бет пен қабақтың біржақты парез бен салдануы, көз алмасының еріксіз тартылуы, көз көруі нашар, дауыс шықпау, жұтыну бұзылысы.

Нүктені анықтау: Науқас басын қатты затқа тіреп, аузын сәл ашады.

Ине салу: Қиғаш, Е6 нүктесіне (астыңғы жақ бұрышы) бағытталады, тереңдігі 1,5-2,5 см

Шөппен күйдіру: рұқсат етілмейді.

Е5. Да – ин, «Көпті қабылдайтын нүкте»

Орналасуы: Астыңғы жақ бұрышынан, шайнау бұлшықеті астында, жақ шұңқырында тамыр соғысы сезілетін жерде.

Қызметі: Желді босату, жүйелі арналарды тазарту, ағзаның қарсы тұру қасиетін жоғарылату.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел белгілері: бет бұлшықетінің тартылуы мен салдануы, ауыздың жабылмауы, сөйлеу бұзылысы, қабақ салдануы, көздегі ауру сезімі, бет ісінуі;
- Сыртқы жел: тершеңдік пен қалтыраудың ауысып тұруы, тыныстың жиілеуі, тіс ауру, тамақ қабынуы.

Нүктені анықтау: Науқас басын бір жаққа бұрғанда, нүкте тамыр соғысы анықталған жерде, астыңғы жақта анықталады.

Ине салу: Қиғаш тереңдігі 0,3-0,5 см.

Шөппен күйдіру: 5 минут.

Е6. Цзя – че, «Астыңғы жақ арбасы»

Орналасуы: Астыңғы жақ бұрышынан сәл жоғары және алдында орналасқан.

Қызметі: Желді тарқату, жүйелі арналарды тазарту, жақтағы «іркілісті» жою

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел: аузын жаба алмау, дауыс шықпау, сөйлей алмау;
- Жалпы белгілер: жоғары және астыңғы жақта ауру сезімі, тамақ ісінуі, тіс ауру, басын бұра алмау, бет бұлшықетінің біржақты салдануы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- J24, GI4 нүктесімен – аузын жаба алмағанда;
- TR17, GI4 нүктесімен – жедел паротитте;
- E7, GI4, E44 нүктесімен – тіс ауырғанда.

Нүктені анықтау: Науқас басын бір жағына еңкейтеді, нүкте құлақ маңы мен шайнау аймағында, шайнау бұлшықетінің қырында орналасқан; ине салу үшін аузын сәл ашып, бұлшықетті босаңсыту керек.

Ине салу: Қиғаш, E4 нүктесіне бағытталған, тереңдігі 0,3-0,5 см; көлденең пункция E6 нүктесіне бағытталған, тереңдігі – 1,5-2,5 см.

Іштік нервтегі ауру сезімінде – қиғаш пункция GI 20 нүктесіне бағытталған,
тереңдігі 1-2 см.
Шөппен күйдіру: тыйым салынады.

Е7. Ся – гуань, «Төменгі кіру есігі»

Орналасуы: Бет сүйегінің төменгі шетінің шұңқырында, жоғарғы жақ төмпешігінің алдында.

Қызметі: көкбауыр, өкпе, бүйрек арналарын нығайту, ыстықты шығару, жүйелі арналарды босату.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Төменгі жақ буынның шығуы, құлақтан ірің ағу, қызыл иек қабынуы, тіс ауру, құлақ ауруы, есту нашарлау, құлақ шуылы; шайнау бұлшықетінің тартылуы;

Басқа нүктелермен бірігуі:

- GI 4 нүктесімен – төменгі жақ буыны қабынуында;
- E6, TR 17 нүктесімен – шайнау бұлшықетінің тырысып қабынуында;
- TR21, TR17, TR3 нүктесімен – керендікте.

Нүктені анықтау: Науқас басын бір жаққа бұрып, жатқан қалпында. Шайнау бұлшықеті босансыған қалпында болу керек. Науқас аузын сәл ашады.

Ине салу:

- Қиғаш, E4 нүктесіне бағытталған, тереңдігі 0,4 см;
- Вертикальды, тереңдігі – 1,5 см, үштік нервтегі ауру се-зімде;
- Қиғаш, тереңдігі 0,8-1 см – төменгі жақ буыны қабынғанда;
- Көлденең ине салу, тереңдігі 1,5-2 см, ине E6 нүктесіне бағытталған тіс ауырғанда;
- Қиғаш, тереңдігі 1,5 см дейін – құлақ қабынуында;
- Қиғаш, тереңдігі 1,5-2 см, инесі жақтың ұшына бағытталған – шайнау бұлшықетінің тырысуында.

Е8. Тоу – вэй, «Бастағы арнаны тоқтататын нүкте».

Орналасуы: Бастың шеке аймағында, шаш пен тері шекарасында.

Қызметі: Желді босату, бауыр мен өтқабы арналарын нығайту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бас ауру, көздегі ауру сезімі, көздің еркін тартылуы;
- Көздің жасаурауы, сілекей ағу, кекіру, іштегі керілу сезімі, еңтігу, біржақты парез бен салданулар, бет бұлшықетінің салдануы.
- Шизофрения

Басқа нүктемен бірігуі:

– GI 4 нүктесінен IG 3 нүктесіне дейін ине салу

– Шизофренияда;

F3 нүктесінен R1 нүктесіне дейін ине салу;


– P7 нүктесінен – қатты бас аурғанда;

– VB14, TR 17, GI 20 нүктесімен – бет салдануында

Нүктені анықтау: Науқас басын бір жаққа бұрғанда нүкте анықталады.

Ине салу: Қиғаш, тереңдігі 0,8 – 1,5 см. Ине бағыты – алдынан артқа қарай.

Шөппен күйдіруге: болмайды.



29-сурет. Е8 нүктесінің орналасуы

Е9. Жень – ин, «Ұйқы артериясы»

Бұл нүкте арқылы адам қоршаған ортаны қабылдайды, көкбауыр мен асқазан арналарының зат алмасу қызметін реттейді.

Орналасуы: Мойынның бүйір жағында, қалқанша без сіңірінің жанында, ұйқы артериясының тармағының артында, төс – бұғана емізікше тәрізді бұлшықеттің алдыңғы шетінде орналасқан.

Қызметі: Энергияны реттеу, тамақты тазарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ыстық – белгілер: спазм, жүрек айну, кеудеде ауырлық, қысылу сезімі, енгігу, елестер, қозғыштық, зоб, қалқанша без үлкеюі.
- Жалпы бұзылыстар, ішкі ағзалардағы жетіспеушілік немесе толымдылық: афазия, енгігу, қан қысымының көтерілуі немесе төмендеуі.
- J 22, GI 4, E36, R3, MC6, RP6 – қалқанша без үлкеюінде;
- GI11, E36 нүктесімен – гипертонияда;
- Vg26, F3, MC6 нүктесімен – гипертонияда.

Нүктені анықтау:

Науқас басын артқа шалқайтып, ұстап тұрады.

Ине салу: Вертикальды (тігінен немесе қиғаш, тереңдігі 0,4-1 см.

Шөппен күйдіру: қатаң тыйым салынады!

Е10. Шуй – ту, «Судағы қақпа»

Бұл нүкте ағзадағы су мен сұйықтық көлемін реттейді.

Орналасуы: Е9 – Е11 нүктені қосатын сызықтың ортасында, қалқанша сіңірінің төменгі латеральды шетінде, төс – бұғана емізікше бұлшықетінің медиальды нүктесінде орналасқан.

Қызметі: Ылғалды тазарту, шырышты жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

Жөтел, енгігу, тұншығу, горизонтальды қалпында жата алмау, мойын мен тамақ ісінуі.

Нүктені анықтау: Науқас басын бір бүйіріне және артқа қарай шалқайтады. Нүкте үстінен тамыр соғысы сезіледі.

Ине салу тереңдігі: 0,3 см.
Шөппен күйдіруге: аздап болады.

Е11. Чи – шэ, «Жеке тұлғалық энергия үйі»

Орналасуы: Е9 нүктесінің астында, бұғана сүйегінің жоғарғы шетінде.

Қызметі: энергияны ашу, желді босату, суықтықты шығару.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Тұншығумен жүретін жөтел;
- Желке бұлшықетіндегі тырысу мен ауру сезімі, басын бұра алмау;
- Тамақтағы ауру сезімі, қалқанша без үлкеюі.

Нүктені анықтау: Науқас басын артқа шалқайтып, арқасына жатады. Екі бұғана ортасындағы шұңқырдан 1,5 елі көлденеңінен шетке, екі бұлшықет арасындағы тереңдікте.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,3-0,5 см

Шөппен күйдіруге: болады.

Е12. Чюэ – пэнь, «Сынған құмыра» (Кедейдің құмырасы)»

Орналасуы: Бұғана сүйегінің ортасында, емізіктен жоғары немесе J22 нүктесінен 4 елі латеральды, төс – бұғана емізік тәрізді бұлшықетінің артқы шетінде.

Қызметі: ылғал желді шығару, босату немесе ыстық желді жоғарғы және ортаңғы жылытқыштан шығару.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ылғал немесе ыстық ылғал белгілері: ауа жетпеу, кеудеде қысылу, ысыну сезімі, еңтігу, тұншығу, тамақта қысылу сезімі;
- Дене қызуының жоғарылауы, тер шықпау, науқас бірде ысып, бірде қалтырайды;
- Бет аймағының ісінуі;
- Мойынның ісінуі, қалқанша без үлкеюі;
- Жел немесе ыстық жел: қолдағы спазм мен салдану, желке аймағының қатаюы, қан аралас қақырықты жөтел;
- Белдегі ауру сезімі, науқас белін қозғалта алмайды.

Нүктені анықтау:

Науқас тік отырған қалыпта.

Ине салу: қиғаш, тереңдігі 0,3-0,5 см.

Шөппен күйдіруге: болады.

Е13. Чи – ху, « Жеке энергия есігі »

Орналасуы: Бұғана сүйегінің төменгі шетінде, Е12 нүктесінің астында, емізіктен жоғары.

Қызметі: Ылғал желді немесе суық желді босату, контракцияны тоқтату.

Симптом мен көрсеткіштер:

Шаршататын қатты жөтел, құрғақ жөтел, кеуде мен арқадағы ауру сезімі, дәм сезудің жоғалуы; кеудеде қысылу сезімі, еңтігу.

Нүктені анықтау:

Науқас арқада жатқан қалпында.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,3-0,5 см.

Шөппен күйдіруге: болады.

Е14. Ку – фан, «Қазына»

Орналасуы: Е12 нүктесі мен сүт безінің емізігін қосатын тік сызық бойында, 1 қабырға аралықта.

Қызметі: Ылғал мен ыстық ылғалды ортаңғы жылытқыштан шығару.

Симптом мен көрсеткіштер:

– Кеудеде ауырлық пен керілу сезімі, жөтел, тыныс қиындауы; ірінді қақырықты жөтел, қан аралас қақырық, шырышы бұлыңғыр.

Нүктені анықтау: тігінен, тереңдігі 0,3-0,5 см.

Шөппен күйдіруге: болады.

Е15. У – и, «Үйдің шайыры»


Орналасуы: Е 12 мен Е17 нүктелерін қосатын сызық бойында, II қабырға аралықта.

Қызметі: Ылғал толуын немесе ыстық ылғалды ішкі ағзалардан шығару; бауыр Янын басу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ылғал белгілері: шаршағыштық, аяқ – қолда ауырлық сезімі, теріде ауру сезімі; қан аралас немесе іріңді қақырық, сүт безінде ауру сезімі:

Шөппен күйдіру: болады.



30-сурет. E 17 нүктесі

- Жел белгілер: дененің түрлі бөлігіндегі спазм мен парездер.

Нүктені анықтау:

Науқас жатқан қалпында.

Ине салу: қиғаш, тереңдігі 0,3-0,5 см.

E16. Ин – чан, «Кеуде айнасы»

Орналасуы: E 12 мен E 17 нүктелерді қосатын вертикальды сызық бойында, III қабырға аралықта.

Қызметі: Ыстық ылғалды немесе ылғалды іш қуысынан шығару.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Кеудеде қысылу, ауырлық сезімі; ерін ісіну, ішек құрылдау, іш өту, тұншығу, ентігу, жөтел, іште ауру сезімі
- Түнгі мазасыздық, хордапсис (іште қатты ауру сезімі), сүт безінде жара, қалтырау немесе дене ысыну.

Нүктені анықтау:

Науқас арқасымен жатыр.

Ине салу: қиғаш, тереңдігі 0,4 см

Шөппен күйдіру: болады.

Е17. Жу чжун, «Кеуде ортасы»

Орналасуы: Кеуде емізігі

Қызметі: ылғал желді босату

Симптом мен көрсеткіштер:

- Эпилепсия тәрізді талмалар, есінен тану, бас ауру
- Кеуде карциномасы.

Нүктені анықтау:

Классикалық қытай акупунктурасында бұл нүктеге ине салуға тыйым салынған. Жаңа әдебиеттерге сүйенсек, ине салу – 0,3 см тереңдікке рұқсат етіледі.

Е18. Жу – кэнь, «Кеуде тамыры»

Орналасуы: Кеуде емізігінің астында, сүт безінің қатпарында, V қабырға аралықта.

Қызметі: Ішкі ағзалардағы ылғалды шығару.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Кеуде қысылу, ауырлық сезімі, ауру сезімі; іште кернеу, тамақты жұтқанда кернеу сезімі, қолда ісіну мен ауру сезімі;
- кеуде емізігінің ауруы мен ірінді қабынуы;
- іштің төменгі бөлігіндегі ауру сезімі, қолмен ұстап тексергенде ауру сезімі күшейеді, холера, аяқ – қол мұздауы, спазм, тырысулар.

Нүктені анықтау:

Науқас жатқан қалпында.

Ине салу: тігінен, тереңдігі, 0,3-0,5 см.

Шөппен күйдіру: болады.

Е19. Бу – рон (Бу – жун), «Кіруге тыйым салынған!» Аты инеге тыйым салуды білдірмейді.

Орналасуы: кіндіктен 6 елі жоғары, J14нүктесінен 2 елі шетке орналасқан.

Қызметі: Ыстықты суыту, ылғал іркілісті кетіру.

Симптом мен көрсеткіштер:

Іштің төменгі бөлігіндегі ауырлық сезімі, спазм, шаншулар, иық пен бүйірде ауру сезімі, ауру сезімі арқаға беріледі, ауыз құрғау, еңтігу, тәбет жоғалуы, құсу, жүрек айну, қан бөлінділер, хордапсис.

Нүктені анықтау:

Науқас тік тұрған немесе арқада жатқан қалпында.

Ине салу тереңдігі – 0,5-0,8 см.

Шөппен күйдіруге: болады.

Е20. Чэнь – мань, «Толымдылықты қабылдайтын нүкте»

Орналасуы: Е19 нүктесінен 1 елі төмен орналасқан, кіндіктен 5елі жоғары және 2 елі шетке орналасқан.

Қызметі: Ортаңғы жылытқыштан ыстық ылғалды суыту, бауыр мен көкбауыр арналарды реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер:


- іштің төменгі бөлігіндегі кеңею, ауру сезімі, шұрылдау, хордапсис (іште ауру сезімі);
- тәбет жоғалуы, іш өту;
- сарғаю, қан түкіру;
- тұншығу немесе дем алғанда иық қозғалу

Нүктені анықтау:

Науқас жатқан қалпында, қабырға доғасының төменгі шетінде нүкте анықталады.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,3-0,5 см.

Шөппен күйдіруге: болады.



31-сурет. E 21 нүктесі

E21. Лянь – мэнь, «Көкет есігі» (Диафрагма есігі)

Орналасуы: Іштің жоғарғы бөлігінде, E20 нүктесінен 1 елі төмен, кіндіктен 4 елі жоғары, ортаңғы алдыңғы сызықтан 2 елі шетке орналасқан.

Қызметі: ыстық ылғалды ішкі ағзалардан шығару.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Қабырға астында керілу, қысылу сезімі; тамақ пен суды жақтыртпау, іш өту, хордапсис, іште кесетін, шаншитын ауру сезімі.

Нүктені анықтау:

Науқас жатқан қалпында

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,3-1 см.

Шөппен күйдіру: болады. Жүктілік кезінде ғана тыйым салынады!

Е22. Гуань – мэнь, «Шекаралық есік»

Орналасуы: Е 21 нүктесінен 1 елі төмен, кіндіктен 3 елі жоғары және 2 елі шеткері орналасқан.

Қызметі: Ылғалды босату, ішкі ағзалардағы энергияны ояту.

Симптом мен көрсеткіштер:

Іш қуысында ауырлық сезімі, іш қату, кенеттен ауру сезімі, іш өту, тәбет жоғалуы, іш кебу; дене қызуының жоғарылауы, қалтырау, энурез, зәр шықпау.

Нүктені анықтау:

Науқас жатқан қалпында.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,8-1 см.

Шөппен күйдіруге: болады.

Е23. Тай – и, «Күшті, мықты».

Орналасуы: Кіндіктен 2 елі жоғары және 2 елі шеткері орналасқан

Қызметі: Янды жұмсарту, басу.

Симптом мен көрсеткіштер: Мазасыздық, құтыру, тілдің сыртқа шығуы.

Нүктені анықтау: Науқас жатқан қалпында.

Ине салу тереңдігі: 0,8-1 см.

Шөппен күйдіру: болады.

Е24. Хуа – жоу – мэнь, «Жабысқақ еттің есігі»

Орналасуы: Е23 нүктесінен 1 елі төмен, кіндіктен 1 елі жоғары және екі елі шеткері орналасқан.

Қызметі: Янды жұмсарту, төмендету


Симптом мен көрсеткіштер:

- Бауырдағы жел: мазасыздану, эпилепсия, жүрек айну, тілі аузынан шығып тұр, тіл ұюы, тіл күрмелену.
- Жүрек арнасындағы ыстық: қан түкіру, ішекте ауру сезімі;
- Ылғалдылық: беті мен аяқ – қолдың ісінуі, іш кебу, кеудеде қысылу сезімі, тәбет жоғалуы, етеккір алдында және етеккір кезінде іштің төменгі жағының ауырсынуы, етеккір бұзылысы, іштің төменгі жағында қатерсіз ісіктер;
- Жеңілдік әкелмейтін, тәбетті аштырмайтын іш өту.

Нүктені анықтау: Науқас жатқан қалпында.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,8-1 см.

Шөппен күйдіруге: болады.



32-сурет. Құрсақтағы нүктелер

E25. Тянь – шу, «Аспан періштесі»

Орналасуы: Кіндік деңгейінде, кіндіктен 2 елі шеткері.

Қызметі: Энергия ағымын қалпына келтіру мен реттеу, іркілісті жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жалпы ылғал белгілер: ауырлық сезімі, жүрек айну, іш өту, суықтан болған іш өту;
- Дене қызуының өзгеруі, сөйлеуі мағынасыз, құтыру; «төменгі жылытқышта суықтық», ағзада су тепе-теңдігінің бұзылуы, шөлдеу, ісіну, тұншығу, зәрдің көп болуы немесе зәр шықпау, ішек шұрылдауы.

- Ылғал белгілер гинекологияда: етеккір бұзылса, қанды бөліністер, аккір, іштің төменгі бөлігінде ауру сезімі, бедеулік.
- Жедел және созылмалы гастрит, энтерит, дизентерия, ішек тұмауы, метрит, аскаридоз, перитонит.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- RP 6 нүктесімен – іш өту, етеккір бұзылысында;
- J4 нүктесімен бірге шөппен қыздыру – ауру сезімінде;
- E36, J12 нүктесімен – іштің төменгі бөлігіндегі ауру сезімінде;
- RP6, J4 нүктесімен – ауру сезімді етеккірде;
- J6, V25, V31 нүктесімен – ішек атониясында;
- E39 нүктесімен – жедел дизентерияда.

Нүктені анықтау:

Науқас арқасымен жатыр.

Ине салу: тігінен тереңдігі 1,5-2,5 см.

Шөппен күйдіру: 10-20 минут

E26. Вай – лин, «Сыртқы төмпешік»

Орналасуы: Ортаңғы сызықтан 2 елі шеткері, E25 нүктесінен 1 елі төмен, кіндіктен 1 елі төмен орналасқан.

Қызметі: Суықты шығару – төменгі жылытқыштағы бұзылым, ауру сезімді басу

Симптом мен көрсеткіштер:

- іштің төменгі жақтағы ауру сезімі, кіндіктегі ауру сезімі, іш өту, іштегі ауру сезімі;
- етеккір кезіндегі ауру сезімі;

Нүктені анықтау:

Науқас жатқан қалпында

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,5-1 см.

Шөппен күйдіру: болады.

E27. Да – цзюй, «Үлкен бұрыш»

Орналасуы: Кіндіктен 2 елі төмен және 2 елі шеткері орналасқан

Қызметі: Төменгі жылытқышта энергияны реттеу және күшейту, бүйрек арнасын нығайту.

Симптом мен көрсеткіштер: Салданған аяқ – қолдың атрофиясы, аспермия, шаршағыштық, жалпы әлсіздік, ұйқысыздық, ұйқы бұзылысы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- Зәр шығару бұзылысы немесе зәр шықпау, шөлдеу, іштің төменгі жағында ауру сезімі;
- Қорқыныш, жаман түстер көру.

Нүктені анықтау: Науқас жатқан қалпында.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,5 – 1 см.

Шөппен күйдіру: болады.

Е28. Шуй – дао, «Су жолы»

Орналасуы: Кіндіктен 3 елі төмен және 2 елі шеткері орналасқан.

Қызметі: Ыстықты суыту, зәр шығару – жыныс жолдарын емдеу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бел мен арқаның сіресіп, ауруы, қуықта суықтық сезімі.
- Гинекологиялық көрсеткіш; іштің төменгі жағында ауру сезімі, ауру сезімі жыныс мүшесіне таралады;
- Қынап пен сыртқы жыныс мүшелерінде салқындық болуы, іш кату, зәр жүрмеу, етеккір бұзылысы.

Нүктені анықтау: Науқас жатқан қалпында.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,5-1 см.

Шөппен күйдір: болады.

Е29. Гуй – лай, «Қайта орал!»

Орналасуы: Е 26 нүктесінен 1 елі төмен, кіндіктен 4 елі төмен және 2 елі шеткері орналасқан.

Қызметі: Іштің төменгі бөлігіндегі ауру сезімі, бүйректегі Иньді нығайту, потенцияны емдеу.

Симптом мен белгілер:

- іштегі ауру сезімі, аталық без қалтасы қатаюы, жыныс мүшесі суық немесе ауру сезімді, кіші дәрет бірде жиі, бірде сирек; жыныс мүшенің атрофиясы, импотенция, етеккір болмауы.

- қуықтың, аталық безінің қабынуы, жыныс мүшелерінің инволюциясы.

Нүктені анықтау:

Науқас жатқан қалпында.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,5-1 см.

Шөппен күйдіруге: болады

Е30. Ци – чун, «Энергия жолы»

Орналасуы: Е29 нүктесінен 1 елі төмен, қасаға сүйегінің жоғарғы қырында, кіндіктен 5 елі төмен және екі елі шеткері орналасқан.

Қызметі: Төменгі жылытқыштағы Инь жетіспеуін толтыру; ыстықты суыту; Янды басып, Иньды күшейту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Инь жетіспеушілігі: іштің төменгі жағында ауру сезімі суықтықтан болған ауру сезімі, жүректің жиі соғуы, бас айналу, мазасыздық, ұйқысыздық; Аш ішектегі ыстықтың болуы: іш қату, ауру сезімі, ауырлық сезімі; өкпе арнасындағы ыстық толуы; науқас горизонтальды қалпында жата алмайды.
- Ян энергиясының жетіспеуі: контраекция, импотенция, жыныс мүшелерінің атрофиясы, ауру сезімі, белдегі ауру сезімі; бедеулік немесе жүктілік; ыстықтың аралас белгілері: асқорыту бұзылысы, қанды бөліністер.

Нүктені анықтау:

Науқас жатқан қалпында. Нүкте алдыңғы ортаңғы сызықтан екі елі шеткері, қасаға сүйегінің үстінде; тамыр соғысы сезілетін жерде анықталады.

Ине салу: тігінен немесе қиғаш

Шөппен күйдіруге: болады.

Е31. Би – Гуан, «Жамбастың шекарасы»

Орналасуы: Жамбастың жоғарғы алдыңғы қырының астында, қасаға симфизімен бір деңгейде орналасқан.

Қызметі: Бүйрек арнасындағы жетіспеушілікті толтыру, бүйрек арнасындағы салқындық жетіспеуінде.

Симптом мен көрсеткіштер:


Жамбас – сан буынында ауру сезімі, тізе буынында әлсіздік пен салқындық, аяқ ұюы, сан бұлшықетінде тырысу, аяқ бүгілуі қиындаған.

Нүктені анықтау:

Е32 – нүктені анықтағаннан кейін, сол нүктеден 6 елі жоғары жерде орналасады.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,6 – 1 см.

Шөппен күйдіру: болады.



33-сурет. Шап-сандағы нүктелер

Е32. Фу – ту, «Бүйірдегі томпаю», («Жерде жатқан қоян»)

Орналасуы: Санның латеральды, алдыңғы бетінде, тізеден 6 елі жоғары.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жалпы белгілер: парестезия, дененің жыбырлауы, қозғыштық, құтыру; қол бұлшықетінің тартылып, тырысуы, бас ауру, гинекологиялық аурулар; Сонда әлсіздік пен ауру сезімі, аяқ салдануы, гемиплегия.


Нүктені анықтау:

Тізенің жоғарғы жағынан 6 елі жоғары; егер сол жерге қолдың алақанын қойса, сұқ саусақтың ұшы нүктені көрсетеді.

Ине салу: тігінен, тереңдігі – 0,5-2,5 см.

Шөппен күйдіру: 5-15 рұқсат етіледі.

Бұрынғы классикалық әдебиетте – қатаң тыйым салынған!



34-сурет. Е32 нүктесін анықтау

Е33. Инь – ши, «Инь жинақталатын жер»

Орналасуы: Тереңдікте, тізенің жоғарғы – бүйір шетінен 3 елі жоғары.

Қызметі: Төменгі бөліктегі суықтықты шығару, суықтық жетіспеуін қалпына келтіру.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Суықтық – хордапсис (суықтан болған ішек ауруы)
- Аяқ әлсіздігі, сан аяқта «суықтық» сезімі
- Кенет болған шаршағыштық;
- Іштің үлкеюі, кернелуі;
- Диабет симптомдары.

Нүктені анықтау: Науқас тізесін бүгеді, сол кезде нүкте орналасқан жер көрінеді.

Шөппен күйдіру:

Классикалық әдебиетте – қатаң тыйым салынады. , жаңа әдебиеттерде – аздап рұқсат етіледі.

Е34. Лианг – чиу, «Қатпары бар төмпешік»

Орналасуы: Тізенің жоғарғы жағынан 2 елі жоғары.

Қызметі: Асқазандағы Ян тудырған суық ылғалды жою; асқазан арнасындағы толымдылықты басу; суық белгілерді бейтараптау.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жалпы белгілер: іштегі ауру сезімі, аяқ мұздауы, сүт безінде ауру сезімі мен ісінуі; асқазан түйілуі, кекіру; іш өту; аяқ – қол салдануы.

Жергілікті белгілер: тізеде, санда, тобықта ауру сезімі, тізені бүгілуі мен жазылуы шектелген, табан мұздауы.

- Гастрит, мастит, тізе буынының қабынуы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

J12, MC 6 нүктесімен – гастритте.

Нүктені анықтау: Науқас отырған қалпында тізені бүгеді. Тізенің жоғарғы шетінен екі елі жоғары және ортасынан 1 елі шетке, тереңдікте.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,3-1,5 см.

Шөппен күйдіру: 5-15 минут

Е35.– Ду – би, «Бұзау мұрны»

Орналасуы: Науқас тізесін бүгіп, отырған қалпында нүкте тізенің астында, тізе сіңірінен сәл шеткері орналасқан.

Қызметі: Суықтың жетіспеуін және желді жою

Симптом мен көрсеткіштер:

- Аяқ парезі, салдануы, табанда ойық жаралар, тізенің ісініп ауруы, қозғалыс шектелуі, артроз.

Басқа нүктемен бірігуі:

Е 34, VB34 нүктесімен – тізе қабынуында.

Нүктені анықтау:

Нүкте тоқпан жілік сүйегінің басының шетінде орналасады.

Ине салу: тігінен, 1,5-2 см тереңдікке; немесе қиғаш 2-2,5 см тереңдікке

Е36. Цзу – сан – ли, «Аяқтың 3-ші қоры»

Орналасуы: Е 35 – нүктесінің астынан 3 елі төмен.

Қызметі: Көкбауыр мен асқазан арналарын нығайтып, реттейді, энергия реттеледі.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ылғал мен жетіспеушіліктің барлық белгілері: дененің ортаңғы бөлігі және іште кернеу мен толымдылық сезімі, ішектер шұрылдау, іш ауру, асқорыту баяулауы, іш қату, іште басылу сезімі; санда ауру сезімі; іш өту.
- Жел белгілері: дененің кез – келген бөлігінің ісінуі; көз көру нашарлау: парез бен салдану, эпилепсиялық талулар, сүт безінің ісінуі; зәр шықпау немесе энурез.
- Жергілікті белгілер: тізенің ұюы мен ауруы, ауру сезімі; бас ауру, бас айналу, әлсіздік, естен тану.
- VIII ғасырдан бастап бұл нүкте аурудың алдын – алу үшін, жалпы ағзаны емдеу үшін, әлсіздікте қуат көтеретін, көз көруді жақсартатын нүкте ретінде қолданыла бастады.

Көптеген жедел және созылмалы аурулар, иммунды жүйенің әлсіреуі, жедел және созылмалы гастрит, асқазанның ойық жарасы, энтерит, панкреатит, асқорыту бұзылысы; дененің салдануы, шок, қан аздық, гипертония, аллергия, сарғаю, эпилепсия, демікпе, потенция бұзылысы, неврологиялық белгілерде.

Басқа нүктелермен бірігуі:


- J 9, RP 6 нүктесімен – ісінуде;
- J12 нүктесімен – асқорыту бұзылысында;
- TR 6 нүктесімен – іш қатуда.
- E44 нүктесімен – холерада.
- TR6, GI11, RP 6 нүктесімен – етеккір болмағанда;
- GI4, E25, J4 нүктесімен – асқорыту бұзылысында;
- F2, GI 4, GI11 нүктесімен – қан қысымды төмендету үшін;
- P7 нүктесімен – демікпеде;
- RP9, VB30 нүктесімен – жамбас нервін емдеу үшін;
- E39, VB34, MC 6 нүктесімен – панкреатитте.

Нүктені анықтау:

Наукас тігінен орындықта отыр, қолын тізесіне қояды, бас бармағын тоқпан жілік сүйегінің ортасына қояды. Сол кезде ортаңғы саусақтың ұшы нүктенің орналасқан жерін көрсетеді.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,5-2 см; қиғаш 2-3 см.

Шөпшен күйдіру: 10-30 минут



35-сурет. E 36 нүктесі

Е37. Шан – цзюй – суй, «Алыс жердің жоғарғы шеті»

Орналасуы: Тоқпан жілік сүйегінің бүйір шетінде, Е 36 нүктесінен 3 елі төмен және Е35 нүктесінен 6 елі төмен орналасқан.

Қызметі: Асқазан мен аш ішек арнасын реттеу, ішкі ыстықты кетіру, іркілісті жою.

Симптом мен көрсеткіштер:


- Жетіспеушілік белгілер: асқорыту әлсіздігі, іш мен дененің ортаңғы бөлігінің ауруы, іш өту немесе іш қату, іш құрылдау; тыныс қиындауы, енгіту.
- Жел белгілері: аяқ – қол салдануы, ұюы, буындар ауруы, әлсіздік, буын ісінуі, суықтан буындар ауруы күшейеді.
- Аппендицит, энтерит, дизентерия, гастрит, дененің бір жағының салдануы.

Нүктені анықтау:


Е 36 нүктесінен 3 елі төмен, тереңдікте.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,3-2 см, қиғаш 2-3 см тереңдікке

Шөппен күйдіру: 5-10 минут



36-сурет. Е 37 нүктесін анықтау



37-сурет. Е 40 нүктесін анықтау

Е38. Тяо – коу, « Әлсіздік нүктесі»

Орналасуы: Е 35 пен Е41 нүктелерін байланыстыратын сызықта, кәрі жілік пен тоқпан жілік арасында

Қызметі: Жел шығару, салдануды азайту

Симптом мен көрсеткіштер:

Табан ұюы, ысуы, қышынуы, әлсіздігі; тізенің ауруы мен ісінуі

Нүктені анықтау:

Е 37 нүктесінен 2 елі төмен

Ине салу тереңдігі: 0,5-1 см.

Шөппен күйдіруге: болады.

Е39. Ся – цзюй – сюй, «Алыс жердің төменгі шеті»

Орналасуы: Аяқтың алдыңғы жағында, тоқпан жілік пен кәрі жілік арасында, Е 38 нүктесінен 1 елі төмен.

Қызметі: Ыстықтық, ыстық жел, ылғал желді ортаңғы жылытқыштан шығару, қорғаныс энергиясын нығайту.

Симптом мен көрсеткіштер:


- Бүйрек энергиясының жетіспеуі: шаш ағаруы, сарғаюы, кенеттен болған тершеңдік, кіші жамбаста қатты ауру сезімі, ауру сезімі жыныс мүшелеріне беріледі, іш өту аяқ пен табан ұюы;
- Қалтырау, кейде құлақ алдында күйдіру сезімі, бетінің бозаруы.
- Ішкі ыстық пен ыстық жел белгілері: тамақ ауруы, шаршағыштық;
- Қорқыныш белгілер: құтыру, шектен тыс сөйлегіштік;
- Мастит
- Табан, тілерсек ауруы:
- Шамадан тыс сілекей ағу, ауыз құрғау, тәбет жоғарылауы, қан мен ірің аралас іш өту, іштегі қатты ауру сезімі.

Нүктені анықтау:

Науқас отырған қалпында, E36 нүктесінен 6 елі төмен, тоқпан жілік сүйегінің сыртқы бетінде.

Ине салу тереңдігі: 0,3-0,7 см

Шөппен күйдіру: болады.



38-сурет. E 39 нүктесінің орналасуы

Е40. Фэн – лун, «Молшылық»

Орналасуы: Тізеден 8 елі төмен, Е 38 нүктесінің енінен 1 елі шетке

Қызметі: Ылғалды жою, шырышты шығару, тыныштандыру, Янды төмендету.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ылғалды жел: аяқ – қолдың мұздауы, кекіру, зәрі сирек шығады, аяқ – қол ісінуі, дене мен аяқ – қолда салқын тер, сандағы ауру сезімі, тізенің ауруы, кеуде мен іште шаншитын ауру сезімі, бас ауру, тамақ бітелу, дауыс шықпау.
- Ыстық жел, Янның жоғары өрлеуі; мазасыздық, қозғыштық; науқас айқайлап, өлең айтып, киімін шашады, есенгіреу, себепсіз күлкі;
- Жетіспеушілік, суықтық, шырыш белгілері; тобық салдануы, атрофиясы, тобығы көкшіл түсті;
- Жөтел, қақырық, бас айналу, етеккір болмауы немесе үнемі болатын қанды бөлініс, ұйқы бұзылысы, ұйқысыздық.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- VB40 нүктесімен – кеудеде шаншитын ауру сезімінде;
- V13 нүктесімен – жөтел, тола қақырықта;
- VB34 нүктесімен – іш қатуда;
- J22 нүктесімен – ентигу, демікпе;
- Vg23 пен E44 нүктесімен – бас ауырса;
- Vg20 нүктесімен – гипертонияда

Нүктені анықтау:

Науқас отырған қалпында – нүкте тобықтан 8 елі жоғары, тоқпан жілік сүйегінің латеральды шетінен 3 елі сыртқыға.

Ине салу: тігінен – 0,3 см тереңдікке; жаңа әдебиетте 1,5-3 см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: 5-10 минут.

Е41. Цзе – си, «Босатылған су ағымы»

Орналасуы: Тобықтың сыртқы бетінде, тереңдікте .

Қызметі: Ылғал желді, ыстық желді босату, спазымды жою, ауру сезімін басу.

Симптом мен көрсеткіш:

Жел белгілер: мазасыздық, маңдайы ыстық, аяғы салқын, қатты шыдатпайтын ауру сезімі, беті қызыл, көзі қызыл, қас аймағының ауруы;

– Іште кернелу, ауырлық сезімі, іш қату, бет ісінуі, бетінің бозаруы, бас айналу, бас ауру, жылағыштық

– Тізе буынының ісінуі, қатаюы

Басқа нүктелермен бірігуі:

– VB 35 нүктесімен – қорқыныш сезімінде;

– RP 5, VB 40 нүктесімен – аяқ ісінуінде;


– E 44 нүктесімен – бет ісінуінде;

– V23, R 7, RP 9 нүктесімен – нефритте.

Нүктені анықтау: Нүкте табанның сыртқы бетінде, тобықтың біткен жерінде, аяқ басы бүгілімінде, шұңқырда, тамыр соғысы сезілетін жерде.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,3-0,5 см; қиғаш 1-1,5 см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: 5-10 минут.



39-сурет. E 41, E 42, E 43 нүктелерінің орналасуы

Е42. Чон – Ян, « Үлкен жолдағы Ян»

Орналасуы: Аяқ басының ең биік жерінде, II мен III саусақ арасында, шұңқырда.

Қызметі: Ішкі ыстықты, қатты ыстықты шығару, Янды азайтып, басу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел; спазм, парез, қатты ауру сезімі; науқас бірде терлеп, бірде қалтырайды, ісінуі; ішектерде керілу сезімі, тәбетінің болмауы, түшкіру;
- Қозғыштық, мазасыздық;
- Аяқта, табанда әлсіздік;
- Жоғарғы жақта тіс ауруы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- E43, R2 нүктесімен – табан мен саусақтан қатты қан кеткенде;
- E38, VB39 нүктесімен – аяқтағы әлсіздік пен қозғалыс шектелуінде.

Нүктені анықтау: Ине салғанда жақын орналасқан артерияны ескеру керек.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,5 см.

Шөппен күйдіруге: болады.

Е43. Сянь – гу, «Құлаған төмпешік»

Орналасуы: II мен III табан сүйектерінің ортасында, ең жалпақ жерде.

Қызметі: Ортаңғы аймақтан ылғалды шығару.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бет пен көз айналасының ісінуі, іш пен аяқта сұйықтық жиналуы; ықылық тию, іш құрылдау, іш ауру;
- Дене қызуының жоғарылауы, тер шықпау;
- Қалтырау, түнгі тершеңдік

Басқа нүктелермен бірігуі:


J10 нүктесімен – іш шұрылдағанда

Нүктені анықтау:

Тілерсегі алға созылған, саусақтары бүгілмеген.

Ине салу тереңдігі: 0,3-0,5 см

Шөппен күйдіруге: болады



40-сурет. E 44-E 45 нүктелерінің орналасуы

E44. Нэй – тинь, «Ішкі кеңістік»

Орналасуы: II мен III аяқ саусағы арасында тереңдікте, саусақ аралық буынан дистальды.

Қызметі: Ішкі ыстықты немесе асқазандағы ыстықты суыту, энергияны реттеу, ауру сезімін басу.

Симптом мен белгілер:

- Аяқ мұздауы, іште ауырлық сезімі, іш кернелу, жиі түшкіру, қорқыныш, мазасыздық; қатты дыбысты жақтыртпау; тамақ ауруы;
- Бет парезы, ауыз қисаюы, ауыз жаба алмау, тіс ауру, тұмау;
- Іш өту, іріңді мен қанды бөліністер;
- Бас терісінің ауруы; тер шықпау, бет ісінуі;
- Үштік нерв ауруы, қалқанша без қабынуы, жедел және созылмалы энтерит.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- E36 нүктесімен – іш кепкенде;
- VB34 нүктесімен – аяқ мұздағанда;
- G11 нүктесімен – қол мұздағанда;

- RР6 нүктесімен – етеккір кезінде іштің төменгі жақтың ауруы;
- G14 нүктесімен – дене қызуының жоғарылауы, бет ісінуі, іш құрылдау, тіс ауру, қалқанша без ауруларында.

Нүктені анықтау:

II мен III саусақ арасында, апоневроз шетінде.

Ине салу: қиғаш, тереңдігі 0,3-0,8 см.

Шөппен күйдіру: 5-10 минут.

E45. Ли – дуй, «Басылған қуаныш»

Орналасуы: I Аяқтың II бармағының латеральды шетінде, тырнақ ұясына 1/10 елі жоғары.

Қызметі: Шырын іркілісін, ішкі ыстықты, қатты ыстықты басу, энергияны тоқтату, жинау.

Симптом мен белгілер:

- Аралас ылғал – белгілер: бет ісінуі, ауыз қисаюы, есінен тану, тамақ бітелу; қалтырау, шаршағыштық, мұрын бітелу, тұмау, қорқыныш, мойын ісінуі.
- Ылғал белгілер: іш ісінуі, іш ауру, тәбет жоғалуы; дене қызуының жоғарылауы, тер шықпау, зәрдің мөлшерінің азаюы немесе бұлыңғыр зәр, сарғаю.
- Жел белгілер; аяқ – қолдағы тырысу, қозғыштық, науқас айқайлап, өте мазасыз; аяқта, тізде, тілерсекте тартатын ауру сезімі, ісінуі.
- Ұйқысы мазасыз, түсі көп.

Басқа нүктелермен бірігуі:

RР 1 нүктесімен – қорқыныш түстерде.

Нүктені анықтау: Тырнақ ұясынан 0,1 елі жоғары.

Ине салу тереңдігі: 0,1 см.

Шөппен күйдіруге: болады.

Көкбауыр мен ұйқыбез арнасы

(*RP – халықаралық атауы, L – латынша атауы*)

Жүп, Инь арнасы

Арна RP – 1 Инь – бай нүктесінен басталып, аяқ басының ішкі жағынан өтіп, медиальды тобықтың алдына қарай, сирак пен санның алдыңғы – ішкі жағынан жоғары көтеріліп, шап байламына жетеді. Ары қарай алдыңғы ішперде қабырғасында, алдыңғы орта сызығынан 4 елі арақашықтықта өтеді, кеуде аймағында алдыңғы ортаңғы сызықтан 6 елі қашықтықта өтіп, бұғана сүйекке жетпей, арна жолы астыға және сыртқа қарай бұрылып, RP – 21 Да – бао нүктесімен аяқталады.

Тармақтануы:

1) Іштің төменгі бөлігінде – көкбауырға, ұйқыбезіне, асқазанға; диафрагманы өткенен кейін, тілдің түбіне көтеріледі.

2) Ұйқы тармағынан – жүрекке.

Арна бойында 21 нүкте орналасқан

RP1. Инь – бай «Жасырын ақ түс»

Орналасуы: Аяқ басының 1 бармақ-тырнақ ұясынан 0,1 елі ішке қарай

Қызметі: көкбауыр арнасын қуаттандырып, ылғалды жояды, энергия реттеледі.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ылғал мен ішкі ыстық: кернелген, ісінген іш, тыныс алу қиындауы, жүрек айну, құсу, тәбет болмауы, кеудеде күю сезімі, іш өту, әлсіздік, аяқ мұздауы;
- Етеккір бұзылысы, тоқтамайтын қан кету, зәрде қан болса, мұрынан қан кету.
- Педиатрияда: ішкі жел, талмалар, енді қалтаға түсіру.
- Асқорыту мүшелерінен қан кету, невроздар.


Басқа нүктелермен бірігуі:

- J6, RP10, RP6, F1 нүктесімен – көп қан кеткенде
- Vg26, P11, MC7 нүктесімен – эпилепсияда;
- E36 нүктесімен – кіші, үлкен дәретте қан болса;
- V40 нүктесімен – мұрыннан қан кету тоқтамаса.

Ине салу тереңдігі: 0,1-0,2 см.

Шөппен күйдіру: 5-10 минут

cardinalis lienalis



41-сурет. Көкбауыр мен ұйқыбез жан арнасы

RP2. Да – ду, «Үлкен қала»

Орналасуы: Аяқтың 1 бармақ сүйегінің шеткі немесе ортаңғы шетінде.

Қызметі: Көкбауыр энергиясын күшейтіп, ішкі ыстықты суытады, ылғалды жояды, шырыш іркілісі жойылады.

Симптом мен көрсеткіштер:

Тер шықпайтын қалтырау, мазасыздық, жалпы әлсіздік, аяқтағы ауырлық, аяқ – қол мұздауы, кернелген іш, жиі кекіру, жүрек айну; бас айналу; арқа мен санда ауру сезімі мен ұюы, науқас алдына және артқа еңкейе алмайды; тілерсекте ауру сезімі мен ұюы, іштің ауруы, іш кебу, бас айналу.


Ине салу тереңдігі: 0,3 см

Шөппен күйдіруге: болады.

RP3. Тай-бай, «Үлкен ақ түс»(үлкен жарықтық)

Орналасуы: Аяқ басының ішкі жағында, 1 – табан сүйек басынан артқа қарай.

Қызметі: асқазан мен көкбауыр арнасындағы ішкі ыстықты суыту; энергия төмендету, ылғалды сақтау.



42-сурет. RP 3 нүктесі

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ішкі ыстық немесе ыстық жел: дене ысынуы, мазасыздық, тимпания, асқорыту бұзылысы, жүрек айну, құсу, холера;
- Іш қату, әлсіздік, барлық буындар ауруы, аяқтағы әлсіздік, іш ауру.

Ине салу: тігінен тігінен, 0,3 см тереңдікке

Шөппен күйдіруге: болады.

RP4. Гунь – сунь, «Патша баласы»

Орналасуы: Табанның ішкі жағында, 1 табан сүйек түбегінің алдыңғы – төменгі шетінде.

Қызметі: көкбауыр мен асқазан арнасын нығайту, ылғалды кетіру.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ішкі ағзалардағы ыстық жетіспеуі: инфекциялық қалтырау, тәбет болмауы, дем алу қиындауы, тершеңдік, құсу, ұйқышылдық, бет ісінуі, мазасыздық, ауызда ащы дәм, іштің төменгі бөлігінде тимпания.
- Аралас белгілер: сарғаю, бетінің сары немесе жасыл болуы, қорқыныш сезімі, кенеттен терлеу.
- Гинекологиялық аурулар: эндометриоз, етеккір бұзылысы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- MC 6 нүктесімен – іштегі қатты ауру сезімде;
- MC6, F3, MC 5 нүктесімен – кеудедегі ауру сезімде.
- MC6, E44,E36 нүктесімен – асқорыту мүшесінен қан кеткенде
- R1,R2,E36,E34нүктесімен – беткей парезде.

Ине салу: тігінен, 0,4-2,0 см тереңдікте.

Шөппен күйдіру: 5-15 минут

RP5. Шань – цю, « Кіші табан төмпешігі»

Орналасуы: Медиальды тобықтан 0,5 елі алдыға және төменге қарай шұңқырда, тобықтың ұшы мен қайық тәрізді сүйек төмпешігінің ортасында.

Қызметі: асқазан мен көкбауыр арналарын нығайту, ылғалды жою, шырын іркілісін жою.

Симптом мен белгілер:

- Ішкі ағзаларды зақымдайтын ылғал; тимпания, іш құрылдау, диарея немесе іш қату, жүрек айну немесе құсу, асқорыту бұзылысы, көңіл – күй төмендеуі, ұйқы бұзылысы;
- Жыныс мүшелерінде қатты ауру сезімі, ауру сезімі ішке беріледі, іште ауырлық сезімі, шаршағыштық, ұйқышылдық, аяқта ауырлық сезімі, тіл тамырының ауруы, сарғаю, тәбет жоғарылауы, геморрой.
- Жел белгілері: тобық ауруы; қорқыныш белгілер, эпилепсия, тершеңдік пен дене ысынуының ауысып тұруы.
- Басқа белгілер: тобықтың ісінуі, тіл күрмеленуі, тіл ісінуі, сүт безінің ауруы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

– E25, RP9 нүктесімен созылмалы ішек қабынуында.

Ине салу: тігінен – 0,3-0,5см тереңдікте; көлденең – 1-1,5 см тереңдікте.

Шөппен күйдіру: 5-15 минут.

RP6. Сань – Инь – дзяо, «Үш Инь қосындысы»

Орналасуы: Ішкі тобықтан 3 елі жоғары.

Қызметі: көкбауыр арнасын нығайту, ылғалды жаңарту, бауыр арнасынан босату, бүйрек арнасын нығайту су алмасу, зат алмасуды жақсарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- ішкі ағзалардағы жетіспеушілік, ылғал бұзылысы: іштің төменгі жағындағы кернелу мен шұрылдау сезімі, шаршағыштық, аяқтағы ауырлық сезімі, іш өту, асқорыту бұзылысы, жүрек айну, іште түйілу сезімі, аяқ – қол мұздауы, құсуы.
- Бүйрек арнасындағы жетіспеушілік: аяқ әлсіздігі, зәр шығару бұзылысы, етеккір бұзылысы, бозару, белсіздік, түсік тастау, жатырдан қан кету, әлсіздік, жыныс мүшелерінің ауруы.
- Ыстықтық: жатырдан қан кету, етеккір болмауы, іштің төменгі жағындағы жаралар.

- Жел белгілер: тұмау, жақ қозғала алмауы, науқас ашық ауызбен дем алады, аяқ мұздауы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- J3, RP10 нүктесімен – етеккір бұзылысы;
- J6 нүктесімен – аспермия немесе іріңді бөліністер;
- GI4, F3 нүктесімен – әйелдердің күрделі босануы.

Нүктені анықтау:

Тобықтың ішкі жағынан 3 елі жоғары. Науқас жатқан немесе отырған қалыпта.

Ине салу: тігінен, тереңдігі – 0,3-0,5 см

VB – 39 нүктесімен терең ине салу (пунктирлеу), тереңдігі – 1,5-2 см;


Қиғаш ине салу, тереңдігі – 1,5-2 см.

Шөппен күйдіру: 10-20 минут

RP7. Лоу – гоу, «Қанды шұңқыр»

Орналасуы: Тілерсектің ішкі жағында, медиальды тобықтан 6 елі жоғары.

Қызметі: Шырын іркіліс жойылады, өкпе арнасындағы шырышты кетіру, көкбауыр мен өкпе арналарын нығайту.



43-сурет. RP 7 нүктесінің орналасуы

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ылғал белгілер: түшкіру, іш тимпаниясы, ішек ауруы;
- Көңіл-күй төмендеуі, эмоциональды тұрақсыздық, салмақ жоғалту, зәр шығудың сиреуі;
- Тізе буындағы қозғалыс шектелуі, аяқ парезі мен салдануы, табан ісінуі мен ауруы.

Ине салу: тігінен, 0,3 см тереңдікте

Шөппен күйдіру: көне мәліметке сүйенсек, шөппен күйдіруге болмайды.

RP8. Ди – цзи, «Көкбауыр арнасының үйі»

Орналасуы: Тоқпан жілік сүйегінің ішкі жағында, RP9 нүктесінен 3 елі төмен, RP – 7 нүктесінен 4 елі жоғары.

Қызметі: Энергияны көтереді, реттейді.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Белдегі ауру сезімі, еңкейе алмау, іш кебу, іш өту, тәбет болмауы, потенция бұзылысы, зәр шығару бұзылысы.

Ине салу: тігінен, 0,3 см тереңдікте

Шөппен күйдіру: 5-15 минут.

RP9. Ин – лин – цюань, «Инь төмпешігіндегі қайнар көз»

Орналасуы: Тоқпан жілік сүйегінің айдаршығының ортаңғы бөлімінің төменгі шетінде, шұңқырда.

Қызметі: Суықтықтың ыстыққа ауысуын реттейді, энергияны төменгі бөлімге айдайды.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Іште суықтық сезімі, қабырға доғасында кернелу сезімі, тәбет жоғарылауы, іш кебу, бел ауру, іштің төменгі жағында ауру сезімі, тыныс алу қиындауы, зәр ұстамау, кеудеде қысылу сезімі.
- Іш өту (« Жазғы іш өту»); жыныс мүшелерінің ауруы, аяқ буындарының ауруы, тобық ісінуі.
- нефрит, энтерит.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- VB34, F1 нүктесімен – зәр ұстамауда;

– E36, J6, E25 нүктесімен – зәр шықпауда.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,5 см.

Шөппен күйдіру: аздап рұқсат етіледі.

RP10. Сюе – хай, «Жеке энергия мұхиты»

Орналасуы: тізе буынының жоғарғы шетінен 2 елі жоғары.

Қызметі: энергияны реттеп, етеккір бұзылысын қалпына келтіреді.

Симптом мен көрсеткіштер:

– Энергия бұзылысы, іштің төменгі жағында іш кебу;


– Жатырдан қан кету, етеккір бұзылысы;

– Дененің қышынуы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

– R66 нүктесімен – етеккір бұзылысында;

– GI11 нүктесімен – дене қышынуында, тері ауруында.



44-сурет. RP 10 нүктесін анықтау

Нүктені анықтау:

Наукас тік отырған қалыпта, дәрігер оң қолын науқастың тізесіне, сұқ, ортаңғы және қалған екі саусақты қойып, үлкен саусағынтізенің ішкі бөлігіне қою керек. Бас бармақ астында нүктенің орналасу жері.

Ине салу тереңдігі: 0,5см.

Шөппен күйдіру: болады.

RP11. Дзи – мэнь, «Жетінші қақпа» (Оққағар қақпасы)

Орналасуы: Санның ішкі бетінде, RP10 – нүктесінен 6 елі жоғары.


Қызметі: Қуық арнасын нығайту, зәр шығаруды реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер:

Зәр шығудың қиындауы мен энурез.

Ине салу тереңдігі: 1,5 см.

Шөппен күйдіруге: болады.



45-сурет. RP 11 нүктесі

RP12. Чун – мэнь, «Үлкен достықтың қақпасы»

Орналасуы: Шап байламының жоғарғы шетінің жоғарғы бөлігінде, құрсақ ортаңғы сызығынан 4 елі сыртқа.

Қызметі: қуық пен бүйрек арналарын күшейту, жетіспеушілікті теңестіру.

Симптом мен белгілер:

- Іште суықтық сезімі, жыныс мүшелердегі ауру сезімі, зәр шықпау;
- Еміздіретін әйелде сүт жетпеу; жүктілік кезінде мазасыз ұрық.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,5-0,7 см

Шөппен күйдіру: болады.

RP13. Фу – шэ, «Жиналыс үйі»

Орналасуы: іштің бүйір бетінде, RP – 12 нүктесінен 0,7 елі жоғары, RP14 нүктесінен 3 елі төмен

Қызметі: су алмасуды реттейді, қуық пен көкбауыр арнасын нығайтады.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Іштің төменгі бөлігінде кернелу, ауру сезімі, жүрек айну, бас ауру.

Нүктені анықтау: науқас жатқан қалпында, RP 15 нүктесінен 4,3 елі төмен түсеміз.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,7 см

Шөппен күйдіру: болады.

RP14. Фу – дзе, «Іштегі байламдар»

Орналасуы: кеуде емізігінің астында, RP – 15 нүктесінен 1,3 елі төмен орналасқан.

Қызметі: ішкі суықтықты, суық ылғалды шығару.

Симптом мен белгілер:

- кіндікте қатты ауру сезімі, кеудеде шаншитын ауру сезімі, жөтел, іште суықтық сезімі, іш өту.

Ине салу тереңдігі: 0,7 см

Шөппен күйдіру: болады

RP15. Да – хэн, «Үлкен көлденең бүгілім нүктесі»

Орналасуы: құрсақ бүгілімінде, кіндік деңгейінде, құрсақ орта сызығынан 4 елі сыртқа қарай.

Қызметі: суықтық шығару, көкбауыр мен өкпе арнасынан суық желді шығару.


Симптом мен белгілер:

– Жел белгілер: қалтырау, аяқта ауырлық сезімі, тершеңдік, іш өту немесе іш қату.

– Көңіл – күй төмендеуі, депрессия, қорқыныш, үрей

Ине салу: тігінен, 0,7 см тереңдікке.

Шөппен күйдіруге: болады.



46-сурет. RP 15 - R 21 нүктелері

RP16. Фу – ай, «Іштің ауруы»

Орналасуы: RP15 нүктесінен 3 елі жоғары, IX қабырғадан 1,5 елі төмен.

Қызметі: Ішкі суықтық кетіп, ішкі ағзалар тепе-теңдігі реттеледі.

Симптом мен белгілер:

– Суықтық: кіндік аймағында қатты ауру сезімі, іште суықтық сезімі, аскорыту баяулауы, іш қату немесе іріңді, қан аралас іш өту.

Ине салу тереңдігі: 0,3-1 см.

Шөппен күйдіру: болады.

RP17. Ши – доу, «Өмірлік бекет»

Орналасуы: V қабырға аралықта, кеуде орта сызығынан 6 елі сыртқа.

Қызметі: Ылғалды жою.

Симптом мен белгілер:

- Ылғал белгілер: іште талу сезімі, кеудеде қысылу сезімі, іш шұрылдау, ықылық тию, іштің ортасында қатты ауру сезімі.
- Жетіспеушілік белгілер: аяқ – қол мұздауы, сілекей ағу, дене қызуының көтерілуі; тамыр соғысы кернелген, жебе тәрізді; ісіну, асцит, көкбауыр мен бүйрек арналарында жетіспеушілік, неврастения.

Нүктені анықтау: J16 – Чжун – тин нүктесінен 6 елі V қабырғааралыққа қарай сыртқа шегеріледі.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,4 см.

Шөппен күйдіруге: болады.

RP18. Тянь – си, «Аспандағы су ағысы»

Орналасуы: RP19 нүктесінен 1,6 елі төмен; IV қабырға аралықта, орта сызықтан 6 елі сыртқа.

Қызметі: ішкі ағзалардағы энергияны нығайту.

Симптом мен көрсеткіштер:

Кеудеде қысылу, кернелу, ауру сезімі, жөтел, тыныс алу қиындауы; сүт безінде ісік пен жаралар, іштің төменгі жағындағы жаралар.

Нүктені анықтау: кеуде емізігінен 2 елі сыртқа және сәл жоғары.

Ине салу: тереңдігі: 0,4 см

Шөппен күйдіруге: болады.

RP19. Сюн – сян, «Кеуде аймағында»

Орналасуы: III қабырға аралықта, кеуде орта сызығынан 6 елі сыртқа;

Қызметі: кеудедегі кернелген ауру сезімді басу.

Симптом мен белгілер:

Кеуде мен екі бүйірде кернелген сезім, ауру сезімі, ауру сезімі арқаға беріледі, жатқан қалпында жайсыздық туады.

Ине салу тереңдігі: 0,4 см

Шөппен күйдіру: болады.

RP20. Чжау – жун, «Әскери лагерь» («Қоршалған ғажайып»)

Орналасуы: II қабырға аралықта, P1 – Чжунфу нүктесінің астында, кеуде орта сызығынан 6 елі сыртқа.

Қызметі: Өкпе арнасындағы ыстық ылғалды суыту және босату.

Симптом мен көрсеткіштер:

Кеуде мен бүйірде толымдылық сезімі, қозғалысы ауру сезімді, тамақты жұта алмау, шөлдеу, ірінді қақырықты жетел.

Ине салу: қиғаш, тереңдігі: 0,4-0,8 см.

Шөппен күйдіру: болады.

RP21. Да – бао, «Көкбауыр – ұйқыбез арнасының үлкен байланысқан жері».

Орналасуы: VI – қабырға аралықта, қолтық астының ортаңғы сызығында.

Қызметі: ішкі ағзалардағы энергия нығайтып, реттеледі.

Симптом мен белгілер:

- кеуде мен бүйірде ауру сезімі еңтігу
- барлық денеде ауру сезімі, толымдылық
- әлсіздік, бұлшықет ауруы, жетіспеушілік

Нүктені анықтау: науқас қолын жоғары көтереді, дәрігер қолтықасты шұңқырдың ең терең жерінен 6 елі төмен түседі.


Ине салу тереңдігі: 0,3см

Шөппен күйдіру: болады.

Инь арнасы

Жұп, симметриялық арна. Әрбір жағынан 9 нүкте орналасқан. Жүректен басталып, 2 тармаққа бөлінеді: біріншісі диафрагма арқылы аш ішекке барады, екіншісі жүректен мойынның ішкі бетінің 2 жағымен көзге барады. Арнаның беткей тармағы жүректен үлкен кеуде бұлшықетінің латеральді шетімен иыққа шығады. Кейін иықтың артқы медиальды беті арқылы білезіктің шынтақ шетінен, V мен VI саусақ сүйектері арасына барып, қолдың V саусағының сәулелі бетінде, тырнақ ұясының жанында аяқталады.

cardinals cardialis



47-сурет. Жүрек жан арнасы

Жүрек арнасы

С1. Цзи – цюань, «Сыртқы шеттегі бұлақ»

Орналасуы: қолтық асты шұңқырда, тамыр соғысы сезілетін жерге жақын.

Қызметі: бауыр, өкпе мен көкбауыр арнасындағы ыстықты басу, көңіл күйді көтеру.

Симптом мен белгілер:

- қолдың жоғарғы бөлігі мен шынтаққа берілетін суықтық сезімі; аяқ – қолда ауру сезімі; екі бүйірде ауру сезімі;
- жүрек айну, құсу, шөлдеу;
- көздің ақ қабығының сарғаюы, көңіл – күй төмендеуі.

Нүктені анықтау: нүктені анықтау үшін қолды сыртқа бұрады.

Ине салу : тігінен, тереңдігі 0,3-1,5 см

Шөппен күйдіру: 5-12 минут

С2. Цин – лин, «Көк жасыл түсті энергия көзі»

Орналасуы: қолдың жоғарғы бөлігінің ішкі бетінде, шынтақтан 3 елі жоғары, екібасты бұлшықеттің ішкі жағындағы шұңқырда.

Қызметі: бауырдағы Иньды нығайту, бауыр Янын қозғалту.

Симптом мен белгілер:

- бас ауру, қалтырау, бүйірдегі ауру сезімі, иық пен қол ауруы.
- көздің ақ қабығының сарғаюы, аяқ салдануы.

Нүктені анықтау: Науқас қолын артқа қозғалтады, С3 нүктесінен 3 елі жоғары

Ине салу: тігінен, тереңдігі – 0,3-1 см

Шөппен күйдіру: болады.

С3. Шао – хай, «кіші қол».

Орналасуы: шынтақ бүгілімінде, шынтақ ұршығының ортасында.

Қызметі: Желді тарқату; ағзаны босаңсыту , арналар жүйесін тазарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

1. Жел белгілер: бас ауру, бас айналу, қол ұюы мен салдануы, қол дірілі, шынтақта ауру сезімі, тіс ауру; құтыру.

2. Ылғал жел: жүрек айну, сілекей ағу, ықылық тию, іште керілу сезімі, тамақ ісінуі.

– Неврастения, шизофрения, невралгия, лимфа түйіндерінің қабынуы, аяқ салдануы.

3. Ерекше белгілер: қол дірілі, ұмытшақтық.

Басқа нүктелермен бірігуі:

РР6 Сан – инь – цзяо нүктесімен – неврастенияда.

Нүктені анықтау:

Наукас қолын бүгеді, сол кезде нүктені шынтақ буынының орталық бөлігінде табады.

Ине салу: тігінен, тереңдігі – 0,3-1,5 см.

Шөппен күйдіру: 5-10 минут.

С4. Лин – дао, «Құрылымдық энергия жолы»

Орналасуы: білезік буынының ішкі жағында, кіші саусак тұсында, білезік бүгілімінен 1,5 елі жоғары.

Қызметі: бүйрек арнасы жетіспеушілігін толықтыру, жел мен ылғал – бұзылысын жою.

Симптом мен белгілер:

– Кеуде мен дененің ортаңғы бөлімінде шаншитын ауру сезімі, жүрек айну, құсу;

– Шынтақ буынында спазм мен тырысу;

– Дауыс шықпау; депрессия, қорқыныш.

Басқа нүктелермен бірігуі:

J22 – Тянь – ту нүктесімен – кенеттен дауыс шықпағанда, төменгі жақтың шығуы нәтижесінде болған ауыз жұмылмауында.

Нүктені анықтау: Наукас білегін сыртқа бұрып, қатты жерге алақанын тірейді; нүктені қатты басқанда кіші саусақта ұюы, сезімталдық төмендеу сезімі пайда болады.

Ине салу: тігінен, тереңдігі – 0,3 см.

Шөппен күйдіруге : болады.

С5. Тун – ли, «Байланысқан ауыл»

Орналасуы: С7 – Шэнь – мэнь нүктесінен – 1 елі жоғары, білезік буынының ішкі жағында.

Қызметі: Жел белгілері: өкпе мен бауыр, жүрек пен бүйрек арналарының бұзылысын реттеу.

Симптом мен белгілер:

- Жел белгілер: бас ауру, бас айналу, дене қызуы, қозғыштық, тамақ бітелуі, жақ ұюы; жиі түшкіру, бет қызаруы, кенеттен дауыс жоғалуы, дем алу қиындауы, ауызда ащы дәм болуы; көз ауруы, жүрек қағу, қорқыныш сезімі.
- Ыстық белгілер: тыныс алу қиындауы, жиі дем алу, энурез дененің ортаңғы бөлігінде кернелу сезімі, тимпания; білезікте, шынтақта, иықта қатты ауру сезімі.
- Брадикардия, неврастения, шизофрения, жөтел, демікпе.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- R4 нүктесімен – сөйлеу бұзылысы, ұйқышылдықта.
- F2 мен RP6 нүктесімен – бала босанғаннан кейінгі жатырдан көп қан кетсе.

V15, Vg25 нүктесіне – тамыр соғысының ырғағы бұзылысында, брадикардияда.

Ине салу:тігінен, тереңдігі – 0,5-1 см.

Шөппен күйдіру: 10-20 минут.

С6. Инь – си, «Инь шекарасы»

Орналасуы: білезік буыны бүгілімі мен С5нүктесі арасында, білезік буынынан 0,5 елі жоғары.

Қызметі: Жүректегі Иньды нығайту, іркілісті жою.

Симптом мен белгілер:

- Кеудеде қысылу сезімі, холера, кеудеде қатты ауру сезімі;
- Қорқыныш, үрей сезімі; түнгі тершендік;
- Мұрынан қан ағу, қанды қақырық; суықты жақтыртпау; тамақ бітелуі, бас аурумен бас айналу.

Басқа нүктелермен бірігуі:

IG3 Хоу – си нүктесімен – түнгі тершендікте.

Нүктені анықтау:

Қолды сыртқа бағытталған қалпында, С7 нүктесінен 0,5 елі жоғары.

Ине салу: тігінен, тереңдігі – 0,3 см.

Шөппен күйдіру: болады.

С7. Шэнь – мэнь, «Қуанышқа қарсы нүкте», («қасиетті есік»)


Орналасуы: білезік буыны бүгілімінде, сыртқы бетінде.

Қызметі: жүрек энергиясы күшейеді және тынышталады; ыстықтық кетеді, Ян азаяды, қан тамырлар тазарады.

Симптом мен белгілер:

1. Ыстық пен жүрек арнасындағы ыстық азаюы, дене қызуының көтерілуі, қозғыштық, мазасыздық, салқын суды ішкісі келмейді.

- қалтырау кезеңінде ыстыққа әуестік; тамақ бітелу, тамақ құрғау, тәбетінің жоғарылауы, кеудеде, іште ауру сезімі, ықылықтау.
- қорқыныш, үрей сезімі; еңтігу, қол мен алақан сүйектерінде суықтық, бет қызаруы, себепсіз күлкі.
- Алақаны ыстық, ұйқысыздық.



48-сурет. С7 нүктесін анықтау

2. Жел немесе ылғал жел: көзінің ақ қабығының сарғаюы, бүйірінде ауру сезімі, дене ысынуы, тұншығу.

- көңіл – күйдің тез ауысуы,
- қанды қақырық, қанмен құсу, діріл, дауыс шықпау, энурез, мұрын бітелу, эпилеисия, ойлау қабілетінің бұзылысы.
- Неврастения, жүрек неврозы, невралгия, тіл немесе кеңірдек салдануы.

Басқа нүктемен бірігуі:

V15, MC6, VB34, RP9 нүктесімен – жүрек ырғағы бұзылысында.

J13 нүктесімен – қозғыштықтықта, мазасыздықта.

Ине салу: тігінен немесе сәл қиғаш, білезік буынына бағытталып; тереңдігі – 0,3-0,5 см.

Шөппен күйдіру: 5-15 минут

С8. Шао – фу, «Кіші жиналыс алаңы»

Орналасуы: IV мен V алақан сүйектері арасында; жұдырықты жұмғанда кіші саусақтың тиген жері.

Қызметі: ішкі ағзалар мен бүйрек арнасындағы энергия реттеліп, күшейеді, ыстық басады, Ян төмендейді.

Симптом мен белгілер:

- тыныс алу қиындауы, әлсіздік, көңіл – күй төмендеуі, алақаны ыстық;
- кеудеде қысылу сезімі, иықта тарататын ауру сезімі, шынтақтап қолтық астына берілетін ауру сезімі, қолдың кіші саусағын бүге алмау;
- іштің төменгі жағында қатты ауру сезімі, кіші дәрет ұстамауы немесе шықпауы;
- ұзаққа созылатын дене қызуы, жыныс мүшедегі ауру сезімі, қышыну, эрекция.

Ине салу: тігінен, тереңдігі – 0,2-0,5 см.

Шөппен күйдіру: болады.

С9. Шао – шан, «Кіші ағыс»

Орналасуы: Кіші саусақтың сыртқы бетінің ортасында, тырнақ ұясынан 0,1см жоғары.

Қызметі: ішкі ағзалардағы энергия нығайтып, ыстықтық жойылады, Ян байланысады.

Симптом мен белгілер:

- Ыстық, мазасыздық, жүрек айну, шөлдеу, көздің ақ қабығының сарғаюы, кеудеде ауырсыну.
- Төменгі жылытқышта шырыш – көңіл – күй төмендеуі, үрей, әлсіздік.
- Тамақ бітелуі, көңіл – күйдің тез өзгеруі.
- Талмада жедел көмек нүктесі.

Ине салу: тереңдігі – 0,1 см.

Шөппен күйдіру: болады.

Аш ішек арнасы *(I6 – халықаралық атау, IT – латынша атау)*

Жүп, симметриялық, Ян арнасы. Екі жағынан 19 нүктеден орналасқан. Кіші саусақ тырнақ ұясынан басталып, білезіктің ульнарлы шетімен білезік буыны арқылы, иық пен білектің ішкі артқы бетімен өтеді. Жауырынның төменгі шетінде артқы қолтық асты сызықпен арна Да – чжу (1-14) нүктесімен, басқа Ян арналарымен байланысқа түседі. Кейін арна бұғана асты аймағына түсіп, екі тармаққа бөлінеді. Біреуі – өңеш бойымен дене ішіне енеді, жүрекке тармақ беріп, диафрагмадан өтеді. Асқазан мен аш ішекке барады. Екіншісі – бұғана асты аймақтан төс бұғана – емізік тәрізді бұлшықеттің артқы шетімен өтіп, төменгі жақтың бұрышына жетіп, ұрттан құлаққа және көздің ішкі бұрышына барады

IG1 – Шао – цзэ, «Кіші көл»

Орналасуы: кіші саусақтың сыртқы бетінде, тырнақ ұясынан 0,1 см жоғары.

Қызметі: ыстық желді жою, сүт бөлінуін күшейту.

Симптом мен белгілер:

- Дене температурасының көтерілуі, ангидроз, тамақ бітелуі, ентігу, тұншығу, тілдің қатаюы, ауыз құрғау, мазасыздық.
- Есту бұзылысы, мұрыннан қан ағу, жөтел, мойын ұюы, бас ауру, көз қарауыту, птеригит.
- Шектен тыс сілекей ағу, қол тартылу, тырысу ұстамасы кіші саусақ ұюы, естен тану, әлсіздік, эпилепсия;
- Сүт безінің ісінуі, сүт шықпау немесе азаюы.


Басқа нүктелермен бірігуі:

- V18, V1, VB1, GI4 нүктесімен – птеригит емінде.
- VB1 нүктесімен – сүт безінің ісінуінде.
- GI4. J17 нүктесімен – босанғаннан кейін сүт шықпаса

Ине салу тереңдігі – 0,1 см

Шөппен күйдіру: 5-15 минут.

cardinalis intestini tenuis



49-сурет. Аш ішек жан арнасы

IG2 – Цянь – гу, «Алдыңғы шұңқыр»

Орналасуы: Шұңқырда, алақанның алдыңғы жақтағы ақ пен қызыл ет шекарасында.

Қызметі: Жел немесе ыстық жел босап, сүт көбейеді.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бас ауру мойында ауру сезімі, мойын ісінуі, көзде ауру сезімі, көз бұлдырлау, құлақ шуылы, мұрыннан қан ағу, мұрын бітелу, мұрыннан сары бөлінді шығу, тамақ бітелу;
- Қол ауру, қозғалыс шектелуі, алақан мен саусақта ауру сезімді, ұйқысыздық, дене ысынуы, жөтел;
- Эпилепсиялық талмалар;
- Кеудеде ісіну, босанғанан кейін сүт шықпау.

Нүктені анықтау: Науқас қолын жұдырықпен жұмады, сол кезде нүктені буын негізінде кіші саусақтың сыртқы бетінде анықтайды.

Ине салу тереңдігі – 0,1-0,2 см.

Шөппен күйдіру: болады.

IG3 – Хоу – си, «Судың артқы ағысы»

Орналасуы: Қолдың көлденең бүгілім шетінде;

Жұдырықты жартылай жұмғанда қызыл мен ақ ет шекарасында.

Қызметі:

- Ыстық желді бұзады, бұлшықет пен сіңір қызметі қалпына келеді, арналар босатылады;
- Ойлау қабілеті жақсарады.

Симптом мен белгілер:

- Ауыспалы дене қызуы, жөтел, кеудеде қысылу сезімі;
- көз қызару, көз бұлдырлау;
- мұрыннан қан ағу, мұрын бітелу;
- түнгі тершеңдік;
- құлақ шуылы, керендік немесе есту нашарлау;
- мойын ұюы, бас ауру;
- кеуде қысылу, кернелу сезімі;
- шынтақ пен саусақта ауру сезімі;
- жүрек айну, құсу;
- эпилепсиялық талма;
- сарғаю, бөртпелер шығу.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- V62 нүктесімен – мойын ұюы, арқа мен иықтағы тартатын ауру сезімі;
- Vg16 нүктесімен – бас ауырғанда;
- P7 нүктесімен – кеуде мен мойындағы ауру сезімінде;
- Vg14, MC5 нүктесімен – дене қызуында;
- V37 нүктесімен – бұлшықет зақымданғанда;
- MC8 нүктесімен – сарғаюда, диабетте;
- Vg14, GI11 нүктесімен – ауыспалы дене қызуда.


Нүктені анықтау:

Нүкте науқастың кіші саусағында орналасады, шұңқырды қолмен басқанда электр тоғы әсері сезіледі.

Ине салу тереңдігі: 0,2-1 см.

Жергілікті ауруды басу үшін – 1,5-2 см.

Шөппен күйдіру: 5-15 минут.



50-сурет. IG 1 – IG 6 нүктелері

IG 4 – Вань – гу, «Білезік сүйегі»

Орналасуы: Алақан бүгілімінде, шұңқырда, V саусақ негізі мен үшқырлы сүйектер арасында орналасқан.

Қызметі: ішкі ыстық кезінде жабық нүктелер ашылып, ыстықтық суытылады, шырыш шығады.

Симптом мен белгілер:

- Жел белгілер: дене ысылуы, тершендік, бүйірде ауру сезімі, қысылу сезімі, горизонтальды қалыпта жата алмау, бас ауру, мазасыздық, мойын мен тамақ ісінуі, құлақ шуылы, көз бұлдырлау, көзінен жас ағу;
- жел іркілісі; дененің бір бөлігінің салдануы, парез, аяқ – қолдың тырысуы;
- балаларда қорқыныш белгілер: білезік буындағы әлсіздік пен ауру сезімі;
- ылғал мен ылғалды жел белгілері;сарғаю;
- қант диабеті,гастрит, холецистит, қол буындарының қабынуында.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- V62, I5, R1 нүктесімен – сарғаюда
- V20, E36 нүктесімен – қант диабетінде.

Нүктені анықтау: нүктені V сүйегінің сыртқы шетінде, IG3 нүктесінің қасында.

Ине салу: тігінен, 0,2-0,3 см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: 5-20 минут.

IG5 – Ян – гу, «Ян алаңы»

Орналасуы: шұңқырда, алақанның алдыңғы жағында, шынтақ сүйегінің біз тәрізді өсіндісі мен үшқырлы сүйек арасында орналасқан.

Қызметі: ыстық желді жою.

Симптом мен белгілер:


- дене ысынуы, тер шықпау, бүйірдегі ауру сезімі, мойын мен тамақ ісінуі;
- құлақ шуылы, есту нашарлауы, тіс ауру;
- тамақ бітелу, фарингоспазм;
- эпилепсия, мазасыздық, аузына тіл сыймауы; есеңгіреу.

– балалардағы спазм мен тырысулар, тіл парезы, жұтына алмау.

Нүктені анықтау: нүктені біз тәрізді өсіндісінен табады.

Ине салу тереңдігі: 0,2-0,3 см

Шөппен күйдіру: болады.



51-сурет. IG 6 нүктесі

IG6 – Ян – лао, «Бақытты жас»

Орналасуы: Шынтақ сүйегінің сыртқы бетінде, басының үстінде, білезік буынынан 1 елі жоғары.

Қызметі: бауыр арнасы реттеледі, жел шығып, бұлшықет пен сіңірлер босаңсиды, көру қабілеті жақсарады.


Шөппен күйдіру: 5-10 минут.

Симптом мен белгілер:

- қол мен иықта ауру сезімі, қатты шыдатпайтын ауру сезімі, мойын ұюы, тамақ кернелуі;
- көру қабілетінің төмендеуі, көру бұзылысы;
- шынтақ буынының қызаруы мен ісінуі: белдегі ауру сезімі; аяқ пен табанда ауру сезімі.

Нүктені анықтау: қолды шынтақ буынында бүгіп, алақанын кеудеге қойғанда нүкте анық көрінеді.

Ине салу тереңдігі: 0,3 см.



52-сурет. IG 5 – IG 8 нүктелері

IG7 – Чжи – чжэн, «Тепе – теңдікті сақтайтын нүкте».

Орналасуы: IG5 мен IG8 нүктелерін қосатын сызық бойында, IG5 нүктесінен 5 елі жоғары.

Қызметі: бауырдағы энергия нығаяды, жел мен ыстық жел шығарылады.

Симптом мен белгілер:

- Жел мен жетіспеушілік белгілері: психика, көңіл – күй бұзылысы, мазасыздық, қорқыныш, эпилепсия;
- Дене ысынуы, тершеңдік, бас ауру;
- Шектен тыс шаршау; аяқ әлсіздігі, қолдағы қатты ауру сезімі, шөлдеу;
- Бас айналу, тамақ сыртының ісінуі.

Нүктені анықтау: Шынтақ пен білезік буынында бүгілген қолда, білезік буынынан 5 елі жоғарғы жерде.

Ине салу тереңдігі: 0,3 см.

Шөппен күйдіруге: болады.

IG 8 – Сяо – хай, «Үлкен көл»

Орналасуы: Шынтақ буынының сыртқы бетінде, шынтақ өсіндісі мен epicondylus humeri арасында, шұңқырда орналасқан.

Қызметі: бауыр мен жүрек арналары реттеледі. Ян төмендеп, жел шығып, ыстықтық суытылады, жүйелі арналар босаңсып, спазм басылады.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел белгілер: мойында, тамақ шеті, иық, шынтақ буынының ауруы; бас айналу; қызыл иек ісінуі.
- Ылғал мен ылғалды жел белгілері:
- дене қызуының ауыспалы көтерілуі, жаралар, қалтырау; шынтақ буынының ісінуі, іштегі ауру сезімі;
- эпилепсиялық тырысулар, мойын ұюы, талма ұстамасы, құтыру; мойынды бұра алмау; қолдың жоғарғы бөлігінде ауру сезімі;
- бет ісінуі, көздің ақ қабығының сарғаюы, есту нашарлауы, бас айналу.

Нүктені анықтау: Білекті шынтақ буынында бүгіп, ішкі жағында, шұңқырда нүктені анықтайды.

Ине салу тереңдігі: 0,2-0,3 см.

Шөппен күйдіруге : болады.

mare parvum IT8 f. coniunctorium humi 



53-сурет. IG 8 нүктесін анықтау

IG9 – Цзянь – чжэнь, «Иықтың түзу тұруы» (Иық таза-лығы)

Орналасуы: Иық буынының арты мен төменгі жағында, иық сүйегі мен жауырын арасында, қолтық асты бүгілімнен 1 елі жоғары орналасқан.

Қызметі: Жүйелі арналар ашылып, ылғал жел мен жел жойылады.


Симптом мен белгілер:

- Ауыспалы дене қызуы, құлақ шуылы, жауырындағы ысыну сезімі мен ауру сезімі, аяқ – қолдағы ауру сезімі мен парез, иық буынында ауру сезімі, иек ісінуі, тіс ауру.

Нүктені анықтау: Нүктені отырған немесе жатқан қалпында анықтау үшін науқас қолын кеудеге қояды.

Ине салу тереңдігі: 0,5-0,8 см.

Шөппен күйдіру: болады.



54-сурет. IG 9 – IG 12 нүктелері


IG10 – Нао – шу, «Иық нүктесі» (Қол бұлшықетін қозғалтатын нүкте).

Орналасуы: Жауырын қырының төменгі шетінде, қолтық асты бүгілімнің үстінде.

Қызметі: жел – бұзылыстар жойылып, ылғал шығарылады.

Симптом мен белгілер:

- иық буынында қайта ауру сезімі, қолды жоғары көтеру ауру сезімді, аяқтағы әлсіздік;
- ауыспалы дене қызуының көтерілуі, дененің ісінуі;
- артериальды гипертонияда қолданылады.



55-сурет. IG 9 – IG 15 нүктелері

Басқа нүктелермен бірігуі: GI 15, GI 11, I5 нүктесімен – қарт жасында қол мен білезіктің әлсіздігі мен қақсауында.

Нүктені анықтау:

Науқас қолын артқа бүккенде, IG9 нүктесінің үстінде, шұңқырда нүктені анықтайды.

Ине салу тереңдігі: – 0,8 см.

Шөппен күйдіру: болады.

IG11 – Тянь – дзун, «Аспан бабалары»

Орналасуы: Жауырын астында, шұңқырда, Vмен VI кеуде омыртқаларының арасында.

Қызметі: ылғал желді азайту.

Симптом мен белгілер:

- Иық пен қолдың жоғарғы жағында ауру сезімі, науқас қолын көтере алмайды.
- Кеуде мен бүйірінде қысылу сезімі, кеудеде кесетін ауру сезімі, жөтел; иек ісінуі.

Нүктені анықтау: Науқас тік отырған қалпында.

Ине салу: тігінен – 0,5 см.

Шөппен күйдіру: болады.

IG12 – Бин – фэн, «Желді ұстап алатын нүкте», (Желдің беті)

Орналасуы: IG11 нүктесінің үстінде, жауырынның үстіңгі шетінің ортасында; қолды көтергенде шұңқыр пайда болатын жерде.

Қызметі: жел бұзылысын жою.

Симптом мен белгілер:

Иық буынында ауру сезімі, қозғалыс шектелуі.

Нүктені анықтау: науқас отырған қалпында.

Ине салу: тігінен – 0,5-1 см тереңдікке

Шөппен күйдіру: 5-15 минут.

IG13 – Цюй – цюань, «Қисық қабырға»

Орналасуы: Жауырынның жоғарғы шетінде, IG10 мен II кеуде омыртқасы арасында.

Қызметі: ыстықты суыту, желді тарқату.

Симптом мен белгілер: иық буынының ысынуы мен жауырынға берілетін ауру сезімі.

Нүктені анықтау: науқас бір жақ бүйірінде жатқан қалпында.

Ине салу тереңдігі: 0,5-0,8 см.

Шөппен күйдіру: болады.


IG14 – Цзянь – вай – шу, «Иықтың сыртқы беті».

Орналасуы: I мен II кеуде омыртқалары ортасынан 3 елі шетке, шұңқырда, жауырынның жоғарғы шетінде.

Қызметі: желді жою.

Симптом мен белгілер: жауырындағы ауру сезімі, желке тұсы ұюы мен кернелуі, білектен шынтаққа дейін жететін ауру сезімі.

Нүктені анықтау: науқас іште жатыр. I кеуде омыртқасының өсіндісінен 3 елі латеральды жерде нүктені анықтайды.



56-сурет. IG 12 – IG 15 нүктелері

Ине салу тереңдігі: 0,6 см.

Шөппен күйдіру: болады.

IG15 – Цзянь – чжун – шу, «Иықтың ішкі беті».

Орналасуы: VII мойын омыртқа өсіндісінің төменгі шетінен екі елі шеткері, шұңқырда.

Қызметі: ылғал желді босату, ыстықты суыту, шырышты шығару.


Симптом мен белгілер:

- қан аралас қақырықты жөтел;
- ауыспалы дене температурасының көтерілуі, мазасыздық;
- иық пен арқада ауру сезімі.

Нүктені анықтау: науқас алға еңкейген қалпында.

Ине салу тереңдігі: 0,3-0,6 см.

Шөппен күйдіру: болады.



57-сурет. IG 16 – IG 19 нүктелері

IG16 – Тянь – чуан, «Аспан терезесі»

Орналасуы: төс бұғана – еміздік тәрізді бұлшықеттің артқы шетінде, қалқанша сіңірінің жоғарғы шетінің деңгейінде.

Қызметі: бауырдағы ци энергиясын реттейді, желді шығарады, спазм мен салдануды басады.

Симптом мен көрсеткіштер:

- тамақ бітелуі, тамақта «бөгде зат» тұрғандай сезім, дауыс шықпау, тыныс алу қиындауы, жұтынғанда ауру сезімі, иек ісінуі, тамақта ауру сезімі, желкенің ұюы, иықтан желкеге берілетін ауру сезімі, басын бұра алмау;
- есту қабілетінің төмендеуі, құлақ шуылы, геморроидальды түйіндер.

Нүктені анықтау: Науқас отырған қалпында. Жұтқыншақ шеміршегінен 3,5 елі шеткері орналасқан.

Ине терапия: 0,3-0,6 см.

Шөппен күйдіру: болады.

IG17 – Тянь – чжун, «Аспан беті»

Орналасуы: астыңғы жақ бұрышының астында, құлақ сырғалымынан 12 см төмен, еміздік тәрізді өсінді тұсында, шұңқырда орналасқан.

Қызметі: жел – белгілерді босату, ыстық желді шығару, бауыр энергиясын нығайту, Ылғалды жою.

Симптом мен белгілер:

- Жел – белгілер: афазия, кеудеде қысылу сезімі, елтігу; сұйық қақырық, тіс ауру; есту нашарлауы, құлақ шуылы;
- Ылғал белгілер: тамақ бітелуі, дене ысынуы, тамақта «бөгде зат» сезімі, елтігу, зоб, мойын мен желкеде іріңді түзілістер.

Нүктені анықтау: Науқас тік отырған қалпында.

Ине салу тереңдігі: 0,1 – 0,8см

Шөппен күйдіру: болады.

IG18 – Цюань – ляо, «Ұрт шұңқыры»

Орналасуы: бет сүйегінің төменгі шетінде, орталықта, көздің сыртқы бұрышының астында.

Қызметі: барлық жел – бұзылыстарды жою.

Симптом мен белгілер: Бет бұлшықетінің спазмы мен салдануы, бет бұлшықетінің еріксіз тартылуы, тіс ауру, бас айналу, ерінде жаралар мен іріңдіктер.

Нүктені анықтау: Науқас басын артқа шалқайтқанда нүктені жеңіл табуға болады.

Ине салу тереңдігі: 0,2 – 0,3см.

Шөппен күйдіру: болмайды.

IG19 – Тин – гун, «Есту үйі».

Орналасуы: құлақ алдында, шұңқырда. Ауызды сәл ашқанда төменгі жақ буыны мен құлақ сүйегі арасындағы шұңқырда.

Қызметі: есту бұзылысын қалпына келтіру, құлақ шуылын жою.

Симптом мен белгілер: есту нашарлауы, керемдік, құлақ шуылы.

Басқа нүктелермен бірігуі: VB2 мен TR17 – естудің тез төмендеуі.

Ине салу тереңдігі: 0,3-0,5 см.

Шөппен күйдіру: болады.

Қуық арнасы

Жұп, симметриялық, Яндық арна. Арнада 67 нүкте бар, белсенділік уақыты 15-17 сағатта.

Көздің ішкі бұрышынан басталып, маңдайға, шекеге барады. Мойын – желке аймағында арна 2 тармаққа бөлінеді: біріншісі артқы ортаңғы сызыққа параллельды және омыртқа өсіндісінен 1,5 елі шетке, 2-ші тармағы 3 еліге шеткері жүреді. Бел аймағында 1-ші тармақтан бүйрек пен қуыққа кіші тармақтар бөлінеді. Арнаның 1-ші тармағының негізгі бөлігі құйымшақ, жамбас арқылы өтіп, санның артқы бетіне шығып, тізе асты шұңқырына бағытталады. Ары қарай арна тілерсектің артымен, латеральды тобықтың артымен және аяқ басының сыртымен беті арқылы кіші бармақтың тырнақ ұясына барады да, Чжи – инь нүктесінде аяқталады.

V1 – Цин – мин, « Көздің нұры»


Орналасуы: Көздің ішкі бұрышынан ішке қарай 3 мм.

Қызметі: Желді босату, ыстықты суыту, жүйелі арналар өтімділігін жоғарлату, көз көруді жақсарту.

Симптом мен белгілер:

- Ыстық жел немесе ылғал жел белгілері: көз бен көз айналасының қызаруы, жасаурау, көз бұлдырлау, алыстан көру нашарлауы.
- Конъюнктивит, көз нервінің қабынуы, атрофиясы, глаукома, птеригий, бет нервінің салдануы

cardinalis vesicalis



58-сурет. Қуық жан арнасы

Басқа нүктелермен бірігуі:

F2 нүктесімен – көз көру нашарлауында;
VB20, F14 нүктесімен – птеригийде;
RP6 нүктесімен – экзофтальмде;
VB3, IG1, GI 4 нүктесімен – катаракта, птеригийде;
GI4 нүктесімен – көз қызару, көз ауру, жасаурауда;
VB20, GI4, E36, VB37 нүктесімен – көз нервінің қысқаруы мен атрофиясында.

Нүктені анықтау: Науқас көзін жұмып, қарашығын латеральды жаққа қаратады. Инені салғаннан кейін қозғалтуға болмайды.

Ине салу тереңдігі: 0,1-1,5 см.

Шөппен күйдіру: тыйым салынған.

V2 – Цуань – чжу, «Жиналған бамбук», «Қастың тамыры».

Орналасуы: қастың медиальды шетінде, V1 нүктесінің үстінде.

Қызметі: желді шығару, жүйелі арналарды тазарту, көз көруді жақсарту.

Симптом мен белгілер:


- Жалпы: эпилепсия, талма, құтыру ұстамасы, бас ауру, бет бұлшықетінің парезы.
- Офтальмологиялық: аметропия, көз бұлдырлау, жасаурау, көз ісінуі мен қызаруы, көз бұлшықетінің тартылуы, көздің қышынуы мен шаншып ауруы.
- Миопия, жедел конъюнктивит.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- VB20, GI4 нүктесімен – көз үсті аймақтың ауруы;
- E8 нүктесімен – бас ауырғанда;
- GI1 нүктесімен – көз торлы қабатының қанталауында;
- VB, VB20, GI4 нүктесімен – жедел конъюнктивитте;
- E32 нүктесімен – бет нервінің салдануында;
- V1, E36 нүктесімен – катарактада.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,1-0,3 см.

Шөппен күйдіру: тыйым салынған.



59-сурет. V1, V2 нүктелерінің орналасуы

V3 – Мэй – чун, «Ұмтылған қас»


Орналасуы: V2 нүктесінен жоғары, бастың шаш бөлігінің алдыңғы шетінің шекарасында.

Қызметі: жел бұзылыстарын жою.

Симптом мен белгілер: эпилепсия, талмалар, бас ауру, мұрын бітелу.

Ине салу: қиғаш, тереңдігі – 0,2-0,3 см.

Шөппен күйдіру: болады.



60-сурет. V2- V5 нүктелері

V4 – Цюй – ча, «Мұрынның үлкен тасымалдаушы нүктесі»

Орналасуы: Vg 24 нүктесінен 1,5 елі латеральды, бастың шашты бөлігінің алдыңғы шетінен 0,5 елі жоғары.

Қызметі: ыстықты суыту, желді босату.

Симптом мен белгілер:

- Жел белгілер: кеудеде қысылу сезімі, мазасыздық, дене ысынуы, тер шықпау, бас ауру, ысыну сезімі;
- Көру нашарлауы, мұрыннан қан ағу, мұрын бітелу.

Ине салу тереңдігі: 0,2-0,4 см

Шөппен күйдіру: болады.

V5 – У – су, « 5-ші орында»

Орналасуы: Vg 23 нүктесінен 1,5 елі латеральды, бастың шашты бөлігінің жоғарғы шетінен 1 елі жоғары орналасқан.

Қызметі: Жел – белгілерді жою, жүйелі арналарды босату, тырысуды тоқтату.

Симптом мен белгілер:

- Арқа бұлшықеттерінің ауруы мен спазмы, описто тонус, тырысу ұстамасы, эпилепсия;
- Жел – белгілер: дене ысынуы, бас айналу, көз бұлдырлау, сезімталдық төмендеуі.

Нүктені анықтау: басты ұстап тұрып, ине салынады.

Ине салу тереңдігі: 0,3 см.

Шөппен күйдіру: болады.

V6 – Чэн – гуан, « Жарықты қабылдайтын нүкте»

Орналасуы: V5 нүктесінен 1,5 елі жоғары.

Қызметі: Жел – белгілерді жою, ылғалды жеңу, көру қабілетін жақсарту.

Симптом мен белгілер:

- Жел – белгілер: бас айналу, бас ауру, жүрек айну, құсу, мұрын бітелу, иіс сезу қабілетінің жоғалуы;
- Ауыздың бұлшықетінің салдануы, парезы, мұрыннан су ағу;
- Көз бұлдырлау, көру нашарлауы.

Нүктені анықтау: басты сәл еңкейткенде нүкте оңай анықталады.

Ине салу: көлденең, тереңдігі – 0,2-0,3 см.

Шөппен күйдіру: тыйым салынған.

V7 – Тун – тянь, « Аспанмен сөйлесетін нүкте»

Орналасуы: V6 нүктесінен 1,5 елі жоғары.

Қызметі: Жел – белгілерді босату, ылғал желді жою, тырысуды басу.


Симптом мен белгілер:

- Жел – белгілер, ылғал – жел: мойын ұюы, бас қозғалтудың қиындауы, мұрыннан қан ағу, мұрыннан су ағу, мұрын бітелу;
- Бет бұлшықетінің біржақты салдануы, бас айналу мен естен тану;
- Мойын ісінуі, струма.

Нүктені анықтау: Vg20 – Бай – хуэй нүктесінен 1,5 елі латеральды.

Ине салу тереңдігі: 0,2-0,3 см

Шөппен күйдіру: болады.



61-сурет. V6-V11 нүктелері

V8 – Ло – цюэ, «Кетіп бара жатқанмен байланыстыратын нүкте» («Толық емес байланыс»)

Орналасуы: V7 нүктесінен 1,5 елі жоғары және ортаңғы артқы арнадан 1,5 елі латеральды.

Қызметі: Жел – белгілерді босату, ылғал желді, жүйелі арналарды босату, бауырдағы энергияны күшейту.

Симптом мен белгілер:

- Түнде көру нашарлауы, кенеттен көз көрмеу;
- Естің обнубиляциясы, іште кернелу сезімі;
- Бас айналу, құлақ шуылы, спазм, құтыру, мазасыздық.


Ине салу тереңдігі: 0,2-0,3 см

Шөппен күйдіру: болады.

V9 – Юй – чжэнь, «Нефриттен жасалған жастық»

Орналасуы: Желке төмпешігінің латеральды жоғары шеті, Vg17 – Нао – ху нүктесінен 1,3 елі латеральды және V10 – Тянь – чжу нүктесінен жоғары.

Қызметі: Жел – белгілерді босату, жүйелі арналар өтімділігін жоғарылату.



62-сурет. V9-V12 нүктелері

Симптом мен көрсеткіштер:

- Көздегі қатты ауру сезімі, алыстан көру нашар
- Қатты бас ауру;
- Иіс сезу қабілетінің жойылуы.

Нүктені анықтау: науқас ішімен жатады.

Ине салу тереңдігі: 0,3 см.

Шөппен күйдіру: болады.

V 10 – Тянь – чжу, «Аспан қамалы»

Орналасуы: Құлақ сырғалымының артқы шетінен артқа қарай баратын көлденең сызық пен VB 20 – Фэн – чи нүктесінен жоғары баратын тік сызық бойында, Vg15 – Я – мэнь нүктесінен 1,3 елі латеральды және бастың шашты бөлігінің артқы шетінен 0,5 елі жоғары орналасқан.

Қызметі: Жел – белгілерді жою, ылғалды басу, жүйелі арналар өтімділігін жоғарылату.

Симптом мен белгілер:

- Жел мен ылғал жел – бұзылыстар; бас айналу, қатты бас ауру, көз ауру, мойында сіресу мен ауру сезімі, көз қарауыту, құтыру;
- Мұрын бітелу мен иіс сезу қабілетінің жоғалуы;
- Иық пен арқаның ауруы, тамақ ісінуі, сөйлеу қиындауы.

Нүктені анықтау: Науқас ішімен жатқан қалпында.

Ине салу тереңдігі: 0,3 – 0,5 см

Шөппен күйдіру: пайдасы болмайды.

V11 – Да – чжу, «Үлкен омыртқа»

Орналасуы: 1 кеуде омыртқасының қылқанды өсіндісінен 1,5 елі латеральды.

Қызметі: Жел мен бірге суық немесе ыстықтық белгілерді жою, қатты ыстықты суыту, ылғал ыстықты шығару.

Симптом мен белгілер:

- Тұмауға бейім, жиі суық жел аурулары;
- Жөтел, дене температурасының көтерілуі, бас ауру;
- Дене ысынуының ауыспалы болуы, тамақ бітелуі, кеудеде қысылу сезімі, арқа мен бел ауруы, бас ауру, қалтырау;
- Бас айналумен жүретін дене ысынуы;

- Мойын ұюы, жауырын тұсындағы ауру сезімі;
- Тіздегі ауру сезімі, аяқ әлсіздігі, бір орында көп уақыт тұра алмау;
- Қатты мазасыздық, шаршағыштық, көңіл – күй түсуі, әлсіздік; барлық аяқ – қол спазмы, эпилепсия, хордапсис;

Басқа нүктелермен бірігуі:

J17 мен E40 нүктесімен – демікпеде;

Vg1 нүктесімен – ішек хордапсисінде.

Нүктені анықтау: Науқас ішімен жатыр. Нүкте Vg13 – Тао – дао нүктесінен 1,5 елі латеральды орналасқан.

Ине салу тереңдігі – 0,5 см.

Шөппен күйдіру: болады.

V 12 – Фэн – мэнь, «Жел қақпасы»

Орналасуы: II кеуде омыртқасының қылқанды өсіндісінен 1,5 елі латеральды.

Қызметі: Өкпе арнасын нығайту, энергияны реттеу, ыстықты суыту, желді жою, жүйелі арналарды босату.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Дене ысынуы, тыныс алу қиындауы, жөтел, мұрыннан қан ағу, жиі түшкіру, мұрыннан су ағу, мойын ұюы, бас ауру, бас айналу, кеудеде ысыну сезімі, көлденең қалпында жата алмау, тұмау белгілері, жүрек айну;
- Тұмау, бронхит, пневмония, плеврит, бронх демікпесі, невралгия.

Басқа нүктелермен бірігуі:

– Vg14, GI4, Vg13 нүктесімен – эпидемиялық тұмауда;

– GI 11, P7, RP10 нүктесімен – есекжемде;

– V13, P7 нүктесімен – плевритте.

Нүктені анықтау: науқас отырған, ішімен жатқан немесе алға қарай еңкейген қалпында.

Ине салу:

– Тігінен немесе омыртқаға бағыттап қиғаш салынады, тереңдігі – 0,5 – 1 см.

– Көлденең ине салуға болады, тереңдігі 1, – 2 см

Шөппен күйдіру: 5 – 15 минут

V 13 –Фэй – шу, « Өкпе арнасындағы арқаның қақпасы»

Орналасуы: III кеуде омыртқасының қылқанды өсіндісінен 1,5 елі латеральды.

Қызметі: Өкпе мен бүйрек арналарын реттеу, энергияны реттеу, Иньді күшейту, ыстықты суыту, Янды басу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Стресс – белгілері: тез шаршағыштық, омыртқа кисаюы, ентигу, ұйқы кезіндегі тершеңдік, жөтел, кеудеде ауру сезімі, ауыз құрғау;
- Ылғал – белгілер: сарғаю, іште ауру сезімі, жүрек айну, құсу, тәбет болмауы;
- Жел – белгілер: қозғыштық, құтыру, өзін – өзіне қол жұмсау әрекеті, тұмау белгілері, мойын ұюы, аяқ – қол тырысуы мен салдануы, тамақ бітелу, кеудеде қысылу сезімі, тыныс алу қиындауы, жұтыну қиындауы, эпилепсия, талмалар.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- J 22 нүктесімен – жөтелде;
- J17, P1, MC6 нүктесінен – бронх демікпесінде;
- V10, Vg 14, J20, J21, P5, E36 нүктесімен – туберкулезде;
- Vg14, V43 нүктесімен – бірге шөппен күйдіру – созылмалы бронхитте.

Науқасты анықтау: науқас тік отырған немесе ішімен жатқан қалпында.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,3 – 1 см; көлденең: тереңдігі – 1-2 см.

Шөппен күйдіру: 5 – 15 минут.

V14 – Цзюэ – Инь – шу, «Иньді жұмсартатын арқаның қақпаны» (Бауыр мен жүрек қабы арнасы)

Орналасуы: I V кеуде омыртқасының қылқанды өсіндісінен 1,5 елі латеральды.

Қызметі: жүрек қабы арнасын реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер: кеуде қысылуы, жүрек айну, құсу, жөтел, тіс ауру.

Басқа нүктелермен бірігуі: V17. R19 нүктесінен – тахикардияда

Нүктені анықтау: науқас ішімен жатқан қалпында.
Ине салу: тігінен 0,5 – 1см тереңдікке; көлденең 1 – 2см.
Шөппен күйдіру: 5 – 15минут.

V15 – Синь – шу, «Жүрек арнасының арқадағы қақпаны»

Орналасуы: V кеуде омыртқасының қылқанды өсіндісінен 1,5 елі латеральды.

Қызметі: Жүрек арнасын реттеу, тыныштану, энергияны реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Негізгі көрсеткіштер:қанды қақырықты жөтел, кеудеде қысылу сезімі, мазасыздық, қозғыштық, ұмытшақтық, балада сөйлеу нашарлауы, тершеңдік, ерні қанық қызыл түсті.
- Жел белгілері: гемиплегия, қозғыштық, обнубиляция, мазасыздық.
- Ылғал белгілер: жүрек айну, құсу, дене қызуының жоғарлауы, алақаны мен табаны ыстық.
- Бүйрек арнасындағы жетіспеушілік: ұйқы кезіндегі тершеңдік.
- Қабырға аралық невралгия, неврастения, жүректің ревматизмі, жүрекшелер жыбырлауы, тахикардия, шизофрения, эпилепсия.

Нүктені анықтау: Науқас ішімен жатқан қалпында.

Ине салу:

- Классикалық: тереңдігі – 0,3см;
- Заманауи; тереңдігі – 0,5 – 1см.

Шөппен күйдіру: 5 – 15минут


V16 – Ду – шу, «Артқы орталық арнаның арқадағы қақпаны»

Орналасуы: VI мен VII кеуде омыртқалары арасында, артқы ортаңғы сызықтан 1,5 елі латеральды.

Қызметі: Энергияны ішкі ағзаларға тасу, ылғал іркілісін жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Дене қызуының ауыспалы көтерілуі, кеуде мен іште ауру сезімі, ішек құрылдау, контраекция, ықылық тию.



63-сурет. V16-V19 нүктелері

– Эндокардит, перикардит, диафрагма спазмы, мастит, тері қышынуы.

Нүктені анықтау: Науқас ішімен жатыр. Vg 10 лиин – тай нүктесіне сүйенеміз.

Ине салу: қиғаш, тереңдігі 0,7 – 1 см.

Шөппен күйдіру: 5 – 10 минут.

V17 – Гэ – шу, «Диафрагманың арқадағы қақпасы»

Орналасуы: VII кеуде омыртқасының қылқанды өсіндісінен 1,5 елі латеральды.

Қызметі: энергияны реттеу, іркілісті жою, кеуде мен іштегі кернелуді басу, жетіспеушілікті толықтыру.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бүйрек арнасының жетіспеушілігі – ұйқы кезіндегі тершендік;
- Шырыш, ыстық ылғал немесе ішкі ағзалардың жетіспеуі: құсу, іште қысым, тамақтан жиіркену, тамақтан кейін іш ауру;
- Шаршағыштық, аяқ – қолда ауырлық сезімі, ұйқышылдық, құсу;
- Тамақ бітелу, құсу, жұтыну қиындауы, жөтел, ықылық тию, кеудеде ауру сезімі, іштің ісінуі, толу сезімі.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- V43, E40 нүктесімен – тұрақты шырыш – белгілерде;
- IG 15, GI 4, V40 нүктесімен – қан ағуларда;
- E45 нүктесімен – асқорыту мүшелерінің атониясында;
- J22, J17, J14, E36 нүктесімен – көкет спазмасында;
- Vg14, V21, RP10, E36 нүктесімен – қан аздықта;
- P8 нүктесімен – тамақ бітелуінде.

Нүктені анықтау: Науқас ішімен жатқан қалпында.

Ине салу тереңдігі: 0,3 – 0,5 см.

Шөппен күйдіру: болады.

V18 – Гань – шу, «Бауыр арнасының арқадағы қақпасы»

Орналасуы: IX кеуде омыртқасының қылқанды өсіндісінен 1,5 елі латеральды.

Қызметі: Бауыр мен өт жолдарын нығайту, ылғал – ыстықты басу, энергияны реттеу, іркілісті жою, көру қабілетін жақсарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Қозғыштық, мазасыздық, ашуланшықтық, іште ауру сезімі, бел мен арқаның ауруы;
- Қорқыныш, құтыру, қан аралас қақырық, тобық мен аяқ сіресуі;
- Көз аурулары, дене ысынуы, аметропия, миопия, көз жаусаурау;
- Бас айналу, еңтігу;
- Етеккір бұзылысы;

– Неврастения, қабырға аралық невралгия, жедел және созылмалы гепатит, холецистит.

Басқа нүктелермен бірігуі:

Vg 4 – нүктесімен – көру нашарлауында;


IG1 нүктесімен – птеригийде;

F 13, RP 9 нүктесімен – арқа бұлшықетінің тырысуында;

V 40,GI 1 нүктесімен – түнгі көз көру нашарлауында

Ине салу тереңдігі – 0,3 – 0,5 см.

Шөппен күйдіру: 5 – 12 минут



64-сурет. V19-V22 нүктелері

V 19 – Дань – шу, «Өт қабының арқадағы қақпасы»

Орналасуы: X – XI кеуде омыртқалары арасында, артқы ортаңғы сызықтан 1,5 елі латеральды.

Қызметі: Бауыр мен өтжолы арнасынан ыстықты кетіру, көкбауыр арнасын реттеу, асқазан арнасын күшейту, тыныштандыру.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ыстық жел белгілері: қатты бас ауру, қалтырау, дене ысынуы, тер шықпау;
- Ылғал ыстық белгілер: қолтық асты ісінуі, аузына ащы дәм келу, ауыз құрғау, тамақ ауруы, жүрек айну, тамақтан жиркену, іштің төменгі жағының ауруы, көздің ақ қабығының сарғаюы;
- Бүйрек арнасының жетіспеуі – әлсіздік, кенеттен болатын тершеңдік немесе түнгі тершеңдік, шаршағыштық;
- Сарғаю, гепатит, холецистит, гастрит, аскоридоз, лимфа бездерінің туберкулезы, сегізкөз невралгиясы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

F13 нүктесімен – бүйір ауруы, қысылу сезімі, науқас жата алмайды.

Vg9, E36, F3 нүктесімен – жедел инфекциялық гепатитте.

Ине салу тереңдігі: 0,3 – 0,5см

Шөппен күйдіру: 5 – 15 минут.

V 20 – Пи – шу, «Көкбауыр арнасының арқадағы қақпасы»

Орналасуы: XI омыртқасының қылқанды өсіндісінен 1,5 елі латеральды.

Қызметі: Көкбауыр арнасын реттеу, ас – қорыту мен зат алмасуды күшейту, ылғал мен суды жою, энергияны реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жақсы тамақтанса да, салмақ қоспау; бүйірде толымдылық сезімі, дене ысынуы, ісінуі, сарғаю, түшкіру, тәбет жоғалуы, іш кебу, кеуде мен арқадағы ауру сезімі, шырыш – белгілер, ықылық тию, іш өту, жатырдың төмен түсуі, шаршағыштық, әлсіздік.
- Жаралар, ашуланшақтық, есекжем, қаназдық, бауыр ұлғаюы, сарғаю.

Басқа нүктелермен бірігуі:

V28 нүктесімен – көкбауыр арнасынан жетіспеушілігінде;

V18, J13 нүктесімен – қан түкіру мен мұрынан қан кеткенде;

J 13, V62, VB 34 нүктесімен – асқазаннан қан кеткенде;

V 17, V 23, V 20 нүктесімен – қант диабетінде;
Vg 14, E 36, RP 6 нүктесімен – лейкоцит төмендегенде
Ине салу тереңдігі: 0,3 – 0,5 см.
Шөппен күйдіру: 5 – 12 минут

V 21 – Вэй – шу, «Асқазан арнасының арқадағы қақпасы»

Орналасуы: Th12 мен L 1 омыртқа арасында, артқы ортаңғы сызықтан 1,5 елі шеткері.

Қызметі: көкбауыр мен асқазан арналарын реттеу, қызметін күшейту, ылғалды, іркілісті кетіру.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ішкі ағзалардың жетіспеушілігі мен суығы: тәбет болмауы, салмақ жоғалту, іштің төменгі жағында кернелу мен ауру сезімі, жүрек айну, құсу, іш өту;
- Ұйқысыздық, ұйқы бұзылысы, тәбетінің төмендеуі;
- Нәресте емген сүтін құсады.
- Ылғалды жел – белгілер: кеуде мен бүйірлерде қысылу сезімі, арқаның ауруы
- Гастрит, асқазан ойық жарасы, панкреатит, гепатит, энтерит

Басқа нүктелермен бірігуі:

V25 нүктесімен – спастикалық салдануда;

V23 нүктесімен – асқазан арнасындағы суықтың жетіспеушілігінде, салмақ жоғалтуда;

J4 нүктесімен – қалтырау, иық пен арқа ауруы;

V20, J 21, E36 нүктесімен – созылмалы гастритте;

J12, V20, J13 нүктесімен – асқазан ойық жарасында;

Ине салу тереңдігі: 0,3 – 0,5 см.

Шөппен күйдіру: науқастың жасына байланысты.

V22 – Сань – цзяо – шу, «Үштік жылытқыштың арқадағы қақпасы»

Орналасуы: L1 мен L2 омыртқа арасында, артқы ортаңғы сызықтан 1,5 елі шеткері.

Қызметі: энергияны қоздыру, сұйықтықты реттеу, ылғалды жену, ылғалды реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер:


- ылғал мен шырыш белгілер: іш үлкеюі, дене салмағының төмендеуі, ісінуі, сарғаю;
- тамақ пен суды іше алмау; аскорыту бұзылысы, іш өту, іш құрылдау;
- бас ауру, бас айналу, арқа мен иықта қақсаған ауру сезімі, арқа ұюы, бел ауру.
- гастрит, энтерит, нефрит, асцит, неврастения.

Басқа нүктелермен бірігуі:

V24, V25, E 36 нүктесімен – жедел және созылмалы нефритте.

Ине салу: тігінен 0,5 – 1,5 см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: 10 – 20 минут.



65-сурет. V23, V24 нүктелерінің орналасуы

V23 – Шэнь – шу, «Бүйрек арнасының арқадағы қақпасы»

Орналасуы: L 2 мен L 3 омыртқа арасында, артқы ортаңғы сызықтан 1,5 елі шеткері.

Қызметі: бүйрек арнасын реттеу және нығайту, белді күшейту, есту қабілетін жақсарту, көру қабілетін жақсарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бүйректегі Ян жетіспеуі: жылу жетіспеу, салмақ тастау, құлақ естуінің нашарлауы, ентігу, аяқ пен белде әлсіздік, қалтырау, белсіздік, зәр шығару бұзылысы: энурез, гематурия, пиурия, әйелде қанды немесе іріңді бөліністер: беті бозарған, белде суықтық сезімі, іш толу, іш құрылдау, іш өту, ас сіңбеу;
- Көру қабілетінің төмендеуі, бұзылысы;
- Эпилепсия, ауыспалы дене ысынуы;
- Қорқыныш, үрей сезімі;
- Тамыр соғысы жайылмалы; бас ауру, дене ысынуы, әлсіздік, шаршағыштық
- Нефроптоз, ишиас, энурез, бронх демікпесі, қан аздық, омыртқааралық диск зақымдалуы, полиомиелиттен кейінгі реабилитация.

Басқа нүктелермен бірігуі:

Vg 4 нүктесімен – егде жастағы жиі кіші дәретте;

V15 нүктесімен – ұйқы кезіндегі шәует бөлінуі;

V40 нүктесімен – бел ауру;

VB34, RP6 нүктесімен – тамшылап зәр аққанда;

J4 нүктесімен – ерлердегі белсіздікте;


J12 нүктесімен – іш өткенде;

J4, E36 нүктесімен – қант диабетінде;

J3, RP6 нүктесімен – зәр шығару жолдарының инфекциясында.

Ине салу: тереңдігі 0,5 – 2 см, тігінен немесе омыртқаға қарай бағыттап.

Шөппен күйдіру: 5 – 20 минут.



66-сурет. V25-V27 нүктелері

V24 – Ци – хай – шу, «Энергия көз жинағының арқадағы қақпасы»

Орналасуы: L3 – L4 омыртқасының арасында, ортаңғы артқы сызықтан 1,5 елі шеткері, мықын сүйектің қырының жоғары жағында.

Қызметі: энергияны реттеу, бел мен тізені күшейту.

Симптом мен көрсеткіштер: бел ауру, қанайтын геморрой түйіндері.

Ине салу тереңдігі: 0,3 – 1 см.

Шөппен күйдіру: болады.

V25 – Да – чан – шу, «Тоқ ішектің арнасының арқадағы қақпасы»

Орналасуы: L4 – L5 омыртқалар арасында, артқы ортаңғы сызықтан 1,5 елі шетке.

Қызметі: Асқазан мен ішек арналарын реттеу, тамақ қорытуды жақсарту, бел мен тізені күшейту.

Симптом мен көрсеткіштер:

Іштің төменгі бөлігінің үлкеюі, іш кернелу, ішек құрылдау, іш өту немесе қату, сирек зәр шығу, іш ауру, кіндік тұсының

ауруы, бел мен арқа ауруы, бел ұюы, салмақ жоғалту, ішектің түйіліп ауруы, нәжісте қан болу.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- V 32 нүктесімен – зәр мен нәжіс ұстамау;
- V 30, E 38, V57, Vg 4, VB 34, RP 9 нүктесімен – дистрофия, асқорыту бұзылысында.

Нүктені анықтау:

Науқас ішімен жатыр, 4-ші бел омыртқаның қылқанды өсіндісінің жанында орналасады.

Ине салу тереңдігі : 0,3 – 2 см.

Шөппен күйдіру: 5 – 20 минут

V26 – Гуань – юань – шу, «Шекара басының арқадағы қақпасы»

Орналасуы: L5 пен S1 омыртқалар арасында, артқы ортаңғы сызықтан 1,5 елі шеткері.

Қызметі: Ішкі жылытқышты реттеу, энергияны сол жерге апару, ылғалды жою, бел мен тізені нығайту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Іш өту, зәр шығару қиындауы, бел ауру, бел әлсіздігі;
- Әйелдерде іштің төменгі жағында ісіктер.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,5 – 2 см.

Шөппен күйдіру: 5 – 30 минут.

V27 – Сяо – чан – шу, «Аш ішек арнасының арқадағы қақпасы»

Орналасуы: S1 мен S2 омыртқа арасында, артқы ортаңғы сызықтан 1,5 елі шеткері.

Қызметі: энергияны ішкі жылытқышқа ауыстыру, қуық пен аш ішек арналарын реттеу, ылғалды шығару.

Симптом мен белгілер:

- Қуық пен үш жылытқыш арналардағы жетіспеушілік: энурез немесе сирек зәр шығару, гематурия, тік ішекте ауру сезімі, геморрой, шөлдеу, іш өту, іш кернелу, аяқ ісінуі, іште ұстамалы ауру сезімі.

– Басқа белгілер: бас ауру, шаршағыштық, қынаптан бөлінді шығу, іш қату.

– Кіші жамбас тұсының қабынуы, энтерит.

Басқа нүктелермен бірігуі:

Vg 14, V20, V23 нүктесімен ревматизмдік ауруларда, омыртқа ауруында.

Шөппен күйдіру: 5 – 15 минут.

V28 – Пан – гуан – шу, «Тоқ ішек арнасының арқадағы қақпасы»

Орналасуы: II мен III сегізкөз омыртқалары арасында, артқы ортаңғы сызықтан 1,5 елі шеткері.

Қызметі: Қуық энергиясын нығайту, арқа қозғалысын жақсарту.

Симптом мен белгілер:

– Зәр шығару бұзылысы, энурез, сирек зәр шығару, іш қату немесе іш өту, іштің төменгі жағының ауруы;

– Тырысу ұстамасы және қалтырау, қозғалыс шектелуі, тіздегі әлсіздік, тізе ұюы, арқаның ауры мен ұюы, бел – ауру, еңкеюдің қиындауы, арқаның сіресуі, әйелдерде іштің төменгі бөлігінде неоплазиялар мен ісіктер.

– Жыныс мүшелерінің аурулары, зәр ұстамау, қант диабеті, цистит.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,3 – 1,5см.

Шөппен күйдіру: 5 – 15 минут

V29 Чжун – люй – шу, «Арқаның орталық күшінің арқадағы қақпасы»

Орналасуы: III пен IV сегізкөз омыртқалары арасында, артқы ортаңғы сызықтан 1,5 елі шеткері.


Қызметі: бүйрек энергиясын күшейту, бүйректегі Иньді көбейту, қуық арнасындағы ыстықты суыту.

Симптом мен көрсеткіштер:

Бүйрек арнасының жетіспеушілігі, тер шықпау, қан мен ірің аралас іш өту, арқа бұлшықеттерінің ауруы мен сіресуі, іш ауру.

Ине салу тереңдігі: 0,3 – 1 см.

Шөппен күйдіру: болады.



inductorium anuli candidi V30

67-сурет. V30 нүктесі

V30 – Бай – хуань – шу, «Сфинктердің арқадағы қақпасы»

Орналасуы: Үлкен жамбас шұңқырының ішкі жағында, артқы ортаңғы сызықтан 1,5 елі шеткері.

Қызметі: энергияны төменгі жылытқышқа тасымалдау, жел мен ылғалды шығару, ішкі ыстықты суыту, ауру сезімін басу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Зәр шығару бұзылысы, іш қату, іштің төменгі жағының ауруы, бел мен арқа ауруы, инфекциялық дене қызбасы;
- Аяқ пен тізе әлсіздігі, мұздауы, спазмдар, қолдың сіресуі мен тырысуы, керемдік, алақан мен табан салдануы;
- Сперматорея, әйелдерде қынаптан бөлінділер, етеккір арасындағы қатты қан кетулер.
- Эндометрит, проктит, полимиелиттен кейінгі оңалту кезеңі.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- V 40 нүктесімен – арқа мен бел ауруы;
- RP10, RP бнүктесімен – созылмалы перитонитте.
- Vg 1, V57 нүктесімен – тік ішек шығуында.

Ине салу: тігінен – 0,5 – 2 см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: 5 – 15 минут.

V31 – Шан – ляо, «Жоғарғы шұңқыр»

Орналасуы: Бірінші артқы сегізкөз шұңқырына сәйкес келеді.

Қызметі: энергияны қуық пен бүйрек арнасына тасымалдау, ыстық пен ылғалды басу.

Симптом мен көрсеткіштер:

– зәр шығару бұзылысы, іш қату, жүрек айну, спазмдар, кекіру, құсу, мұрнынан қан ағу, дене қызбасы; қынаптан бөлінді шығу, бедеулік, бел мен тізе ауруы.

Ине салу тереңдігі: 0,3см.

Шөппен күйдіру: болады.

V32 – Цы – ляо, «Екінші шұңқыр»

Орналасуы: екінші артқы сегізкөз шұңқыры.

Қызметі: төменгі жылытқыштан ішкі ыстықты шығару.

Симптом мен көрсеткіштер:

– Ылғал белгілер: зәр шығару бұзылысы, сирек зәр шығару, қызғылт түсті зәр, ішек шұрылдау, іш өту, іш ауру, дене мұздауы, қозғалғанда бел мен арқа ауруы; қатты бел ауру, ауру сезімі жыныс ағзаларға беріледі; бел мен аяқтағы әлсіздік, гемиплегия, іште талу сезімі, әйелдерде қан аралас немесе шырышты бөліністер.


Басқа нүктелермен бірігуі:

V 23 нүктелермен – бел ауырса.

Нүктені анықтау – науқас жатқан қалпында.

Ине салу тереңдігі: 0,3 – 0,4см.

Шөппен күйдіру: болады.



68-сурет. V31-V35 нүктелері

V33 – Чжун – ляо, «Ортаңғы шұңқыр»

Орналасуы: үшінші артқы сегізкөз шұңқырына сәйкес келеді.

Қызметі: төменгі жылытқышта энергияны нығайту және реттеу, жетіспеушілікті толтыру мен ыстықты суыту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- зәр шығару бұзылысы, іш қату немесе іш өту, ішек керілуі, салмақ азайту;
- етеккір бұзылысы, қынап бөлінділері, әйел бедеулігі.


Ине салу тереңдігі : 0,2см

Шөппен күйдіру: болады.

V34 – Ся – ляо, «Төменгі шұңқыр»

Орналасуы: төртінші артқы сегізкөз шұңқырына сәйкес келеді.

Қызметі: бүйректегі Иньді күшейту, қуық энергиясын нығайту, төменгі жылытқышта ыстықты суыту.



69-сурет. V34-V37 нүктелері

Симптом мен көрсеткіштер:

Зәр шығару бұзылысы, іш қату немесе іш өту, қан аралас нәжіс, бел ұюы, ауруы; ауру сезімі жыныс мүшелеріне беріледі, әйелдерде қынап бөлінділері.

Ине салу: тігінен 0,2см тереңдікте.

Шөппен күйдіру: болады.

V35 – Хуэй – Ян, «Янның бірігуі»

Орналасуы: сегізкөз сүйегінің төменгі шетінде, артқы ортаңғы сызықтан 1,5 елі шеткері.

Қызметі: бүйректегі Инь мен Ян жетіспеушілігін толтыру, төменгі жылытқыштан ыстық пен ыстық ылғалды жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Етеккір бұзылысы, етеккір кезіндегі бел ауру, іштің төменгі жағында ыстық сезімі, жыныс мүшелердегі салқын тер, әйелдерде шырышты немесе қан аралас бөлінділер, ерлер бедеулігі;

– Іш өту, іште суықтық сезімі, қан аралас іш өту, қанталайтын геморроидальды түйіндер, аяқ ауруы.

Ине салу тереңдігі: 0,8 см.

Шөппен күйдіру: болады.

V36 – Чэн – фу, «Бұлшықет саңылауы» немесе Қорғаныс төмпешігі»

Орналасуы: Жамбас бұлшықетінің төменгі шетінде, жамбас қатпарының ортасында.

Қызметі: бүйрек арнасының жетіспеушілігін толтыру, әлсіздікті жою.

Симптом мен белгілер:

Іш қату, тік ішек ауруы, созылмалы геморрой, бел мен арқа ауруы, жыныс мүшелерінің ауруы, кіші жамбаста суықтық, зәр шығару қиындауы, аяқ бұлшықетінің салдануы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

J 4 мен V40 нүктесімен – бел мен жамбас ауру сезімінде.

Ине салу тереңдігі: 0,7 – 3см, тігінен.

Шөппен күйдіру: 5 – 10 минут

V37 – Инь – мэнь, «Санның қақпасы»

Орналасуы: V36 мен тізе ортасын қосатын сызықтың дәл ортасында, V36 нүктесінен 6 елі төмен.

Қызметі: ылғалды жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

– Бел мен арқа ұюы мен салдануы; санның ісінуі, жамбас сүйегінің ауруы, шығып кетуі, аяқ салдануы.

– Қан аралас іш өту, желке ауруы

Нүктені анықтау: Науқас ішімен жатқан қалпында.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,7 – 3см.

Шөппен күйдіру: 5 – 10 минут.

V38 – Фу – си, «Беткей тесік»

Орналасуы: V39 нүктесінен 1 елі жоғары.


Қызметі: Сыртқы ыстықты емдеу, төменгі жылытқыштағы іркіліс, аяқ тартылуын емдеу.

Симптом мен белгілер:

- Іш қату; сары түсті, ыстық сирек зәр шығару, іш өту;
- Жамбас буын әлсіздігі, санның сыртқы бетіндегі тартылулар.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,5см.

Шөппен күйдіру: болады.



70-сурет. V38-V40 нүктелері

V39 – Вэй – ян, «Тұнық судың Яны»

Орналасуы: тізе шұңқырының шеткі қырында.

Қызметі: сұйықтықты арнаға бағыттау, бүйрек арнасын күшейту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бұлыңғыр, сүттәрізді зәр шығу; қолтық асты шұңқыр ісінуі, кеудеде қысылу сезімі, дене ысынуы, зәр шықпау, геморрой, бел ауруы.

– Нефрит, цистит.

Басқа нүктелермен бірігуі:

V22, V28, J3 нүктесімен – бұлыңғыр, сүт тәрізді зәр шыққанда;

V52, V33, нүктесімен – зәр ұстамау немесе энурезде.

Нүктені анықтау: V40 – нүктесінен 1 елі шеткері орналасқан.

Ине салу тереңдігі: 0,7 – 2 см.

Шөппен күйдіру: 3 – 5 минут

V40 – Вэй – чжун, «Тұнық судың ортасы»

Орналасуы: тізе шұңқырының ортасында.

Қызметі: бүйрек пен бауыр арналарын реттеу, Янды басу, ыстықты басу, бел мен тізені нығайту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жалпы: терлемеу, дене ысынуы, іш өту, іш ауру, энурез;
- Ылғал жел: аяқ салдануы, тартылуы, бел мен аяқ ауруы мен ісінуі; жамбас пен тізе буындар қозғалысының шектелуі.
- Естен тану, біржақты салдану;
- Ішкі ағзалар жетіспеушілігі, әсіресе бүйрек арнасының : аздаған қозғалыста кенеттен терлеу, түнгі тершендік, дене ысынуы, бөртпелер, әсіресе арқаға шығу.
- Күн өту белгілері;
- Жедел энтерит, гастрит, жедел тізе буынының қабынуы, балтыр бұлшықетінің салдануы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

– R 7, Vg26, V23, V60 нүктесімен – жамбас сан ауруында;

– GI 4 нүктесімен – жел белгілерінде;

– «Қолдың 10 саусақтарының ұшындағы нүктелер» (shixing) мен Vg 26 нүктесімен – басынан күн өткенде;

– Vg 28 нүктесімен – жамбас ұршық буының шығуында

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,5 – 1 см.

Шөппен күйдіру: 3 – 5 минут.

V41 – Фу – фэнь, «Қосылған бөлік».

Орналасуы: II кеуде омыртқасы деңгейінде, артқы орталық сызықтан 3 елі шеткері.

Қызметі: жел – белгілерді босату.


Симптом мен көрсеткіштер:

Тырысу ұстамасы; иық пен арқа бұлшықетінде қысылу, кернелу мен ауру сезімі, мойын ауруы мен ұюы, қан мен шынтақ тырысуы.

Нүктені анықтау: науқас отырған немесе ішпен жатқан калпында. V12 нүктесінен 1,5 елі шеткері орналасқан.

Ине салу тереңдігі: 0,3 – 0,5см.

Шөппен күйдіру: болады.



71-сурет. V41-V42 нүктелері

V42 –По – ху, «Рухтың есігі» (рухани есік)

Орналасуы: III кеуде омыртқасы деңгейінде, артқы ортаңғы сызықтан 3 елі шеткері.

Қызметі: өкпе энергиясын күшейту, қорғаныс энергиясын қозғалысқа келтіру.

Симптом мен көрсеткіштер:

– Мойын омыртқаларының ұюы мен ауруы, кеуде мен арқа ауруы, өкпе эмфиземасы, тыныс алу қиындауы.

– Жүрек айну, құсу, кеудеде қысылу сезімі.

Ине салу тереңдігі: 0,5см.

Шөппен күйдіру: болады.

V43 – Гао – хуан, «Ішкі жан дүние»

Орналасуы: IVпен V кеуде омыртқа арасында, артқы ортаңғы сызықтан 3 елі шеткері.

Қызметі: көкбауыр мен бауыр арналарын нығайту, өкпе энергиясын реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жетіспеушілік белгілер: салмақ жоғалту, жөтел, қан аралас қақырық;
- Бүйрек арнасының жетіспеушілігі: түнгі шәует шығару;
- Жергілікті белгілер, арқа бұлшықетінің ауруы.
- Туберкулез, неврастения, бронхит, астма, плеврит.


Басқа нүктелермен бірігуі:

- Rg 13, V13, Rg 12, RS 4, S 36 нүктесімен бірге – шаршағыштықта.
- V13, V23 нүктесімен – туберкулезде;
- RS 22 нүктесімен – бронх демікпеді.

Ине салу: ине салынуы қиғаш, сыртқа бағытталған.

Ине салу тереңдігі: 0,5 – 1 см.

Шөппен күйдіру: 15 – 30 минут



72-сурет. V42-V44 нүктелері

V44 – Шэнь – тан, «Жеке тұлға күші»

Орналасуы: V пен VI кеуде омыртқа арасында, артқы ортаңғы сызықтан 3 елі шеткері.

Қызметі: Ішкі ағзалардан жел мен ылғалды желді шығару.

Симптом мен көрсеткіштер: Арқа бұлшықетінің тартылуы мен ауру сезімі, жөтел, кеудеде қысылу сезімі, ықылық тию.


Ине салу: қиғаш, сыртқа бағытталған, тереңдігі 0,3 – 0,5см.

Шөппен күйдіруге: болады.

V45 –И – си, «Жақсы нәтиже»

Орналасуы: VI тұсында, артқы ортаңғы сызықтан 3 елі шеткері.

Қызметі: Сыртқыны ашу, желді жою, ыстық жел мен ылғалды кетіру.



73-сурет. V45-V47 нүктелері

Симптом мен көрсеткіштер:

- Іш шұрылдау, іште су жиналу сезімі, тәбеттің болмауы;
- Қалтырау, арқаның ауруы, еңкеюдің қиындауы, еңтігу,

кеуде ауруы, иық пен қол ауруы, жоғары дене қызуында болатын тершеңдік.

Ине салу: қиғаш, тереңдігі – 0,5см.

Шөппен күйдіру: болады.

V46 – Гэ – гуань, «Көкеттің кіреберісі»

Орналасуы: VII кеуде омыртқасы тұсында, артқы ортаңғы сызықтан 3 елі шеткері.

Қызметі: өкпе мен көкбауырды нығайту, желді мен ылғалды кетіру.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел – белгілер: арқа бұлшықетінің тартылуы мен ауруы, қозғалыс шектелуі, қалтырау.
- Ылғал жел: жүрек айну, кекіру, сұйық қақырық, кеуденің қысылуы:
- Ылғал немесе ыстық ылғал; кеудеде қысылу сезімі, іш өту немесе іш қату, сирек зәр шығару, сары түсті кіші дәрет, қан ағу.

Нүктені анықтау: Нүкте жауырынның медиальды қырында орналасқан.

Ине салу: қиғаш, тереңдігі 0,5см.

Шөппен күйдіру: болады.

V47 – Хунь – мэн, «Жанның есігі»

Орналасуы: IX кеуде омыртқа деңгейінде, артқы ортаңғы сызықтан 3 елі шеткері.

Қызметі: ішкі ағзалардың энергиясын күшейту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Асқорыту бұзылысы, жүрек айну, құсу, тәбет жоғалуы, ішек шұрылдау, іш ауру, кеуде , арқа ауруы;
- Іш өту немесе іш қату, зәр шығуы сирек, зәрі қызғылт немесе сары түсті.

Ине салу: сәл қиғаш, тереңдігі – 0,5см.

Шөппен күйдіру: болады.

V48 – Ян – ган, «Янның басты нүктесі»

Орналасуы: X кеуде омыртқа тұсында, артқы ортаңғы сызықтан 3 елі шеткері.

Қызметі: асқазан мен ішек арналарының Янын нығайту, дәреттің шығуын реттеу.


Симптом мен көрсеткіштер:

– Ішек шұрылдау, іштің төменгі жағының ауруы, тәбеттің болмауы, дәрет шығу бұзылысы, іштің төменгі бөлігінің ісінуі мен қызуы, сарғаю.

– Холецистит

Ине салу тереңдігі : 0,5см.

Шөппен күйдіру: болады.



74-сурет. V48-V50 нүктелері

V49 – И – шэ, «Қиял үйі»

Орналасуы: XI кеуде омыртқаның төменгі шетінің деңгейінде, артқы ортаңғы сызықтан 3 елі шеткері.

Қызметі: ішкі ағзалар энергиясын реттеу, өкпе арнасын күшейту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ылғал бұзылыстар; ыстық ылғал: іш кебу, іш өту, сирек қызыл түсті зәр шығару, қалтырау, арқаның ауруы, тәбет болмау, жүрек айну, құсу;
- Дене қызуының жоғарылауы, көз сарғаюы, бетінің қызаруы;
- Ұзаққа созылған құсу

Ине салу тереңдігі: 0,5см.

Шөппен күйдіру: болады.

V50 – Вэй – цан, «Асқазан арнасының қоймасы»

Орналасуы: XII кеуде омыртқаның тұсында, артқы ортаңғы сызықтан 3 елі шеткері

Қызметі: асқазан арнасын нығайту, асқорытуды реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- іштің кебуі, кернелу сезімі, тәбеттің болмауы;
- қалтырау, арқа бұлшықеті ауруы, қозғалыс шектелуі;
- ісіну

Ине салу тереңдігі: 0,5см.

Шөппен күйдіру :болады.

V51 –Хуань мэн, «Ішкі дүниенің есігі»

Орналасуы: 1 бел омыртқа тұсында, артқы ортаңғы сызықтан 3 елі шеткері


Қызметі: ыстық пен сыртқы ыстықты ішкі ағзалардан шығару.

Симптом мен көрсеткіштер:

Іш ауру, іш қату, мастопатия

Ине салу тереңдігі: 0,5см.

Шөппен күйдіру: болады.



75-сурет. V51-V52 нүктелері

V52 Чжи – ши, «Жинақтаушы қор»

Орналасуы: II мен III бел омыртқа арасында, артқы ортаңғы сызықтан 3 елі шеткері.

Қызметі: бүйрек энергиясын сақтау мен нығайту

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бүйрек энергиясы жетіспеуі: жыныс мүшелерінің ісінуі мен ауруы, арқа мен бел ауруы, еңкеюдің қиындауы;
- Түнгі уақыттағы шәует ағу, зәр шығару бұзылысы;
- Ішкі ағзалардағы ылғалдылық; ісіну, асқорыту бұзылысы, жүрек айну, іш кернелу, іш өту.

Ине салу тереңдігі: 0,5см.

Шөппен күйдіру: болады.

V53 – Бао – хуан, «Бұралған ішкі құрылыстар»

Орналасуы: Екінші сегізкөз шұңқыры тұсында, артқы ортаңғы сызықтан 3 елі шеткері.


Қызметі: Ішкі ағзалардан ылғал мен ылғалды ыстықты шығару, тәбетті реттеу;

Симптом мен көрсеткіштер:

Асқорыту бұзылысы, ішек құрылдау, іш қату немесе іш өту, зәр шығару бұзылысы, ісіну, арқа мен белде қатты ауру сезімі, жыныс мүшелердің ісіктері.

Ине салу: 0,5см.

Шөппен күйдіру: болады.



76-сурет. V52-V54 нүктелері

V54 – Чжи – бянью, «Тармақтың шеті»

Орналасуы: 4-ші сегізкөз шұңқырының бойында, артқы ортаңғы сызықтан 3 елі шеткері.

Қызметі: Төменгі жылытқышта ылғал мен ыстықтың әлсіреуін реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Сегізкөз тұсында, жыныс мүшелерінде, тік ішек, артқы тесік айналасында ауру сезім;
- Сирек шығатын қызыл түсті зәр, бел ауру, геморрой.

Ине салу тереңдігі: 0,5см, тігінен

Шөппен күйдіру: болады.

V55 – Хэ – Ян, «Байланысқан Ян белгілер»

Орналасуы: V – 40 Вэй – чжун нүктесінен 2 елі төмен.

Қызметі: бауыр арнасын реттеу, ыстықты суыту, желді босату.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Арқа мен бел бұлшықеттерінің спазмдық тырысуы, іштің сыздап ауруы, тізе буынының ісінуі мен ауруы;
- Әйелдерде жатырдан қан кету мен қынап бөліністері.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,5 – 1см.

Шөппен күйдіру: болады.

V56 – Чэнь – цзинь, «Бұлшықет пен сіңірді

қуаттандыратын нүкте»

Орналасуы: V 56 пен V 56 нүктелерінің ортасында.

Қызметі: Бауыр арнасын қуаттандыру, желді жою, ішкі ағзалардан ыстық ылғалды шығару.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бел мен арқа бұлшықетінің спастикалық тырысуы, аяқ – қолдың спастикалық салдануы, тобықтың парезі мен салдануы; қайық асты шұңқырдың ісінуі;
- Зәр шығару бұзылысы, іш қату; мұрыннан қан ағу, іш өту, геморрой.

Ине салу: тігінен, 05 см тереңдікте.

Шөппен күйдіру: болады.

V57 – Чэн – шань, «Бұлшықет жиынтығы»

Орналасуы: m. gastrocnemius –тың өкше сіңіріне жалғасқан жері.

Қызметі: ішкі ағзалардың энергиясын нығайту және реттеу, ыстықты суыту, ылғалды шығару, жетіспеушілікті толтыру, геморройды емдеу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жалпы ылғал – бұзылыстар; өкшенің сыртқы зақымы (ісіну, жара, қызару), өкше мен тілерсектегі ауру сезімі, бел мен аяқ ауруы, өкшеге берілетін аяқ ауруы, бір орында ұзақ тұра алмау;
- Ылғалды жел немесе ыстық ылғал: бұлшықеттің тартылуы мен спазмы; қалтырау, іш қату, тамақ ауруы, іш өту, асқорыту бұзылысы, геморрой.
- Аяқтың жарақаты, гематомасы немесе жаралары.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- Vg 1 нүктесімен – қанталайтын геморроидальды түйіндерде;
- RP 9 нүктесімен – іш толу сезімінде;
- V60 нүктесімен – бұлшықет созылғанда және бас айналуында.

Ине салу тереңдігі: 0,5 – 2,5см.

Шөппен күйдіру: 5 – 15 минут.

V58 – Фэй – Ян, «Артқа шегінетін Ян»

Орналасуы: тобық сүйегінен 7 елі жоғары, V 60 нүктесінен 7 елі жоғары.

Қызметі: Ортаңғы жылытқыштан жел, ылғал және ыстықты шығару.


Симптом мен көрсеткіштер:

- Бауыр арнасындағы жел өзгерісі: эпилепсия, бас ауру, бас айналу, буын ауруы, дене ысыну;
- Көз қызаруы мен ауруы, бұлшықет тартылуы
- Науқас денесі дірілдеп, аяғында тұра алмайды; бас пен мойынға берілетін арқа ауруы; мұрын бітелу, мұрыннан қан ағу.

Нүктені анықтау: нүкте V 57 нүктесінен 1,5 елі төмен орналасқан.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 1,5 – 2,5см.

Шөппен күйдіру: 5 – 20 минут



77-сурет. V57-V60 нүктелері

V59 –Фу – ян, «Өкшедегі Ян»

Орналасуы: V 60 нүктесінен 3 елі жоғары.

Қызметі: бауыр мен бүйрек арналарындағы жетіспеушілікті жою, энергияны төмен бағыттау.

Симптом мен көрсеткіштер: бас ауру, ауырлық сезімі, қан құйылу сезімі, қалтырау, іш өту, аяқ – қол тырысуы, бел ауру, сан мен тізе ауруы, аяқ салдануы, тілерсектің ісінуі мен қызаруы.

Ине салу тереңдігі: 0,5 – 1 см.

Шөппен күйдіру: болады.

V60 – Кунь – лунь, «Биіктік шыңы»

Орналасуы: сыртқы тобық үстінде, өкше сіңірі мен тобықтың латеральды шеті арасында.

Қызметі: бауыр арнасын нығайту, энергияны нығайту, желді жою, бұлшықет пен нервті қатайту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел белгілер: бас ауру, мойын ұюы, бас айналу, иық пен арқа бұлшықетінің қатаюы;
- Аяқ – қол спазмы мен салдануы, көздің ауруы, кеудеде ауру сезімі;
- Балалардағы талма ұстамасында;
- Ыстық жел, ыстық ылғал, ылғалды жел; Мұрыннан қан ағу, тобық ауруы мен ісінуі, тізе асты шұңқыр ұюы, табан ісінуі; қатты ауру сезімі;
- Жыныс мүшелерінің ісінуі мен ауру сезімі, тершендік, дене қызуының көтерілуі;
- Жүктілік пен босану кезіндегі асқынулар, бала жолдасының жабысуы.

Басқа нүктелермен бірігуі:


VB 3, VB 40 нүктелерімен – тобық пен табан ауруында;

GI 4 пен R7 нүктесімен – арқа бұлшықетінің сыздап ауруы.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,3 – 1 см.

қиғаш, тереңдігі 1 – 3 см.

Шөппен күйдіру: 5 – 15 минут.



78-сурет. V60-V62 нүктелерінің орналасуы

V61 – Пу –шэнь, «Жүргізетін нүкте»

Орналасуы: өкеше сүйегінің тереңінде, V 60 нүктесінен 1,5 елі төмен.

Қызметі: бауыр арнасын нығайту және реттеу, желді босату, бұлшықет пен нервті нығайту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Өкшенің салдануы, табан мен өкшедегі қатты ауру сезімі, ісінуі;
- Іш өту, бұлшықет тартылуы; құсу мен естен тану; эпилепсия, галлюцинация, құтыру, ашулану, ақыл – ес кемістігі;
- Зәр шығару бұзылысы, бұлыңғыр түсті сирек зәр.

Ине салу тереңдігі: 0,2 – 0,3см.

Шөппен күйдіру: болады.

V62 – Шэнь – май, «Янның қайнар көзі»

Орналасуы: Тобықтың сыртқы шетінен жоғары және 0,5 елі латеральды, шұңқырда.

Қызметі: бауыр энергиясын нығайту және реттеу; бұлшықет пен нервті босату; есту қалпына келтіру.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел белгілер. Бас ауру, бас айналу, бел мен аяқ ауруы;
- Тіл күрмелену, бір жақты салдану, бет бұлшықетінің парезі;
- Бауырдағы, Ян жетіспеушілігі: эпилепсия, дене ысынуы, қалтырау, тершендік;
- Тобық пен табан ауырсынуы, сан мен аяқ әлсіздігі, тізе буынының сынығы, ұюы;
- Бүйректегі Ян жетіспеушілігі: етеккір кезіндегі іштің төменгі бөлігінде ауру сезімі, құлақ шуылы;

Басқа нүктелермен бірігуі:

IG 3 пен IG2 нүктесімен – эпилепсияда;

TR 17 мен F3 нүктесімен – тепе-теңдік бұзылысында.

Ине салу тереңдігі: 0,3 – 0,5см.

Шөпен күйдіру: 3 – 5 минут.

V63 – Цзинь – мэнь, «Темір қақпа»

Орналасуы: Сыртқы тобықтан 1 елі төмен, V 62 нүктенің алдында.

Қызметі: желді жұмсарту, бауыр энергиясын күшейту мен реттеу, спазм мен тырысуларды кетіру.

Симптом мен көрсеткіштер:


- Іш өту мен аяқ бұлшықет тырысу, естен тану, эпилепсия, түтіліп ауруы, опистотонус;
- Балаларда басын ұстай алмау, аузын жаба алмау;
- Әлсіздік, дене дірілі, тізе буынының ауруы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

VB 40 нүктесімен – аяқ тырысуы мен ішек ауруында.

Ине салу тереңдігі: 1,0 – 0,3см.

Шөппен күйдіру: болады.



79-сурет. V63-V66 нүктелері

V64 – Цзин – гу, «Пирамида тәрізді сурет»

Орналасуы: Өкшенің латеральды шетінде, ақ пен қызыл аймақ арасында, V аяқ бармағының шетінде.

Қызметі: Жел белгілерді босату, ақыл – есті қалпына келтіру.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Эпилепсия, бас ауру, мойын ұюы, дене ысынуы, дене тырысуы

- Көз алды бұлыңғырлау, көз қызару, мұрын қабынуы;
 - Мұрыннан қан ағу, бас айналу, көз көруі нашар, кеудеде ауру сезімі, қорқыныш үрей, тәбеттің болмауы;
 - Бас ауру, бел ауру, бел қозғалысының шектелуі, жамбас буынының ауруы, тізе мен табан ауруы.
 - Энцефалит, миокардит
- Ине салу тереңдігі: 0,3 – 1 см.
Шөппен күйдіру: 5 – 10 минут.

V65 – Шу – гу, «Бұралған сүйек»

Орналасуы: Бесінші аяқ бармақ сүйегінің басынан төмен және проксимальды, ақ пен қызыл ет арасында.

Қызметі: Ішкі арналар энергиясын күшейту, жел, ылғал мен ыстық бұзылыстарын жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел – белгілер: эпилепсия, құтыру, іш ауру, бас айналу, мойын бұлшықетінің созылуы, қалтырау, дене ысынуы, көз қызару;
- Ыстық пен ылғал белгілер: арқада жаралар, есекжем, кереңдік, жас ағу, сегізкөз ауруы, жамбас ұюы, бел ауру, тізе буынының тартып ауруы.

Ине салу тереңдігі: 0,2 – 0,3см.

Шөппен күйдіру: болады.

V66 – Тун – гу, «Қуық арнасын біріктіретін жері»

Орналасуы: V аяқ бармағының латеральды бетінде, шұңқырда.


Қызметі: ішкі ағзалардың энергиясын нығайту, бауыр мен көкбауыр арнасын күшейту, жел мен ылғал – бұзылысты жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ес бұзылысы, бас айналу, қорқыныш, мойын ұюы мен ауруы;
- Мұрыннан қан ағу, аметропия; дене ысынуы, жөтел, кеуде мен іш қысылуы, асқорыту бұзылысы, іш өту.

Ине салу тереңдігі: 0,2 – 0,3см.

Шөппен күйдіру: болады.



80-сурет. V66-V67 нүктелері

V67 – Чжи – Инь, «Шеткі Инь»

Орналасуы: 5-ші аяқ бармағының сыртқы бетінде, тырнақ түбірінен 0,1 елі шеткері.

Қызметі: бүйрек пен бауыр арналарын күшейту мен реттеу, бүйректегі Иньды нығайту, ішкі желді жою, жүктілік пен босануды жеңілдету.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Зәр шығару бұзылысы, аяқ пен табан әлсіздігі, аяқ табандарының ысынуы, тізе мен балтыр ісінуі, дене ысынуы, тершеңдік, тері қышынуы;
- Жүктілік пен босанудың асқынуы;
- Көз көруі нашарлау, көз бұрышындағы ауру сезімі;
- Бас ауру, мұрын бітелу, кеудеде қысылу сезімі;
- Бұлшықет созылуы, тартылуы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- VB 20, VB 3 нүктесімен – бас пен мойын ауруында;
- E 15 нүктесімен – тері қышынуында

Ине салу тереңдігі: 0,1 – 0,2см.

Шөппен күйдіру: 10 – 30 минут.

Бүйрек арнасы

Жұп, симметриялы, Иньдік, орталыққа қарай бағытталады. Жоғары белсенділік уақыты 17:00 – 19:00 сағат.

Табан ойығынан басталып, табанның ішкі жағынан өтіп, медиальды тобықтан артқа және төмен айналып, төрт бұрышты ілмекті түзейді. Кейін тілерсек пен санның ішкі жағымен жоғары бағытталып, IV пен XII арналардың артында орналасады. Шат сүйегіне тіреліп, 2 тармаққа бөлінеді;

1) Беткей – ол іш аймағында 0,5 еліге ауысады. ал кеуде омыртқасы тұсында ортаңғы сызықтан 2 еліге ауысып, бұғана сүйегінің астында R 27 – Шу – фу аяқталады;

2) Терең тармағы – омыртқаның бел – сегіз көз аймағы мен бүйрекке кіріп, бүйректен өтқабы, бауырға тарап, көкет арқылы өкпе, жүрекке кіріп, перикардпен жанасып, өңеш арқылы тіл түбіріне дейін жетеді.

Арнаның қызметі:

- 1) Сүйек пен сүйек кемігін реттейді;
- 2) Энергияның пайда болуына септігін тигізеді;
- 3) Мінезге, қайсарлыққа, жыныстық қызметке әсер етеді.

Арнаның жетіспеушілігінің белгілері: жігерсіздік, шыдамсыздық, қорқыныш, сенімсіздік, аяқ мұздауы, желке тырысуы, құлақ шуылы, құлақ қалқаны жұмсақ, көгерген.

Арнаның толымдылығының белгілері: құлақ қалқанының қозғалғыштығы, иілімділігі, ішкі қобалжу сезімі, бел – сегізкөз ауруы.

R1 – Юн – цуань, «Атқылап тұрған арна»


Орналасуы: табанның ортасында, II мен III аяқ бармақтарының сүйектерінің ортасында, тереңдікте.

Қызметі: энергияны реттеу және нығайту, тыныштандыру, сезімдерді ояту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Инь жетіспеушілігі: бетінің қараюы, қорқыныш үрей; аяқтағы ауырлық сезімі, ұмытшақтық, уақытша көз

cardinalis renalis



81-сурет. Бүйрек жан арнасы

қарауыту, іш кебу, белсіздік, бел ауру мен әлсіздігі, табан ыснуы, аяқ бармақтарының ауруы.

- Жел белгілер: тепе-теңдік бұзылысы, бас айналу, бас ауру, желкеден тарту, іш кернелу, арқа мен баста шаншитын ауру сезімі, мұрыннан қан ағу, көз көру нашарлауы, қозғыштық, ашуланшақтық, дене тартылуы, тамақ бітелу, дене қызуы, тіл күрмелену, естен тану.
- Ылғал немесе ылғалды ыстық белгілері: шаршағыштық, ұйқышылдық, дененің ауырлауы, іш өту немесе іш қату, кернелу сезімі, іште ауырлық сезімі, тәбетінің болмауы, жөтел, еңтігу.
- Өкпеде энергия жетіспеуі: жөтел, шөлдеу, кеуде мен арқада ауру сезімі, дене ысынуы, іш қату, кеудеде ауырлық сезімі, сұйықтық жетіспеуі, терінің құрғауы, ауыз құрғау, тіл құрғау.
- Басқа симптомдар: бүйрек, өкпе, бауыр арналарындағы өзгерістер.
- Тоқ пен емдеу қолданылады: шок, күн өту, ұйқысыздық, апоплексия, қан қысым көтерілуі, эпилепсия, истерия, түрлі нерв аурулары, аяқ салдануы.


Басқа нүктелермен бірігуі:

- F 2 нүктесімен – бүйрек арнасының жетіспеуінде;
- RP9 нүктесімен – іштің төменгі жерінде, кіндіктегі ауру сезімінде;
- E40 нүктесімен – жөтелде;
- V46, V 57 нүктесімен – аяқ тартылғанда;
- E 36 нүктесімен – токсикалық шокта;
- Vg26, MC 8 нүктесімен – көңіл – күй төмендеуі, жүйке ауруларында.

Нүктені анықтау: табанды бүккен кезде пайда болатын шұңқырда.

Ине салу: тігінен, 0,2 – 0,5см. тереңдікке

Шөппен күйдіру: 5 – 10 минут



82-сурет. R 1 нүктесін анықтау

R2 – Жаны – гу, «Айдаһардың үйі»

Орналасуы: шұңқырда, табанның алдыңғы төменгі қырында.

Қызметі: бүйрек пен бауыр арналарындағы энергияны нығайту және реттеу, тыныштандыру.

Симптом мен көрсеткіштер:

1. Бүйрек энергиясының жетіспеуі: қорқыныш, үрей; еңтігу, дем алуы сирек, шаршағыштық, әлсіздік, кенеттен тершеңдік, бел мен аяқ әлсіздігі, тіздегі әлсіздік;

– Ерлердегі белсіздік, әйел белсіздігі, етеккір бұзылысы, жатырдың төмен түсуі, қынап қышынуы, бөлінділер шығуы;

2. Бауыр энергиясының жетіспеуі мен жел белгілер: тамақ қабынуы мен бітелуі, тіл күрмеленуі, тіл ұюы, ашуланшақтық, мазасыздық, іштің ортаңғы бөлігінде шаншитын ауру сезімі, қанталау, қан аралас қақырық, етеккір бұзылысы.

3. Ішкі мүшелер жетіспеушілігі: дене қызуының көтерілуі, іш қату немесе іш өту, полиопия, зәр шығару бұзылысы, қан аралас зәр, сарғаю, дене ісінуі, тамақ ісінуі.

4. Токпен емдейді: ларингит, цистит, диабет.

Басқа нүктелермен бірігуі:

R7 нүктесімен – сілекей ағуда;

R 3 нүктесімен – ішкі тамақ ісінуінде;

F 3, R 1 нүктесімен – аяқ – бармақтарының ауруында.
Ине салу: тігінен 0,3 – 1,5см тереңдікке
Шөппен күйдіру: 5 – 10 минут.

R3 – Тай – си, «Үлкен су ағысы»

Орналасуы: ішкі тобық пен табан сүйенінің сіңірі ортасында, шұңқырда, тамыр соғысы сезілетін жерде.

Қызметі: Бүйрек пен бауырдағы энергияны реттеу мен нығайту, ыстықты басу, бел мен тізеге күш беру.

Симптом мен көрсеткіштер:

1. Бүйрек энергиясының жетіспеуі: зәр шығару бұзылысы, бедеулік, суықтық, іштің төменгі жағы мен жыныс мүшелер тұсының ауруы, бел ауру, әлсіздік, тамыр соғысы терең.


2. Бауырдағы Инь жетіспеуі: тамақ бітелу, жөтел, қан аралас қақырық, етеккір бұзылысы, дене қызбасы, спазм, бұлшықет тырысуы.

3. Ыстық пен ыстық ылғал және т. б. шырыш аралас жөтел, іш ортасында ауырлық сезім, зәр шығару бұзылысы, іш қату, таралымды тамыр соғысы; сілекей ағу, тәбет болмау, жүдеу, аяқтағы суықтық, жиі есінеу, ұйқышылдық.

4. Тоқпен емдеуге көрсеткіш: нефрит, цистит, созылмалы ларингит, құлақ шуылы, жатырдың төмен түсуі, аяқ ісінуі, табан ауруы, неврастения, эмфизема.

Ине салу: тігінен 0,3 – 1,5см. тереңдікке.

Шөппен күйдіру: 5 – 15 минут.



83-сурет. R2-R4 нүктелері

R4 – Да – чжун, «Мәртебелі қоңырау»

Орналасуы: Ахиллес өкшесінің ішкі шетінде, ішкі тобықтан төмен.

Қызметі: көкбауыр мен бүйрек арнасын күшейту, ылғал мен ыстық ылғалды жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Көкбауыр энергия жетіспеуі: іштің ортаңғы бөлімінде ауырлық сезімі, тимпания, ентігу; жүрек айну, ұйқышылдық, тершендік, дене ысынуы, өкпеде сырылдар.
- Бүйректегі энергия жетіспеуі, қорқыныш, үрей, көңіл – күй төмендеуі.
- Ауыз құрғау, қалтырау; бел ауруы мен әлсіздігі, зәр шығару бұзылысы, зәр шықпау.
- Басқа симптомдар: қан түкіру, іш қату, аяқ пен өкшедегі ауру сезімі, көңіл – күй төмендеуі.

Басқа нүктелермен бірігуі:

C5 нүктесімен – ұйқышылдық, тұйықтық кезінде.

Ине салу тереңдігі: 0,2см.

Шөппен күйдіру: болады.

R5 – Шуй – цюань, «Судың қайнар көзі»

Орналасуы: R3 нүктесінен 1 елі төмен, тік сызық бойында.

Қызметі: бүйрек пен бауыр арналарын күшейту, энергияны реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер:


- Көру қабілетінің бұзылысы, миопия;
- Етеккір бұзылысы, іштің төменгі бөлігінің ауруы, зәр шығару бұзылысы, қуық қабынуы;
- Іштің ортаңғы бөлігінде ауырлық, ауру сезімі.

Басқа нүктелермен бірігуі:

E 25 – нүктесімен – етеккір бұзылысында.

Ине салу тереңдігі: 0,4см.

Шөппен күйдіру: болады.



84-сурет. R4, R6 нүктелері

R6 – Чжао – хай, «Көңіл – күйді көтеру»

Орналасуы: Ішкі тобықтың ортасының деңгейінде, оның төменгі шетінен 1 елі төмен.

Қызметі: бүйрек энергиясының көтеруі, өкпе, жүрек және бауыр арналарын реттеу, ыстықты басу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Тамақ құрғау, көңіл – күй төмендеуі, қайғы – мұң, шаршағыштық, дененің ауырсынуы, ұйқысыздық;
- Тәбет болмауы, үнсіздік, себебі белгісіз ауру сезімдер, көз қарауыту, аяқ мұздау, іш ауру, зәр шығару бұзылысы, аз мөлшердегі қоңыр түсті зәр.
- Үрей, қорқыныш, дене ысынуы, тер шықпау; жалған эрекция, зәр шықпау, түнгі талма ұстамасы.
- Түрлі гинекологиялық бұзылыстар, етеккір бұзылысы, жыныс мүшелерінің қышынуы мен ауруы, қынап қабынуы, кенеттен іш ауру, босанудың асқинулары.
- Көз ауруы, тамақ бітелуі, елтігу, дененің біржақты салдануы.
- Тоқпен емдеуге көрсеткіш: ларингит, қалқанша без қабынуы, неврастения, истерия.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- TR 6 нүктесімен – іш қатуда ;
- MC 6 нүктесімен – іш ауруында;
- F 3, Vg 20 нүктесімен – тамақ ауруында;
- RP6, J 4, J6 нүктесімен – хордапсисте;
- TR 5 нүктесімен – жатыр серігінің бөлінбеуінде;
- J 14, MC 6, E40 нүктесімен – эпилепсияда.

Ине салу: тігінен 0,3 – 1см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: 5 – 10 минут

R7 – Фу – лю, «Артқа ағатын ағыс»

Орналасуы: ахиллес өкшесінің алдыңғы шетінде, шұңқырда, R 3 нүктесінен 2 елі жоғары.

Қызметі: бүйрек арнасын күшейту, ағзадағы суды реттеу, ыстықты басу, ыстық ылғалды реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер:

1. Бүйрек арнасының жетіспеушілігі: дене ысынуы, тер шықпау немесе керісінше , түнгі тершендік; бел мен арқа ауырсынуы, аяқ әлсіздігі, жүруі қиындаған, тізенің мұздауы;

– Түрлі зәр шығару бұзылысы, зәр шықпау;

2. Ыстық немесе ылғалды ыстықтың ортаңғы және төменгі жылытқышта жиналуы: ішек шұрылдау, іш ауру, ірің мен қан аралас нәжіс, іш кебу, дене ісінуі, тік ішек; гематурия, іш қату;

3. Жел – аллопатия: эпилепсия, тіс ауру, тамыр соғысы нәзік және жоғалтатын.

4. Тоқпен емдеуге көрсеткіш: нефрит, орхит, жатырдан қан кету, зәр шығару жолдарының инфекциясы.


Басқа нүктелермен бірігуі:

– F 3 пен V23 нүктесімен – қан аралас нәжісте:

– J 9, V23, R9 пен E36 нүктесімен – бауыр циррозында.

Ине салу: тігінен, 0,3 – 1,5 см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: 5 – 10 минут.



85-сурет. R3, R7, R8 нүктелері

R8 – Цзяо – синь, «Айқасқан сызықтар» (Кездесетін елшілер)

Орналасуы: ішкі тобықтың ортасынан екі елі жоғары, R 7 нүктесінен 0,5 елі алға қарай.

Қызметі: төменгі жылытқышты тыныштандырып, ыстық ылғалды мен ыстықтың толуын кетіреді.

Симптом мен көрсеткіштер:

1. Ылғал немесе ыстық ылғал: зәр шығару бұзылысы, энурез, бұлыңғыр зәр, зәр шықпау, іш қату, іштің төменгі жағында ауру сезімі, іш өту, қан мен ірің аралас нәжіс;

– тобықтың ішкі бөлігіндегі ауру сезімі;

2. Ылғал себебінен болған гинекологиялық бұзылыстар: қан ағулар, етеккір бұзылысы, түнгі тершендік, аяқ – қол мұздауы, жыныс мүшесі тұсының терлеуі.


Басқа нүктелермен бірігуі:

V55 нүктесімен – гинекологиялық қан ағулар.


Нүктені анықтау: RP 6 нүктесінен 1 елі төмен орналасқан.

Ине салу: тігінен, 0,4 – 0,5см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: болады.



86-сурет. R3, R 7, R 8, R 9 нүктелери



87-сурет. R8 - R10 нүктелери

R9 Чжу – бинь, «Шұңқырдағы жазықтық»

Орналасуы: балтырдың ішкі жағында, V 57 нүктесімен бір деңгейде, R3 нүктесінен 5 елі жоғары, m. tibialis ішкі қырында.

Қызметі: бүйрек пер бауыр арналарын реттеу, күшейту; уды бейтараптау мен шығару.

Симптом мен көрсеткіштер:

- инфекциялық және токсикалық белгілер, хордапсис, іштің төменгі жағында ауру сезімі;
- эпилепсия, естің ауысуы, елестер, қозғыштық, құсу, сілекей ағу, тілдің шығып тұруы;
- балтырдың ішкі жағында ауру сезімі;
- тамақпен немесе дәрімен улану.

Ине салу тереңдігі: 0,2 – 0,3 см.

Шөппен күйдіру: болады.

R10 – Инь – гу, «Инь жері»

Орналасуы: mm. semitendinosus пен semimembranosus сіңірлерінің арасында, тізе қалтасының ортасында.

Қызметі: ыстық ылғалды жояды.

Симптом мен көрсеткіштер:

1. Жалпы жыныс мүшелер атрофиясы, ауырсынуы, зәр шығару бұзылысы, етеккірдің ұзақ келуі, сары қоңыр түсті зәр, іштің төменгі жағында «бөгде зат» сезімі, сілекей ағу, тілдің салбырауы, іштің ортасында ауырлық сезімі, еңтігу.

2. Жергілікті: тізе буынының қатты ауырсынуы, ұюы мен қозғалыс шектелуі.

Басқа нүктелермен бірігуі:

J 9 мен E36 нүктесімен – зәр шығару бұзылысында

Нүктені анықтау: тізені бүккенде, 90° бұрышта анықталады.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,4 см.

Шөппен күйдіру: болады.

R11 – Хэн – гу, «Көлденең сүйектер»

Орналасуы: қасаға сүйегінің жоғарғы қырында, ортаңғы дене сызығынан 0,5 елі шетке.

Қызметі: Зәр шығару бұзылысын бүйрек пен көкбауыр арналарын емдеу арқылы реттеу; ылғалды тыныштандырып, керекті арнаға салады.


Симптом мен көрсеткіштер:

- Зәр шығару бұзылысы мен қиындауы, жыныс мүшелер тұсында ауру сезімі.
- Көздің қызаруы мен ауырсынуы

Нүктені анықтау: Кіндіктен 5 елі, төмен мен ортаңғы сызықтан 0,5 елі шетке.

Ине салу: тігінен, 0,5 – 1 см тереңдікке аурудың симптомдары қайталанған жағдайда ғана!

Шөппен күйдіру: болады.



88-сурет. R11 - R13 нүктелері

R12 – Да – хэ, «Иньді таулы жолдың қақпағы»

Орналасуы: R 11 нүктесінен 1 елі жоғары және ортаңғы сызықтан 0,5 елі шетке.

Қызметі: бүйрек пен қуық арналарын күшейту мен реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Әлсіздік, аспермия, еркектік жыныс мүшелер атрофиясы, жыныс мүшелер тұсында ауру сезімі, қан аралас қынап бөліндісі.

– Көз қызаруы мен ауырсынуы.

Ине салу тереңдігі: 0,3см.

Шөппен күйдіру: болады.

R13 – Ци – сюэ, «Энергия нүктесі»

Орналасуы: кіндіктен 3 елі төмен және ортаңғы сызықтан 0,5 елі шетке.

Қызметі: бүйрек пен қуық арналарын реттеу мен күшейту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Іштің төменгі бөлігінде шаншитын ауру сезімі, тартылу, Янның жоғары өрлеуі, жүрек қағу, кеудеде қысылу сезімі, тамақ ауруы, бас айналу, мазасыздық, ұйқысыздық, естен тану;
- Созылмалы іш өту;
- Көз қызару мен ауруы;
- Етеккір бұзылысы, бедеулік, зәр шығару бұзылысы, зәр жүрмеу.

Басқа нүктелермен бірігуі:

– R 3 , RP 16 нүктесімен – әйелдердегі бедеулікте.

Ине салу: тігінен, 1см дейін тереңдікке.

Шөппен күйдіру : болады.

R14 – Сы – мэнь, «Төртінші нүкте»

Орналасуы: R 13 нүктесінен 1 елі жоғары, кіндіктен 2 елі төмен және ортаңғы сызықтан 0,5 елі шетке.

Қызметі: төменгі жылытқыштағы энергияны күшейту, етеккірді қалпына келтіру.


Симптом мен көрсеткіштер:

- Іштің төменгі бөлігіндегі ауру сезімі мен бөгде зат тұрғандай сезімі;
- Іштің төменгі бөлігінің ісінуі, кіндік тұсында шаншитын ауру сезімі, қалтырау;
- Көз қызаруы мен ауруы;
- Іштің төменгі бөлігінің ісінуі ауырсынуы тартылуы, жүрек қағу, кеуде қысылуы, тамақ ауруы, бас айналуы, ұйқысыздық;

– Гинекологиялық аурулар: мерзімінен ерте және ұзақ созылатын етеккір, етеккір бұзылысы, ақ пен іріңді қынап бөліндісі, бедеулік.

Ине салу: тігінен, 0,2 – 1 см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: болады.



89-сурет. R14-R16 нүктелері

R15 – Чжун – чжу, «Ортаңғы ағыс».

Орналасуы: Кіндіктен 1 елі төмен және ортаңғы сызықтан 0,5 елі шетке. Қызметі: қуық арнасындағы ыстық толымдылығын тыныштандырады.

Симптом мен көрсеткіштер:

– Ыстық белгілер: іш қату, нәжіс құрғауы, еңтігу, бел мен кеуде ауырсынуы, етеккір бұзылысы;

– Көздің қызаруы мен ауырсынуы

Ине салу: тігінен, 1 см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: болады.

R16 – Хуан – шу, «Ішкі ағзалардың қозғалтқышы»

Орналасуы: кіндік деңгейінде, одан 0,5 елі шетке.

Қызметі: ыстық пен суық бұзылыстарды реттеу, төменгі жылытқышты ашу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- іште шаншитын, тесетін ауру сезімі, іште суықтық сезімі;
- іш қату, тимпания, зэр шықпау;
- көз ауру мен қызаруы.

Ине салу тереңдігі: 1см.

Шөппен күйдіру: болады.

R17 – Шан – цюй, «Биік иірім»

Орналасуы: R 16 нүктесінен 2 елі жоғары және ортаңғы сызықтан 0,5 елі шетке.


Қызметі: төменгі жылытқышты ашу, ыстық пен ыстық ылғалды тыныштандырып, керекті арнаға апару.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Динамикалық агглютинация, іште ұзаққа созылатын шаншитын ауру сезімі;
- Тәбеттің болмауы; іш қату немесе іш өту;
- Көздің қызаруы мен ауруы.

Ине салу тереңдігі: 1см.

Шөппен күйдіру: болады.



90-сурет. R17, R 18 нүктелері

R18 – Ши – гуань, «Тас тосқауыл»

Орналасуы: R 17 нүктесінен 1 елі жоғары және ортаңғы сызықтан 0,5 елі шетке.

Қызметі: бүйрек пен көкбауыр арналарының жетіспеушілігін толтырады, ылғалды керекті арнаға бағыттайды, Ян деңгейін төмендетеді.

Симптом мен көрсеткіштер:


- Іштің ортасында ауырлық сезімі, іштің төменгі бөлігінде ауру сезімі, жүрек айну, құсықты кекіру, құсу, іш қату; зәрдің сирек шығуы немесе зәр шықпау; арқаның ұюы мен ауырсынуы, әйелдердегі бедеулік;
- Көздің қызаруы мен ауруы

Басқа нүктелермен бірігуі:

RP 6 нүктесімен – бедеулікте.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 1см.

Шөппен күйдіру: тек ер адамдарға ғана болады! Әйелдерде бұл нүктені шөппен күйдіру ұзаққа созылатын бедеулікке апаруы мүмкін.



91-сурет. R19 -R 21 нүктелері

R19 – Инь – ду, «Инь қаласы»

Орналасуы: R 18 нүктесінен 1 елі жоғары және ортаңғы сызықтан 0,5 елі шетке.

Қызметі: көкбауыр, өкпе мен бүйрек арналарын күшейту, ыстықты басу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ыстықтың толымдылығы: дене ысынуы, қалтырау, қан құйылулар, іштің ортасында толымдылық пен ауырлық сезімі, ықылықтау, ішкі ағзалар ауруы, іш қату, дененің ортасы мен іште энергия іркілісі;
- Әйелдердегі бедеулік;
- Көздің қызаруы мен ауруы

Нүктені анықтау: кіндіктен 4 елі жоғары және ортаңғы сызықтан 0,5 елі шетке.

Ине салу: тігінен 0,3 – 1 см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: болады.

R20 – Тун – гу, «Бүйрек арнасын байланыстыратын жер»

Орналасуы: кіндіктен 5 елі жоғары және ортаңғы сызықтан 0,5 елі шетке.

Қызметі:

- шырыш іркілістері, кеудеде қысылу мен толымдылық сезімі, кекіру, аскорыту бұзылысы, іш құрылыс ауырсынуы.
- эпилепсия, кенеттен дауыс шықпау, спазм мен салданулар, қоршаған ортаны танымау;
- көздің қызаруы мен ауырсынуы

Ине салу: тігінен 0,5 – 1 см.

Шөппен күйдіру: болады.

R21 – Ю – мэнь, «Құпия есік»

Орналасуы: кіндіктен 6 елі жоғары және ортаңғы сызықтан 0,5 елі шетке, J14 нүктесімен бір деңгейде орналасқан.

Қызметі: көкбауыр мен жүрек арналарын күшейту, ыстықты басу, ылғалды тыныштандыру.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ылғал – симптомдар: іштің кернелуі, ауырлық сезімі,

құсу, кеудеде ауырсыну сезімі, етеккір кезінде іш ауру, тәбет болмау, сілекей ағу;

- Іш өту, қан мен ірің аралас нәжіс, іш ауру;
- Ұмытшақтық;
- Көз ауруы мен қызаруы
- Қабырғааралық нерв невралгиясы

Ине салу тереңдігі: 0,5см.

Шөппен күйдіру: болады.

R22 – Бу – лан, «Таудың жоғарғы шыңы»

Орналасуы: 5-ші қабырғааралықтың шұңқырында, кеуде торының төменгі шетінде, ортаңғы кеуде сызығынан 2 елі шетке.

Қызметі: өкпе мен көкбауыр энергиясын реттеу және күшейту, ылғал мен шырышты басу.


Симптом мен көрсеткіштер:

- Кеудеде ауырлық сезімі, кернелу, толымдылық және ауру сезімі, еңтігу, демікпе;
- Мұрын бітелу, жөтел, құсу, тәбеттің болмауы, еңтігу.
- Қолды көтере алмау.

Нүктені анықтау: Науқас жатқан қалпында, қабырғада, кеуденің төменгі бөлігінде, R23 нүктесінен 1,6 елі төмен және ортаңғы дене сызығынан 2 елі шетке.

Ине салу тереңдігі: 0,3 – 0,4см.

Шөппен күйдіру: болады.



92-сурет. R 22-R25 нүктелері

R23 – Шэнь – фень, «Күштің төрі»

Орналасуы: 4-ші қабырғааралықта, ортаңғы дене сызығынан 2 елі шетке.

Қызметі: ішкі ағзаларды күшейту, ылғалды жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Кеудеде толымдылық сезілу, кернелу, еңтігу;
 - Қыжыл, кекіру, жүрек айну, құсу, тәбет жоғалуы, мастит.
- Ине салу тереңдігі: 0,3 – 0,4см.

Шөппен күйдіру: болады.

R24 – Лиин – суй, «Күштің қорғанысы»

Орналасуы: 3-ші қабырғааралықта, дененің орталық сызығынан 2 елі шетке.

Қызметі: ішкі ағзаларда энергияны нығайту, ылғалды керекті арнаға жіберу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Кеудеде кернелу мен ауру сезімі, дем жетпеу, еңтігу, жөтел, ықылықтау, құсу, тәбет болмау, мастит.

Ине салу тереңдігі: 0,3 – 0,4 см.

Шөппен күйдіру: болады.

R25 – Шэнь – цан, «Керемет күштің жинағы»

Орналасуы: 2-ші қабырғааралықта, дененің орталық сызығынан 2 елі шетке.

Қызметі: ішкі ағзалардағы Янды күшейтіп, ылғалды басады.

Симптом мен белгілер:

- Іштің ортаңғы бөлігінде толымдылық, кернелу сезімі, жүрек айну, дем алу қиындауы, еңтігу, кеуде қысылуы, тәбет жоғалуы.

Ине салу тереңдігі: 0,3см.

Шөппен күйдіру : болады.

R26 – Юй – чжун, «Гүлдендіретін нүкте»

Орналасуы: 1-ші қабырғааралықта, дененің орталық сызығынан 2 елі шетке.

Қызметі: көкбауыр мен асқазан арналарын реттеу мен күшейту, бұзылыстарды жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

– Кеудеде қысылу сезімі, жөтел, дем алуы қиын, көп мөлшердегі қақырық, тәбет жоғалуы.

Ине салу: тігінен: 0,3 – 0,4см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: болады.

R27 – Шу – фу, «Арнаға әсер ету орталығы»

Орналасуы: 1-ші қабырға мен бұғананың төменгі шетінің арасында, алдыңғы орталық сызықтан 2 елі шеткері.

Қызметі: ылғалды кептіру, шырышты басу, ентігуді жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

– жөтел, жүрек айну, құсу, ентігу, дем жетпеу сезімі, іштің кернелуі, тимпания, кеудеде ауру сезімі.

– бронхиальды демікпе.

Нүктені анықтау: науқас арқасымен жатыр, J 21нүктесіне сүйене отырып анықтаймыз.

Ине салу тереңдігі: 0,3 – 0,4см.

Шөппен күйдіру: болады.

ПЕРИКАРД (ЖҮРЕК ҚАБЫ) АРНАСЫ *(МС – халықаралық атау, РС – латынша атауы)*

Жүп, Иньдік, орталықтан шығатын, қолдағы арна. Әрбір қолда 9 биологиялық белсенді нүктелер бар. Жоғары белсенділік уақыты – 19:00 – 21:00 сағат. Кеуде қуысында, перикардтан басталып, Үштік жылытқыш арнасына коллатеральдары бағытталады. Арнаның беткей тармағы омырау емізігінен 1 елі сыртқа басталады. Кейін иықтың ішкі қырымен, екібасты бұлшықеттің бастары арасымен өтіп, ұзын алақан бұлшықеті мен сәулелі сүйектің бүккіші арасымен шынтақ буынына барады. Кейін білезік буыны арқылы алақанның ішкі жағының ортасына барып, 3-ші саусақтың ұшында тоқталады.

Арнаның қызметі:

- 1) қан айналымға әсер етеді.
- 2) жыныстық қатынасқа, зат алмасуға әсер етеді.
- 3) психо – эмоциональды күйге әсер етеді.

Арнаның толымдылық белгілері:

Арнаның өту жолында ауру сезімі, спазмдар, жүрек ауырсынуы, қозғыштық, мінезі қайсар, аяушылық сезімі жоқ, артериальды гипотония, жүрек қағу, дене ысынуы.

Арнаның жетіспеушілігінің белгілері:

Бас айналу, қорқыныш, гипотензия, мұрын қызметінің нашарлауы, дененің бозаруы.

МС1 – Тянь – ши, «Аспан тоғаны»

Орналасуы: кеуде емізігінен 1 елі сыртқыға және қолтық асты сызықтан 3 елі төмен орналасқан.

Қызметі: сыртқыны ашу, желді босату, ылғалды шығару.


Симптом мен көрсеткіштер:

- Дем алғанда шуыл, кеудеде қысылу сезімі, жөтел, көп мөлшердегі қақырық, тер шықпау, дене ысынуы, бас ауру, аяқ – қол ауырсынуы;
- Көз көруі нашар.

Ине салу: қиғаш, 0,2 – 0,3см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: болады.

cardinalis pericardialis



93-сурет. Жүрек қабы жан арнасы

МС2 – Тянь – чуан, «Аспан көзі»

Орналасуы: қолтыкасты шұңқырдың алдыңғы шетінен 2 елі төмен, m. biceps brachii бұлшықетінің басы арасында, шұңқырда.

Қызметі: жел – белгілерді немесе ыстық желді босату.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Кеудеде қысылу сезімі, ауру сезімі, тұншығу, контравекция, қалтырау, жөтел, иық пен арқадағы ауру сезімі;
- Жүрек қағу;
- Көз көрудің нашарлауы

Ине салу тереңдігі: 0,2 – 0,6см.

Шөппен күйдіру : болады.

МС3 – Цюй – цзе, «Қисайған су арнасы»

Орналасуы: шынтақ бүгілімінің ортасында, екі басты бұлшықеттің шынтақ жағында

Қызметі: өкпе мен жүрек арналарын қуаттандыру, ыстық пен желді жоғарғы жылытқыштан шығару, ыстықты суыту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел – белгілер: кеуде қуысының ауырсынуы, дене ысынуы, бас ауру, тепе-теңдік бұзылысы, аяқ бұлшықетінің тартылуы, бастың терлеуі, ауыз құрғау, шөлдеуі;
- Қорқыныш мазасыздық;
- Ыстық толымдылығы: сілекей ағу, қан ағу, жүрек қағу, экзантема, эпидемиялық инфекциялық аурулар, холера, іш сүзегі, қызамық.
- Жедел гастрит пен энтерит, ревматикалық аурулар, миокардит, бронхит, басынан күн өту.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- TR 4пен МС 7 нүктесімен – қан аралас нәжісте;
- P11 нүктесімен – энергия жетіспеуі, шөлдеу;
- МС6, МС7 нүктесімен – кеудеде ауру сезімі;
- V23, V17 нүктесімен – іш қуысында ауру сезімі;
- V40 нүктесімен (қан шыққанша тесу) – жедел гастрит пен энтерит;
- МС 6, МС5, С8 нүктесімен – ревматикалық миокардитте.

Нүктені анықтау: науқас қолын шынтақ буынында сәл бүгеді, артериядан қашып ине салынады.

Ине салу тереңдігі: 0,3 – 1 см.
Шөппен күйдіру: 5 – 15 минут.

МС4 – Ши – мэнь, «Шекаралық есік»

Орналасуы: қолдың ішкі бетінде білезік буынынан 5 елі жоғары mm. palmaris longus (ұзын алақан бұлшықеті) мен glexor carpi radialis (сәулелі сүйекбүккіш бұлшықеті) арасындағы шұңқырда.

Қызметі: Жүрек пен өкпе арналарын реттеу, күшейту, арнаны тазарту.

Симптом мен көрсеткіштер:


- Ыстық қан ағулар, қан аралас қақырық, тұмау, іріңді иісі бар кекіру, денеде іріңдіктер;
- Инь жетіспеу: жүрек қағу, қорқыныш, үрей, кеудеде шаншитын ауру сезімі.
- Ревматикалық жүрек аурулары, миокардит, баспа, мастит, плеврит, көкет спазмы, ашулаңшақтық.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- МС 6, МС 7 нүктесімен – кеудеде шаншитын ауру сезімі;
- GI 11, TR 8 нүктесімен – қан аралас қақырық;
- МС 6, МС 3 нүктесімен – ревматикалық жүрек аурулары.

Ине салу тереңдігі: 0,3 – 1,5 см.

Шөппен күйдіру: 5 – 15 минут



94-сурет. МС 3 – МС 5 нүктелері

МС5 – Цзянь – ши, «Сыбайлас»

Орналасуы: білезік буынынан 3 елі жоғары, ұзын сәулелі бүккіш пен ұзын алақан бұлшықеттерінің сіңірлері арасында.

Қызметі: жүрек пен жүрекқабы арналарын реттеу мен күшейту, желді басу, ыстықты суыту, ортаңғы жылытқышта энергияны төмендету, шырышты шығару, асқазан арнасын реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер:


- Жел мен ыстық жел: кеудеде қысылу сезімі, ашуланшақтық, қорқыныш, үрей;
- Қолдың сырты ыстық, қолтықтасты шұңқырда іріндіктер, шынтақ бүгілімінде тартылу;
- Жел: естен тану, сілекей ағу, сөйлеу бұзылысы, дауыс жоғалуы;
- Ылғалды жел және шырыш: дене ысынуы, жүрек айну, құсу, денеде іріндіктер мен экзантемалар;
- Эпилепсия ұстамалары, тамақта қысылу сезімі, көздің ақ қабығының сарғаюы, етеккірдің келуі ретсіз;
- Ревматикалық жүрек аурулары, малярия, истерия, шизофрения.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- V11 нүктесімен – малярия;
- IG 3, GI 4 нүктесімен – кенеттен ашулану;
- RP 6 нүктесімен – қалқанша без қызметінің жоғарылауында;
- MC 6, C 8, MC 4, MC 3 нүктесімен – жүректің ревматикалық ауруында;

Ине салу: тігінен, 0,3 – 1,5 см тереңдікке немесе қиғаш 1,5 – 2 см. тереңдікке.

Шөппен күйдіру: болады.



95-сурет. MC 5 – MC 7 нүктелері

MC6 – Нэй – гуань, «Ішкі қақпа»

Орналасуы: білезік буынынан 2 елі жоғары, екі сіңір арасында.

Қызметі: жүрек пен көкбауыр арналарын реттеу және күшейту, энергияны реттеу, ауру сезімін басу, желді босату, ыстық пен ылғалды жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ыстық толымдылығы: кеуде қуысындағы ауру сезімі, қорқыныш үрей;
- Көздің қызаруы, асқазан әлсіздігі, жүрек айну, құсу;
- Асқазан мен көкбауыр арналарындағы арасындағы байланыс бұзылысы, кеудеде ауру сезімі, дене ысынуы, тер шықпау;

- Ылғалды ыстық немесе ылғалды жел: сарғаю, білезік буындағы ауру сезімі, иық ауруы, қолдың тартылуы мен дірілі, шүйде ұюы, алақан ысынуы;
- Шок, жүректің ревматикалық ауруы, баспа, жүрек қағу, көкет спазмы, қалқанша без гиперфункциясы, эпилепсия, истерия, отадан кейінгі ауру сезімі;

Басқа нүктелермен бірігуі:

- R6
- MC 5, C8 нүктесімен – жүректің ревматикалық ауруында;
- MC 5, E 36 нүктесімен – баспа кезіндегі ауру сезімі;
- Vg 25 нүктесімен – қан қысымы көтерілгенде;
- R 1, E 36 нүктесімен – токсикалық шокта.

Ине салу: тігінен 0,5см – 1,5см тереңдікке.

Қиғаш 1 – 2см тереңдікке арна бойымен. Жергілікті парез бен сезімталдық жоғалғанда 0,3 – 0,5см тереңдіктен асырмау керек!

Шөппен күйдіру :5 – 15 минут.

MC7 – Да – линь, «Үлкен төбе»

Орналасуы: білезік буынының ортасында, екі сіңір ортасында.

Қызметі: Жүрек арнасын суыту, тежейтін әсері бар, асқазан арнасын реттеу, сыртқыны ашу, ыстықты шығару, желді жою, кеудедегі қысылу сезімін басу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел – белгілер: ес мен мінез –құлық бұзылысы, эпилепсия, тоқтамайтын күлкі ұстамасы, көңіл – күй тұрақсыздығы, қорқыныш, үрей;
- Сырты жабық ыстық: тер шықпау, кеудеде қысылу, ауру сезімі;
- Ылғал – белгілер: қолтық асты шұңқырда іріндіктер, мазасыздық, кеуде мен іште қысылу сезімі, жүрек айну, кекіру, қан аралас қақырық, қызыл түсті зәр, көз қызару, көздің ақ қабығының сарғаюы, тамақ бітелуі, еңтігу, тұншығу, дене ысынуы, бас ауру, қол сыртының ыстық болуы, қолдардың ұюы мен тартылуы, баста фурункул, қолда сулы экзема, тілдің түбірінде ауру сезімі.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- MC 8 – нүктесімен – кеудеде қысылу сезімі;
- Vg 26 нүктесімен – ауыздан нашар иіс шықса;
- TR 5, TR 6 нүктесімен – іш қатса;
- V12, GI 11, IG 9, MC 8 нүктесімен – қызылша мен сулы экземада;
- Vg 20, R 3 нүктесімен – ұйқысыздықта;
- J 4 нүктесімен – гематурияда.

Ине салу: тігінен, 0,3 – 0,5см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: сирек кезде ғана.

MC8 – Лао – кун, «Алақан ортасы»

Орналасуы: алақан ортасында, ортаңғы және сұқ саусақ ортасында.

Қызметі: жүрек арнасын суыту, ыстықты жою, ішкі ағзалардан жел мен ылғалды шығару.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ыстық ылғал белгілері: шөлдеу, дене ысынуы, бүйірде ауру сезімі, тәбет болмау, ауыздан нашар иіс шығу;
- Гематурия, тұмау, кеудеде қысылу және ауру сезімі, көздің ақ қабығының сарғаю, балаларда қызыл иек ісінуі, қан аралас нәжіс.
- Жел белгілері:көңіл – күй бұзылысы, тоқтамайтын қуаныш, қорқыныш үрей; бүйірде ауру сезімі, апоплексия, қол дірілі, қозғыштық, эпилепсия.


Басқа нүктелермен бірігуі:

- IG 3 нүктесімен – сарғаю;
- MC 7, MC 6 нүктесімен – жүрек айну, шөлдеу;
- MC 7 нүктесімен – кеудеде қысылу сезімі.

Нүктені анықтау: қол саусақтарын жұдырықта жұмғанда – ортаңғы саусақтың ұшы нүктені көрсетеді.

Ине салу тереңдігі: 0,3 – 0,5см.

Шөппен күйдіру: 5 – 10 минут.



medium palmae PC8 f. effusorium ignis 

96-сурет. МС8 нүктесін анықтау

МС9 – Чжун – чун, «Энергияның өтетін жолы»

Орналасуы: ортаңғы саусақ ұшында, тырнақ ұшынан 3 мм сыртқа.


Қызметі: ыстық пен отты басу, сыртқыны ашу, жүрек пен жүрек қабы арналарын күшейту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Дене температурасының көтерілуі, мазасыздық, қысылу сезімі, тер шықпау, алақанның ысынуы, кеуде мен бүйірде ауру сезімі, тілі өңезделген, тілдің түбірінде ауру сезімі, құлақ шуылы;
- Балаларда түнгі шошыну, апоплексия.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- J 23 нүктесімен – тіл түбірінің ісінуі мен ауруы, тіл ұюы. Ине салу тереңдігі – 0,1 см.
- Шөппен күйдіру: болады.



97-сурет. МС8, МС9 нүктелері

ҮШТІК ЖЫЛЫТҚЫШ АРНАСЫ

(T2 – халықаралық атау, T – латынша атау)


Жұп, симметриялы, орталыққа бағытталған, Яндық арна. Екі жақтан 23 биологиялық белсенді нүктеде орналасқан. Жоғары белсенділік уақыты – 21:00 – 23:00 сағат. Қолдың 4-ші саусағының тырнақ ұясынан басталып, IV мен V қол саусақтарының арасынан өтіп, білезік буынының ортасына барады. Кейін шынтақ, иықтың сыртқы қыры мен иық буынынан өтіп, жауырының акромиальды өсіндісі арқылы TR14 Да – чжуй нүктесінде қарама – қарсы қолдағы арнамен бірігеді. Кейін бұғана асты шұңқырдан өтіп, екі тармаққа бөлінеді.

1) Терең тармақ – кеуде қуысына бағыттталып, жүрек қабына дейін барып, іш қуысы мен жамбас қуысына түседі;

2) Беткей тармақ – трапеция тәрізді бұлшықеттің шеткі қырымен мойынға, кейін емізік тәрізді өсіндіге бағытталады.

Құлақ маңында арна екі тармаққа бөлінеді; біреу құлақ қалқанының артынан өтіп, шеке, ұрт, көздің астына барады; екіншісі – құлақ қалқанының алдынан өтіп, қас біткен жерге барады, сол жерде бітіп, XI арнаға ауысады.

cardinalis tricalorii



98-сурет. Үштік жылытқыш жан арнасы

Үштік жылытқыш арнасы:

1) Жоғарғы бөлігі (шан – цзяо) – көкетке дейінгі дене мен кеуде бөлігі (тыныс алу мен қан айналым жүйесі). Белгісі – қайсарлық.

2) Ортаңғы бөлік(чжун – цзяю) – көкеттен кіндікке дейінгі кеуде мен іш қуысы(асқазан мен көкбауыр). Белгісі – ақыл – ой.

3) Төменгі бөлік (Ся – цзяо) – қуық, жыныс мүшелері. Белгісі – күш.

Арнаның қызметі:

1) Ішкі Ян – ағзаларды реттейді;

2) Ауру сезіміне әсер етеді;

3) Құлақ, тіс, көз бен жүйке жүйесіне әсер етеді.

Арнаның толымдылық белгілері: мойын омыртқасында остеохондроз, бас ауру, бет нервсінің невриті, қозғыштық, ұйқысыздық, зәр шығару бұзылысы, беттің қызаруы мен терлеуі, дене қызуы.

Арнаның жетіспеушілік белгілері: есту нашарлауы, әлсіздік, ұйқышылдық, гипотензия, психофизикалық шаршау, беттің бозаруы, асқорыту бұзылысы.

TR1 – Гуань – чун, «Шекаралық қақпандағы нүкте»

Орналасуы: 4-ші саусақтың тырнақ ұясынан 2мм шетке, сыртқы қырында.

Қызметі: сұйықтықты суыту, ылғал мен желді шығару, сезім мүшелерін тазарту, тамақ пен жұтқыншақты ашу.

Симптом мен көрсеткіштер:

– Тамақ бітелуі, қысылуы, ауыз құрғау, тіл түбірінде қатты ауру сезімі, тіл салдануы;

– Дене ысынуы, тер шықпау, кеуде қуысында қысылу сезімі, тәбет жоғалуы;

– Көз алдының бұлдырлауы, құлақ шуылы, кереңдік;

– Шынтақ буынында мен иықта ауру сезімі, ұюы.

Ине салу тереңдігі: 0,1см.

Шөппен күйдіру: болады.

TR2 – Йе – мeнь, «Сұйықтықтың есігі»

Орналасуы: 4-ші мен 5-ші саусақ арасында, сіңір шетінен 0,5 елі жоғары.

Қызметі: Сұйықтықты суыту, арналарды тазарту, көру қызметін жақсарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ыстық жел: қорқыныш, үрей, қозғыштық, тіл күрмелену, көзі қызарған, есту қабілеті нашар, қызыл иек пен жақта ауру сезімі, тіс пен құлақта ауру сезімі, дене ысынуы, тер шықпау;
- Суықтық: қол мен алақан ұюы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

P10 нүктесімен – тамақ ауруында.

Ине салу тереңдігі: 0,2 – 0,3см.

Шөппен күйдіру: болады.

TR 3 – Чжун – чжу, «Ортаңғы арал»

Орналасуы: Алақанның сыртқы бетінде, 4-ші мен 5-ші саусақ арасында, шұңқырда.

Қызметі: энергияны көтеріп, сезім мүшелерінің арнасын тазартады.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Дене ысынуы, тер шықпау, бас ауру, тепе-теңдік бұзылысы;
- Керемдік, құлақ шуылы;
- Көз бұлдырлау, птеригит, мойын, тамақ ісінуі ауруы;
- Дене ысынуы;
- Шынтақ буыны мен иық ауруы, арқа бұлшықетінің ауруы, қол саусақтарының ұюы, кенеттен естен тану;

Нүктені анықтау: TR 2 нүктесінен 1 елі жоғары.

Ине салу тереңдігі: 0,2 – 0,3см.

Шөппен күйдіру: болады.

TR4 – Ян – ши, «Ян тоғаны»

Орналасуы: білезік буынының сыртқы жағында, шынтақ сүйегі мен саусақ сүйектері арасындағы шұңқырда.

Қызметі: ыстықты басу, ылғалды шығару, нервтер, бұлшықет пен сіңірлерді босаңсыту, жүйелі арналарды тазалау.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Дене ысынуы, қалтырау, кенеттен қан құйылу сезімі, кеуде мен іште қысылу сезімі;
- Көздің қызаруы мен қабынуы;
- Құлақ шуылы;
- Тамақ бітелуі, елтігу, ауру сезімі;
- Білезік буынның ауырсынуы мен әлсіздігі, иықтан. Бастап қол ұюы;
- Ауыз құрғауы;
- Жатырдың орнынан қозғалуы;
- Тұмау, қалқанша без ісінуі, малярия.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- V12, V10, Vg 14 нүктесімен – бас ауру, дененің бірде ысынуы мен мұздауының;
- MC 7 нүктесімен – қол буындары мен саусақтардың ауырсынуы мен ұюы.

Ине салу: тігінен, 0,2 – 0,3 см тереңдікке – жалпы белгілерде; жергілікті белгілерде – қиғаш, 0,5 – 1 см тереңдікке.

Шөппен күйдіру : болады.

TR5 – Вай – Гуань, «Сыртқы қақпа»

Орналасуы: TR 4 нүктесінен 2 елі жоғары, сәулі мен шынтақ сүйектерінің арасында.

Қызметі: сыртқыны ашу, ыстықты босату, арналарды тазарту, энергия іркілісін жою

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел белгілер: бас ауру, құлақ шуылы, керендік, бет бұлшықетінің біржақты салдануы, саусақтар әлсіздігі, шынтақ буынының қатаюы, басты қозғалту.


- Ыстық пен ыстық ылғал – белгілер; дене ысынуы, іш ауру, энурез;
- Тұмау, пневмания, паротит, гемиплегия.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- TR 4 нүктесімен – қол бұлшықетінің тартылуы;
- MC 6, IG 6 нүктесімен – білезік буынында ауру сезімі;
- VB 2 нүктесімен – құлақ естуінің нашарлауы;
- Vg 20, GI 4, P 7 нүктесімен – тұмауда.

Ине салу: тігінен, 0,3 – 0,5см тереңдікке; қиғаш 1,5 – 2см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: 5 – 15минут.



99-сурет. TR5 - TR7 нүктелері

TR6 – Фэй – ху, «Ұшатын жолбарыс»

Орналасуы: TR 4 нүктесінен 3 елі жоғары, екі сүйек арасында.

Қызметі: энергияны көтереді, сыртқыны ашады, іркілісті босату, түйінді ісіктерді жою, сұйықтық арналарын қозғалту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел – белгілер, ыстық жел: дене ысынуы, тер шықпау, аяқ – қол салдануы, кенеттен дауыс шықпау, көздің ауруы;
- Ыстықтың толымдылығы немесе ыстық энергия: кеуде мен іште қысылу сезімі, кенеттен пайда болған ауру сезімі, жүрек айну, құсу, іш кату;
- Тамақтың ісінуі;
- Босану кезінде көп қан кету салдарынан естен тану;
- Сүттің азаюы, созылмалы зәр шықпау;
- Қабырға аралық невралгия, стенокардия, плеврит.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- RP 15, E 25, E 36 нүктесімен – созылмалы зәр шығару бұзылысы;
 - E 36, J 17, E 18 нүктесімен – сүт секрециясының азаюы.
- Ине салу: тігінен, 0,2 – 1,5см тереңдікке.
Шөппен күйдіру: болады.

TR7 – Хуэй – цзун, «Қарама – қарсы жол»

Орналасуы: TR 6 нүктесінен 1 см жоғары, шынтақ сүйегінің радиальды жағында.

Қызметі: сыртқыны ашу, сезім мүшелерін жақсарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Спастикалық ұстамалар, эпилепсия, тері мен бұлшықеттің диффузды ауру сезімі, керемдік.

Ине салу: сирек кезде ғана рұқсат етіледі 0,2 – 0,3 см. тереңдікке.

Шөппен күйдіру: болады.

TR8 – Тун – мэн (Сань – ян – ло), «Байланыстыратын есік» (Үш Ян тесігі)

Орналасуы: білектің сыртында, білезік буынынан 4 елі жоғары, екі сүйек арасындағы шұңқырда.

Қызметі: сезім мүшелерін тазарту, жүйелі арналарды ашу.

Симптом мен белгілер:

- Ылғал – бұзылыстар: науқас денесі бірде ысып, бірде мұздайды, шаршағыштық, ұйқышылдық.

- Жел – белгілер: қызыл иек ауруы, кенеттен дауыс шықпау, құлақ шуылы, қол қозғалысының шектелуі мен ауырсынуы;
- Өкпе резекциясынан кейінгі ауру сезімі.

Басқа нүктелермен бірігуі:

TR 2 нүктесімен – кенеттен дауыс жоғалса.

TR 6, V 66 нүктесімен – кенеттен дауыс жоғалса.

Ине салу: тігінен, 1 – 1,5 см тереңдікке; қиғаш 2 – 3 см тереңдікке.

TR9 – Си – ду, «Төрт қақпа»

Орналасуы: білезік буынынан 5 елі жоғары, екі сүйек арасындағы шұңқырда.


Қызметі: бас аймағында энергия айналымын реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер:

Мойын мен тіл бұлшықетінің тырысуы, кенеттен дауыс шықпау, төменгі жақта ауру сезімі, керемдік.

Ине салу: тігінен – 0,6 см тереңдікке.

Шөппен қыздыру: болады.



100-сурет. TR8 - TR9 нүктелері

TR10 – Тянь – цзин, «Аспан қоры»

Орналасуы: шынтақтан 1 елі жоғары, шынтақты бүккенде пайда болатын шұңқырда.


Қызметі: сұйықтық айналымын реттеу, энергия қозғалысын реттеу; ылғал, ылғал желді мен қатты ыстықты жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел мен ыстық жел белгілері: бас ауру, көздегі ауру сезімі;
- Қорқыныш, спазмдар, ұюлар, эпилепсия;
- Аяқ – қол салдануы, ауырсынуы, бел ауру, желкенің , тамақ бітелу, дауыс шықпау.
- Ылғал – бұзылыс: кеудеде қысылу, ауру сезімі, іріңдіктер, экзантема, тәбет жоғалуы, жөтел, еңтігу, көңіл – күйі нашар, апатия;
- Тамақ ісінуі, керендік;
- Шынтақ буынындағы әлсіздік, табанда іріңдіктер, дене ысынуы:

Ине салу: тігінен 0,5 – 1 см тереңдікке

Шөппен күйдіру: болады.



101-сурет. TR10 - TR13 нүктелері

TR11 – Ци – дэн – юань, «Таза және салқын бұлақ»

Орналасуы: буынынан 2 елі жоғары, TR 10 нүктесінен 1 елі жоғары.

Қызметі: арқа мен желкеден жел мен ыстық желді шығару.

Симптом мен көрсеткіштер:

– Бас ауру, қалтырау, иық ауруы, қозғалыс шектелуі.

Ине салу тереңдігі: 0,2 – 0,3см.

Шөппен күйдіру: болады.

TR12 –Сяо – лэ, «Су іркілісін жоятын нүкте»

Орналасуы: TR 11 мен TR 13 нүктелерін қосатын сызықтың ортасында.

Қызметі: Жел мен ылғал желді жою

Симптом мен көрсеткіштер:

Тамақ бітелуі, бас пен тіс ауру, арқа мен желке ауруы мен ұюы, эпилепсия.

Ине салу тереңдігі: 0,1 – 0,6см.

Шөппен күйдіру: болады.

TR13 – Нао – хуэй, «Иықта жиналған нүкте»

Орналасуы: TR 14 нүктесінен 3 елі төмен, дельта тәрізді бұлшықеттің артқы қырында.

Қызметі: Жел белгілерді жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

Жел мен ылғал желді бұзылыс: иық ауруы, қол әлсіздігі, иық ісінуі, мойын ісінуі, қалқанша без үлкеюі.

Ине салу тереңдігі: 0,5 – 0,7см.


Шөппен күйдіру: болады.

TR14 – Цзянь – ляо, «Иық шұңқыры»

Орналасуы: бұғана сүйегінің акромиальды өсіндісі мен иықтың үлкен төмпешігі арасындағы шұңқырда.

Қызметі: жел мен ылғал желді жою

Симптом мен көрсеткіштер: жауырын мен иық аймағында ауру сезімі, әлсіздік пен салдану.



102-сурет. TR14 нүктесін анықтау

Нүктені анықтау үшін: қолды жоғары көтеру керек.

Ине салу тереңдігі: 0,7см.

Шөппен күйдіру: болады.

TR15 – Тянь –ляо, «Аспан шұңқыры»

Орналасуы: жауырынның акромиальды өсіндісі мен арқаның ортаңғы сызығында орналасқан Vg 14 нүктесі арасында екі нүктені қосатын сызықтың ортасында; немесе VB 21 нүктесінен 1 елі төмен.

Қызметі: энергияны жоғары айдау, жел мен ылғалды жою.

Симптом мен көрсеткіштер:


- Дене ысынуы, бұғана үсті шұңқырда ауру сезімі, желкенің ауруы мен ұюы, иық қозғалысының шектелуі, кеудеде қысылу сезімі, дене ысынуы мен қалтыраудың ауысып тұруы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

GI 11 нүктесімен – науқас қолын жоғары көтере алмаса

Ине салу тереңдігі: 0,8см.

Шөппен күйдіру: болады.



103-сурет. TR16 - TR18 нүктелері

TR16 – Тянь – ю, «Аспан терезесі»

Орналасуы: емізік тәрізді өсіндінің артында, m. sternocleido – mastoideus бұлшықетінің артқы шетінде, төменгі жақ қыры деңгейінде.

Қызметі: Жел мен ылғалға байланысты пайда болған құбылыстарды жою, энергияны реттеу, сезім мүшелер арналарын тазарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бастағы жел – беттің ісінуі, көз көру нашарлауы, есту бұзылысы, тұмау, мұрыннан су ағу, иіс сезудің нашарлауы;
- Тамақ бітелу, дем жетпеу;
- Бетінің түсі сарғыш немесе боз, желке ұюы, көз көру.

Нүктені анықтау: нүктені анықтау үшін m. sternoclido – mastoideus пен V10 мен IG 17 нүктесіне сүйену керек.

Ине салу тереңдігі: 0,8см – ине асуға қатаң тыйым салынады!

Шөппен күйдіру: болады.

TR17 – И – фэн, «Желден қорған»

Орналасуы: құлақ артындағы шұңқырда, жақ бұрышы мен емізік тәрізді өсінді арасында.

Қызметі: желден босату, көру мен естуді жақсарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Құлақ шуылы, есту нашарлауы, құлақ қызаруы мен ауруы;
- Беттің біржақты салдануы, афазия, жақты жаба алмау, тіс қайрау;
- Балаларда тоқтамайтын түшкіру;
- Паротит.

Ине салу: қиғаш, төменге бағытталған, тереңдігі 0,5 – 0,7см

Шөппен күйдіру: болады.

TR18 – Ци – май, «Балалар тырысу нүктесі»

Орналасуы: құлақ артында, емізік тәрізді өсіндісінің ортасында, TR 17 мен TR 20 нүктесінің ортасында.

Қызметі: Жел мен ыстықты басу, тырысу ұстамасын басу.


Симптом мен көрсеткіштер:

- Балаларда спазм мен салдану, эпилепсия;
- Құлақ шуылы, көз көру нашар, құсу, іш өту, қорқыныш, түнгі жаман түстер.

Нүктені анықтау: TR 17 нүктесінен 1 елі жоғары.

Ине салу: инені қан шыққанша енгізу керек, бірақ шыққан қан көлемі бұршақтан аспау керек. Ине салу –қиғаш, 0,1см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: болады.



104-сурет. TR19 - TR21 нүктелері

TR19 –Лу – кси, «Құлақ артындағы нүкте»

Орналасуы: TR 18 – 1 елі жоғары

Қызметі: энергияны реттеу, жел мен ылғал желді жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел – бұзылыс: құлақ ауруы мен шуылы, құлақ қабынуы, құлақтан ірің ағу;
- Дене температурасының жоғарылауы, бас ауру, ұстамалы тырысу, аяқ тартылуы, сілекей ағу, қорқыныш, үрей.
- Ылғал – белгілер: кеуде қысылу мен ауру сезімі, тұншығу, науқас горизонтальды жата алмайды.

Ине салу: аз көлемде қан шыққанша.

Шөппен күйдіру: болады.

TR20 – Цзяо – сужь, «Құлақ ұшы»

Орналасуы: нүктені анықтау үшін құлақ қалқанын алдыға қарай майыстырып, жоғары басу керек. Нүкте шаш бітетін жерде орналасқан.

Қызметі: ылғал желді шығару, трысу ұстамасын басу, көз алдындағы «торды»кетіру.

Симптом мен көрсеткіштер:

Көздің алдындағы «тор»(птеригент), тіс ауру, ұрт ісінуі, ерін сезімталдығының азаюы, қызыл иек ісінуі, құлақ қалқанының ісінуі мен қызаруы, ұюы, желкенің қатуы.

Ине салу – қиғаш, 0,3см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: болады.

TR21 – Эр – мэнь, «Құлақтың есігі»

Орналасуы: құлақтың алдында, шұңқырда. Нүктені анықтау үшін ауызды ашу керек.

Қызметі: құлақты тазарту, ыстықты кетіру.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Құлақ шуылы;
- Құлақтағы іріңді қабыну, іріңді бөлініс;
- Қызылиектегі іріңді жаралар, мойында ауру сезімі.
- Отит, төменгі жақ қабынуы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

TR 17 мен GI 4нүктесімен – құлақтан іріңді бөлініс аққанда.

Ине салу: тігінен, 0,3см тереңдікке; немесе қиғаш IG19 және VB2 нүктесіне бағытталған, тереңдігі 1,5 – 2,5см.

Шөппен күйдіру: болады.

TR22 –Хэ – йао, «Шеке шұңқыры»

Орналасуы: шаш шекарасында, басқанда тамыр соғысы сезілетін жерде, TR 21 нүктесінен жоғары , құлақ қалқанымен бір деңгейде.


Қызметі: энергияны күшейту, жел мен ылғалды шығару.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бас ауру, шайнау бұлшықетінің тартылуы, тұмау, құлақ шуылы;
- Мұрын ісінуі, ауырсынуы, тамақ ісінуі;
- Ерін мен көз бұлшықетінің тартылуы, ауыз бұлшықетінің спастикалық тартылуы, дірілі.

Ине салу тереңдігі: 0,1 – 0,2 см.

Шөппен күйдіру: болады.



105-сурет. TR22 - TR23 нүктелері

TR23 – Сы – чжу – кун, «Жібек ағаш»

Орналасуы: қастың сыртқы шетінде, шұңқырда.

Қызметі: іркілісті жою, энергияны реттеу, қозғалысқа келтіру.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бас ауру, бас айналу, қалтырау;
- Эпилепсия, құтыру ұстамасы, сілекей ағу, бас ауру;
- Көз қызару, көз көру нашар, көз қарашығы жоғары бағытталған;
- Тіс ауру, қастың ауруы, бет бұлшықетінің тартылуы.

Ине салу: қиғаш, тек теріге ғана енеді, тереңдігі 0,3 – 0,5см.

Шөппен күйдіру: қатаң тыйым салынған!

ӨТ ҚАБЫ АРНАСЫ

(VB – халықаралық атау, F – латынша атауы)

Жұп симметриялы, Иньдік, орталықтан шетке бағытталатын арна. Арна бойында 44 биологиялық белсенді нүкте бар. Жоғары белсенділік уақыты – 23:00 – 01:00 сағат. Көздің сыртқы бұрышынан басталып, шекеге барып, емізік тәрізді өсіндіге барады. Кейін арна кері қайтып, бастың 3-ші бүйір сызығынан (көздің сыртқы бұрышы) өтеді. Шеке маңдай аймағында арна ішке бұрылып, VB 14 нүктеде желкеге қарай бағыттталып, бастың екінші бүйір сызығымен жүреді. Желке аймағына жеткен арна, мойынның артқы – бүйір қыры арқылы, трапеция тәрізді бұлшықеттен өтіп, Vg14 Да – чжуй нүктесіне бағытталады. Кейін бұғана асты шұңқырға барып, 2 тармаққа бөлінеді;

1) Терең – кеуде қуысына еніп, көкет арқылы бауыр мен өт қабына барады. Іш қуысы арқылы жамбас буынына бағыттталып, VB 30 нүктеде беткей тармақпен қосылады;

2) Беткей – кеуде қуысының алдыңғы латеральды қырымен өтіп, қабырға астына барып, мықын сүйегінде VB 30 нүктесімен қосылады. Жамбас аймағынан V31 мен V34 нүктелерімен қосылатын коллатераль тарап, санның шеткі қырымен балтырға барып, тобық арқылы V мен VI аяқ бармақтарының арасынан өтіп, IV бармақтың сыртқы шетінде аяқталады.

Арнаның қызметі:

1) Көз, құлақ, мұрын қызметін реттеу;

2) Бауыр, өтқабы жұмысын реттеу.

Арнаның жетіспеушілігі: қорқыныш, депрессия, ұйқысыздық, шаршағыштық, көрудің нашарлауы, ашуланшақтық, бас айналу, көздің ақ қабығының сарғаюы, өтпен құсу.

Арнаның толымдылығы: асқазан толуы, ауызға ащы дәм келу, бас ауру, кеуде қуысы мен іштің ауырсынуы.

VB1 – Тун – цзы – ляо, «Көз шұңқырының сүйегі» («Қарашық шұңқыры»)

Орналасуы: көздің сыртқы бұрышынан бмм сыртқа, шұңқырда.

Қызметі: жел, ыстық желді шығару, көруді жақсарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Көз аурулары, птеригит, көз бұлдырлау, көз жасаурау, миопия, көз қышынуы;
- Бас ауру, тамақ бітелу, қысылу мен ауырсыну;

Ине салу: көлденең, ине сыртқа бағытталады, тереңдігі 0,2 – 0,4см.

Шөппен күйдіру: болады.

VB2 – Тин – хуэй, «Естудің қоры»

Орналасуы: төменгі жақтың буындық өсіндісінің артқы шетінде, шұңқырда.

Қызметі: желді босату, энергияны реттеу, есту қабілетін жақсарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Құлақ шуылы, есту нашарлауы, құлақ ауырсынуы, құлақтан іріңді бөлініс ағу;
- Шайнау бұлшықетінің тырысуы, төменгі жақ буынының шығуы, тіс ауру;
- Тырысу, спазм, құтыру ұстамасы, депрессия;
- Бет бұлшықетінің біржақты салдануы, ауыз бен көздің қисаюы.

Басқа нүктелермен бірігуі:


TR 17, V 63, GI 20 нүктесімен – есту нашарлауында.

Нүктені анықтау үшін науқас аузын ашу керек.


Ине салу: тігінен ,0,3 – 1см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: 3 – 5 минут.

cardinalis felleae



106-сурет. Өтқабы жан арнасы



107-сурет. VB1 - VB4 нүктелері

VB3 – Шань – Гуань, «Жоғарғы есік»

Орналасуы: Бет сүйегінің қырының жоғарғы шетінде, E 7 нүктесінен жоғары, шұңқырда. Шеке сүйегінің шаштың бітетін жері мен бет сүйегінің жоғарғы қырының қиылысқан жерінде.

Қызметі: Жел – белгілерді жою, тырысуды кетіру, естуді қалпына келтіру.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Құлақ шуылы, естудің бұзылысы, керемдік, біржақты бас ауру, ерін бұлшықеттерінің тырысуы, бет салдануы;
- Қалтырау;
- Тіс жегісі, тістегі қатты ауру сезімі;
- Сілекей ағу, эпилепсия;
- көрудің нашарлауы.

Нүктені анықтау: Науқас аузын ашады.

Нүкте тереңдікте, E 7 нүктесінен жоғары орналасқан.

Ине салу: тігінен, 0,1 – 0,3см тереңдікке. Одан терең енгізуге болмайды!

Шөппен күйдіру: болады.

VB4 – Хань – янь, «Бас сүйегінің қырының бұрышы» («Жоғары шекара»)

Орналасуы: Шаш шекарасында, E 8 нүктесінен 1 елі төмен. Шайнаған кезде бұл жер қозғалады.

Қызметі: желді шығару

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел: біржақты бас ауру, құлақ шуылы, көру нашарлауы, ауруы, бет жыбыры;
- Қол мен білезік буынының ауырсынуы, эпилепсия;
- Тіс ауру;
- Жиі түшкіру, тершеңдік, бет бұлшықеттерінің дірілі.

Ине салу: қиғаш, 0,2 – 0,3см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: болады.

VB5 – Сюань – лу, «Маңдай шатыры».

Орналасуы: Шаш шекарасының бұрышында, E8 мен VB 7 нүктелерін қосатын сызықтың ортасында.


Қызметі: энергияны реттеу, сыртқыны ашу, желді босату, ыстықты суыту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бас ауру, көз ауру, тіс ауру, мұрыннан қан ағу, аметропия;
- Беттің ісінуі, дене температурасының көтерілуі, мазасыздық, тер шықпау;

Ине салу: қиғаш, 0,2 – 0,3см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: болады.



108-сурет. VB4 - VB7 нүктелері

VB6 – Сюань – ли, «Ілініп тұрған таразы»

Орналасуы: VB 4 мен VB 7 нүктелерді қосатын сызықтың төменгі үштен бір бөлігінде.

Қызметі: ыстық пен ішкі ағзадағы ыстық ылғалды басу, асқазан мен көкбауырдағы ыстықты басу.

Симптом мен көрсеткіштер: Беттің қызаруы мен ісінуі, біржақты бас ауру, кеудеде қысылу сезімі, субфебрильді дене қызуы, тер шықпау, кекіру, жүрек айну, тұмау, эпилепсия.

Ине салу: қиғаш, ине ұшы артқа бағытталған, тереңдігі 0,2 – 0,3 см.

Шөппен күйдіру: болады.

VB7 – Цюй – бинь, «Шекеде шаш шекарасының иірімі»

Орналасуы: Бастың шеке аймағында, шұңқырда, шаш өскен жердің иірімінде, құлақтың алдында, TR 20 нүктесінен 1 саусақ жоғары.

Қызметі: желді жою, жоғарғы жақтағы іркілісті кетіру.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел мен ыстық белгілер: біржақты бас ауру, жақты жаба алмау, желкенің ұюы, қатты бас ауру, жақ пен тістегі ауру сезімі, көру нашарлауы, жүрек айну, құсу;
- Балалардағы тырысу.

Ине салу: көлденең, 0,2 – 0,3см тереңдікке

Шөппен күйдіру: болады.

VB8 – Шуай – гу, «Құлақтың жоғарғы нүктесі»

Орналасуы: құлақтың жоғарғы ұшынан 1,5 елі жоғары.

Қызметі: шырыш – іркілісті жою, ылғал жел мен желді бұзылыстарды кетіру.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Іш қуысында шырыш – іркілісі, асқазанда қысылу сезімі, құсу, жүрек айну;
- Жалпы ісіну, асқазанда суықтық сезімі, ішімдіктен улану, бас ауру, естен тану, көп қақырықты жөтел, біржақты бас ауру, көздің аурулары.

Ине салу: Беткей салынады, теріге ғана, көлденең, тереңдігі 0,2 – 0,4см.

Шөппен күйдіру: болады.

VB9 – Тянь – чу, «Аспан нүктесі»

Орналасуы: VB 8 нүктесінен 0,5 елі артқа, сәл жоғары.


Қызметі: Жел – белгілерді жою, тырысуды тоқтату.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Эпилепсия, тырысулар;
- Қызыл иек ісінуі, бас ауру;
- Қорқыныш, үрей

Ине салу: көлденең, ине ұшы артқа қарай бағытталған, тереңдігі – 0,3см.

Шөппен күйдіру: болады.



109-сурет. VB8 - VB10 нүктелері

VB10 – Фу – бай, «Толтыратын жарық»

Орналасуы: Құлақтың артында, емізік тәрізді өсіндінің артында және жоғары; VB 9 мен VB 11 нүктелерін қосатын сызықтың ортасында.

Қызметі: энергияны реттеу, жел, ылғал мен ыстықты басу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ылғал – белгілер: бас ауру, құлақ шуылы, есту нашарлауы, тамақ ісінуі, қалқанша без үлкеюі, иық пен арқадағы ауру сезімі, қолын жоғары көтере алмау, тамақ бітелу, қалтырау, іріңдіктер, тіс ауру, кеудеде ауырсыну, енгігу.

Ине салу: қиғаш, ине ұшы артқа қарай бағытталған, тереңдігі – 0,3см.

Шөппен күйдіру: болады.

VB11 – Тоу – цяо – Инь, «Иньге кіретін бастағы нүкте» («Инь бас»)

Орналасуы: Емізік тәрізді өсіндіден артқа және жоғары, VB 10 мен VB12 нүктелерін қосатын сызықтың ортасында.

Қызметі: энергияны реттеу, құрылымдық күшті жаңарту, жел, ылғал мен ыстықты басу.


Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел мен ылғалды жел: аяқ – қол тырысуы, көз ауруы, ұрттың ісінуі(паротит), құлақ шуылы, керемдік.
- Ішкі ағзалар мен бауыр арнасындағы ыстық: ауыздан қан ағу, жөтел, құсу, алақан мен табандардың ысынуы, тер шықпау, тамақ бітелуі, тілі қатты, ауызда ащы дәм, бүйірдегі ауру сезімі.

Нүктені анықтау: науқас басын қозғалтқанда, бұл жерде шұңқыр пайда болады.

Ине салу: көлденең, тереңдігі 0,3 – 0,5см.

Шөпшен күйдіру: болады.



110-сурет. VB10 - VB14 нүктелері

VB12 – Вань – гу, «Соңғы сүйек»

Орналасуы: құлақ артында, емізік тәрізді сүйектің артқы өсіндісінде, бастың шашты бөлігінен 12мм жоғары.

Қызметі: бауырдағы энергияны реттеу, жел мен ыстық желді басу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел – белгілер: жақты жаба алмау, желке ұюы, бас ауру, құлақ артының ауруы, бет бұлшықеттерінің біржақты салдануы.
- Тамақ бітелуі, кеудеде қысылу сезімі, ентігу, жұтынудың қиындауы, тіс ауру, ұйқысыздық, аяқтың салдануы мен атрофиясы, эпилепсия.
- Ылғал – белгілер: қызыл түсті немесе бұлыңғыр зәр, мойын ісіну, бет ісінуі.

Ине салу: қиғаш, ине ұшы төменге бағытталған, тереңдігі 0,3 – 0,4см.

Шөппен күйдіру: болады.

VB13 – Бэнь – шэнь, «Рухтың тамыры»

Орналасуы: көздің сыртқы бұрышынан жоғары, шаш шекарасынан 0,5 елі жоғары

Қызметі: бауырдағы Иньды реттеу, күшейту, желді жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Қорқыныш белгілер: тырысу ұстамасы, сілекей ағу, желке ұюы, бас ауру;
- Эпилепсия: бас айналу, кеуденің ауырсынуы, қозғалыс шектелуі;
- Біржақты салдану мен парез.

Ине салу: көлденең, тереңдігі 0,3 – 0,4см.

Шөппен күйдіру: болады.

VB14 – Ян – бай, «Янның ақтығы»

Орналасуы: қастың ортасынан 1 елі жоғары


Қызметі: желді жою, көруді жақсарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бас ауру, көз ауру, көзде ашу сезімі, көз еріксіз жоғары қарайды, аметропия, көз бұлшықетінің тартылуы;
- Жүрек айну, құсу, қалтырау, ішкі суықтық, маңдай ауырсынуы.

Ине салу: қиғаш, тереңдігі 0,2 – 3см.

Шөппен күйдіру : болады.



111-сурет. VB14 - VB17 нүктелері

VB15 – Тоу – линь – ци, «Көз жасының шетінде»

Орналасуы: VB 14 нүктесінен жоғары, шаш шекарасынан 0,5 елі жоғары.

Қызметі: бауыр мен өтқабы арналарын реттеу, күшейту, желді босату.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Көздің жасаурауы, сулануы, бұлыңғырлауы, көз көрудің нашарлауы;

- Эпилепсия, парез, спазм, салдану;
- Жел: естен тану, желкенің ауырсынуы, қалтырау, мұрын бітелу, керемдік.

Нүктені анықтау: E 8 мен Vg24 нүктелерінің ортасында.

Ине салу: көлденең, тереңдігі 0,3 – 0,5см.

VB 6 – Му – чуан, «Көздің айнасы»

Орналасуы: VB 15 нүктесінен 1,5 елі артқа қарай.

Қызметі: бауыр мен өтқабы арналарын реттеу, күшейту, желді босату.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Көздің қызаруы, көрудің нашарлауы, кенеттен бас айналу, миопия, бас ауру, көз ауру, естудің нашарлауы, қалтырау, мұрын бітелуі, бет ісінуі, тер шықпау.

Нүктені анықтау: нүкте VB 15 мен VB20 нүктелерін қосатын сызықта орналасқан.

Ине салу: көлденең, тереңдігі 0,3 – 0,4см.

Шөппен күйдіру: болады.

VB17 – Чжэнь – ин, «Тік орналасқан Инь»

Орналасуы: VB 16 нүктесінен 1,5 елі артқа қарай, бас сауытының жоғарғы жағында.

Қызметі: желді босату, ауру сезімін басу.

Симптом мен көрсеткіштер:

Бас ауру, бас айналу, естен тану, желкенің ауырсынуы, жүрек айну, құсу, тіс ауру, еріннің тырысуы.


Ине салу: көлденең, тереңдігі – 0,2 – 0,3см.

Шөппен күйдіру: болады.

VB18 – Чэн – лин, «Құрылымды күшті қабылдайтын нүкте»

Орналасуы: VB 17 нүктесінен 1,5 елі артқа қарай.

Қызметі: бауырдағы энергияны реттеу, жел мен ыстық желді басу.



112-сурет. VB17 - VB20 нүктелері

Симптом мен көрсеткіштер:

– Жел: бас ауру, мұрын бітелу, мұрыннан су ағу, қан ағу, жөтел, дем алу қиындауы, бас айналу, естен тану, көз ауру, дене ысынуы, қалтырау.

Ине салу: қиғаш, тереңдігі 0,3см.

Шөппен күйдіру: болады.

VB19 – Нао – кун, «Бас мидың кеңістігі (жарылуы)»

Орналасуы: шүйде төмпешігінің үстінде, шұңқырда.

Қызметі: бүйрек, бауыр арналарын реттеу, күшейту, Янды басу, желді босату.

Симптом мен көрсеткіштер:

Стресс, арықтау, кахексия, тұрақты субфебрильды температура, желке ұюы, қатты бас ауру, жүрек қағу, көз бұлдырлау, эпилепсия, тырысу ұстамасы, тұмау, тұншығу, құлақ шуылы, мұрынның ауырсынуы.

Ине салу: көлденең, тереңдігі 0,3 – 04см.

Шөппен күйдіру: болады.

VB20 – Фэн – чи, «Желдің жиналуы»

Орналасуы: VB 19 нүктесінен жоғары; шүйде сүйегінің төменгі қырында, төс – бұғана тәрізді бұлшықет пен трапеция тәрізді бұлшықеттің бірігетін жерінде, шұңқырда, шүйде үшбұрышының жоғарғы шетінде.

Қызметі: Желді жою, ыстықты суыту, көру мен естуді жақсарту.

Симптом мен көрсеткіштер:


- Жоғары температура, инфекциялық аурулар, тер шықпау;
- Бас ауру, жалпы немесе біржақты бас ауру, желкенің сіресуі, басты бұра алмау;
- Көрудің нашарлауы, көздің қызаруы мен бұлдырлауы, көздің жасаурауы;
- Жел: сілекей ағу, афазия, біржақты салдану, спазмдар;
- Естудің нашарлауы, керендік;
- Ылғал жел немесе ыстық ылғал: бел мен арқаның ауырсынуы, белдегі әлсіздік, тыныс алу қиындауы, мұрыннан қан ағу, естен тану, жиі түшкіру, зоб;
- Ұйқы бұзылысы, ұйқысыздық.
- Тұмау, қозғалыс бұзылысы, ринит, гипертония, гемиплегия, бас ми аурулары.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- V 13 нүктесімен – омыртқаның қисаюында;
- V 5 нүктесімен – көрудің нашарлауы;
- Vg 14, GI 4 нүктесімен – тұмау;
- V 1, VB 1, V 2 нүктесімен – көру нервсінің қысылуы мен атрофиясында;
- GI 4 нүктесімен – көздің қабынуы;
- Vg 14, GI 11, VB 34 нүктесімен – эпидемиялық энцефалитте;
- GI 11, E36, F 3 нүктесімен – гипертонияда.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,5 – 0,7 см. Инені сақтықпен салу керек!

Шөппен күйдіру: 5 – 10 минут.



113-сурет. VB20 нүктесінің орналасуы

VB21 – Цзянь – цзин, «Иықтағы өмір көзі»

Орналасуы: иықтың ең биік жерінде, шұңқырда, Vg 14 пен бұғананың акромиальды өсіндісі арасында.

Қызметі: энергия мен су тепе-теңдігін реттеу, желді жою, ыстықты суыту.


Симптом мен көрсеткіштер:

- Энергия жетіспеушілігі, суықтық пен суық жел белгілері; қалтырау, тұмау қорқыныш, дене мұздауы, бас айналу, теңселеу, стресс, бас ауру, желкенің ұюы мен ауруы, арқа мен иық, қол ауырсынуы;
- Жел: дене тырысуы, тұншығу ұстамасы, сілекей ағу, афазия;
- Ылғал – белгілер; денеді іріңдіктер мен қабыну үрдістері, мастит;
- Жүктілік пен босанудың асқынулары, жасанды түсік тастау кезіндегі жатырдан көп қан кету, эклампия;
- Шектен тыс тершеңдік, зоб(қылтамақ), контравекциялар.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- GI 11 мен E 36 нүктесімен – гемиплегияда;
- J 3 нүктесін шөппен қыздыру – жатыр серігінің жабысуында;

- IG 11 мен IG1 нүктесімен – мастит;
- VB 20, GI 15 нүктесімен – иықтың ауруы;



114-сурет. VB21 нүктесінің орналасуы

- VB 38, C1 нүктесімен – қолтық астындағы лимфа түйінінің үлкеюінде.

Инне салу: тігінен, 0,5 – 0,8 см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: болады.

VB22 – Юань – е, «Қолтық асты шұңқырдың қақпасы»

Орналасуы: қолтық асты шұңқырының 3 елі төмен, IV қабырға аралықта, қолтық асты сызық бойында.

Қызметі: жел мен ылғал желді жою.

Симптом мен көрсеткіштер:


- Дене қызуының жоғарылауы, қалтырау, кеудеде қысылу мен ауырлық сезімі, әлсіздік, қолды жоғары көтере алмау, жөтел, бүйірдің ауырсынуы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

F13 пен TR бнүктесімен – қолтық астындағы ісіктерде.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,3см.

Шөппен күйдіру: тыйым салынады.



115-сурет. VB22 - VB24 нүктелері

VB23 – Чжэ – цзинь, «Қолтық асты шұңқырдың кіреберісі»

Орналасуы: IV-ші қабырға аралықта, VB 22 нүктесінен 1 елі алдыға қарай.

Қызметі: ішкі ағзалардағы энергияны реттеу, ылғал мен ыстықты басу.

Симптом мен көрсеткіштер: кенеттен кеудеде қысылу сезімі, тұншығу, дем алу қиындауы, жылағыштық, жүрек айну, құсу, шырыш пен қақырықтың көп шығуы, ауызда ащы дәм, аяқ – қол салдануы, сөйлеудің бұзылысы, тіл күрмелену.


Ине салу: тігінен, 0,3 – 0,6см. тереңдікке.

Шөппен күйдіру: болады.

VB24 – Жю – юе, «Күн мен Ай»

Орналасуы: F 14 нүктесінен 1,5 елі төмен; қабырға доғасы мен ортаңғы бұғана сызығының қиылысқан жерінен 15 мм төмен.

Қызметі: ішкі ағзалар энергиясын реттеу, ыстықты басу.



116-сурет. VB24 - VB26 нүктелері

Симптом мен көрсеткіштер:

Жиі демалу, тыныс алу қиындауы, көңіл – күйдің төмендеуі, асқазан тұсында тартатын ауру сезімі, ащымен кекіру, жүрек айну, құсу, іштің төменгі бөлігінің үлкеюі мен кернелуі, аяқ – кол салдануы.

Ине салу: қиғаш, тереңдігі 0,3 – 0,7см.

Шөппен күйдіру : болады.

VB25 – Цзинь – мэнь, «Пирамиданың қақпаны»

Орналасуы: 12-ші қабырға ұшының төменгі қырында, іштің бүйір жағында.

Қызметі: энергияны төменгі жылытқышқа апару, бүйрек арнасын күшейту, аш ішек арнасын реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жалпы белгілер: іш шұрылдау, іш ауру; ас қорыту бұзылысы, сирек шығатын бұлыңғыр сары түсті зәр, бет ісінуі, іш өту.
- Жергілікті белгілер: бел ауруы мен әлсіздігі, жамбас ауруы, ауру сезімі арқаға беріледі; бел мен арқаның құрсауы, иықтың ішкі жағының ауырсынуы, жамбас сан буынында тартатын ауру сезімі.

Басқа нүктелермен бірігуі: F2 нүктесімен – бел мен жамбастағы ауру сезімі мен әлсіздігінде.

Нүктені анықтау: науқас бір қырымен жатыр F 13 нүктесінен 1,8 елі төмен орналасқан.

Ине салу тереңдігі: 0,3 – 0,5см.

Шөппен күйдіру: болады.

VB26 – Дай – мо, «Аяқтың тамыры» (Белдемелі айналмалы арнаға жатады)

Орналасуы: кіндік деңгейінде, іштің бүйір жағында, 11-ші мен 12-ші қабырға ұштары арасында.

Қызметі: белдемелі айналмалы арнаны реттеу, төменгі жылытқыштағы энергияны азайту, қызметтерің реттеу, ыстықты басу, ылғалды тазарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Іштің кернелуі, кебуі;
- Іш қату, іш өту, іштің төменгі бөлігінің ауырсынуы, бел ауру, спазм мен салдану, гемиплегия;
- Гинекологиялық аурулар: етеккір бұзылысы, іштің төменгі бөлігіндегі ауру сезімі, қанды немесе ақ түсті бөліністер.
- Эндометрит, цистит.

Басқа нүктелермен бірігуі:

– V 30, RP 9, RP 6 нүктесімен – қынаптың ақ түсті бөліністерде;

– Vg 3, F 8, RP8, RP 6 нүктесімен – эндометритте.

Нүктені анықтау: наукас қырымен жатыр, нүкте кіндіктен 0,2 елі жоғары және іштің ортаңғы сызығынан 7 елі шеткері.

Ине салу: тігінен, 0,5 – 0,8см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: болады.

VB27 – У – шу, «Періштенің 5-ші нүктесі»

Орналасуы: E 26 нүктесінің деңгейінде, VB 26 нүктесінен 3 елі төмен, кіндік астында, алдыңғы жоғарғы қырының мықынның алдында немесе мықын сүйегінің алдыңғы жоғарғы қырында, J 14нүктесінің деңгейінде.

Қызметі: төменгі жылытқышта энергияны босату, суықты жылыту, желді босату, ылғалды тазарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Іште ұстама тәрізді ауру сезімі, хордапсис, криптацеле; іш қату, бел мен арқа ауруы, бұлшықет тартылуы;
- Қынаптан бөліністер ағу;
- Эндометрит, орхит.

Басқа нүктелермен бірігуі: F 8, F3 нүктесімен – орхитте.

Ине салу тереңдігі: 0,5 – 1 см.

Шөппен күйдіру: болады

VB28 – Вэй – дао, «Қосалқы жол»

Орналасуы: VB 27 нүктесінен 0,5 елі төмен.

Қызметі: ағзада су тепе-теңдігін реттеу, ылғалды тазарту.


Симптом мен көрсеткіштер:

- Ісіну, асқазан мен ішектерде іріңді түзілістер мен қатты ауырсынуы; бел мен аяқ ауырсынуы;
- Жүрек айну, құсу, тәбеттің жоғалуы;
- Қынаптан бөлініс, іштің төменгі бөлігінде ауырсыну.

Нүктені анықтау: нүкте мықын сүйегінің алдыңғы жоғарғы қырынан 0,5 елі алға және төменге қарай орналасқан.

Ине салу тереңдігі: 0,5 – 0,8см.

Шөппен күйдіру: болады.



117-сурет. VB27 - VB29 нүктелері

VB29 – Цзюй – ляо, «Тыныштық шұңқыры»

Орналасуы: Мықын сүйегінің жоғарғы алдыңғы қыры мен үлкен ұршық бұлшықетін қосатын сызықтың ортасында; VB 26 нүктесінен 4,5елі төмен.

Қызметі: төменгі жылытқыштан энергияны шығару, ішкі ыстық пен суықты реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Іштің төменгі бөлігінде ауру сезімі, хордапсис, спастикалық аурулар, қолды көтере алмау, аяқтың әлсіздігі мен салдануы, іш өту.
- Орхит, эндометрит, цистит, жамбас – сан буынының ауруы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

V 17, V 18, V20 нүктесімен – асқазан мен 12 елі ішек ойық жарасы.

Нүктені анықтау: нүкте VB 28 нүктесінен 3 елі артқа қарай, шұңқырда орналасқан.

Ине салу тереңдігі: 0,5 – 1 см.

Шөппен күйдіру: болады.

VB30 – Хуан – тяо, «Жамбас періштесінің нүктесі»

Орналасуы: сегізкөз бен сан сүйегін қосатын сызықтың 1/3 бөлегінде.

Қызметі: бауыр арнасын реттеу мен күшейту, желді жою, ылғалды шығару, аяқтағы арналарды тазарту.


Симптом мен көрсеткіштер:

- Гемиплегия, ревматикалық аурулар, тізе мен сан ауруы;
- Сан мен тіздегі энергияның тоқталуы;
- Аяқтардың ісінуі;
- Табандардың ісінуі, қызаруы, ірінді жаралар шығуы, қызамық;

Нүктені анықтау: науқас бір қырымен жатыр, саны тізе буынында бүгілген.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 1,2 – 2,5см.

Шөппен күйдіру: болады.



118-сурет. VB30 нүктесін анықтау


VB31 – Фэн – ши, «Желдің алаңы»

Орналасуы: санның сыртқы бетінде, тізеден 7 елі жоғары.


Қызметі: желді босату, салдану мен парезді кетіру.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел белгісі: парез, спастикалық, салдану, аяқтағы әлсіздік, әсіресе тіздегі, гемиплегия;
- Барлық денедегі тері қышынуы, парестезия, бас ауру, көздің ісінуі мен қызаруы.



119-сурет. VB31 - VB33 нүктелері



120-сурет. VB30- VB31 нүктелері

Басқа нүктелермен бірігуі:

Е 33, VB 34 нүктесімен –тіздегі қабыну үрдісі мен аяқ салдануында

Нүктені анықтау: Науқас тік тұрған қалпында, қолы төмен қарай түскен – қолдың 3-ші саусағының ұшы жеткен жер нүктенің орнын көрсетеді.

Ине салу тереңдігі: 0,5 – 0,8см

Шөппен күйдіру: болады.

VB32 – Чжун – ду, «Ортаңғы ойық»

Орналасуы: санның сыртқы бетінде, VB 31 нүктесінен 2 елі төмен, тізеден 5 елі жоғары.

Қызметі: арналарды тазарту, жел мен суық желді жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

– Суықтық белгілер, бұлшықеттердің қатты ауруы, парез, гемиплегия.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,5 – 0,8см.

Шөппен күйдіру: болады.

VB33 –Цзу – Ян – Гуань, «Тіздегі Янның кіреберіс есігі».

Орналасуы: VB 34 нүктесінен 3 елі жоғары, тізенің ортасының латеральды қырында, сан мен екібасты бұлшықет сіңірінің ортасында.

Қызметі: арналарды ашу, жел мен суық желді жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

Сандағы желдің бітелуі, бұлшықеттердің қатты ауырсынуы мен салдануы, тізені бүге алмау.

Ине салу: тігінен 0,4 – 0,6см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: қатаң тыйым салынады!

VB34 – Ян – лин – цюань, «Янды күшейтетін нүкте»

Орналасуы: тізеден 2 елі төмен, кәрі жілік сүйек басының қырында, шұңқырда.

Қызметі: ортаңғы және төменгі жылытқыштағы энергияны күшейту, көкбауыр мен бүйрек арналарын реттеу, бауыр мен өтқабы арналарын реттеу, жүйке мен бұлшықетті нығайту, Ылғалды, жел мен ыстықты басу.

Симптом мен көрсеткіштер:

– Ағзада сұйықтық тепе-теңдігінің бұзылысы; бет ісінуі, ауызда ащы дәм болу, жүрек айну, құсу, тілдің ісінуі мен үлкеюі, жұтқыншақ пен мойынның ісінуі; іш қату, еріксіз кіші дәрет, кеудеде қысылу сезімі; жамбас – сан буынында қатты ауру сезімі, салдану, спазм, тізенің ауырсынуы;

– Ылғалды жел белгілері: гемиплегия, әсіресе аяқтың ; тізенің ісінуі, табанның мұздауы немесе қызаруы;


– Гепатит, холецистит, аскаридоз, гипертония, қабырғааралық невралгия, иық буынындағы ауру сезімі, аяқтың парезі мен салдануы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- GI 11 – нүктесімен – гемиплегияда;
- RP 9 нүктесін шөппен қыздыру – зәр ұстамауда;
- E 36, E 36 нүктесімен – қабырға мен ішектегі кернелу
- RP9 нүктесімен – малярияда.

Ине салу: қиғаш 0,7 – 3см тереңдікке.

Шөппен күйдіру : суықтық белгілерінде болады.



121-сурет. VB34 - VB37 нүктелері

VB35 – Ян – цзяо, «Янның қиылысуы (Янға қосылу)

Орналасуы: Тобықтан 7 елі жоғары, кәріжілік сүйегінің сыртқы бетінде.

Қызметі: энергияны жоғары бағыттау, желді жою, ылғалды тазарту, суықты жылыту, кеудені тазарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Кеудеде қысылу сезімі, дем жетпеу сезімі, тамақ бітелуі, еңтігу, жұтынудың қиындауы, бет ісінуі;
- Табанның қызаруы, ісінуі, іріңді жаралар шығу;

- Аяқ пен қол мұздауы, аяқ салдануы, әлсіздігі;
 - Қорқыныш, қозғыштық, құтыру ұстамасы
- Ине салу тереңдігі: 0,5 – 0,8см.
Шөппен күйдіру: болады.

VB36 – Вай – цю, «Сыртқы төмпешік»

Орналасуы: тобық сүйегінен 7 елі жоғары, кәрі жілік сүйегінің алдыңғы қырында.

Қызметі: ыстықты суыту, желді босату, уларды бейтараптау.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Дене қызуы, қалтырау, желке бұлшықеттерінің кернелуі мен ауырсынуы;терінің ауырсынуы;
- Кеуде мен санда ауырсыну; балаларда құс тәрізді кеуде қуысы; эпилепсия;
- Ит пен жабайы жануарлар тістеген кезде, бұл нүктені шөппен күйдіру керек.

Нүктені анықтау: нүкте VB 35 нүктесімен бір деңгейде, одан 1 елі шетке қарай.

Ине салу: тігінен, 0,3 – 0,8

VB37 – Гуан – мин, «Жарқыраған күн»

Орналасуы: тобықтан 5 елі жоғары.

Қызметі: бауыр арнасын реттеу мен күшейту, жүйке мен бұлшықеттің қызметін күшейту, көруді жақсарту, желді жою, сыртқыны ашу.


Симптом мен көрсеткіштер:

- Тірек – қимыл аппаратының өзгерісі: аяқ бұлшықетінде әлсіздік пен ауру сезімі, әсіресе балтырда; бұлшықет парезі мен салдануы;
- Көрудің нашарлауы, катаракта, көздің қышынуы мен шаншуы;
- Жел белгілері: эпилепсия, қалтырау, тер шықпау, кенеттен құтыру ұстамасы, бір жақты бас ауру.

Басқа нүктелермен бірігуі:

Е 1, VB 20 нүктесімен – катарактаның алғашқы белгілерінде.
Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,6 – 1,5см.

Шөппен күйдіру: 5 – 20 минут



122-сурет. VB37 - VB39 нүктелері

VB38 – Ян – фу, «Янның тірегі»

Орналасуы: тобықтан 4 елі жоғары, кәріжілік сүйегінің алдыңғы қырында.

Қызметі: энергия ағысын ашу, суықты жылыту, ылғалды шығару, желді босату.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ылғал белгілер: санда ылғал белгісі, тізе буынының ісінуі, барлық буындарда ауру сезімі мен тырысу, қолтық астында түзіліс, тамақ ісіну, қалқанша без үлкеюі, тамақ бітелу, еңтігу, тұншығу, жұтынудың бұзылысы, ауызда ащы дәм, кеуде қуысында ауру сезімі;
- Жел мен суық жел; сұр, жасыл түсті бет, көз ауырсынуы, екі шекеде ауру сезімі, аяқ – қол мұздауы, тершеңдік, қалтырау, тіс қайрау, бір жақты бас ауру, аяқтың сыртқы жағында ауру сезімі.

Ине салу тереңдігі: 0,3 – 0,5см.

Шөппен күйдіру: болады.

VB39 – Сюань – чжун, «Ілініп тұрған қоңырау»

Орналасуы: тобықтан 3 елі жоғары; сол жерді ұстағанда тамыр соғысы сезіледі.

Қызметі: энергияны ашу, желді жою, Янды тыныштандыру, ылғалды тазарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ішкі ағзалардағы ыстық белгілер: кернелу сезімі, тәбеттің болмауы, көңіл – күй бұзылысы, контравекция, кекіру, іш өту немесе іш қату, энурез немесе сирек зәр шығу, ауыз бен мұрын құрғауы, мұрыннан қан ағу, геморройдан қан ағу, жөтел, кеудеде ауру сезімі.
- Жел мен ылғал жел белгілері: тамақ бітелу, жұтыну қиындауы, желкенің ұюы, тұмау, мұрын бітелуі немесе суу ағу;
- Жел іркілісі: гемиплегия, парез, қозғыштық, құтыру.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- VB 20 нүктесімен – омыртқаның қисаюында;
- E38, E42 нүктесімен – табан ауырсынуы, жүру бұзылысы;
- E44 нүктесімен – іш пен бүйірде ауырлық сезімі.

Ине салу тереңдігі: 0,4 – 0,6 см.

Шөппен күйдіру: 5 – 12 минут.

VB40 – Цю – сюй, «Таудың қасындағы жер»

Орналасуы: тобықтың алдында және төменде, шұңқырда, аяқты сыртқа қозғалтатын бұлшықеттің сіңірінен шетке қарай.


Қызметі: бауыр мен өтқабы арналардағы толымдылықты басу, арналарды тазарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жоғары дене температурасы, контравекция, жөтел, дем алу қиындауы, қалтырау, кеудеде қысылу сезімі, табан мен өкше ісінуі, хордапсис, жамбас буынында ауру сезімі, бұлшықет тырысуы;
- Птеригит, көз бұлдырлау.
- Холецистит, қолтықтасты лимфа безінің қабынуы.

Ине салу: қиғаш, 0,3 – 1,5 см тереңдікке.

Шөппен күйдіру: 5 – 10 минут.



123-сурет. VB40 - VB42 нүктелері

VB41 – Лить – ци, «Көз жасының ағасы»

Орналасуы: 4-ші мен 5-ші аяқ бармақтары арасында, шұңқырда, ең жіңішке жерде.

Қызметі: бауыр мен өтқабы арнасындағы толымдылықты басу, арналарды тазарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел немесе ылғал жел: тепе-теңдік бұзылысы, бас айналу, кеудеде қысылу сезімі, мойын мен желке ісінуі, қалтырау, дене ысынуы, бас ауру, тіс ауру, көз қызару;
- Гинекологиялық белгілер: кеудеде ірінді және ісікті түзілістер, етеккір бұзылысы, сүт секрециясының бұзылысы.
- Конъюнктивит, мастит, лимфотүйіндер туберкулезі.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- VB 20, E 40 нүктесімен – бас ауру, бас айналу;
- RP 6, J 3 нүктесімен – етеккір келмеуінде;

Ине салу: қиғаш, 0,3 – 0,5см тереңдікке

Шөппен күйдіру: 5 – 10 минут.

VB42 – Ди – у – хуэй, «Жердің 5-ші нүктесі»

Орналасуы: 4-ші мен 5-ші аяқ бармақтарының арасында, VB 41 нүктесінен 0,5 елі төмен, шұңқырда, ең кеңейген жерде .

Қызметі: ағзадағы сұйықтықты реттеу, ылғалды реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер:


- Бел ауру, қанды бөліністер, табанның ауруы мен ісінуі, сүт безінде іріңді немесе ісікті түзілістер;
- Көздің қышуы мен қызаруы, есту бұзылысы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- E 36 нүктесімен – құлақ шуылы, бел ауру;
- VB 37 нүктесімен – көз қышуы мен ауруы

Ине салу: қиғаш, тереңдігі 0,1см.

Шөппен күйдіру: тыйым салынған!



124-сурет. VB43 - VB44 нүктелері

VB43 –Ся – си, «Шектелген су ағымы»

Орналасуы: 4-ші мен 5-ші аяқ бармақтарының арасында, шұңқырда, сіңірдің алдында.

Қызметі: ішкі ағзалар энергиясын реттеу, күшейту; ылғал, жел мен ыстықты басу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Кеудеде қысылу сезімі, дене ысынуы, қалтырау, кеуде бұлшықеттерінің ауруы;

- Жайылмалы, ауру сезімі, мойын ісінуі, қанды бөлініс;
- Тобықтың қызаруы, ісінуі;
- Бас айналу, есту нашарлауы, құлақ шуылы.

Ине салу: қиғаш, жоғарыға бағытталған, тереңдігі 0,2 – 0,3см.
Шөппен күйдіру: болады.

VB44 – Сяо – Инь, «Шеткі Инь»

Орналасуы: 4-ші аяқ бармағының латеральды шетінде, тырнақ ұясынан 0,1 елі шеткері, тереңдікте.

Қызметі: бауыр мен өтқабы арналарын нығайту, сыртқыны ашу, желді жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бауырда энергия жетіспеуі; бүйірде қысылу, ауру сезімі, жөтел, дем алу қиындауы, табан мен алақан ысуы, тамақ бітелу, қысылуы, жұтынудың қиындауы, тіл күрмелену, ауыз құрғау;
- Дене ысынуы, тер шықпау, қозғыштық, ашулаңшақтық, бас ауру, сан мен білек тырысуы, тізе мен шынтақтағы әлсіздік, қолды көтере алмау;
- Көз ауру, есту нашарлауы; табан мен денедегі ірінді жаралар, ісіктер;
- Түнде жаман түс көру.

Ине салу: қиғаш, тереңдігі 0,1см.

Шөппен күйдіру: болады.

БАУЫР АРНАСЫ

(P – халықаралық атау, H – латын атауы)

Жүп, Иньдік, орталыққа бағытталған симметриялық арна. Дененің екі жағынан 14 биологиялық белсенді нүктелері бар. Максимальды белсенділік уақыты – 01:00 – 03:00 сағат.

Аяқтың I бармағының тырнағының сыртында босатылып, I мен II бармақ аралық сүйектері арқылы өтіп, тобық буынының ішкі жағында, санның ішкі жағымен өтіп, VIII мен IV арналар арқылы барады. Мықын сүйегінің қырына жетіп, арна сыртқы жыныс мүшелеріне тармақ беріп, іштің төменгі бөлігі мен бауырға кіреді. Беткей тармағы іш қуысының алдыңғы сыртқы бүйірімен өтіп, VI қабырғааралықта емізік сызығында F 14 – Ци – мәнх нүктесінде аяқталады.

Арнаның терең тармағы бауырдан өт қабына, өкпе, жұтқыншақ, өнеш, аранға тармақшалар беріп, көздің сыртқы бұрышына дейін барады. Сол жерде 2 тармақ пайда болады:

- 1) Ауыздың бұрышына (ауыз тесігінің айналасы);
- 2) Маңдай арқылы Vg 20 – «бай хуэй» нүктесіне барады.


Арнаның қызметі:

- 1) қанды сақтайтын жер;
- 2) сіңірлерді, энергия айналымын реттейді; көрумен байланысты.

Арнаның толымдылық белгісі: арна бойында ауру сезімі, вагинизм, жедел гепатит, көздің ісінуі, ыстық жиі дем алу, бел мен бүйір асты шаншу, жыныс мүшелер ауруы, ашуланшақтық, бас ауру, беті сұр түсті, сары түсті.

Арнаның жетіспеушілік белгісі: беті ақ түсті, бас айналу, тырнақ жылтырлығының болмауы, ұйқысыздық, қорқыныш, көздің бұлдырлауы, депрессия, көрудің нашарлауы, ипотенция.

cardinalis hepatici



125-сурет. Бауыр жан арнасы

F1 – Да – цунь, «Үлкен шынайлық» (Үлкен ыдыс)

Орналасуы: Үлкен бармақтың сыртқы бетінде, тырнақ ұясынан 3мм сыртқа қарай.

Қызметі: бауырдағы энергияны күшейту, энергия қозғалысын реттеу, желді жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бауыр арнасының жетіспеушілігі: зәр шығару мен жыныс мүшелерінің бұзылысы, әйелдерде жатырдан қан кету, етеккір келмеу, іштің ауырсынуы, тершендік, жыныс мүшелерінің атрофиясы, хордапсис, зәр шығару бұзылысы, зәр шықпау, энурез, іште кернелу сезімі, кіндік тұсының ауырсынуы, крипторхизм.
- Кенеттен естен тану, эпилепсия, кенеттен іш қуысында ауру сезімі, тершендік, көрудің бұзылысы, миопия.

Ине салу: қиғаш, тереңдігі 0,3см.

Шөппен күйдіру: болады.

F2 – Син – дзянь, «Жолдың бір бөлігі»

Орналасуы: I мен II аяқ бармақтары арасында, сүйектерінің бастары арасында, саусақ аралық фасциядан 0,5елі жоғары.

Қызметі: бауыр арнасын реттеу, күшейту, іркілісті ұстап тұру.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Қынаптан бөлінді шығу, аяқ пен жыныс мүшелердегі ауру сезімі, зәр шығару бұзылысы, зәр шықпау, энурез;
- Қатты шөлдеу;
- Ашулаңшақтық, құтыру; аяқ – қол тартылуы, салдануы; кеудеде ауру сезімі, арқа мен бел ұюы, іштің ауруы мен кебуі, беттің түсі бозғұлт немесе жасыл;
- Жедел жел – белгілері: апоплекция, эпилепсия, дененің тырысуы;
- Көрудің нашарлауы, жасаураған көз, дем алу қиындауы, тамақтың құрғауы мен ауырсынуы, қан түкіру, жөтел, қан аралас қақырық;
- Іш өту, ауызға ащы дәм келу, құсу;
- Ұйқысыздық, ұйқы бұзылысы;
- Хордапсис; бел мен тізе ауруы мен ісінуі.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- V 1 нүктесімен – көрудің нашарлауында;
- R1 нүктесімен – жайылмалы белгілерде, қатты шөлдеуде;
- VB 30, VB 31 нүктесімен – аяқтағы ауру сезімінде;

Ине салу: қиғаш, тереңдігі 0,3 – 0,6 см.

Шөппен күйдіру: болады.

F3 Тай – чун, «Үлкен ағыс»

Орналасуы: аяқтың үлкен ағыс бармақ буынында, I мен II аяқ бармақтары арасында, тар жерде.

Қызметі: бауыр мен өтқабы арналарын реттеу және күшейту, энергияны реттеу, суыту.

Симптом мен көрсеткіштер:


- Бауырда Ян жетіспеуі, энергия іркілісі; кеуде мен бүйірде шаншитын ауру сезімі, кернелу; тамыр соғысы жебе тәрізді, жасыл түсті бет;
- Дененің ісінуі, ауырсынуы; белден іштің төменгі жағына берілетін ауру сезімі;
- Зәр шығару бұзылысы, іш өту немесе іш қату, дене ысынуы, ерін ісінуі, құсу, жүрек айну, қанды қақырық, қанды нәжіс, қоңыр түсті зәр, зәр шықпау, сирек зәр шығару;
- Тізе буынының ұюы мен ауырсынуы, жыныс мүшелерінің ауырсынуы, іштің төменгі бөлігінде ауру сезімі;
- Созылмалы жатырдан қан кету, қолтық асты шұңқырдың ісінуі, тамақ қабыну, қалқанша без үлкеюі;
- Жыныс мүшелерінің атрофиясы;
- Іштің төменгі бөлігіндегі спастикалық ауру сезімі;
- Қорқыныш белгілері;

Басқа нүктелермен бірігуі:

- GI 4 нүктесімен бірге – мұрын бітелу, иықтағы ауру сезімінде;
- Vg 20, R6, RP 6 нүктесімен – тамақ пен жұтқыншақ ауырсынуында.

Ине салу: қиғаш, жоғары жаққа бағытталған, тереңдігі 0,3 см.

Шөппен күйдіру: болады.



126-сурет. F1 - F4 нүктелері

F4 – Чжун – фэн, «Ортаңғы биіктік»

Орналасуы: тобықтан 1 елі жоғары, табанның сыртқы бетінде, шұңқырда, ең биік жерде.

Қызметі: бауыр арнасының толымдылығын кетіру, жүйелі арналарды тазарту, желді босату.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ылғалды жел: субфебрильды температура, жасыл түсті бет, қалтырау, іштің ісінуі, тәбеттің болмауы, кіндік тұсында ауру сезімі, әлсіз сарғаю, әлсіздік, аяқ әлсіздігі, бел ауру, аяқ спазмы мен салдануы;
- Крипторхизм, ауру сезімі, шәует шықпау, зәр шығару бұзылысы, зәр шықпау, табан мұздау, тобықта ауру сезімі, бет ісіну.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,3 – 0,4см.

Шөпен күйдіру : болады.


F5 – Ли – гау, «Ақырғы жол»

Орналасуы: тобықтан 5 елі жоғары, асықты жілік сүйегінің артқы шетінде.

Қызметі: бауыр энергиясын ашу, күшейту, жүйелі арналарды тазарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бауырда энергия жетіспеуі: бел мен арқада тартатын ауру сезімі, іштің төменгі бөлігінде кентеттен пайда болатын тартатын ауру сезімі, жыныс мүшелерінің ауырсынуы, кіндіктен төмен жерде «түйін» сезімі, балтыр мен табан мұздауы, ұюы, іште ауырлық сезімі;
- Әйелдерде жатырдан қан кету, етеккір бұзылысы, ақкір, ерлерде ен қалтасының ісінуі мен ауырсынуы, белсіздік;



127-сурет. F5 - F7 нүктелері

- Қорқыныш, үрей, көңіл – күй нашарлауы;
- Эндометрит, орхит.

Басқа нүктелермен бірігуі:

F8, F3 нүктесімен – орхитте.

Ине салу: қиғаш, тереңдігі 0,1 – 0,2 см.

Шөппен күйдіру: болады.

F6 – Чжун – ду, «Ортаңғы қала»

Орналасуы: балтырдың ішкі жағында, асықты жілік сүйегінің артқы шетінде, тобықтан 7 еліжоғары.

Қызметі: энергияны реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Іш қату, қан аралас нәжіс, хордапсис, іштің төменгі жағында қатты ауру сезімі;
- Санда қатты ауру сезімі мен мұздауы, босанудан кейінгі жатырдан қан ағу.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,2 – 0,3см.

Шөппен күйдіру: болады.

F7 – Ци – гуань, «Тізенің қақпасы»

Орналасуы: тізе аймағында, RP 9 нүктесінен 1 елі артқа қарай; тізеден 2 елі төмен, шұңқырда.

Қызметі: Жел – белгілерді босату.

Симптом мен көрсеткіштер:

Желдің іркілісі, дененің түрлі жерінде, тізенің ауырсынуы, тізені бүге алмау, тамақ пен жұтқыншақ ауруы.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,3 – 0,4см.

Шөппен күйдіру: болады.

F8 – Цюй – цюань, «Бұрмаланған қайнар көз». (Қатпар-дағы қайнар көз)

Орналасуы: тізе буынының бүгілімінің медиальды бетінде, жартылай жарғақты бұлшықет шетінде, шұңқырда орналасқан.

Қызметі: бауырдағы энергияны күшейту, реттеу, желді босату, іркілісті реттеу, бұлшықет пен жүйкені нығайту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Іштің төменгі бөлігіндегі шаншитын ауру сезімі, зәр шығару бұзылысы(зәр шықпау, энурез, сирек зәр шығару, гематурия), іш өту;
- Желдің іркілісі; дененің әр жерінде болатын ұшпалы ауру сезімі, спазм мен салдану, бас айналу, көрудің нашарлауы, дене ысынуы, тер шықпау;


- Ылғалды ыстық пен ыстық іркіліс: іш қуысында кернелу сезімі, тұншығу, мұрыннан қан ағу, қанды қақырық, қанды зәр, жыныс мүшелерінің ісінуі; қышынуы мен ауырсынуы; жыныс мүшелерінің кері дамуы;
- Жыныс мүшелерінің жарақаттан кейінгі шәует шықпау, жыныс мүшенің ауруы;
- Әйелдерде іштің төменгі бөлігіндегі, «бөгде зат»сезімі мен неоплазиялар;
- Эпилепсия, құтыру

Нүктені анықтау: тізені бүккенде анықталады.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,6 см.

Шөппен күйдіру: болады.

fons curvus H8 f. coniuitorium aquae 



128-сурет. F8 нүктесін анықтау

F9 Инь – бао, «Иньнің сырты»

Орналасуы: тізеден 4 елі жоғары, жартылай жарғақты бұлшықеттің алдыңғы шетінде, екі бұлшықет арасында.



Қызметі: төменгі жылытқышта энергия мен іркілісті реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Саннан іштің төменгі бөлігіне берілетін ауру сезімі, зәр шықпау, энурез, етеккір бұзылысы.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,6 см.

Шөппен күйдіру: болады.



129-сурет. F9 - F12 нүктелері

F10 – У – ли, «Аяқтағы 5 ли» (Табан арнасының 5-ші үйі)

Орналасуы: Аяқтың ішкі бетінде, Е 30 нүктесінен 3 елі төмен, шаптан 1 елі төмен.

Қызметі: Ішкі ағзаларды реттеу, ылғалды жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

– Іште ауырлық сезімі, шаршағыштық, ұйқышылдық.

Нүктені анықтау: науқас арқада жатқан қалпында.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,6см.

Шөппен күйдіру: болады.

F11 – Инь – лян, «Инь бұрышы»

Орналасуы: Е30 нүктесінен 2 елі төмен, шап аймағында, үлкен бұлшықеттің алдыңғы қырында. Бұл жерде тамыр соғысы сезіледі.

Қызметі: энергияны реттеу, босануды жеңілдету.

Симптом мен көрсеткіштер:

– Етеккір бұзылысы, асқынған босану, жамбас буынында ауру сезімі.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,8см.

Шөппен күйдіру: болады.

F12 – Цзи – май, «Жиіленген тамыр соғысы»

Орналасуы: Шап сүйегінің қырынан 1 елі төмен, іштің ортаңғы сызығынан 2,5 елі шеткері, шап бүгілімінде.

Қызметі: бүйрек пен бауырдағы Иньды күшейту, желді жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

– Жыныс мүшелер тұсында ауру сезімі, іште шаншитын ауру сезімі.


Ине салу: суықтық пен жетіспеушілік белгілері басым болса, онда ине салудың қажеті жоқ.

Шөппен күйдіру: болады.


F13 – Чжань – мэн, «Заң есігі»

Орналасуы: XII қабырғаның ұшының алдында, IV бүйір сызық бойында.

Қызметі: көкбауыр арнасын реттеу, күшейту, құрылымдық энергияны реттеу, ылғал – бұзылыстарды тазарту, энергияны өкпе мен бүйрек арналарына апару.



nexorium magnum lienalis L21



130-сурет. F13 - F24 нүктелерінің орналасуы

Симптом мен көрсеткіштер:

- Кеудеде қысылу, ауру сезімі, тимпания, бел мен арқаның мұздау, іш шұрылдау, тәбет болмау, жүрек айну, құсу;
- Іш қуысының ауырсынуы, қатты шөлдеу, ауыз құрғау, дем алу қиындауы, тұншығу;
- Арықтау, әлсіздеу;

- Суықтық белгілер: іш өту, полиурия, зәрі бұлыңғыр, сүт түстес, қол бұлшықеті мен иық ауырсынуы, қолды жоғары көтере алмау.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,6 см

Шөппен күйдіру: болады.

F14 – Ци – мэнь, «Уақыттың есігі»

Орналасуы: VI мен VII қабырға аралықта, кеуде емізігінің астында, E 19 нүктесінен 1,5 елі шеткері; Ортаңғы бұғана сызығы мен VI қабырға аралықтың қиылысқан жерінде.

Қызметі: бауыр энергиясын нығайту, ыстықты суыту, басу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Кеудеде «күйдіру» сезімі, дене ысынуы, іш өту;
- Іштің төменгі бөлігіндешаншитын ауру, тырысу сезімі, суықтық, жоғарылаған Ян, жүрек қағу, бас айналу, мазасыздық;
- Құсу, кернелген іш қуысы, тұншығу, ащы кекіру, тамақ батпау, тамақтан кейін сулы құсу;
- Дене қызуы, ал – қызыл бет, ауыз құрғау;
- Барлық нүктелерден қан ағу.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- GI 7 нүктесімен – желкенің ұюы;
- F 1 нүктесімен – іш ауру, іш кернелуде;
- E36 нүктесімен – тер шықпау, дене ысынуы.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,4 см.

Шөппен күйдіру: болады.

АРТҚЫ ОРТАҢҒЫ АРНА

(Vg – халықаралық атай, Rg – латын атай)

«Ғажайып арна» болып табылады, арнаны қозғалтатын өзінің басты нүктелері бар – IG 3 – хоу – си мен V 62 –шэнь – май. Олар артқы ортаңғы арнаны басқарады. Барлық арналармен байланыста болады.

Арна кіші жамбаста басталып, сегізкөз бен артқы тесік ортасында шығады (*Чан – цян*). Бір тармағы бүйрекке, екіншісі артқы ортаңғы сызық бойымен миға барып, Vg 28 нүктесінде аяқталады. Барлық ағзалармен сегментарлы байланыста болады.

– Vg 1, Vg 4 нүктелері –жүйке аурулары, асқазан – ішек жолдары мен зэр шығару жолдарының ауруларында қолданылады.

– Vg 5, Vg 8 нүктелері – жүйке, аскорыту бұзылыстарында қолданылады.

– Vg 9, Vg 14 нүктелері – өкпе арулары, жүйке аурулары, дене қызуында қолданылады.

– Vg 15, Vg 16 нүктелері – мұрын, тіл, тамақ, желке тұсының аурулары, жүйке жүйесі бұзылысында .

– Vg 17, Vg 24 нүктелері – бас,көз, мұрын, құлақ аурулары, жүйке жүйесі зақымданғанда.

– Vg 25, Vg 28 нүктелері – психикалық ауытқу, мұрын, ауыз, тіс ауруында қолданылады.

Vg1 – Чан – цян, «Күш пен өсу»


Орналасуы: артқы тесік пен құймышақтың жоғарғы жағы арасында.

Қызметі: Инь жетіспеушілігін жою, төменгі жылытқыш пен бүйрек арнасындағы жетіспеушілікті жою, ішектер арнасын реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Зэр шығару бұзылысы,қан аралас нәжіс, іш қату, геморроидальды түйіндер, ен қалтасында сулы экзема, жыныс мүшелерінің кері дамуы, бедеулік;
- Бас ауру, шаршау, арқа мен бел ауруы;
- Қорқыныш, үрей, шизофрения, эпилепсия, тырысулар, салдану;

sinarteria regens



131-сурет. Артқы ортаңғы жан арнасы

- Қанды бөліністер, жүрек айну, суық тамақтан кейін жүрек айну;

Ине салу тереңдігі: 03 – 1см.

Шөппен күйдіру: болады.

Vg2 – Яо – шу, «Белдің шу нүктесі»

Орналасуы: сегізкөз бен құйымшақ ортасында.

Қызметі: жетіспеушілікті төменгі жылытқыштарға ыстық жетіспеуін реттеу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Етеккір бұзылысы, бел мен арқада тырысатын ауру сезімі, аяқ тартылуы, аяқ қозғалысының шектелуі;
- Аяқтың қатты ауырсынуы, салдануы, дене ысынуы, тер шықпау, энурез, геморроидальды түйіндер, қызыл түсті зәр, сүт түсті зәр.

Ине салу: қиғаш, жоғары бағытталған, арна бойымен, тереңдігі – 0,5 – 0,8см.

Шөппен күйдіру: болады.

Vg3 – Яо – Ян – Гуань, «Белдегі Янның кіре беріс жері»

Орналасуы: IV бел омыртқаның қылқанды өсіндісінен төмен.

Қызметі: төменгі жылытқышта жетіспеушілікті толтыру.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел – бұзылыстар: эпилепсия салданулар, аяқ тартылуы, тізенің бүгілуі қиындаған.
- Жамбаста ауру сезімі.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,5 – 0,8см.

Шөппен күйдіру: болады.

Vg4 – Минь – мэнь, «Тағдырдың есігі»

Орналасуы: II мен III бел омыртқалардың қылқанды өсінділер арасында.


Қызметі: бауыр арнасын күшейту, энергияны көтеру, бүйрек арнасын нығайту, желді жою, энергия айналымын азайту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Қатты ауру сезімі, дене ысынуы, тер шықпау;
- Дене ысынуы, қалтырау, бүйрек арнасының жетіспеушілігі;
- Опиостонус, эпилепсия, басты дірілдету, ашық ауыз, қорқыныш, спазмдар;
- Құлақ шуылы, бел мен іштің төменгі жағының ауырсынуы, бұлшықет тырысуы;
- Әйелдерде қынаптан қызыл түсті бөліністер, іш өту, іш шұрылдау, шәует шықпау, бұлыңғыр және сүт түстес зәр, созылмалы геморроидальды түйіндер.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,5 – 0,8см.

Шөппен күйдіру: болады.



132-сурет. Vg4 - Vg8 нүктелері

Vg5 – Сюань – шу, «Ілініп тұрған періште нүктесі»

Орналасуы: 1 бел омыртқаның қылқанды өсіндісінің астында.

Қызметі: бел аймағында энергияны тазарту, жел мен ылғал желді жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бел мен арқа бұлшықетінде тырысу мен ауру сезімі, науқас еңкейе алмайды;

- Асқорыту бұзылысы, іштің төменгі жағында «бөгде зат» сезімі, іш өту;

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,3 – 0,5см.

Vg6 – Цзи – чжун, «Омыртқаның ортасы»

Орналасуы: XI кеуде омыртқаның қылқанды өсіндісінен төмен.

Қызметі: көкбауыр энергиясын күшейту, ылғалды басу, ауру сезімін басу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Іш қуысында ауырлық, кернелу сезімі, тәбет болмау, іш ауру («барабан тәрізді іш»);
- Іш өту, геморроидальды түйіндер, қанды бөліністер;
- Сарғаю;
- Жел – белгілер, эпилепсия, тұмау.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,3 – 0,5см; қиғаш, арна жолы бойымен, жоғары қарай бағытталған.

Шөппен күйдіру: Қатаң тыйым салынған. !

Vg7 – Чжун – шу, «Періштенің орталық нүктесі»

Орналасуы: X кеуде омыртқасының қылқанды өсіндісінің астында, шұңқырда.

Қызметі: ортаңғы жылытқышта энергияны реттеу, күшейту; көкбауыр, асқазан мен бауыр арналарын нығайту, ылғалды жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Дене ысынуы, қалтырау, сарғаю, іште ауырлық сезімі, құсу, тіл ұюы, бел ауру, науқас еңкейе алмайды;
- Көрудің нашарлауы.

Ине салу: тігінен және қиғаш (ине ұшы жоғарыға бағытталған), тереңдігі 0,3 – 0,5см.

Шөппен күйдіру: болады.

Vg8 – Цзин – со, «Қысылған бұлшықет пен сіңір»

Орналасуы: IX кеуде омыртқаның қылқанды өсіндісінің астында.


Қызметі: бауыр арнасын реттеу, желді жою, тырысу ұстамасын кетіру.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Арқа бұлшықетінің тырысуы мен ауырсынуы, асказанда қатты ауру сезімі;
- Бақырайған көз, эпилепсия, ашуланшақтық, тоқтаусыз сөйлеу, желке бұлшықетінің тырысуы, афазия, тіл күрмеленуі, тепе-теңдік бұзылысы, естен тану.

Ине салу: тігінен және қиғаш (ине ұшы жоғарыға бағытталған), тереңдігі – 0,3 – 0,5см.

Шөппен күйдіру: болады.



133-сурет. Vg8 - Vg12 нүктелері

Vg9 – Чжи – Ян, «Шеткі Ян»

Орналасуы: VII кеуде омыртқасының қылқанды өсіндісінің астында, шұңқырда.

Қызметі: ішкі арналарды нығайту, тазарту, ылғалды жою, ыстықты суыту, желді босату.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Кеудеде қысылу, ауру сезімі, тәбет болмау, арықтау, іш шұрылдау;
- Тобықтың тартылуы, ауырсынуы, салдануы мен атрофиясы; бел мен арқа ауырсынуы, кеуде бұлшықеттерінің тырысуы;
- Аяқ – қол ісінуі, беткей тыныс алу, тұншығу, тіл күрмелену, дене ысынуы мен қалтырау, іш қуысында шаншулар, жөтел, сарғаю;
- Асқазан арнасында суықтық белгілер.

Ине салу: тігінен және қиғаш (ине ұшы жоғарыға бағытталған), тереңдігі 0,5 – 0,6см.

Шөппен күйдіру: болады.

Vg10 – Лиин – тай, «Аруақтар жолы»

Орналасуы: VI кеуде омыртқасының қылқанды өсіндісінің астында, шұңқырда.

Қызметі: ішкі ағзаларды күшейту, энергиясын жақсарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

Жөтел, тұмау, қалтырау, тер шықпау, арқа бұлшықеттерінің ауырсынуы, желкенің ұюы, демікпе, тұншығу, денедегі іріңдіктер, ісіктер.

Ине салу: қатаң тыйым салынады!

Шөппен күйдіру: 5 – 10 минут.

Vg11 – Шэнь – дао, «Ұлы жол»

Орналасуы: V кеуде омыртқасының қылқанды өсіндісінен төмен.

Қызметі: жүрек арнасын нығайту, күшті көбейту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Қорқыныш, үрей, ұмытшақтық;

- Жиі тыныс алу, ашық ауыз, балаларда тырысу ұстамасы;
- Тұмау, дене ысынуы, бас ауру, жөтел, арқа бұлшықеттерінің ауырсынуы, жел – белгілер, көз аурулары;

Ине салу: тереңдігі 0,5см.

Шөппен күйдіру: болады.

Vg12 – Шэнь – чжу, «Омыртқа жотасы»

Орналасуы: III кеуде омыртқасының қылқанды өсіндісінен төмен.

Қызметі: бауыр энергиясын реттеу, күшейту, ыстықты басу, желді жою.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Эпилепсия, тартылулар, елестер, тіл күрмелену;
- Бел мен арқа ауырсынуы, дене ысынуы, тұмау, жөтел, тұншығу, стресс.

Ине салу: 0,3 – 0,5см.

Шөппен күйдіру: болады.

Vg13 – Тао – дао, «Өзгерістер жолы»


Орналасуы: I кеуде омыртқасының қылқанды өсіндісінен төмен.

Қызметі: ішкі ағзалардағы энергияны күшейту, ылғалды, ыстық ылғалды, жел – белгілерді жою, сыртқыны ашу, тыныштандыру.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел – белгілер: дене ысынуы, қалтырау, бас ауру, арқа ауырсынуы, ангидроз, дене тырысуы;
- Жетіспеушілік – белгілер: апатия, көңіл – күй төмендеуі, шаршау, тершендік, бас ауру, ұйқышылдық.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,5см.



134-сурет. Vg13 - Vg14 нүктелері

Vg14 – Да –чжуй, «Үлкен омыртқа», (Қатты шаршау)

Орналасуы: VII мойын омыртқасының қылқанды өсіндісінен төмен немесе I кеуде омыртқасының жоғарғы жағында.

Қызметі: ішкі ағзалар энергиясын реттеу, ыстық ылғалды, ыстықты басу, бауыр мен өкпе арналарын күшейту, тырысуды басу, сыртқыны ашу, сезім мүшелерін жақсарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Қатты шаршау мен күшті физикалық күштемеден кейінгі жағдай; дене ысынуы, құсу, әлсіздік, қыжыл, кекіру, кеудеде қысылу сезімі, тамақ бітелуі, дем алу қиындаған, желке ұюы, тершеңдік, бас айналу;
- Жөтел, эпилепсия, дене тырысуы;
- Күн өту, малярия, шизофрения, эпилепсия, бронхит, демікпе, туберкулез, эмфизема, гепатит, сулы экзема, дене салдануы.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- Vg 2, MC 5, Vg 9 – нүктелерімен; дене ысынуы, малярияда;
- VB 20, GI 11 нүктесімен – тұмауда;
- Vg 13, Vg 12 нүктесімен – шизофренияда

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,5см.

Шөпен күйдіру: 5 – 20 минут.

Vg15 – Я – мэнь, «Үнсіздік есігі»

Орналасуы: Желкеде I мен II мойын омыртқалары арасында, Vg 16 нүктесінен 0,5 елі төмен.

Қызметі: бауыр мен жүрек арналарын реттеу, ыстық пен тырысуды басу, сезім мүшелерін жақсарту.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бас ауру, желке ауру, тепе-теңдік бұзылысы, бас айналу, эпилепсия, опистотонус, құтыру, мұрыннан қан ағу, кенеттен дауыс шықпау, тіл күрмелену, ұюы, ангидроз, дене ысынуы, естен тану;
- Тұмау, фурункул, іріңдік;
- Керендік, сөйлемей, эпилепсия, дене салдануы, бойдың өспей қалуы, истерия, шизофрения.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- TR 1 нүктесімен – сөйлеу бұзылысында;
- Vg 16 нүктесімен – опистотонус;
- Vg 14, MC 6, E 36 нүктесімен – бойдың өспеуі;
- Vg 3, VB33, Vg 26, IG 3, V 62 нүктесімен – инфекциялық ауруда;
- Vg 26, E 36 нүктесімен жарақаттан кейінгі көңіл – күй өзгерісінде.

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,2 – 0,3см.

Шөппен күйдіру: Қатаң тыйым салынады!

Vg16 – Фэн – фу, «Желдің жиналған жері»


Орналасуы: Желкенің ортаңғы сызығында, шаш шекарасынан 30мм жоғары, 1 мойын омыртқасы мен желке сүйегінің арасында.

Қызметі: Жел – белгілерді жою, ауру сезімін басу, тырысу ұстамасын басу.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Жел – белгілер: апоплекция, тіл күрмеленуі, дауыс шықпау, көздің қозғалысының бұзылысы, гемиплегия;

- Бас ауру, желке ұюы, қалтырау, тершендік;
 - Ылғалды жел – белгілер: тамақтың қабынуы, ауру сезімі, эпилепсия, мұрыннан қан ағу, сарғаю.
- Ине салу тереңдігі: 0,4 – 0,6см.
Шөппен күйдіру: қатаң тыйым салынады!



135-сурет. Vg15 - Vg17 нүктелері

Vg17 – Нао – ху, «Бас мидың есігі»

Орналасуы: Vg 18 нүктесінен 1,5 елі артқа қарай Vg 16 нүктесінен 1,5елі жоғары, шүйде төмпешігінің үстіңгі шетінде.

Қызметі: бауыр мен көкбауыр арналарын күшейтеу, реттеу, ыстық ылғалды шығару.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Ал қызыл және ісінген бет, көздің ақ қабығының сарғаюы, барлық дененің ісінуі, ауырсынуы, желкенің ұюы, бас ауру, көрудің нашарлауы мен көз ауруы;
- Эпилепсия, сарғаю, тілден қан ағу, зоб (жемсау)

Ине салу: тігінен, тереңдігі 0,3см.

Шөппен күйдіру: қатаң тыйым салынады!

Vg18 – Цян – дзянь, «Күш – қуаттың орны»

Орналасуы: Vg 19 нүктесінен 1,5 елі артқа және төмен қарай.


Қызметі: желді босату, ауру сезімі мен құтыру ұстамасын кетіру.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бас ауру, көз қозғалысының бұзылысы, бас айналу, құсу, сілекей ағу;
- Желкенің ұюы, тырысу ұстамасы, ауыздан тілдің шығып тұруы;
- Мазасыздық, ұйқысыздық.

Ине салу: қиғаш, тереңдігі 0,2 – 0,3см.

Шөппен күйдіру: болады.



136-сурет. Vg18 - Vg20 нүктелері

Vg19 – Хоу – дин, «Ми сауытының артқы қақпасы»

Орналасуы: Шүйдеден жоғары, Vg 20 нүктесінен 1,5 елі арта қарай.

Қызметі: желді босату, бауыр энергиясын реттеу

Симптом мен көрсеткіштер:

- Желкенің ұюы, қалтырау, бас айналу, көрудің бұзылысы, бас ауру, тершеңдік, эпилепсия, біржақты бас айналу;
- Тұмау;
- Ұйқысыздық

Ине салу: қиғаш, тереңдігі 0,2см.

Шөппен күйдіру: болады.

Vg20 – Бай – хуэй, «Барлық арналардың жиналған жері»

Орналасуы: бас ми сауытының ортасында, екі құлақты қосатын сызықтың ортасында.

Қызметі: бауыр арнасын реттеу, бауыр Янын азайту, желді босату, жүрек арнасын күшейту, сезім мүшелерін тазарту; тыныштандыру, төменгі жылытқыштан Янды жоғары көтеру.

Симптом мен көрсеткіштер:

- Бас ауру, тұмау, есеңгіреу;
- Сөйлеу бұзылысы, біржақты салдану мен парездер, мазасыздық, желке бұлшықетінің өзгерісі, опистотонус;
- Жүрек арнасының жетіспеуі; қорқыныш, ұмытшақтық, естен тану, эпилепсия, құлақ шуылы, тепе-теңдік бұзылысы;
- Геморроидальды түйіндер;
- Ішімдік ішкеннен кейінгі ес бұзылысы, беттің қызаруы, бас ауру, мұрын бітелуі, дәм сезу бұзылысы, сілекей ағу, құсу.
- Шок, гипертония.

Басқа нүктелермен бірігуі:

- J 15, Vg 1 нүктесімен – геморройда;
- E 36, J 6 нүктесімен – қуық қабынуында;
- VB3, Vg14, GI11 нүктесімен – эпидемиялық энцефалитте;
- MC 6, Vg 26 нүктесімен – шокта.

Ине салу: қиғаш, тереңдігі – 0,1 – 0,5см.

Шөппен күйдіру: 5 – 20минут

Vg21 – Цянь – дин, «Алдыңғы төмпешік»

Орналасуы: Vg 20 нүктесінен 1,5 елі алға қарай.

Қызметі: желді жою, ылғалдан тазарту.


Симптом мен көрсеткіштер:

– Бас айналу, беттің ісінуі мен қызаруы, тұмау, мұрыннан су ағу, бас ауру;

– Балаларда болатын эпилепсия, тырысулар.

Ине салу: қиғаш, тереңдігі 0,1 см.

Шөппен күйдіру: болады.



